

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Западно-Казахстанский государственный университет
им. М.Утемисова**

Ұлы Даланың бесінші қыры - Түркі әлемінің бесігі
атты ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

20 қараша 2019 жыл

Сборник научно-практической конференции
**Пятая грань Великой степи - Колыбель тюркского
мира**

20 ноября 2019 года

Орал-Уральск

ӘОЖ/УДК 94(574)
КБЖ/ББК 63.3(5Каз)
П 99

Жалпы редакциясы/Общая редакция:

Серғалиев Н.Х., биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры

Редакциялық алқа / Редакционная коллегия:

Ахмеденов Қ.М. – география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры

Нестеренко Г.И. – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, тарих, экономика және құқық факультетінің деканы

Байбулсинова А.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасы меңгерушісі

Ихсанова А.Б. – тарих магистрі, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының оқытушысы

П 99 Ұлы даланың бесінші қыры - Түркі әлемінің бесігі = Пятая грань Великой степи - Колыбель тюркского мира: Ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары = Материалы научно-практической конференции. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019. - 171 б.

АЛҒЫ СӨЗ

*Ахмеденов Қажмұрат Мақсатұлы,
география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және
халықаралық байланыс жөніндегі проректоры*

Қайырлы күн конференцияға қатысушы қонақтар, құрметті жас ғалымдар! **«Ұлы Даланың бесінші қыры - Түркі әлемінің бесігі»** атты университетішілік ғылыми-тәжірибелік конференцияға Қош келдіңіздер!

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында тарихи сананы жаңғыртудың айқын жолдарын көрсетіп берген болатын. Бүгінгі жас ғалымдарға арналған конференция аталған бағдарламалық бастамалардағы маңызды мәселелердің бірі –Түркі әлемін тануға бағытталған. Бүгінгі ғылыми талдауда Ұлттық тарихымыздағы ұмытылып бара жатқан, өз халқымыздың әлемді таң қалдырған рухани және материалдық мәдениетімізді айқындап, жан-жақты қарастырамыз деп ойлаймын. Осының барлығы жастарға эстетикалық және патриоттық тәрбие берудің құралы болмақ. Тарихи білімі бар азаматтың мәдениетті, білімді, жан-жақты адам болып өстендігі белгілі. Болашақ жас ғалымдар және тарихшы-ұстаздар ретінде, өз халқының тарихын жан-жақты зерттеп, оны насихаттап, еліміздің гүлденуіне үлес қосуға ат салысатындықтарыңызға бек сенімдімін!

Осы жерде тарихшы-ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың: «Тарихшылардың өз халқының алдындағы қарызы белшеден» - деген сөзі еске түседі. Ал сол тарихшылар мінекей, сіздер! Ендеше бүгінгі ғылым конференцияда қоғам алдындағы қарызының да парызының да толығымен өтеуі ретінде «Мәңгілік Еліміз – Қазақстанның – күллі түркі әлемінің бесігі» ретіндегі нақты тарихи рөлін жан жақты қарастырып, өз зерттеулеріңіз бойынша, деректі дәлелдеріңізбен тың мағлұматтарды ғылыми айналымға қосады деп санаймын. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

Кіріспе сөз

Шайхиев Тұрар Төлегенұлы,

«Рухани жаңғыру» орталығының ғылыми қызметкері,
Қазақстан Халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі,
қауымдастырылған профессор

Құрметті конференцияға қатысушылар! Ұлан байтақ Қазақстан – көпұлтты, көпконфессиялы, бірнеше мәдениеттер тоғысқан мемлекет. Елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыстар өкілдері өзара ынтымақтастықта, тату-тәтті өмір сүріп келеді. «Қиындық атулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік!» демекші, ел басына күн туған замандарда халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі екендігі шындық. Қазіргі кезде әр түрлі тағдыры тоғыстырған Қазақ елінің халқы бір тудың астында бейбіт өмір сүріп отыр. Олардың көпшілігі Түркі халықтары. Жергілікті халықтың көбі өздерін сонау ортағасырлардан бері осынау ұлан байтақ жердің қалыптастырушысы – жауынгер түркі өркениетінің ұрпағы ретінде санайды. Сондықтан бұл көп қырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керектігінің тағы бір көрінісі екендігі даусыз. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз роліміз бен орнымызды байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз деп санаймын. Бүгінгі ғылыми конференцияда қаралатын - Түркі жұртшылығының, түркі әлемінің дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі туралы, сол сияқты тарихтағы біздің Ұлы тұлғаларымызды басқа ұлттар мен ұлыстар халқы да білетін болады. Ғылыми тұжырымдар мен зерттеулердің нәтижесінде Түркі елдерінің тарихы қайтадан сараланып, тың мағлұматтармен толығады. Түркі өркениетінің белгісі болып отырған мәдени тарихи ескерткіштерге ерекше назар аударылып, зерттеліп, Қазақстанда туризмді дамытуға үлкен мүмкіндіктер жасайды.

Сондықтан, бүгінгі қол алынып отырған ғылыми конференция жұмысына тың бастамалар тілей отырып, жас ғалымдарға тарихи тәжірибесін байытып, ғылымдағы қадамдары сәтті және жемісті болуына тілектеспін!

I СЕКЦИЯ

ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

ӘОЖ 94 (574.57) «20»

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ ҮНДЕУІ

Жеңіс А.Ж.

М.Өтемісов атын. БҚМУ студенті

Бүгінгі күні, еліміздің Тәуелдіздік алғанына 28 жыл толғалы отыр. Қазақ халқының жастары тарихтың қай кезеңін алсақ та батыр, намысшыл, болашақ үшін күресе білген жігерлі жастар болғанына дау жоқ. Қазақ халқының қалыптасу тарихынан белгілі қиын-қыстау замандарда қай бір ел ағасын, батыр, хан, шешендерімізді алмайық, 13інде отау иесі болып, 15інде ел бастайтын, көш бастайтын батыр, үлкен даулы мәселелер туғанда сөз бастайтын шешен болған. Тектілік бойға қанмен тараған қазақтың қайбір ұлын алсақ та, өткенге тағзыммен, болашаққа үмітпен ел үшін, жер үшін еңбек етті. Нәтижесінде, сонау, 1991 жылы 16 желтоқсанда қазақ халқы азаттық жолындағы екі жарым ғасыр бойғы үздіксіз күрестен кейін мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізді. Еуразияның жүрегінде орналасқан біздің елдің тәуелсіздік алғаннан кейін бейбітшілік пен келісімге, тұрақтылық пен дамуға қол жеткізді.

Бүгінгі тәуелсіз елдің жастары әлемнің түкпір- түкпірінде білім алуы да, ғылымы болсын, өнер, білімі болсын қазақтың баласы деп қазақтың атын шығарып жүргені де елдің алды болған аға-апаларымыздың сіңірген еңбегі, жасаған жұмыстарының жемісі.

Қай заманда да, еркіндік пен азаттыққа ұмтылған ата-бабамыз, ел ағалары, соның ішінде қаншама жыл одақ мүшелігінде жүргенде де ел болашағы деп, күннің көзін көре

білетін жастарға сенген Алаш қайраткерлерінің де еңбегі, қалдырған мұрасы орасан зор.

Елім деп туған қайраткерлеріміз, қазіргі ұрпақ азаттық таңын көрсін деп күресті, өмірлері қыршыннан қиылды. Халықтың мұң-зарын жырлап, туған халқының тайғанақтап жүрген тағдырына жаны ауырып, осы жан айқайын өлеңдеріне қосты. Талай азаматтар біздің халық болып қалыптасуымыздың жолында жандарын құрбан етті.

Қазіргі ұрпақ жігерленер, үлкен сенімін сезіндіретін, замана сырын ашып, болашаққа жол сілтеген ұлт ақындарының бірі-қысқа ғұмырын ел тағдырына арнап, Алаш ұранын аспандатып, халық игілігі үшін қара басын қатерге тігіп, күллі адамзаттың мүддесін көздеген Мағжан Жұмабаев.

Ел болашағы – өскелең ұрпақты елінің көркеюіне үлес қосар азаматы етіп, ұлт болашағын тәрбиелеудегі бір ғана «Мен жастарға сенемін» өлеңінің қосар үлесі мен руханият таразысынан алар салмағын екшелеп, көңіл көзінен өткізіп, мейлінше жіті зерделеп, бүгінгі күнмен сабақтастырылған. «Мен жастарға сенемін» - ұлтжандылықтың ұраны және Ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнаркөзі. Ел өмірін өз тағдырына айналдырып, Отанды сүюдің ірі үлгісін танытып, елін сүйген үлкен жүректі азамат халық руханиятына сезім мен сенім ұштасқан мәңгілік шұғыласын шашып өтті Мағжан Жұмабаев.

Жас ұрпақтың өз қоғамына пайдасы тиер жақсы мінездерді бойына жинаған азамат болып өсуіне бірден бір себепші құрал – әдебиет десек, әдебиетті жасаушы қауым – қаламгерлердің әр жазғаны жастарды жақсылыққа жетелеп, ізгі өмірге қанаттандырады. Мағжан ақын осы тұрғыдан алғанда, «Мен жастарға сенемін» өлеңі арқылы жастық жігерді жанып, халық жүрегіне үміт пен сенім шырақтарын жаға алды.

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты ,

Қырандай күшті қанатты –

Мен жастарға сенемін! – деп, өзі армандаған бостандық таңына қажырлы жастардың қолы жететініне сенім білдірген сұңғыла ойдың хас шебері келешек жас буынға ел тізгінін бере отырып, олардың рухтарын жігерлендіре түседі. Бүкіл Алаш жұртына, өз ұлтына ұран салған ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне өз қолтаңбасын қалдырған нар

тұлғаның қысқа ғана ғұмырында болашақ үшін жасаған еңбегі өлшеусіз[1].

Қазақ халқында ұлтты артына ертіп, шұғылалы жолға бастаған көсемдер аз болмаған. Сондай дара тұлғаның бірі де бірегейі-Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. Өмірінің аяғын Еуропа елдерінде өткізіп, қазақтың дарынды ұлт екенін ісімен, сөзімен, қайратымен дәлелдей білген күрескер тұлға. Оның Германияда жастарға айтқан үндеуі өміршеңдігін әлі жойған жоқ.

Бір ауыз сөз, әр қазақтың жүрегін шымырлатып, рухын оятатын үндеуінде айтқан сөзі мынадай еді;

– Біз мынаны ұққанымыз жоқ. Жас ұрпақ шұғыл түрде ұйымдасып, істі өз қолдарына алмайынша, Түркістанның ұлттық мәселесі өз шешімін таппайды.

...Ей, жас түркістандық! Сен өзіңе жүктелген қасиетті міндеттің ауырлығын, жауапкершілігін ешқашан есіңнен шығарма».

Азаттық үшін арпалысқан Мұстафа Шоқайдың 1936 жылы жазып алынған дауысы, Түркістан жастарына айтылған үндеуінде бірлік пен береке болса, түркі дүниесіне сырттан ешқандай күштің әсер ете алмайтындығы баяндалады.

- Алыста жүріп, ел қайғысын ойлап, Еуропаның әр тарабында жүрген, бүгінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары, бірлесіндер. Сендердің бірліктерің, сендердің бір-бірлеріңе күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар. Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ. Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұқаббат уәзипа болмақ. Мұны ұмытпау керек.

...Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы» бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға, аударып тастауға тырысыңдар!», - деп жазылған үндеуде[2, 55б].

Елдің басын жинап, жігерлендіріп, бүгінгі азат күнімізге жетуіміз, олар көрген қиындықты көрмеуіміз, емін-еркін жазамыз

дегенімізді жазып, айтамыз дегенімізді айтып жүргеніміз, барам деген жерге барып, өз ойымызды ешкімнен тайсалмай жеткізе алу мүмкіндігіміз осы Мұстафа Шоқай сынды қайраткер тұлғаларымыздың еңбегі екені анық.

Жастардың кеудесінде ұлттың болашағына деген алаңдаудан туған махаббаты құя білген тағы бір Алаш қайраткері, Міржақып Дулатов. “Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш,

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі

- Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!”- деп, Міржақып ағамыздың жанын беруге дайын болғанын осы жолдардан-ақ көре аламыз.

Егер тікелей аударатын болсақ, “Алаш” сөзі ежелгі түркі тілінде бауырластар, қандастар деген мағынаны білдіреді екен. Алаш қайраткерлері бауырларының жарқын болашағы үшін қызмет етті.

Алыстан Алаш десе аттанамын,

Қазақты қазақ десе мақтанамын.

Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ

Мен неге, қазақтықтан сақтанмын?! деп жырлады ел ақыны М.Дулатов.

Алайда, “Алаш” сөзінің басқа бір мағынасы бәрімізге өте жақсы мәлім. Ол, әрине, XX ғасырда қазақ жүректерін дүр сілкіндіретін “Алаш”, “Алаш орда”, “Алаш партиясы” деген ұғым[3, 32 б]. Тарихтан бәріміз білетініміздей, қазақ елі Ресей империясы тарапынан көп зорлық көрді. Сол жылдары Кенесары дүниеден өткеннен бері, қазақ хандығының тарих сахынасынан жоғалғаннан бері 70 жыл өткен еді. Қазақ елінің жер бетінен мүлде құрып кету қауіпі төніп тұр. Дәл сол уақытта қазақты аман сақтап қалу мақсатымен “Алаш” қайраткерлері жағдайды өз қолдарына алған еді. Міржақып өзінің XX ғасырдың басындағы идеялармен бізге жарқын болашаққа жол көрсете білді[4].

Қорытындылайтын болсақ, Алаш орда, соның ішінде мен бүгінгі атаған қайраткерлер Міржақып та, қазақ елі тарихында өшпес бір із қалдырған Мұстафа Шоқайдың да, Міржақып Дулатовтың да еліміз үшін жасаған еңбегі өлшеусіз деген ойдамын. Қайбір тұлғаны алсақ та, еңбектерін зерттей келе, ендігі кезекте келешек үшін жұмыстанатын, еңбектенетін біздерге осындай мұра қалдырғандары үшін қарыздармыз.

Сөз соңын Алихан Бөкейхановтың Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа айтқан бір сөзімен аяқтағым келеді. - «Шырағым, Ахмет, шырағым, Мир-якуп, сендердің таңдаған жолдарың абақты жол, азапты жол. Бірақ бір нәрсені түсініңдер. Баяғыда доңыз бен аққу дос болыпты. Сонда бір күні доңыз аққуды балдырдан алып: -Ей, аққу, сен күн бар дейсің, сол күнді мен не үшін көрмеймін,-депті. Сонда аққу былай тіл қатқан екен: -Ей, доңыз, сені Алла төмен қаратып жаратқан, сондықтан сен аспандағы күнді көре алмайсың,-депті. Осы ойды айта келіп, Әлекен мындай тұжырым жасайды: -Шырағым, Ахмет, Мир-якуп, сендерден кейін күнді көре білетін ұрпақ келеді. Сол күнді көретін ұрпақ сендерді үлкен құрметпен еске алатын болады. Балдырды доңызға беріңдер. Күрес жолына түскендеріне ешқашан өкінбеңдер,-дейді.

Ендеше, Әлихан Бөкейханов айтқан, күнді көре білген, күрескер тұлғаларымызды зор құрметпен еске алатын ұрпақ біз болайық! Өзге елдермен тереземіз тең дәрежеде, XX ғасырдың басындағы елі үшін күрескен шоқтығы биік қазақ жастарының ұлтжандылығын жалғастырып, спортта да Денисіміздей, өнерде де Димашымыздай жастарымыздың жолын жалғау, қай салада да үздік болу, бастысы дұрыс дипломатиялық қатынас жасай алатын жастардың қатарын толықтыру бізге міндет. Ендеше, жақсылардың жолын абыроймен жалғаған ұрпақ болайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. Шаймерденова. Қ.А., «Мағжанның жастарға үндеуі»/ E-history.kz, 23.05.2018.
2. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты. — Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. — 55-б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: Ататек, 1995. — 32-б.
4. Бекзат Әмірзақов., «Міржақып Дулатов: кеше, бүгін, ертең»/ Massaget.kz, 26.04.2016.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА ҚОНЫСТАНУШЫЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (XVIII-XIX ғ.ғ.)

Акмуканова А.Ж.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, 1-курс магистранты

XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақстан мен Орта Азияға еуропалық этникалық топтардың келуі көші-қон үрдісінің алғашқы әрекеті болды. Славян топтарының Қазақстанның шекара аймақтарына жер аударуының басты себептерінің бірі мемлекеттік құрылымның экономикалық және әкімшілік қысымының озбырлығынан құтылу еді. Ал екінші жағынан сол заманғы сындарлы саясаттың белең алып тұрған кезеңіне тап болуы. Осыған орай Қазақстан аумағын ауылшаруашылық тұрғыдан отарлау өзен жағалаулары мен алқапты аудандарды игеруден бастау алды. Алайда славян топтарының Ресейдің оңтүстік-шығыс аудандарына ауа көшуі жалаң саясат қана емес, сондай-ақ отар аясының шаруашылық тұрғыда кеңеюін көздеді.

Жайық өзенінің орта және төменгі ағысына XVI ғ. аяғында казактардың келуі байқалды. XVII ғ.басында Жайық казактары Ресей патшасына адал екендігін көрсетіп, өз автономиясын іс жүзінде сақтап отырды. Алайда 1734 жылы Төменгі Жайық шекарасына Жайық казактарын қорғаныс әскері ретінде жіберу туралы І Петрдің бұйрығы шықты. 1744 жылы әскер Орынбор губерниясының құрамына енгізіліп, Жайықтың төменгі ағысына көшіру ұйғарылды. Бұл оқиға Е.Пугачев бастаған шаруалар қозғалысына қатысумен ұласып, оқиғадан соң казактардың өзін-өзі билеу құқығы жойылып, Жайық атауы орнына Орал казактары деп өзгертілді.

XVIII ғ. өзінде әскер мен халық санағы бірнеше мәрте өткізіліп, 1723 жылғы алғашқы санақ бойынша 5722 казак ерлері көрсетілсе, кейін 1746, 1763, 1803 жылдары бұл санақ бірнеше рет қайталанды.

XVIII ғ. отарлық езгінің күшеюі екі негізгі фактордың ықпалымен жүзеге асты: Ресей егемендігінің Қазақстан жеріне таралуы және әкімшілік-аймақтық бірліктерді тұрғызу қажеттілігі.

Отарлау саясатының негізгі субъектісіне айналған славян халқының Қазақстанға қоныс аударуы олардың этноәлеуметтік сипатын өзгертті. Осы себептерді атай отырып, қоныстанушылардың қалыптасу кезеңдерін төмендегідей қарастыруға болады.

Бірінші кезең – XVI ғ.-XVIII ғ. 20-жылдары Батыс Қазақстанға казактардың жаппай көшірілуі, яғни Жайық казактарының берік әрі тұрақты қоғамының қалыптасуы. Бұл кезең 1720 жылы Жайық казактарының Астрахань губерниясы мен Әскери коллегияға бағынуымен сипатталады.

Екінші кезең - XVIII-XIX ғ.басында Мемлекеттік әскери-шекаралық отарлаудың ұйымдастырылуы. Бұл жоспар Қазақстанның солтүстік-шығысын қамтыды. Нәтижесінде империяның шекарасы анықталып, Қазақстанның батысы мен өзге өлкелерінен келген әскер мен казактар жұмылдырылды. Халықтың орналасуы тұрақсыз, «жылжымалы» тұрғылықты жерін кез келген уақытта ауыстырды. Соған орай шекарада тұрақты өмір сүру мүмкін болмады. Осыдан Сібір басшылығы шекара аймақтарына жер өңдеуші казактарды, христиандықты мәжбүрлі түрде ұстанған жоңғарлар мен қазақтарды көшірді.

Үшінші кезең - XIXғ. 20-60 жылдары. 1822-1824 жылдары әкімшілік-аймақтық реформалардың жүргізілуі нәтижесінде шекарадан дала аймағына көшіру басталды. Алайда бұл кезеңдегі отарлау әскери-саяси сипатта болғандықтан, оның әлеуметтік-экономикалық күшеюіне материалдық және адами ресурстар жеткіліксіз болды.

Төртінші кезең - XIX-ғ. 60-ж.а. – XX ғ. б. Ресей империясы құрамындағы Қазақстанның саяси-әкімшілік қыспағындағы кезеңі. Бұл кезең қосып алынған аймақтардың әкімшілік аймақтарға бөлінуімен сипатталады. Шаруалар басыбайлылықтан босатылғаннан кейін Еуропалық Ресей ауылшаруашылықпен айналысатын халықтың тұрғылықты жерін шет аймақтарға яғни Сібір, Қиыр Шығыс, Қазақстанға көшіруін көздеді. Нәтижесінде негізгі қоныстанушы казактардың орнын қоныстанушы-шаруалар басты [1,55 б].

Алайда XIX ғ.ортасына дейін славян халқы құрамындағы негізгі әлеуметтік топ казактар болып қала берді. Қазақстанға үш казак әскери Орал, Сібір, Жетісу тобына бөлінген казактар қоныстанды.

XVIII ғасырда, яғни 1723 жылғы алғашқы санақ көрсеткіші бойынша казактардың әскер саны 5722 екенін көрсетсе, кейінгі 1746, 1763, 1803 жылдары өткізілген санақ олардың артқанын көрсетті. М.Н.Сдыковтың келтірілген деректері бойынша 1835 жылдан бастап, Орал казактары 1723 пен 1801 жылдары 1,8 есеге, 1801-1852 жылдары 1,9 есеге, 1852-1897 жылдары аралығында 2,1 есеге артты [2,79 б].

Ресейдің мемлекеттік шекарасын оңтүстікке соның ішінде Орал мен Есілге қарай созуы Қазақстанға жаңа еуропалық этностық топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Соған орай 1734-1744 жылдары И.Кириллов, В.Татищев, И.Неплюевтің басшылығымен Орынбор экспедициясы бұл топтардың жаңа жерлерді игеруге мүмкіндігін туғызды. Бірқатар этностық топтар отбасыларымен Еділ аймағынан Орынборға қарай көшті. Бұл жағдай революцияға дейінгі Қазақстанның еуропалық диаспоралардың аздығынан болған еді. Кейін XX ғ. славян қауымының көшінен соң елге татар, неміс, поляк диаспоралары қоныстана бастады.

XVIII ғасырда 40-жылдары казактар құрамына башқұрттар ене бастады. Әскер құрамына кірген башқұрттар негізінен Еділ мен Орал казачествосына жатқызылды. Жаңа казактардың негігі ағыны Ресейден келе бастады. Казактардың басым бөлігінің Ресейдің оңтүстік аймағына ауа көшуі жоғарыда айтып өткенімдей феодалдық тәртіп пен абсолютизмнің күшеюі есебінен болатын.

XIX-ғасырдың бірінші жартысында отарлық саясаттың белең алуы халық арасында толқуларды арттырды. Соған сәйкес казактардың рөлі арта түсті. Бөкей Ордасының құрылуы мен Кіші жүздің бөлінуі әскер санының ұлғаюына себеп болды. Сөйтіп 40-жылдары Саратов губерниясындағы башқұрт кантоны Орал әскері қатарына қосылып, башқұрттардың әскери бөлімін құрады. Кейін казактардың әскер құрамына қазақ, қарақалпақ және басқа да ұлт өкілдері алына бастады. 1848 жылдан бастап, өзге ұлт санатымен толықтырылған құрам көпұлтты сипатқа ие болды. А.Д.Рябининнің мәліметтеріне сүйенсек, мұнда орыстар-86%, башқұрттар-7%, татарлар-5%, қалмақтар-1,2% қарақалпақ пен қазақтар-0,8%-ды құрады.

1852-1897 жылдары Орал әскерінің қалыптасу тарихында әр түрлі өзгерістер пайда болып, 50-жылдары казак сословиесі мен

казачество құрамына өзге ұлт өкілдерінің әскер қатарына тартылуы тоқтатылып, ол моноұлттық сипатқа ие болды. Бұл көрсеткіштің өзгеруі мына себептерге байланысты болды:

- казачество қызметінің өзгеруі;
- өнеркәсіп пен сауданың дамуы;
- станицалардың қалаларға, аймақ орталығына айналуы [3,88 б].

Казак әскерінің құрамына башқұрттардан басқа татарлар да енді. «Татарлар» термині астарында Еділ, Оңтүстік Орал, Сібір, Орта Азияның автохтонды халқының әр түрлі топтары жатыр. Олар түркі тілдері тобына кіргенімен, жалпы қыпшақ кіші тобының әр түрлі диалектінде сөйлеседі. Татарлар аймақтық және конфессионалдық белгілерге қарай бөлінеді. Аймағы мен тарихи орналасуына байланысты бұл түркітілдес топтарды революцияға дейінгі ресми құжаттарда «қазан татарлары», «қырымдық», «литвалық», «орынборлық», «сібірлік», «тобылдық», «түмендік», «томбылық», «есілдік» т.б. атаулары берілген. Еділ татарларының құрамына Төменгі Еділ мен Оңтүстік Оралда қоныстанған Сібір мен Қазан губернияларының түркітілдес халқының азшылық тобын құраған мишарларды да қосуға болады. «Сібір татарлары» құрамына зерттеушілер Батыс Сібірдің автохтонды халқынан басқа «Сібір бұқарларын» яғни Орта Азия мен Шығыс Түркістаннан көшіп келген саудагерлерді де жатқызады.

Жоғарыда айтып өткенімдей татарлардың аймақтық ерекшеліктері ғана емес, сондай-ақ конфессионалдық ерекшеліктері де бар. Олардың басым бөлігі исламның сүннет бағытын ұстанады. Алайда сібірлік татарлардың кейбір топтары шамандық дәстүрлі наным-сенімді ұстанған. XV-XVIII ғ.ғ Орта Оралдағы бірқатар татарлар православиені қабылдап, өздерін «ноғайбақтар» деп атаған.

Ресей шекара ведомстволарының мәліметінше XVIII ғ. жүргізілген сауда арқылы Еділ мен Сібір халқы түркі тіліне үйренсе, ал көшпелі халық сауаттылыққа үйреніп, исламды қабылдады. Сондықтан XVIII ғ. 40-жылдары патша билігінің шекаралық әкімшілігі Еділ татарларын Орынборға қарай көшіруді ұйымдастыра бастады.

1744 жылы Орынбор губернаторы И.Неплюев бірқатар татарларға Қазан уезінен Орынборға көшуге рұқсат етті. Нәтижесінде Орынборға жақын жерге алты отбасы қоныстанып,

татар елді-мекенінің негізін қалады. Сөйтіп 1868 жылы татар қыстағында 8951 адам өмір сүрді.

XVIII ғ. Жайық казактары әскерімен бірге саудамен айналысатын Еділ татарлары Жайыққа ауа көшті. Сөйтіп XIX ғ. екінші жартысында Орал қаласының көне бөлігінде татар қыстағы пайда болды. Ал кейбір бөлігі Бөкей Ордасына қарай қоныс тепсе, қалғандары Оңтүстік Оралдан Солтүстік Аралға қарай ауысты.

XIX ғ. 20-жылдары татарлар қазақ ханы Жәңгірдің рұқсатымен Ішкі Орданың әкімшілік орталығы болған хан ордасына ойысты. 1841 жылы 42 құрылымның 19-ы қоныстанушы-татарларға тиесілі болды. Онда Хан ордасының жалпы халқының 41%-ын құраған 99 адам қоныстанушылар болып табылды. Кейін сол жылдары Орынбор әскери губернаторы В.Перовскийдің рұқсатымен Ішкі Орданың Новая Казанка жеріне 30 татар жанұясы көшіп келді. XIX ғасырдың аяғында татарлар Ішкі Орданың әр түрлі елді мекенінде халықтың үштен бірін құрады. Шамамен татарлардың 600-і Хан Ордасында, 500-і Новая Казанкада, 200-і Таловкада тұрды.

XIX ғ. татар халқының саны негізінен Орал облысының Орал уезінде 17,8 мың адамға дейін жетті. Нәтижесінде татарлар орыстар мен украиндерден кейінгі көпшілікті құраған диаспоралар қатарына кірді. Әлеуметтік тұрғыда татар қоныстанушыларының басым бөлігі саудагер сословиесіне кірді, оның ішінде 28,2% татар шаруалары, 9,9% казактар, 2,4% көпестер болды[3,132 б].

Батыс Қазақстан халқының дамуы мен қоныстану тарихын зерттеу барысында статистикалық басылымдарға мән берілді. XVIII ғ. аяғы мен XIX-ғ.алғашқы ширегінде халық туралы мәлімет көздері жиілей түсті. Дереккөздердің алғашқылары Орал казачествосының санағы. Оны Захаров, Бородин жүргізген болатын. Одан кейін осы сипаттағы мәліметтерді әскери ведомство бере бастады. Келтірілген мәліметтер казак сословиесі туралы анықтама берді. Соған орай патшалық Ресейдің жүргізген әскери санағы нақты дереккөздер болып саналады. Казактар Ресей әскерінің бір бөлігі болып есептелгендіктен, олар жыл сайын патшаға әскер саны, құрамы, даму динамикасы жайлы толық мағлұматтар беріп отырды.

Батыс Қазақстан халқының этникалық құрамының қаыптасуы мен дамуы ХІХ ғ. басында қазақтардан басқа казактар болғанын айтуға болады. ХІХ ғ. ортасында қазақтар 86%, казактар және өзге ұлт өкілдері 14%-ды құрады.

ХІХ ғ. ортасынан бастап, халықтың көпұлтты құрылымы қалыптаса отырып, басқа ұлт өкілдері көшіріле бастады. Олардың пайда болу себептері Ресей империясының отарлық саясаты мен орыс-украин шаруаларын қоныстандыру арқылы елге орыстандыруды ұйымдастыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.В. Алексеенко Население дореволюционного Казахстана. - Алма-Ата 1981 г. - 255 б
2. М.Н.Сдыков Формирование населения Западного Казахстана в XVIII-XIX веках - ,Алматы, 1996 ж.- 293 б.
3. М.Н.Сдыков История населения Западного Казахстана. - Алматы, 2004 ж.-404 б

ӘОЖ 94 (574) «19»

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰЗ ӨНДІРУ ОРЫНДАРЫ

Сапина Д.С.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, 2-курс магистранты

ХІХ ғасырда Батыс Қазақстан – Орынбор облысының қазақтары мен Бөкей Ордасында және Орал казак әскерін қосқанда барлығы 1 363 460 адам тұрды. Бұл кезде қолөнер мен сауда дамып, пайдалы қазба өңдеу іске асырылып жатты. Сондай-ақ, ұлт пен ұлыстың тоғысқан өңірінде кәсіпшіліктің де түрлері дами бастады. ХVІІІ ғасырдан басталған тұз өңдеу ісі де ХІХ ғасырда дамып, жетіле түсті. Үкімет пен өазынаға ірі көлемде пайда әкеліп отырған, империялық маңызға ие болған Эльтон, Чапчачы, Басқоншақ, Индер, Илецк тұз өндіу орындары осы Батыс Қазақстанда орналасты. Тұз өндіру орындарындағы жұмысшылардың құрамы біркелкі болмады. Илецкіде сотталғандар мен айдалғандар, Эльтон мен Басқоншақта басынд украин-чумақтар, ішінара қазақтар жұмыс жасады. Кейіннен 1000

пұтқа 25-30 рубль алатын оларды, жұмысына 8-12 рубль аралығына еңбекақы сұрайтын жергілікті қазақтар толығымен жуықығыстырып шығарды. Тұзды өндіру ісі үкіметтен арнайы жарлықтармен, заңдармен реттіліп отырды. Тұзды сату үшін арнайы көтерме және бөлшек сауда жасайтын дүкендер ашылды. Тұрғындар арасында Илецк тұзына қарағанда Эльтон, Басқоншақ тұздары сапалы саналып, өтімді болды. Тұздың өзінің бағасы өте төмен болса да ол орташа есеппен бір пұты 25 копейкаға сатылып, мемлекетке өте көп мөлшерде табыс түсіріп тұрды (1, 16 б).

XIX ғасырда Батыс Қазақстанда материалдық өндіріс әртүрлі деңгейде біркелкі емес дамыды. Ресеймен шекаралас аудандардың ғана өндірісі экономикалық жағынан жоғары деңгейде сұранысқа ие болды. Сондықтан бұл аймақтарда кәсіпшіліктердің, одан шыққан өнімдердің алуан түрі болды. Батыс Қазақстанда бұл жағдай Орынбор губерниясы мен Орал облысына тән болды, ал Маңғышлақ пен Бөкей Ордасында салыстырмалы түрде кәсіптер төмен деңгейде болды. Осылайша кәсіпшіліктердің мамандануы мен құрылымына ең алдымен географиялық орналасу факторы әсер етті.

Аймақтарда кең таралған кез-келген кәсіпшілік тұрғылықты халықтың негізгі шаруашылығымен тығыз байланыста дамыды. Ең негізгі шаруашылықтар, әрине, мал шаруашылығы, жер өңдеу және балық шаруашылықтары. Қалған ірілі-ұсақты кәсіптер осы негізгі кәсіптерден тарап отырды. Кәсіпшіліктердегі жұмысшылардың этникалық құрамы әртүрлі болды. Бұл алдымен өңірдің Азия мен Еуропаның қиылысында орналасуымен тығыз байланысты. Батыс Қазақстандағы кәсіптер негізінен атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүрлі кәсіптер еді. Алайда отарлау саясатының орыс батырақтарын көшіріп әкелуі белсенді жүргізілген тұста өңірде жаңа кәсіп түрлері пайда бола бастады. Жаңа кәсіп түрлері жергілікті халықтың дәстүріне, ұлттық ерекшелігіне, шикізат көзінің көлеміне, географиялық орналасуына орай әркелкі қалыптасты.

Батыс Қазақстан территориясында қазақ пен орыстан басқа бірнеше ұлт өкілдері өмір сүрді. Кәсіпшіліктердің де ішінде тек ұлттық сипатқа ғана тән түрлері болды. Мәселен, жер өңдеу мен егін салу ісімен орыстар, бау бақша салумен украиндер, түбіт тоқумен орынборлық казак әйелдер, балық және тұз кәсіпшіліктерімен негізінен қазақтар мен қалмақтар айналысты.

Батыс Қазақстанда тұзды көлдердің көп болуы тұз өндіру ісінің қалыптасып, дамуына әкелді. Тұздың жердің бетіне тым жақын орналасқаны сондай, оны қарапайым құралдармен еш қиындықсыз өндірген. Қазақтар балта мен тескіштің күшімен үлкен тұз бөліктерін бұзып, оларды тасуға ыңғайландырып уақ кесектерге айналдырған. Кейін тұз өндірген шұңқырлар суға толып, буынға салқын тию және тағы басқа да ауруларға ем болатын тұзды көлдерге айналған [1, 27 б].

Илецк тұз өндірісі басқаларынан ерекше болды. Мұнда негізгі жұмыс күшін жер аударылғандар құрады. Олар мұнда Ресей империясының әртүрлі аудандарынан жер аударылғандар еді. Кәсіпшілікте әрдайым жұмысшылардың жетіспеуі байқалып отырды. Мұндай кездерде талап бойынша бірінші кезекте жұмысшы қатары толықтырылып отырды. Үкіметтің тұз өндірісінің бір күнде тоқтап қалмауын қамтамасыз етіп, уақытылы мәселелерді жойып отыруынан-ақ, кәсіпшіліктің үкімет үшін үлкен маңызға ие болғанын көруге болады. Кәсіпшілік жетекшісі Краснокутский 1807 жылдың ақпанында губернатор Волконскийға «жұмысшы жер аударылғандар саны 240, олардың 162-сі бұрыннан келе жатырғандар, 78-і жаңадан келгендер, 250-ге толтырып жинақтауға әлі он адам жетіспейді» деп жазған. Келесі бір рапортта Қазан губерниясының басшылығымен жер аударылғандардың тізімі келтірілген, олардың ішінде Мартын Андреев, Николай Алексеев, Астафий Семенов, Федор Емельянов, Петр Романов, Гаврила Григорьев, Кутеп және Абубакир Файзуллиндер, Бикмет Бикбаев бар. Жер аударылғандардың арасында тек Ресей империясынан ғана емес, сондай-ақ шетелдік азаматтар да болды. Тұз кәсіпшілігі дені сау, күшті, тұрпаты мықты адамдардың қара күшін қажет етті. Сондықтан кәсіпшілік басшылары да осы сипаттарға сай адамдарды сұрап хаттар жазып отырған.

Бостандықты қалаған, әрі ауыр жұмыстан титықтаған жұмысшылардың кәсіпшіліктен қашу жағдайы жиі кездескен. 1820 жылдың маусымында табын руының қазақтары мен старшина Байғали Киншабаев Семен Черкасов, Василий Кореков, Артем Андреев, Петр Карпов деген қашқын жұмысшыларды ұстап алған. Ал 1822 жылы «кіші жүз» қазақтары Құдайберген және Төлеп Төлебаевтар мен Жаманов Илецкіден қашқан жұмысшы Степан Андреевті ұстаған. Қашқындарды ұстап берушілерге

мақтау қағазы мен қазынадан 5 рубль берілген. Жұмысшылардан бөлек кәсіпшілікті күзететін солдаттардың қашу жағдайлары кездесіп отырған. 1824 жылы қазақ Дәулет Кильдиев және старшина Байдулла Кинзебаев даладан Невский жаяу полкінің солдаттары Иван Балахонов пен Григорий Наумовты ұстап алған. Солдаттар Илецкіге қайта жіберіліп, жергілікті басшы Пестеревке табысталған. Кильдиев мақтау қағазымен мадақталып, старшина Кинзебаев 10 рубль алған [2, 56 б].

Жер аударылғандардың көп бөлігін ұсақ-түйек бұзақылықтары үшін және әскерден қашу, кісі өлтіру, ұрлық сияқты қылмыстары үшін айдалған әскери солдаттар құрады. Бұлардан басқа, айдалғандар қатарында иесінен қашқан шаруаларда болды. Оларды бұл жерде жалған атпен ұстаған. Мәселен, Саратов олысы, Царыцинский уезінің Дмитриева ауылының шаруасы Шанов Алексей помещик Святославтан қашқаны үшін жер аударып, оған Федор Капустин деген жалған ат беріп, Илецк тұз кәсібінде жұмысқа салған [3, 1 п.].

Бостандықты қалаған, әрі ауыр жұмыстан титықтаған жұмысшылардың кәсіпшіліктен қашу жағдайы жиі кездескен. 1820 жылдың маусымында табын руының қазақтары мен старшина Байғали Киншабаев Семен Черкасов, Василий Кореков, Артем Андреев, Петр Карпов деген қашқын жұмысшыларды ұстап алған. Ал 1822 жылы «кіші жүз» қазақтары Құдайберген және Төлеп Төлебаевтар мен Жаманов Илецкіден қашқан жұмысшы Степан Андреевті ұстаған. Қашқындарды ұстап берушілерге мақтау қағазы мен қазынадан 5 рубль берілген. Жұмысшылардан бөлек кәсіпшілікті күзететін солдаттардың қашу жағдайлары кездесіп отырған. 1824 жылы қазақ Дәулет Кильдиев және старшина Байдулла Кинзебаев даладан Невский жаяу полкінің солдаттары Иван Балахонов пен Григорий Наумовты ұстап алған. Солдаттар Илецкіге қайта жіберіліп, жергілікті басшы Пестеревке табысталған. Кильдиев мақтсау қағазымен мадақталып, старшина Кинзабаев 10 рубль алған (2, б 56)

Кәсіпшіліктегі жұмысшылар тек тұз өндіріп қана қоймай, сонымен бірге жұмыс барысына қажетті ағашпен, құрал саймандармен қамтамасыз етіп, алебастар мен кірпіш дайындап, жел диірмендер мен наубайханаларда, моншаларда жұмыс жасады. Қажет болған жағдайда бастықтары арзан жұмыс күші

ретінде жер аударылғандарды өзге де қазыналық мекемелердің жұмысына салып отырды.

Тұзды шахталық әдіспен жер астынан өндіретін жұмысшылар үшін тым қиын болды. Олар шырақтардың көмегімен қараңғы жерлерде жұмыс істеді. Жер астындағы ызғар мен ылғалдан киімдері тез тозды. Сондықтан оларға кафтанның сыртынан киілуге оңай арнайы қатты материалдан киімдер тігілді. Барлық жұмысшыларға үш жыл мерзімге аяқ киім, сырт киім, шалбарлар берілді. Алайда, үш жыл мерзімге ешқандай киім шыдамады. Тұздан түсетін табыс көлемі көп болғанына қарамастан жұмысшыларға болар болмас айлық төленді. Тұздан түсетін табыстың көп бөлігі айдалғандарды қамтамасыз етуге, түрмені ұстауға және қазынаға жұмсалды. Төменде келтірілген 1-кестеде 1838 жылы Илецкі тұз өндірісіндегі жұмысшылар мен өндіріліген тұздың көлемі туралы мәлімет көрсетілген.

Кесте – 1, Илецкі тұз өндірісіндегі жұмысшылар өндірген тұздың көлемі [2, 58 б].

Ай	Жұмысшылар (пұт)	Еркін жалдамалылар (пұт)	Барлық өндірілген тұз көлемі (пұт)
Наурыз	6489	139974	204869
Сәуір	37886	101678	130564
Мамыр	52098	115086	167184
Маусым	43178	120002	163180
Шілде	28995	87519	116514
Тамыз	40238	79887	120125
Қыркүйек	62209	120270	182479
Қазан	54728	146955	201683
Қараша	42503	19927	62431
Желтоқсан	62737	14899	77636
Барлығы	431061	946197	1377258

Кестеде көрсетілгендей 1838 жылы Илецкі тұз өндірісіндегі еркін жалдамалы жұмысшылар өндірістегі жұмысшыларға қарағанда екі есе көп тұз өндірген. Илецкідегі кәсіпшілікте айдалғандардан бөлек еркін жалдамалы шаруалар жұмыс жасады. Олар айдалғандарға қарағанда едәуір көп тұз өндірді. Бұл шаруалардың жоғары табыс табуға деген экономикалық есеп пен қызығушылықтың болуымен байланысты. Саны жағынан да

еркін жалдамалы шаруалар аз болса да жұмыстары өнімді болды. Кестеде көрсетілгендей 1838 жылы Илецк тұз өндірісінде еркін жалдамалылар айдалғандарға қарағанда екі есе өнім өндіргенін көруге болады. Сондай ақ, көрсетілген мәліметтерден жаздың аяғы мен жылдың соңында өнім өндіру көрсеткішінің төмендегенін байқауға болады. Бұдан жаздың соңында шарауалардың жаз бойғы еккен өнімін жинауға кетуі және қыс мезгілінде ауа райының қолайсыздығына байланысты жұмысқа жалдана қоймайтындығын көруге болады.

1888-1892 жылдар аралығында тұз өндірісінен 17952 рубль, ал басқа кәсіптерден 12771 рубль пайда түскен. Жер аударылғандар бос уақыттарында тұздан бөлек кәсіпшіліктерде жұмыс істеді. Өзге кәсіптерден түскен табыс та түрме мен қазынаны қамтамасыз етуге жұмсалды. Қазынаға осы жылдар аралығында 13254 рубль, ал губерниялық басқармаға 630 рубль бөлінген. Орта есеппен жұмысшылар 5 жыл ішінде 1920 рубль, бір адамға шаққанда орта есеппен 5 рубль 44 копейка көлемінде жалақы алған. Көрініп тұрғандай пайданың түгелге жуығы қазына мен түрмеге бөлініп, қалған аз бөлігі ғана жұмысшыларға төленген. Осылайша тек 1838 жылдың өзінде ғана айдалғандар 431061 пұт тұз өндірсе, еркін жалдамалылар 946197 пұт, барлығы 1 377 258 пұт тұз өндірілген.

Келесі Эльтон көліндегі тұз өндірісі орнында да жұмыс жағдайы Илецкідегіден жеңіл болмады. Жаздағы қатты ыстықтарда жұмысшыларға жартылай жалаңаш жұмыс жасауларына тура келді. Күні бойы тұзда тұрып жұмыс жасағандықтан жазылмайтын асқазан ауруларына шалдыққан.

1876 жылғы дерек бойынша Элтонда негізінен жұмысшылар құрамы пензалық орыстар мен қазақтардан тұрған, барлығы 1200 адам жұмыс жасаған. Қазақтар Хан ордасы мен кәсіпшілік басқармаларының арасындағы келіссөздер негізінде жұмыс жасауға рұқсат алды. Өндірген тұз көлеміне орай, 1000 пұт тұзға 8-12 рубль жалақы алды. Қазақтар келісімге сай бір адам жаз бойына 5000 пұт тұз өндіруге тиіс болды. Бұл шарт қазақтарға салмақ салмады, сәйкесінше орыстарға қарағанда өнімдірек еңбек етіп, молдау табыс тапты. В.Гаркема тұз өндірісінде жұмыс жасайтын қазақтардың көбісі мал жанымен көшіп жүретінін жазған. 1883 жылы бір жұмысшыға 1000 пұт тұз үшін 18 рубль, ал егер 50000 пұт өндірсе 90 рубль төленетіндігін, бұл сомадан 20

рубль барып келу жолақысына, 24 рубль тамағына, тағы басқа да тиісті қажеттіліктерге ұстап қалғанда, таза қолға 46 рубль тиетіндігін жазған. В.Гаркеманың ойынша қазақтарда мұндай шығын болмаған, себебі олар малдарымен бірге көшіп жүріп, негізгі азықты малдан алған. Қазақтар үлкені-кішісі бірігіп жабыла жұмыс жасаған. Жеңіл жұмыстарды жасөспірімдер атқарған. Жұмысшы санының артуы жалақының біршама төмендеуіне әкелді. Нәтижесінде орыстарға шалғай жерлерден аз ғана табыс үшін келіп жалдануы тиімсіз болды. 1883 жылдары кәсіпшіліктегі жұмысшылардың негізгі бөлігі пензалық орыстар болса, 1888 жылы орыс ұлтынан бар жоғы 70 адам жұмыс істеген [4, 2 б].

Басқұншақта да жұмысшылардың жағдайы мәз болмады. Жататын орындардың ылғалдылығы, қарапайым гигиеналық, санитарлық жағдайлардың болмауы мен мардымсыз тамақ жұмысшылардың арасында түрлі аурулардың көбеюіне алып келді. Аурулар сау адамдармен бір жерде жатып, тамақ ішетін орындарда түрлі дәрілер дайындалды. Ауруларды емдеуге бөлінге қаржының аздығы сонша ауруханаға қажетті заттарды алуға жетпеді.

Астраханьдағы тұз өндіру орындарында украиндық чумақтар да жұмыс жасады. Олар маусымнан қыркүйекке дейінгі уақытта 15 адам 800 рубльдің тұзын тасымалдап, сатқан.

Мұндағы тұзды сындырып, өндіруге қалмақтар да қатысты. XIX ғасырдың отызыншы жылдарында бұл кәсіпте 1100-ден 1250-ге қалмақ жұмыс істеді. Басқа ұлттар сияқты қалмақтар да тұз өндірумен табыс көзі мүлдем болмаған жағдайларда, амалы жоқтықтан айналысты. Оларда қазақтар сияқты белгілі бір жоспар көлемін орындауға алдын ала келісімге отырды. Қалмақтардың өндіріс орындарынан қашып кету жағдайлары көп кездесті. Өйткені олардың тапқан табыстары көлік жалдауға, еңбек құралдарын сатып алуға кетті де, таза пайда жан басына шаққанда түкке тұрғысыз болып қалды. XIX ғасырдың 20-30 жылдарында кәсіпшіліктегі жұмысшылардың жалақылары орташа есеппен 10-12 рубльді құрады. 1858 жылы өндіріс орындарын аралаған Астрахань губерниесінің басшылығы «тазаланбаған, сапасыз тұз өндіргендері үшін жұмысшылар жалақы сұрамаулары керек» деп жазған. Сондай-ақ, ол тұз басқармасы үшін мұндағы жағдайдың тиімді екенін, ал жұмысшылар үшін үшін аса зиянды екенін, әрі мұнда

жұмысшылар табыстары жетпей титықтап, жасаған шала жұмыстары үшін кәсіпшілікке қарыз болып қалатынын атап көрсеткен. Жағдайдың төмендігі жылдан-жылға ушығып, 1858 жылы кәсіпшілікте 800 дам жұмыс жасаған. Дегенмен, кәсіпшіліктегі негізгі жұмыс күшін қазақтар құрады. Олар ауайына қарамастан, жаңбырда да, аптап ыстықта да жұмыс жасай білді. 7000 жұмысшының 5000 - ы жергілікті қазақтар болды.

Инженер В.Гаркеманың жазып қалдыруы бойынша, тұз өндірумен негізінен қазақтар, қалмақтар мен татарлар және алдарында өсіріп отырған малы жоқ, кедей орыстар айналысқан. Қазақ, қалмақ, татарды күзге қарай жалдаған. 1887 жылы - 1069 адам, 1888 – 1227 адам жұмыстанып, тұзды негізінен орыстар мен татарлар тасып апарып, пұлдаған.

Кәсіпшілікте қызмет еткен жұмысшылар санын сатылған билеттер арқылы білуге болады. 1896 жылы Астрахань губерниясында қалмақтарға – 14564 билет пен 2118 куәлік берілген. Барлық жұмысшылар балық шаруашылығы мен тұз өндіру кәсіпшіліктерінде жұмыс жасады. Бөкей Ордасында жартыжылдық және жылдық паспорттар -5123 адамға, қысқамерзімді билеттер 1996 адамға берілген. Қазақтардың да көп бөлігі балық шаруашылығында жұмыс істеген. Тасымалмен негізінен татарлар - 2782 адам айналысқан. 1896 жылы Басқұншақта барлығы – 1053, өзге көлдерде 650 адам, 1897 – 1655, 1898 – 1755, 1899-2136 қалмақ жұмыс жасады [2, 61 б].

Тұз кәсіпшілігімен салыстырғанда тұрғындардың басым көршілігі балық шаруашылығымен айналысты. XIX ғасырдың басында балық өндіру орындарында 8000-9000 дейін, 1837-1838 жылдары 13000 қазақ пен қалмақ, 1868 жылы-5262 адам, 1888 жылы-8514 адам, 1893 жылы-16876 адам, 1894 жылы-20404 адам, 1896 жылы-22704 адам, 1897 жылы-27687 адам, 1898 жылы-28322 адамға билет сатылған. Жылдан жылға жұмысшылар динамикасының тез өскенін аңғару қиын емес. Астрахань губерниясында ер адамдар 20-25 рубль, әйелдер 12-15 рубль жалақы тапқан.

Закаспий облысының Маңғышлақ, Красноводский аудандарында балық шаруашылығы жергілікті қазақ, орыс, түркіменнің айналыстаны негізгі шаруашылығы болды. Ең үлкен пайда жылына екі рет өтетін теңіз арыстаны аулағанда түсетін. Балықты кейде Красноводскийдің өзіне, көбіне Астраханьға тасымалдады. Уақыт өте келе балық шаруашылығына бай казактар

мен орынборлық көпестер қызыға бастады. Олар балықты сасытып алмас үшін тек қысқы уақыттарды түйе керуенімен тасымалдады. Уылдырық тұздауға тұзды Илецкіден әкелді. Тұз Қазалыда бір пұты 2 рубль тұрса, Илецкіден 10 копейкаға алатын еді [5, 301 б].

Балықтың сапалылары кәсіпкерлерге арналды. Кедейлердің үлесіне аз мөлшерде тиетіндіктен, олар рұсат етілмеген орындарда, балық аулауға тыйым салынған мезгілдерде аулап жүрді. Ұрлық жағдайлар көбейгені үшін басқарма балықтардың теңізден өзендерге еркін өтуіне кедергі болмасын деп өзендердің сағасында балық аулауға тыйым салды. Қандай да бір ұрлыққа жол бермеу үшін қатаң бақылау қойылды. Балық аулау құқығы үшін теңіздерде бір қайыққа, өзендерде бір торға салық салынды. Жазбалай рұқсаты жоқ адамдар ұсталған жағдайда салық төлеп қана қоймай, тиісті айыппұл төледі.

Маңғышлақта әйелдер бір тор үшін 1 наурыз - 20 мамыр аралығында 18 рубль, яғни күніне 25 копейка, ал жасөспірімдер 13 копейка, ер адамдар 30-70 копейка аралығынла ақша алды. Жұмыстарының ауыр әрі ластығына қарамастан әйелдерге еркектерге қарағанда аз жалақы төленді. Ауыр жұмыс жағдайына бір айда шыдай алмастан жұмыстан кеткен әйелдер қатары көп болды. Олардың көпшілігі балық тұздаумен айналысты.

1881 жылдан бастап тұзға акцизаның жойылып, тұздың едәуір арзандауына байланысты өндірістің жаңа түрлері қалыптаса бастады. Балық қорын сақтап, көбейтуге бағытталған заңдар бұл саланың дамып, жылына 25 млн рубльдің тауар айналымын жасауға мүмкіндік берді. Каспийде балықтың көп өндірілуі тұзға деген сұранысты өсірді. 1899 жылы Ембі мен Маңғышлақта 241900 пұт тұз жұмсалды [2, 64 б].

XIX ғасырдың екінші жартысында тұзды көлдер мен орындардың көп кездесуі тұзға, тұз өндіруге сұранысты арттырды. Батыс Қазақстандағы тұз кәсіпшілігі өзге аймақтарға қарағанда жұмысшылардың сан алуандығы мен этникалық әртүрлі болуымен ерекшеленді. Осыған қарамастан, тұз өндірісінің әр кезеңінде қазақтардың саны басым болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеенко Н.В. Населения дореволюционного Казахстана. — Алма-ата: Наука, 1976. — 172 с.

2. Джумагалиева К.В. Развитие соляного промысла в Западном Казахстане в XIX веке.: автореф. канд.ист.наук, – Атырау, 2010. – 29 с.
3. ҚР ОМА. Қ. 4. -Т 1. - I. 1248
4. И.Шульга. Поволжеские солевозчики. Журнал CYBERLENINKA. – 2008. №5 (24)
5. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник №2. Под ред. С.Д.Асфендиярова. – Алматы: Казахстан, 1998. – 350с.

ӘОЖ 94.058

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ- САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ТАТАР ДИАСПОРАСЫНЫҢ РӨЛІ

Бахитжанова Ж.Б.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, 2-курс магистранты

Кез-келген аймақтың ұлттық-этникалық құрылымы өзінің тарихи тамырына ие және әрбір жеке тарихи кезеңде экономикалық даму деңгейімен саяси жүйесімен, сондай-ақ үнемі аймақтық графикалық фактормен өзара байланысты.

Қазіргі Батыс Қазақстан аумағы бірнеше ғасырлар бойы қазақ, орыс және еділ-жайық халықтарының: татар, ноғай, қалмақ және башқұрт халықтарының түйісінде орналасқан.

Белгілі болғандай, қазіргі татарлардың ата-бабалары, Алтын Орда мен Қазан хандығының гүлденуі кезеңінде сауда және қолөнер бұйымдарымен айналысып, ауқымды Еуразия аумағында Дешті Қыпшақ деген атаумен өмір сүрді. Олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін және жалпы түрік мәдениетін сақтап және дамыта еркін өмір сүрді.

Бірақ кейіннен, жаңа тарихи талап кезінде, Мәскеу княздығы қатыгез әскери саясат жүргізе бастағанда, бұл аймақтағы жағдай түбегейлі өзгерді. Бұл ең алдымен Қазанның құлдырауы мен Астрахань хандығының жойылуымен байланысты болды.

Сондықтан қазақ даласының кеңістігіндегі Қазан татарларының Волга аймағынан шыққан алғашқы көші – қон толқыны XVI ғасырдың ІІ жартысында бастау алады [1, 17 б].

Татарлар қазақ жеріне XVI ғасырдан бастап келе бастады. Бұл кездерде Қазақстан мен Ресей арасында едәуір саяси байланыстар болып, сауда қарым – қатынасы орнаған еді. Ресейлік патша өкіметі мемлекеттік шекараларын ұлғайту және де Орта Азия мемлекеттерімен байланыс орнату мақсатын көздеді. Ол үшін қазақ даласын отарлау аса қажет болды. Сондықтан қазақ хандарымен тікелей байланыс жасауға талпынып, елшілік орнатуды қолға алды. Ресей үкіметінің қазақ жеріне жіберген елшілігінің құрамында татар ұлт өкілдері болды. Оларды орыстар қазақтармен тілдесу үшін тілмәш ретінде пайдаланды. Мәселен, 1595 жылдың 28 наурызында орыс патшасы Федор Иванович Мәскеу мемлекетінің қол астына қазақтарды алуға Вельямин Степановты Тәуекел ханға жіберген кезде оның елшілігінің құрамында татар Данило Семенов болған. [2, 6-б].

Тарихшы Г.Губайдуллин татарларды орыс өкіметінің қандай мақсатта пайдаланғандығын: «Қазанның татар -саудагері туысқан түркі тайпаларының тілі мен әдет-ғұрпын білуімен XVI ғасырдан бастап орыс және азиат саудасының байланыстырушысы болды.

Татардың мырзалары мен «юмуштарын» (қызметкерлер) орыс үкіметі сол уақыттар бері тілмәш және Мәскеу үкіметінің дипломаттық агенті ретінде қолданған», - деп келтірсе [3, 52-б], ал қазақ ғалымы, ағартушысы Шоқан Уәлиханов «Сахарадағы мұсылмандық туралы» атты еңбегінде: «Татарлар бұрынғы ескі уақытта, ислам Еділ жағаларында қазіргідей күшті емес кезінде, Россияға ұрыс даласында да және земство жұмысында да қызмет етті», - деп жазған еді [4, 198-б].

XVII ғасырда жоңғар хандығының құрылуы Тәуке ханға өз шекарасын нығайту мәселесін қолға алу қажеттігін көрсетті. Орыс мемлекетімен байланыс орнату үшін елшіліктер құру да аса қажет болды. Қазақтың Тәшім батыр бастаған елшілігі Тобылда құрылды. Оның құрамына еркіндікке жіберілген, орыс және қазақ тілдерін жетік білетін татарлар Илчигинеев пен Теритоковтар болды. Негізінде елшілік құрамында қозғалыс маршрутын көрсете алатын және тілмәш болатын, сәтті келіссөздер жүргізе алатын адамдар болған. Бұл елшіліктің жолы үш жылға созылды.

Тарихшы В.З. Галиев ғылыми зерттеуінде Поволжье татарлары мен Батыс Сібірдің түрік халықтары даламен байланыста ең алғашқы жол салушылар болғандығын, олардың орыс әкімшілігі «татарлар», ал әскери және кеңсе қызметінде

болған татарларды «қызметші татарлар» деп, кей жағдайларда татарларды «талмаштар» деп те атағандығы келтірілген. Ғылымның көрсетуінше, Түркістанда Тәуке ханның татардан Сібір жерін жақсы білетін, әрі орыс тілінен қазақшаға аударма жасайтын «толмашы» болған [5, 15-16, 20-б]. Өйткені татар тілі өзақ тіліне ұқсас болып, екі ұлт өкілдері бірін-бірі түсінсе алды. «Дала уәлаяты газетіне» жарияланған «Ноғайлардың қыр жайында тұрмыш қазақ халықтарына тиміш жөндері» - деп аталатын мақалада қазақтар мен татарлардың бұрыннан бірін-бірі ұғыныса алғандығы келтірілді. Сондай-ақ, татарлардың қазақ жерінде еркін сауда жасағаны да аталып өтілді. «Ноғайлардың тілдері», - деп келтірілді, - қазақ тілдерімен бірдей. Солары үшін әрбір ноғай қазақтармен тез жақын болысып кетеді. Олардан басқа адамдармен ғайри жұрттар болса да қағып шығарып жібереді.

Әрқайсысын байзайтын саудағар ноғай білгендер қатты пайда болатұғынын егер де қазақтарды апиын, нашамен таныс қылып жіберсе. Соның үшін Қытай жағынан апиын алып келіп қазақтарға өткізіп жатады. Олардың онысы үшін малдарын, майларын, жүндерін, терілерін ғайриларымен алмастырған [6, 738-б.].

Татарлардың ішінде Ертіс арқылы Қытайға, Түркістанға, Ташкент, Бұқараға сауда керуендерін бастап апарғандар да болып. Қызметші татарлар әскери міндеткерліктерді де атқарды. Олар бекініс және қалаларды салуға қатысты, сондай-ақ, әскери экспедициялардың да құрамында болды. Мәселен, 1628 жылы 20 қызметші татарлар қазақ даласының түпкіріндегі Жәмші (Ямышев) көліне тұз өндіруге келген. Ертіс бойындағы Орта жүз қазақтарының көпшілігі татарларға таныс болған [5, 17-б].

XVII ғасырда дала өлкесіне орыс елшілігінің, саудагерлері мен өнеркәсіп иелерінің келулері жиіледі. Олар бұл өңірмен жете танысып, өздеріне қажетті мәліметтерді жинақтады. Татар-саудагерлер мен қызметкерлері орыстарға қазақ жерлері мен ортаазиялық қалалар жөнінде құнды мәліметтер жинап, сондай-ақ, өлке картасын жасауға көмектесті.

Орыстың суретшісі-баталисі В.В.Верещагин өзінің 1867-1868 жылдарындағы сапар күнделігінде: «Оренбург отличается от прочих городов России только полутатарской физиономией, напоминая этим Казань», - деп жазуы қазақ даласына татарлардың көптеп келуін аңғартады [7, 58-б.]. Орыс және қазақ арасындағы қарым-қатынас үшін тілмаштар аса қажет болған болатын. Сондықтан тілмаштар

даярлайтын арнайы жоғары оқу орындарын ашу ісі қолға алынады. Орынбор өлкесінің басшысы И. И. Неплюевтің бұйрығымен ашылған татар мектебі 1744-1818 жылдар аралығында жұмыс жасайды. Бұл оқу орнын тәмамдаған оқушылар кеңсе хатшысы, кеден шенеуніктері, аудармашылық қызмет атқарады.

Патша әкімшілігі татарлар мен қазақтардың тығыз байланыса бастағанынан қауіптеніп, 1765 жылы Орынборға татарлардың қоныстануына тиым салған жарлық шығарады. Онда: «Болашақта Қазан және Астрахан татарлары қандай түрмен болса да Орынбор губерниясына тұруға қабылданбасын, егер де жарлықсыз қоныстанатын болса, онда Сенатқа тез арада қашан және оларды кім қабылдағандығы хабарлансын», - деп келтірілді [3, 103-б.]. Алайда патша шенеуніктеріне қазақ даласында тілмаш татарларсыз өте қиын болды.

Орынборға татарлардың қоныстануына тиым салған патша жарлығына қарамастан қалаға XVIII -XIX ғасырларда татарлардың қоныс тебуі толастамады. Мәселен, 1762 жылы – 12229, 1782 жылы – 18941, 1795 жылы – 23995, 1833 жылы – 42632, 1857 жылы – 79388, 1897 жылы – 126225 татар ұлт өкілдері болған. Бұл көрсеткіштерден байқағанымыздай татарлардың қатары жылдан-жылға көбейіп отырған. 1857-1897 жылдар аралығын салыстырғанда Орынборға қоныстанған татарлардың саны 46837-ге көбейген [8, 157-б.].

Татарлар біртіндеп Қазақстанның батыс және солтүстік-батыс аймақтарына да қоныстанып, өз селоларын сала бастады. Сөйтіп, татар диаспорасы Ақтөбе, Ырғыз, Шалқар және тағы басқа қалалар мен селоларда пайда болды. Татарлар тілмәштік қызметпен Қазақстанға ішкерелей еніп, сауда ісімен толықтай айналысуға болатындықтарына көз жеткізген [9].

Қазақстанның ірі қалаларында татарлар қоныстанған жерлерді «Татар слобадкасы» деп атаған. Татар слободкасы өзінің құрылысымен ерекшеленді. Көшенің нақ ортасында зәулім мешіттері, моншасы, керуендер тоқтайтын сарайы, ауруханасы, сауда үйлері мен базары болған.

Татарлардың көп орналасқан жерінің бірі – Бөкей Ордасы болған. Бұл Ордада Жәңгір хан елді билеген кезінде хан ордасында арнайы әкімшілік мекемесін құрған. Орда селосында Жәңгір хан орыс сәулетшілерін шақырып қала үлгісінде үйлер салғызды. 1841 жылы қала үлгісіндегі үйлер 41 болса, ал 1846

жылы 89 үйге жеткен. Хан Ордасында Қазан татарларының 13 үйі болған [38, 58-б]. 1851 жылғы мәлімет бойынша Бөкей Ордасында 193 татар өкілдері тұрды. Хан кеңесінің үйі, ауруханасы, дәріханасы және мешіті болды. Бөкей хандығында тұңғыш рет дінді уағыздау және діни салттар тергеу ісін жүргізу үшін ахун тағайындалды. Ең бірінші ахун болып Орынбор татары Жабор Хаматов тағайындалған [10].

Хан кеңесінің штабында бірнеше татар қызмет етіп, араб және татар жазушыларын аударушы әрі тілмашы, іс-қағаздарды жүргізуші болды. Ішкі Орданың басқарушы штат кестесінде көрсетілгендей, татар тілмашы жалақыға 500 сом ақша алып отырған [11].

1867 жылдың 11 шілдесінде Александр II Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Ережелер жобасына, ал 1868 жылдың 21 қазанында Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстары басқару туралы Ережелер жобасына қол қойды. Жаңа реформа бойынша Қазақстан жері үш генерал-губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібірге бөлінді. Орынбор генерал-губернаторлығына (XX басында Дала генерал-губернаторлығы болды – Г.Ж.) – Орал Торғай облыстары, Батыс Сібір генерал-губернаторлығы – Ақмола және Семей облыстары, Түркістан генерал – губернаторлығына – Жетісу және Сырдария облыстары енді. Ал бұрынғы Бөкей хандығының жері 1872 жылы Астрахань губерниясына қосылды. Манғышылақ приставтығы 1870 жылы Кавказ әскери округінің қарамағына берілсе, кейінірек Закаспий облысына енді.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Қазақстан әр түрлі ұлттардың тоқтаусыз отарлауы жүрген өлкесіне айналды. Осы кезде Орталық Ресей губернияларынан орыс шаруаларымен бірге Ресейдің шет аймақтарынан ұйғыр, татар, өзбек, башқұрт сияқты ұлт өкілдері қоныс аударды. Кеңес зарттеушілері С.И.Брук пен В.М. Кабузанның мәліметтері бойынша 1897 жылы бүкіл Ресейде 2,2 млн татарлар болған [12, 88-89 б.].

Ереже бойынша Орал облысы 1869 жылы құрылып, оның құрамына Орал. Гурьев, Калмыков және Темір уездері енді. Облыстың орталығы Орал қаласы болды. 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санының мәліметтеріне сүйенсек, Орал облысында тұратын жалпы халықтың саны 645.121 адамға жеткен [13, 111 б.]. Олардың ішінде облыста 17805 татар ұлт

өкілдері тұрған, яғни 9461-і ер азаматтар да, ал 8344-і әйелдер болды. Санақ бойынша Орал уезінде татарлардың 7675 ер адамы мен 6761 әйелдері мекен етіп, солардың 1871 ер адамдары мен 1590 әйелдері Орал қаласында тұрған. Ал татарлардың қалған 5118 ерлер мен 4516 әйел адамдары уездің ауылды жерлеріне қоныс тепті. Мәселен, Елек қаласында 686 ер және 655 әйел татар ұлт өкілдері тұрды [13, 48 б.].

XIX ғасырда түгел Батыс Қазақстанда – Орынбор облысының қазақтары мен Бөкей Ордасында және Орал казак әскерінде барлығы 1363460 адам тұрды. Бұл кезде қолөнер мен сауда дамып, пайдалы қазба өңдеу іске асырылып жатты [14, 53 б.].

Орал қаласындағы Татар слободкасы 1821 жыл салынып, онда татармен бірге басқа да ұлт өкілдері тұрды. Татар слободкасы жиі-жиі болған су тасқыны және 1821 жылға өрт салдарынан көп зардап шеккен [15, 485-б.].

Жоғарыдағы 1897 жылғы санақ мәліметі бойынша байқағанымыздай Орал қаласында 3461 татар ұлт өкілдері тұрған. Татар тарихын зерттеуші отандастарымыз Г.Т. Хайруллин мен А.Т. Хамидуллиннің ғылыми зерттеулерінде XIX ғасырдың аяғындағы Орал қаласындағы 36 мың халқының ішінде татарлар сан жағынан тоғызыншы орында болғандығын атап өтеді [7, 61-б.].

Орал қаласына Орынбор, Қазаннан келген татарлар қоныстанып, сауда жасаса, ал татар зиялылары қаладағы мекеме, баспасөз орындарда қызмет етті. Мәселен, татар ақыны Ғабдолла Тоқай XX ғасыр басында яғни 1906 жылы «Уральский дневник» газетінің редакциясында қызмет етсе, ал Кәміл Тухватуллин «Әл-ғасыр-уа-әл жәдид» (Жаңа ғасыр) журналы мен тағы басқа газет-журналдарды шығарған. Татар көпесі Мұртаза Ғұбайдуллин Оралда өз қаражатын медресе салдырған.

Облысқа қоныстанған татарлар екі дінді: православия және мұсылман діні ұстанған. Мәселен, облыс бойынша православия дінінде 15 ер және 3 әйел адам болып, олардың 11 ер адамы мен 1 әйелі уезде, ал 4 ер адамы мен 2 әйелдері Орал қаласында тұрған. Ал мұсылман дінінде облыс бойынша 9433 ер мен 8334 әйел адамдар болып, олардың 6384 ері мен 5674 әйел азаматтары уездерде, 3049 ерлері мен 2660 әйелдері облыс қалаларында тұрған. Бұл екі діннен басқа өзге діндерге құлшылық ететін татарлардың саны 6-ақ болды. Облыста бұл екі дінге құлшылық ететін арнайы мешіт пен шіркеу үйлері салынып, ол үкімет

тарапынан қатаң бақылауға мешіт пен шіркеу үйлері салынып, ол үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынып отырылды. Атап айтқанда татарларды православия дініне енгізуде орыс миссионерлері көп жұмыстар атқарған.

Кесте – 2. Орал уезіндегі татар ұлт өкілдерін дінге бөліп көрсету.

№	Діндері	ерлер	әйелдер	Сауатты ерлер	Сауатты әйелдер
1	Православ	8	1	1	-
2	Мұсылман	5098	4508	1095	636
3	Ескі діни сенімдегілер	11	6	2	2
	Барлығы	5117	4515	1098	638

Кестеден көргеніміздей, уезд татарларының 5117 ер адамдары мен 4515 әйелдері жоғарыда көрсетілген діндерге құлшылық еткен. Орал қаласында тұратын 3461-і татарлардың 3459-і мұсылман, ал 2-уі православ дінінде болған. Орал облысындағы басқа уездерге келсек, санақ бойынша Гурьев уезінде – 993, Темір уезінде – 124 татар ұлт өкілдері қоныстанған. Гурьев уезінің ауылды жерлеріне қоныстанған татарлардың саны 338 жетті. Оның 200-ін ер азаматтар, ал 138-ін әйелдер құрады [13, 52-55 -б].

Ойымды қорытындылай келе, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде Батыс Қазақстан территориясында тұрып жатқан татар ұлт өкілдері елдің саяси өрлеуіне, экономикалық және мәдени дамуына бірден-бір ықпалын тигізді.

Қазақстандағы татарлар көпұлтты Қазақстан халқының құрамдас бөлігі екенін, тарихымызда өзіндік орны бар туыстас халық екендігін, олардың халықтар достығын нығайтатын және Қазақстан Республикасының дамуына ықпал ететін халық екендігін айтқым келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абузяров Р.А. История Евразийского центра Габдуллы Тукая. - Уральск.2011.
2. Казахско-русские отношения в XVI -XVIII веках. – Алма-Ата: Издательство Национальной Академии Казахской ССР, 1961. – 744 с.
3. Губайдуллин Г. Из истории торгового класса приволжских татар // Известия восточного факультета Азербайжанского гос. Университета Востоковедение. Т1. – Баку, 1926. 103 с.

4. Уалиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
5. Галиев В.З. Караванные тропы: (Из истории общественной жизни Казахстана XVII – XIX веков). – Алматы: Атамұра, 1994. -128 с.
6. «Дала уәлаяты газеті», - Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.
7. Хайруллин Г.Т., Хамидуллин А.Т. Татары. – Алматы: Білім, 1998. -128 с.
8. Уразманова Р.К., Чешко С.В. Татары. – Москва: Наука, 2001. -520 с.
9. ҚРОММ. 338-қ., 1-т., 405-іс. 22-п.
10. ҚРОММ. 4-қ., 1-т., 5042-іс. 78-п.
11. ҚРОММ. 4-қ., 1-т., 391-іс. 78-п.
12. Брук С.И. Кабузан В.М. Динамика и состав населения России в эпоху империализма (конец XIX в. – 1917 г.) // История СССР. 1980. №3.
13. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Издания Центрального комитета Министерства внутренних дел под редакцию Н.А.Тройницкого. Т.88. -СПб., 1904.
14. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. – Орал,1997. -180 б.
15. Батыс Қазақстан облысы.Энциклопедия. –Алматы: Арыс, 2002. - 592 б.

ӘОЖ 94 (574 1) «1950» «19»

ОРАЛ ЖӨНДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ 50- ЖЫЛДАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Есеналин А.Г.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, 2-курс магистранты

Орал жөндеу зауытының ауыл шаруашылығының дамуына қосқан үлесін айтпас бұрын, өткен ғасырдың 50-жылдарындағы елдегі қоғамдық-саяси жағдайға тоқталып өтсек.

1953 жылы наурыздың бас кезінде Сталиннің қаза болуынан кейін партиялық-мемлекеттік аппаратта билік үшін жанталасқан бақталастық басталды. Көсемінен айрылған Кремль сарайындағылар жаңа саяси айлакерлік пен қулық сұмдық күресіне бел шеше кірісіп кетті, оның бәрі партия құжаттары қарарларында көрініс тапты.

Наурыз айынан ел билігін үш адам (триумвират) – Н.С.Хрущев, Г.М.Маленков, Л.П.Берия басқарды. Алайда, бұлардың соңғысы 26 маусымда тура КСРО Министрлер Президиумы отырысы үстінде тұтқындалып, артынша атылды. Сол сәттен бастап сырт көзге көшбасшы Г.Маленков болды. КОКП ОК В.М.Молотов, Л.М.Кагановичтың «партияға қарсы тобының» жікшілдік әрекетін айыптауынан кейін мемлекет басына Н.Хрущев келді.

Ол ел өміріне өзгеріс енгізуді аграрлық сектордан бастады. Халық шаруашылығының «жанды жері» нақ осында шоғырланған еді. Тоқтаусыз сыр беріп келе жатқан астық мәселесі азық-түлік тапшылығына ұрыну қаупін тудырды. Астық өндіру мемлекет сұранысын (социалистік лагерді қосқанда) жылдан жылға қамтамасыз ете алмады. 1950 жылға қарай халықтың саны 20 млн адамға (осы жылдары ауылды тастап қалаға босу басталды) жетті. 1953 жылы елде 31 млн тонна астық жиналды, пайдалануға жұмсалғаны 32 млн тоннадан асып кетті. Дефицитті мемлекет резервінен табуға тура келді.

Ауыл туралы дәстүрлі саясатты өзгерту қажет екенін өмір алға тартты. 1953 жылы наурызда КСРО Министрлер Кеңесінің органдары егжей-тегжейлі жаңа концепция жасауға кірісті. Оның негізгі ой желісі Жоғарғы Кеңестің тамыз сессиясындағы Г.Маленковтың баяндамасында айтылды. Аграрлық саясатты өзгерту идеялары КОКП ОК-нің қыркүйек Пленумында 1953 жылы директивалық тапсырыстар түрінде қолдау тапты. Соған орай ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге инвестицияны күрт арттыру қарастырылды. Ауыл шаруашылығына салынатын қаржы көлемі ұлғайтылды, ауыл шаруашылығы өнімдері кейбір түрлерінің сатып алу және дайындау бағалары айтарлықтай өсті, салық саясаты жұмсарды, еңбекақыға үстеме қосылды, агросаланы дамытуды экономикалық тұрғыда қолдаудың басқа да әдіс-амалдары енгізілді.

Аграрлық саясаттағы сапа жағынан жағымды мазмұнға үміт арту өзіндік сенімге негізделді. Инвестиция көздерін колхоз-совхоз құрылысына бағыттаса-ақ, «олардың табиғатында бар мол мүмкіндіктің көзін ашады» деп білді. Таза нарық экономикасына тән «неғұрлым көп құйсаң – соғұрлым көп аласың» деген принцип, осынау аксиоманы қабылдай қоймайтын социалистік шаруашылыққа зорлап енгізілді. Осы сәттен бастап, ол өндірісті

барынша шоғырландыру және еңбекті дәріптеу идеясын білдіретін, сталиндік колхоздың «неғұрлым ірі – жақсының түрі» делінетін биік межемен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы экономикалық басымдықты нақтылай бастады.

Жаңа беталыстың алғашқы кезеңінде мемлекеттік тәжірибеде ауыл тұрғындары отбасы шаруашылығына кейбір жеңілдік жасаушаралары қабылданды. Атап айтқанда, колхозшының жеке меншігінен мемлекетке міндетті мал өткізу бойынша өткен жылдардағы қарызы алынып тасталды.

Аграрлық секторға құйылатын инвестиция көзін молайту оның материалдық-техникалық базасының шапшаң дамуына жағдай тудырды. 1958 жылы МТС-дерді таратуға байланысты олардың техникасы колхоздарға сатылды: колхоздардың трактор және ауыл шаруашылық машиналарының жеке меншік парктері қалыптаса бастады. Қазақстан ауыл шаруашылығының энергетикалық қуатын ғаламат арттыру жүзеге асты. Трактор саны (15 күштік есеп бойынша) 1950 жылғы 49 мыңнан 1958 жылы – 264 мыңға, комбайн, сол секілді 16 мыңнан 96 мыңға, жүк автомобильдері – 8 мыңнан 74 мыңға жетті. 1960 жылы совхоздың бір жұмысшының өлшемге аударғанда 23 ат күшін құрады.

«Ауылға бетбұрыс» жасалуы едәуір жақсылық, онда да ел басшылары ойламаған, тура табанасты оң нәтиже бере бастады. 1954-1958 жылға дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы ішкі өнімінің өсуі 35,3%-ды құрады. Колхоз-совхоз жүйесі мұндай қарқынды ұжымдастыру кезінен бері көрмеген еді [1, 562 бет].

Республикада орын алып жатқан өзгерістер жергілікті жерлерде де көрініс тауып жатты. Батыс Қазақстан облысындағы өткен ғасырдың 50-60 жылдарындағы жағдай туралы Батыс Қазақстан облысының тарихы еңбегінде баяндалған.

Облыс өміріндегі 50-60 жылдардағы басты оқиға - бұл тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты шаралар, оның жетістіктері болып саналады. Батыс Қазақстан облысында тың игеруге дейін егістік жер көлемінің мөлшері 495 мың гектар, бұл барлық жыртылған жердің 30% ғана болатын. Ал, мемлекетке сатылатын астықтың көлемі ең қолайлы деген жылдардың өзінде 6 миллион пұттан аспайтын. Тың және тыңайған жерді игеру барысында облыс көлемінде 1,5 млн гектар жер жыртылып, астық дақылдары егілді, сөйтіп егістік жер көлемі 1954 жылмен салыстырғанда 1960 жылға қарай 2,2 гектарға жетті. Батыс Қазақстан облысында 18 тың

игеретін совхоздар жаңадан құрылды. Сонымен қатар, 50 жылдардың аяғында экономикасы әлсіз, шағын колхоздар біріктіріліп, ірілендіріліп жаңадан 47 совхоз дүниеге келді.

Демек, 50 жылдардың аяғына қарай облыс экономикасына совхоздардың үлес салмағы артып, социалистік меншік, социалистік қатынастар толық жеңіске жете бастады. Тың игеру Батыс Қазақстанда да, жалпы республика көлеміндегідей, ірі экономикалық жетістіктерге әкелді. Егер 1956 жылы облыс шаруашылықтары мемлекетке 30 млн пұт астық тапсыруға қол жеткізсе, 1958 жылы 50,7 млн пұт астық тапсыруға, облыстың КСРО Жоғары Кеңесі шешімімен Ленин орденімен наградталуына мүмкіндік туғызды. Әсіресе, тың игерудің соңғы жетістігі 1968 жылы байқалып, облыс дәнді дақылдар егілген 1 млн 457 мың гектар жердің әр гектарынан 17,4 центнерден өнім алуға, мемлекетке 128 млн пұт астық құюға қол жеткізді.

Өлкеде тың игеру тек экономикалық көрсеткіштерге жетіп қоймай, сонымен бірге жаңадан құрылған колхоз, совхоздардың материалдық жағынан нығаюына аймақтың инфрақұрылымының өзгеруіне оң әсерін тигізгені сөзсіз. 1954-1974 жылдар аралығында облыс бойынша совхоздар мен колхоздар пайдаланылған трактор саны 4,2 есе, комбайндар 3,4 есе өсіп, ауыл шаруашылығында қолданатын электр қуаты бір адамға шаққанда 3 еседен астам артты. Тың игеру жылдарында ауыл шаруашылығынан алынатын жиынтық өнім мөлшері артып, оның көлемі 1953 жылы 2 млн 616 мың тонна болса, ол 1974 жылы 17 млн 434 мың тоннаға жетеді немесе осы жылдарда әрбір 100 гектар егістік жерден алынатын өнім 452 центнерден 878 центнерге дейін өседі [2,208-209 беттер].

Жоғарыда айтылған XX ғасырдың 50 жылдарындағы облыстағы қоғамдық өміріндегі өзгерістер – экономикалық дамудың тағы бір саласын өнеркәсіптің дамуына да ықпал етті. 1955 жылы Орман қорғау станциясының базасында «Орал жөндеу зауыты» кәсіпорны құрылды. Орал жөндеу зауытының құрылудағы негізгі мақсаты тың игеру науқанына байланысты саны еселеп көбейіп жатқан ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеумен қамтамасыз ету еді.

Аталған зауытта 1957 жылы жылына 1000 тонна құйма өндіретін эксплуатациялық құйма цехы салынып іске қосылды.

Аграрлық салаға ең қажетті детальдардың бірі саналатын, ДТ-54 тракторының үлкен және кіші балансиры өндіріле бастады.

1959-1960 жылдары Орал жөндеу зауытының жанынан трактор балансирларын өңдейтін механикалық цех ұйымдастырылды. Зауыттың техникалық дамуына байланысты штамптар мен жабдықтар дайындайтын инструменталды цех ұйымдастырылды. Осы жылдары зауытта қызмет ететін адам саны – 500-ге жетті.

1961 жылы металл өнімдер шығаратын жаңа цех іске қосылды. ЗИЛ және ГАЗ маркалы автомобильдердің қозғалтқышына арналып шатун, шатунның қақпағы, гайка кілттер өндіріле бастады. Жылына 2,5 миллион дана гайка кілт шығарылды. Комбайнның гидросистемасына орташа қысым беретін қосалқы бөлшек өндіріле бастады.

Зауытта 1963 жылдан бастап автомобиль жөндеу цехы іске қосылып, ГАЗ маркалы автомобильдер мен олардың қозғалтқыштарын жөндеу ісі ұйымдастырыла бастады. ГАЗ-51, ГАЗ-52, ГАЗ-53 автомобильдері мен олардың қозғалтқыштарын толық жөндеуден өткізіп бастады. Заводта бу набулизаторы, кері тепкіш клапандар және де басқа детальдарды қайта қалпына келтіру қызметтері белсенді жұмыс жасай бастады.

Зауыт өнеркәсіп өнімдерін 1964 жылдан бастап шығара бастады. Осы жылдан бастап ГАЗ-51 автомобилінің базасында АЦ-2,6 бензовоздарға арналған автоцистерналар шығару қарқынды жүрді. 1965 жылы 2385 дана автоцистерна шығарылды. Зауыттың дамуына байланысты осы жұмысшылар саны – 1230 адамға жетті. 1966 жылдан бастап 03-415М жанармай бекеттерінің құрылғылары өндіріле бастады. Зауыттан өнімдері арнайы штамппен шығарылатын болды [3].

Зауыт алғаш құрылған жылдары ондағы жұмысшылардың барлығы дерлік орыс, украин ұлтының өкілдері болды. Оны зауыттың жеке мұрағатында сақталған «Жұмысшыларға еңбекақы төлеу журналынан» байқауға болады [4].

Сонымен қатар, зауыттың құрылғанына 60 жыл толуына орай құрастырылған суретті жинақ альбомында ондағы цехтардың қызметі мен алғашқы жұмысшылар туралы жазылған. XX ғасырдың 50-60 жылдары зауытта 10 цех жұмыс жасап тұрды. №1 моторжөндеу цехы 1955 жылы іске қосылды. Цех У-2 және СТЗ-НАТИ тракторларының қозғалтқыштарын жөндеуге

мамандандырылған. Алғаш ашылған кезде 35 жұмысшысы бар цехтың бастығы болып Фадеев Григорий Семенович тағайындалған. Цех ашылған жылы 350 қозғалтқышты күрделі жөндеуден өткізді. Қазақстанда болып жатқан тың игеруге байланысты зауытқа тратормен қоса өзге де ауылшаруашылық техникаларының моторлары келіп түсе бастады. 2 жылдан кейін цех жылына 4200-ге дейін мотор жөндеп шығарды. Аталған цех жұмысының дамуына Н.Г.Малкин, И.А.Миронов, А.Кабанкин, А.И.Акутин, В.И.Думчев, А.Апонасенко, Г.П.Ясиновский, В.П.Костырь сынды еңбек ардагерлері үлкен еңбек сіңірді. Әсіресе, табысты еңбегі үшін «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталған В.М.Тараненко мен Д.И.Герасименконың еңбектері ерекше.

Зауыттың №2 шойын құю цехы 1956 жылы құрылды. Цех ең алғашқы құймасын 1956 жылы 7 қазанда берді. Цехтың алғашқы бастығы болып Погорелов Анатолий Николаевич, мастері болып Киреева Надежда Ивановна тағайындалды. Цех алғашқы жылы 600 тонна шойын балқытса, бірнеше жылдан соң бұл көрсеткіш 3200-ге дейін жетті. Бұл цехтың алғашқы Г.И.Солдаткин, В.Н.Колмин, Т.А.Кургановалар болды.

Зауыттың №3 механикалық цехы да 1956 жылы іске қосылды. Онда ауылшаруашылық техникаларына арнап детальдар шығарды. Алғашқы жұмысшылары В.П.Асинсков, С.Бисенгалиев, А.Г.Садовой, А.М.Калинкин болған цехты Городничев Павел Павлович басқарды.

№4 дәнекерлеуші-жинаушы цехтың тарихы 1959 жылдан бастау алады. Цех ұжымы ауылшаруашылығына қажетті ГАЗ-52, ГАЗ-53 автомобильдерінің шассесіне автоцистерналар дайындаумен айналысты. Алғашқы жылы 2000 автоцистерн өндірген цех, кейін тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі сұранысқа сәйкес 5000 данаға дейін жетті. Николай Моисеевич Титоренко цехтың алғашқы бастығы болды. Одан бөлек, П.М.Суменков, В.Кирилин, М.Сутягин, А.И.Степкин, Н.Ф.Бочарова, А.А.Артюшенко сынды жұмысшылар цех жұмысының алға басуына көп жылдар еңбек сіңірді.

1961 жылы зауыттың №6 инструменталды цехы жұмысын бастады. Алғашқы 3 жылда цех бастығы В.С.Сенкин болса, кейін А.В.Ляпин тағайындалды. Ол кезде ұжымда 42 жұмысшы болды. Цех құрал-жабдықтар, штамптар, гайка кілттердің негіздерін және СМД-14 тракторы мен ГАЗ-51 автомобиліне қосалқы

бөлшектер шығарумен айналысты. Г.Лаптев, И.Р.Канетов, В.П.Лисицин, В.Я.Мадьяновтар цехтың құрылған уақытынан бастап көп жылдар қызмет етті.

№7 цех 1956 жылы зауыттың бас механигі М.Ишкуловтың жетекшілігімен механикалық-жөндеу бөлімшесі болып ұйымдастырылды. 1962 жылы механикалық-жөндеу бөлімшесі өз алдына жеке цех болып, колхоздар мен совхоздардың құрылғыларын жөндеумен айналысты. 1972 жылы цех жаңа құралдармен жабдықталған ғимаратқа көшіп, еңбек өнімділігі бірнеше есе артты. Алғашында цех бастығы В.С.Осетров, кейін В.А.Дмитриев болды.

Зауыттың ұсталық-нығыздаушы бөлімшесі 1960 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Алғашқы цех бастығы Кононыхин Юрий Павлович болды. Цех гайка және балон кілттерін жасаумен айналысты. Сонымен қатар, ЗиЛ және ГАЗ-52 автомобилдерінің моторларына штамптар жасады. №8 цехқа арнап 1963 жылы жаңа ғимарат салынып, жаңа нығыздағыш құрылғылар орнатылды.

Зауыттың №9 автожөндеу цехының ғимараты 1967 жылдың сәуір айында пайдалануға берілді. Цех 5 бөлім мен 1 бөлімшеден тұратын:

- Бөлшектерді жуу бөлімшесі;
- Бүлінген детальдарды қалпына келтіру бөлімі;
- ГАЗ-52, ГАЗ-53 моторларын жинау және сынау бөлімі;
- ГАЗ-52 автомобилін құрастыру бөлімі;
- Автомашиналардың детальдарын және штамптар шығаратын бөлім;
- Автомашиналардың агрегаттарын жөндеу бөлімі.

1965 жылы зауытта жаңа ғимарат салынып жаңа цех іске қосылды. Цехта гайка кілттерін мырыштайтын автоматты жүйе орнатылды. №10 цехтың бастығы болып жас инженер Валиев Эрик Габдуллович тағайындалды. Ол Саратов политехникалық институтының түлегі болатын. Цехта жұмысшыларға қолайлы жағдай жасалды. Қызметкерлердің барлығы ақ халат киіп, жинақы жүретін.

Алайда, облыста өндіріс саласы 70 жылдардың аяғы – 80 жылдардың басына дейін қарқынды дами алған жоқ. Оның басты себебін жоғарыда аталған еңбекте облыс орталығына орналасқан зауыттар – Ворошилов атындағы машина жасау, механикалық металл бұйымдарын жасау т.б. негізінен әскери Қорғаныс министрлігіне бағындырылып, әскери күштерге қажетті

жабдықтар шығаруымен байланыстырады. Сонымен қатар, облыстағы жеңіл және тамақ өнімдерін шығаратын кәсіпорындар республикаға, одаққа қажетті өнімдер шығаруда мардымсыз болғанын атап көрсетеді [2, 210 бет].

XX ғасырдың орта шеніндегі аграрлық саясатты жүзеге асыруда Батыс Қазақстанда ірі жетістіктер байқалды. Мәселен, облыста 1966-1980 жылдары аралығында ауыл шаруашылығының даму қарқыны 27,5 пайызға артқан. Сол сияқты ауыл шаруашылығы мен егіншілік арасындағы арақатынаста мал шаруашылығы есебіне қарай өзгерген. Жаңа аграрлық саясатты жүзеге асыру барысында Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығының республиканың ауыл шаруашылығына қосқан үлес салмағы – астық дақылдары бойынша 9,9%, ет - 15,2%, ал сүт бойынша - 10,3%-ға жеткен [2,210 бет]. Облыстың ауылшаруашылығындағы жетістіктері оларды ауылшаруашылық техникаларымен, қосалқы бөлшектермен және жөндеумен қамтамасыз еткен Орал жөндеу зауытының қызметімен байланысты тікелей байланысты болды деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. –Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы.
2. Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж., Рысбекова С.Т. Батыс Қазақстан облысының тарихы. – Орал, 2015. -292 бет, 16 бет фотосуреттер
3. «Уральскагрореммаш» АҚ ресми сайты // <http://oralrem.kz>
4. «Агрореммаш Орал» АҚ-ның жеке мұрағаты. 1955 жылғы «Жұмысшыларға еңбекақы беру журналы». Зауыттың 60 жылдығына орай шығарылған жинақ. - Орал. 2015 жыл. 68 бет.

ӘОЖ 94 (574)

САРАЙШЫҚ - ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АСТАНАСЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

Бердалиев А.Б.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, 1-курс магистранты

Сарайшық тарихының кезеңі — Қазақ хандығының құрылуымен басталады. Өйткені, Қазақ хандығының құрылуына және едәуір күшейуіне айтарлықтай қайраткерлігі мен бүкіл күш-

жігерін жұмсаған Керей ханнан кейін мемлекетті билеген Бұрындық хан ежелден Дешті-Қыпшақ тайпалары кіндік қаны тамып, мамыражай көшіп-қонып, атамекен еткен сары даланың төсіндегі Сарайшықты ел ордасы — етіп таңдаған. Бұл жөнінде Қазақстанның орта ғасыр тарихының білгір маманы, әйгілі шығыстанушы В.В.Вельяминов-Зернов былай дейді: «Сарайшықты Қазақ ханы Бұрындық бағындырып, алғашқы астана етті».

Сарайшық шаһарын Қазақ хандығының астанасы етуінің сол дәуірлік сыры сан алуан. Сол сырдың бірі — Қазақ хандығы құрылуының бастапқы ауыр кезінде Бұрындық ханның Шығыс Дешті-Қыпшақтағы түрлі тайпалардың күнделікті тұрмыстық байланыстары ертеден орныққан Сарайшықты бағындыруы және астана — деп, ту тігуі, жергілікті тұрғындардың мәртебесін арттыруымен қатар, қыпшақ-маңғыт тайпаларының Қазақ хандығына бағыныштылығы мен берілгендігін нығайтып, өз еліне деген ел жандылық, ұлтжандылық рухының қалыптасуына пәрменді ықпалы болғаны сөзсіз. Мысалы, Шығыс Дешті Қыпшақта XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырда қыпшақ этникалық қауымдастығына біріккен 24 ірі тайпалардың қауымдастығы негізінде айтарлықтай әскери-стратегиялық күш жинақталғандығы. Атап айтқанда, елбөрілі, тоқсоба, жетіоба, дурут, әларс, буржоғлы, маңқұтоғлы, имек, тағ, башғұрт, куманлы, базанақ, бажна, қарабөріккі, ұз, жартан, ұрандар, баят, азкиши, тургеш, қаңлы, қарлұқ, жікіл және қай тайпаларымен қатар, бұл өңірге жаулаушылық кезінде келген моңғолдық маңғыт, үйсін, қият, дулат, барлас және қоңырат тайпаларында жергілікті қыпшақтармен бауырласып орныққанын ескерсек, Бұрындық ханның Сарайшықты астана етуінің алысты болжаған ел болашағы үшін аса маңызды көрегендік саясат жасағанына көзіміз жетеді.

Өйткені, жоғарыда аты аталған 30 тайпалық бірлестіктердің жүздеген мың мүшелері Шығыс Дешті-Қыпшақты алғашқы қазақ хандығына мықты тірек аймағына айналдырумен қатар, Бұрындық ханның өз дұшпандарына қарсы қаһарлы айбарының орнығуына шешуші ықпал еткені айқын.

Әсіресе, Қасым хан тұсында Қазақ хандығының нығаюы экономикалық және стратегиялық жағынан қалалардың рөлінің өмірлік мәні артты. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани Сығанақты Дешті қыпшақтың сауда аймағы - деп атай келе, былай деп хабарлайды: «бұл елге Дешті жағынан, Хажы

Тарханнан көптеген игіліктер, семіз қойлар және аң терісінен, яғни, бұлғын мен тиін терлерінен тігілген тондар, берік садақтар, ақ қайыңнан жасалған жебелер, жібек маталар сияқты бағалы тауарлар және өзге де асыл бұйымдар жеткізіледі».

Ал, Хажы Тархан мен Сығанақты байланыстырған игілікті сауда жолы Сарайшық арқылы жүргендігі күмәнсыз. Сөйтіп, сауда-экономикалық байланыстардың маңызы арта түсті. Алайда, қазақтардың күш-қуатын әлсіретуді көздеген Мұхаммед Шайбанидың қазақтардың қалаларда сауда жасауына тиым салуға тырысуы кездейсоқ емес. Демек, тұрақты сауда байланысы үшін күрес қазақ және өзбек хандарының XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдағы өзара шиеленістерінің күрмеуі қиын қайшылықтарының біріне айналдырды.

Сондықтан да, Қазақ хандығының алғашқы орныққан, нығайған кезеңінде Сарайшық қаласы далалық өңірдегі жалқы ірі шаһар болғандықтан да орны айрықша екендігін мойындауға тура келеді. Өйткені, Сырдария бойындағы қалаларды иелену Орта Азиялық түрлі ұлттар мен мемлекеттер мен ұзаққа созылған азапты да, қасіретті қантөгістер мен үздіксіз жүргізілген соғыстарға киліктірді. Себебі, бұл аймақтағы қалалардың экономикалық-әлеуметтік және саяси-стратегиялық маңызы ежелгі замандардан-ақ баршаға аян болатын.

Ал, Сарайшық қаласы орналасқан аймақ Қазақ хандығы құрылған дәуірде, ең бастысы — қарулы қақтығыстардан тыныш — қоғамдық дамуға ең қолайлы өлке болғандығы даусыз. Өйткені, Алтын Орда кезеңінен бастап, батыс пен шығысты байланыстырушы — Ұлы Жібек жолының аса маңызды бір тармағы осы өңір және оның бірден-бір ірі шаһары Сарайшық арқылы өтіп, Дешті-Қыпшақтың даңқын шартарапқа жайғандығы белгілі.

Оның үстіне, Қазақ хандығы нығаюының алғашқы кезеңінде бұл аймақта стратегиялық түпкі мақсатқа кедергі келтіріп, қарсы тұратындай саяси күштер де жоқ еді, яғни, Маңғыт жұрты құрған Ноғай ордасы әлсіреп, ыдырап кеткен болатын. Екіншіден, Ресей патшалығы да әлі де өте әлсіз еді.

Өз тағдырына — өзің ие болу үшін — «Жаныңның — азығы, санаңның — қазығы болғаны ләзім» — демей ме? Олай болса, орта ғасырлық Сарайшық қаласы — ұлттық санамыздың баға жетпес асыл қазықтарының бірі.

Қазақ хандығына әкесі Керей ханмен бірге негіз қалаған Бұрындық хан мен Қазақ хандығын барынша кеңейтіп, нығайтқан хан Қасым неліктен Сарайшықты алғашқы Қазақ мемлекетінің астанасы етті? Бұл сауалға жауапты төмендегі тұжырымдауларымыздан шығаруға болады:

Біріншіден, Сарайшық шаһарының жайқалған жайылымдары мен мөлдір сулы, өмірге қолайлы Жайық өзенінің бойына орналасуы;

Екіншіден, еуразияның ең төте, сондықтан да ең тиімді байланыстырушы шебіне ірге орнықтыруы;

Үшіншіден, теңіздей толқыған, сан ғасырлар бойы ұрпақ үшін, ел үшін, жер үшін қиян-кескі арпалыспен күн кешкен көшпелілердің шаруашылық-тұрмыстық мүдделеріне сай;

Төртіншіден, халықаралық мәнге, яғни, еуразиялық сауданың дамуы тек Қазақ халқына ғана емес, барша осы құрлықтарды мекендеушілердің экономикалық мүдделіктеріне орай;

Бесіншіден, Сарайшық шаһары — Қазақ хандығына дейін-ақ, Алтын Орда мен Маңғыт жұртының даңқты хандары мен билерінің, мәңгіге топырақ бұйырып, жергілікті тайпалар мен рулардың имандылығы мен ата-баба аруағына бас иер қасиетті орталығы болуы.

Міне, осындай Қазақ болмысы үшін аса мәнді Сарайшық қаласы Қазақ хандығының маңызды астанасы болды деген қорытынды жасауымызға әбден болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұстафин Жеңісбек «Ортағасырлық Сарайшық». Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015 жыл. 177-бет

Сілтеме: <https://ikaz.info/sarajshy-alasy-turaly-m-limet/>

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШОРДАДАҒЫ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Сисенгалиева С.К.

М.Өтемісов атандағы БҚМУ магистранты

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясаты қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналдыруға бар күш-

жігерін жұмсады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау- Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді» [1].

Енді міне, еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап тарихымыз жан-жақты зерттелуде. ХІХ ғасыр және ХХ ғасырлардағы ұлттық зиялы қауымның өкілдерін осы сан ғасырлық күресте маңызды орын алғандығы сөзсіз. Алдымен қозғалыс, одан кейін саяси қозғалыс одан кейін үкімет дәрежесіне жеткізген зиялы қауым өкілдері халықтың болашақ даму жолындағы ел тағдырына қатысты қайшылықты мәселелерді шеше алатын «Алаш» қайраткерлері қазақ мемлекеттілігінің іргетасын қалады. Бүгінгі күні қазақ жұрты 1920 жылдың басында Алашорда қатысушыларымен шекаралары белгіленіп берілген мемлекетте өмір сүреміз. Қазақ жерлерінің бірігу жолында да Алаштың зиялы өкілдерінің қосқан еңбектері зор болды. Атап айтатын болсақ Алаш зиялы өкілдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Бірімжанов, М.Шоқай, Ж.Ақпаев, М.Тынышпаев, А.Ермеков сонымен қатар С.Ходжанов, Т.Рысқұлов, С.Меңдешов, С.Асфендияров, С.Садвокасов, Н.Нурмаков жіне басқалары қазақ аумағының бүтіндігін қамтамасыз етуі үшін бар күш жігерлері мен мүмкіндіктерін салды. Бұл партия қоғамдағы саяси, экономикалық мәселелерді шешу үшін шаралар кешенін жасаған қазақстардың алғашқы саяси ұйымы болды [2]. Мемлекеттің өзін –өзі басқару жүйесін құру, халықтардың құқығын қорғау, әлемдегі елдердің озық үлгілерін қолдана отыра, қоғамының жетілген жүйесін құрды.

Бұл кезең Қазан төңкерісін аяқтап, өзінің отарлы аймақтарын, олардың қатарында Қазақстанды да, жаңа әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатнастардың аясына тартты. Қазақстанға капиталистік қатынастардың ене бастауы өлкеде жекелеген өнеркәсіп орындарының, темір жолдардың пайда болуына және қазақ жұмысшы табының алғашқы легінің мен қалыптасуына негіз болды. Жұмысшы табының қалыптасу процесімен қатар жаңа әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар пайда болып, қалаларды шағын кәсіпкерлердің қалыптасуы жүріп жатты. Қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-эконо-микалық және саяси

хал-ахуал аграрлық, ұлттық және таптық мәселелердің шиеленісуімен ерекшелінеді [3].

Алаш партиясы жасаған экономикалық тұжырымдамалар қазіргі өркениетті елдерде өмір сүріп отырған партиялардың бағдарламаларынан артық болмаса, кем емес. Бұл Алаш партиясының және сол партияның негізінде құрылған Алашорда үкіметінің бағдарламасының интеллектуалдық және саяси деңгейінің жоғары болғаны сонша –бүгінгі күннің биігінен, ертеңгі алар асуларымыздың талаптары тұрғысынан келгенді қалайды. Алаш партиясының бағдарламасы қазақ елінің бөлінбейтін территориясы бар, отарлық тәуелділіктен азат елге айналдыруды, екіншіден қазақ халқының өмір сүру жағдайын жаңа сатуға көтеруге тырысты. Алашордалылықтардың көбі ұлттық буржуазиіның өкілдері болғандықтан жер мәселесін, кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті ел экономикасынан бөліп қарамаған. Жекеменшік мәселесінің өзін ел экономикасының өсуінің негізі деп санаған. Алашордашылар Отандық өндірісті де қолдаған [4].

Біз осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрынғы Алашордашылардың арманын бүгінгі Қазақстанның бейнесін көре аламыз. Алашорда үкіметінің төрағасы Әлейхан Бөкейханов «Қазақтың қойының жүні тоқылып, үстіне киім, әрбір темірі өзіне түйме болуы тиіс», деп сол заманның өзінде нарықтық экономика мен ұлттық бизнестің дамуын көздеген [5].

Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі, қазақ ұлтының ұстазы бола білген Ахмет Байтұрсынов : «Біз бай, білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға- оқу керек! Бай болуға- кәсіп керек! Күшті болуға- бірлік керек!» деген екен. Лаштың идеяларына тереңірек үңілсек, біз қазір ұлттық экономика мен ұлттық бизнестің мүддесін заң шығарушылық жұмыста болсын, әртүрлі жиындарда болсын барынша қорғап отыратыны сөзсіз. Осы жерде барлық саясаткерлер Алаш идеясынан бір уақытқа болса да алыстамаған екен.

Бұл орайда өткен ғасыр тарихының куәгері, Алаштың ардақты ұлдарының бірі Санжар Аспандиров келесі сөздерінде былай деген екен: «Первый период подавления колонизаторских отрывков прошлого, предоставления всех политических прав ранее угнетенным нациями решен и решен блистательно. Но это еще полдела. Надо закрепить сделанное, ибо экономические взаимоотношения

между нациями определяют все остальные отношения... Нужно изучать условия развития народного хозяйства каждой отдельной нации, живущей в Туркестане, ибо эти пути развития для каждой из них совершенно самобытны». Алашордашылар елімізді индустриаландыру бағытында дамытудың қажеттілігіне дейін Алаш білімдарлары айтып кеткен. Олар отбасында материалдық мүмкінтердің жеткілікті және жеке бастарының интеллектуалдық қабілет-қарымы мол болғандықтан, Еуропалық деңгейде білім ала алып, орыс тілінде өз мақалаларын жазған.

Смағұл Садуақасов Қазақстанды жедел дамыту ниетімен Голощекинмен оның ұлттық республикалардағы өтірік «Индустриалдандыру» деп аталатын күйтыртқы саясатын ашақтан – ашық батыл қарсы шыққан. «Почему Голощекин не может или вернее, не хочет идти дальше шерстомоек, тогда как само собой напрашивается о организация суконных фабрик», дей келе Сәдуақасов өзінің «О национальностях и националах» атты мақаласында мынадай өте орынды сұрақ қояды: Не легче ли железной дороге сразу вывозить из Казахстана готовые сукно, чем два раза таскаться то с вымытой шерстью, то обратно с «московским» сукном из этой шерсти?» бұның өзі Қазақ елінің тек шикізат базасы ретінде шектеліп қалуына қарсылық білдіргенін көреміз. Міне, осылайша Алаш арыстарының айтқандай сөздері мен қолдаған идеяларын үздіксіз айта берсек, болашақтағы сарабал саясатымызға арқау болатыны сөзсіз.

Қорыты айтқанда алаш арманы, қазақтың Тәңір берген ең үлкен бағы мен байлығына айналып отырған ол біздің тәуелсіздігіміз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Халық тарих толқынында» атты кітабында Алаш Орда қайраткерлерінің қызметін былай деп сипаттайды: XX ғасырдың басында ұлттық нығаю идеясын ұсынған рухани-зияткерлік тандаулы тобы қазақ ұлттық идеясын жасау міндетін өзіне алды» деп жазғандай Алашордашылардың салған сара жолы біздің экономикалық қатнастарымызды ұйымдастыруда шамшырағы болып қала беретіні сөзсіз дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында, -Алматы: Атамұра, 1999- 296 б.
2. Дулатов М. Шығармалары. А, 1991. 211 б.
3. [qazaguni.kz 2012\11\27\13913.html](http://qazaguni.kz/2012/11/27/13913.html)
4. [e-history contents\view\1566](http://e-history.kz/content/view/full/1566)

ОРАЛ МЕХАНИКАЛЫҚ ЗАУЫТЫНЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІН ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛУІ

Шанов Д.М.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, 2-курс магистранты

Ұлы Отан соғысы жылдарында бар ауыртпалықты сезініп, бар күшін соғысқа арнаған зауыт қызметкерлері мен шеберлерінің ісі көпке үлгі еді. Қиын қыстау кезеңде уақытпен санаспай қызмет еткен әр жұмысшының еңбегі зауыт тарихының мұрағатында алтын әріппен сақтаулы.

Соғыстан кейінгі жылдары зауыт қызметкерлерінің ендігі міндеті зауытты бейбіт өмірге қарай қайта бұрып, тұралап қалған ауыл шаруашылығының дамуына өз үлесін тигізу болды. Соғыс жағдайы кезінде, соғыстың басынан бастап, соңына дейін иыққа түскен ауыртпалықты абыроймен атқарған зауыт басшысы және партия ұйымы басшысы Кузнецов пен кәсіподақ өкілі А.Е.Щегловаға соғыстан кейінгі кезеңде де зауыттың жұмысы сеніп тапсырылды. Соғыс жағдайында айтқан сөздерін іспен дәлелдей білген басшылықтың алдында қыруар іс күтіп тұрды. Зауыт қызметкерлері де тапсырылған міндетке бей-жай қарамай бар күшімен межедегі мөлшерден 1,5-2 есе мөлшерде өнім беру мақсатында жұмысқа кірісті. Зауытқа жұмысқа орналасқан әр қызметкер зауыттың сенімді жұмысшысына айналып, көпшілігі осы зауыттың қабырғасынан зейнетке шығып жатты. Бұл қызметкерлердің өз ісіне адалдығының бір дәлелі.

Соғыс жылдарында білікті инженерлер мен шеберлердің майданға аттанып кетуіне байланысты олардың орнын балалар мен әйелдер басқан болатын. Қиын кезеңде бар уақытын зауыт ішінде өткізген балалар мен әйелдер соғыс аяқталар тұста тәжірибелі қызметкерге айналды.

Көп кешікпей зауыт басшылығында өзгерістер болып, № 2 шеберхананың басшылық қызметіне Алексей Васильевич Белугин келді. А.В.Белугиннің келуімен шеберлер УРБ-ВП жонғыш станогын (бұл станок механизмнің айналмалы бөлігіндегі осьтің тірегін, қозғалтқыш бөліктерін жонуға арналған) меңгерді. Бұл

дегеніміз қозғалтқыштарды жөндеуді жоғарғы деңгейге көтерудегі алғашқы қадамдар еді.

Осы кезеңде өздерінің еңбегімен еленген өз ісінің шеберлері, қызметкерлері зауыт мақтаныштарына айналды. Атап айтсақ, аспаптық слесарь Никита Григорьевич Полянский, механик Алексей Васильевич Горожанкин. Ал маңызды деп танылған, жіңішке заттарды жону тек Петр Иванович Стояновқа жүктелінді. Бұл цехта қажетті құралдарды жонып, тегістеудің жұмыстары қызып, жүріп жататын. Өңделген әр өнім ауыл шаруашылығына уақытында жеткізіліп отырды. Жоғарыда аталған қызметкерлерден басқа да жұмысшылар зауыттың соғыстан кейінгі бейбіт өмірге қайта бейімделуіне аянбай еңбек етті.

Сұм соғыс көп шаңырақты шайқалтып, жетім мен жесірді зар илетті. Соғыс біткенімен оралдықтардың, механикалық зауыт қызметкерлерінің жүрегінде өшпес мұң қалды. Көптеген шаңырақта ер азаматтар қаза болып, қара жамылғандардың саны артқан еді. Сталинград майданының батыс өңірге жақын болуы зауыт қызметкерлерінің біртіндеп майданға аттанып кетуіне себеп болды. Жоғарыда атап өткендей, соғысқа кеткен шеберлердің орнын балалар мен әйелдер басқан еді. Майданға кеткен әкелері мен жарларының майданнан аман оралуы үшін жұмыс қызып тұрса да, еріндері дірілдеп іштерінен дұға тілеп жүретін. Зауыттың қызметкерлерінің басым көпшілігі славян ұлттарының болғандықтан ауыр жұмыстан шықса да орталық шіркеуге барып құдайға жалбарынуын тоқтатқан жоқ. Сонымен қатар, жұмысшы жасөспірімдер мен әйелдер қоғамдық өмірге де белсене ат салысты. Партиялық кәсіподаққа, комсомол ұйымына мүшелікке еніп қана қоймай тылдағы еңбекке де белсене көмек қолын созды. Зауыт басшылығы белсенділерді ынталандыру мақсатында «Ақылды бас», «Алтын қол» секілді атаулармен үздіктерді марапаттап отырды. Осы үздіктер кейін хас шеберлерге айналып, зауыт қабырғасында зейнет жасына дейін қызмет атқарды. Соғыс кезіндегі зауыттың жағдайы қысқаша осы еді.

Соғыстан кейінгі жылдарда зауытқа жұмысшы қабылдау өспесе кеміген жоқ. Жұмысшы қабылданғанда еңбек өтіліне, жұмыс тәжірибесіне мән берілмеді. Қабылданған маманға қызмет барысында жұмыстары бөлініп беріліп, тәжірибелі мамандардан үйреніп жатты. Бірақ зауыттың беделі мен намысы үшін өнімде ақаулықтар аз кездесті. Ақау байқалған өнімдерді дер кезінде

анықталды. Зауыт жұмысшыларының жұмысқа деген адалдықтары арқасында, жұмыста ақаулықтар аз кездесті, ал дайын өнім майданға, тыл қажеттіліктеріне кешікпей жөнелтілді.

Соғыстың соңғы жылдары мен 50-жылдардың басына дейін зауыт өнім өндірудің жаңа қыр сырларын меңгеріп, шығаратын өнім санын да арттырды. Соғыстың алғашқы жылдарында шығарып бастаған гильзаларды (іші қуыс, сырты жұмыр, жіңішке түтік) жетілдіріп У-5 және ЗПС, дөңгелекке арналған күпшек (доңғалақтың білігін кигізетін, ортасында тесігі бар, шабақтарды қондыратын ортасындағы бөлігі) ГА-1, желдеткіш кең шеңбері бар доңғалақ СХ-3, У-5 цилиндрдің ішіндегі бу, газ, су тәрізді жұмыстық дененің қысымын қозғалмалы бөлікке жеткізіп отыратын тетікті, Ш-2-19 механизмнің айналмалы бөлігіндегі осьтің тірегінің қақпақтары, біліктің темір құтысы В-31, тісті доңғалақ Д-730, тісті доңғалақ Д-86, жинап алушы СХТЗ, әр түрлі патрондар, тістегіш құралдар және әр түрлі қосалқы бөлшектерді шығаруды қолға алды. Тұтынушыларды таң қалдырғаны, зауыттың ескі станоктарымен шеберлер мен жоғары дәрежедегі мамандар бұрын соңды болмаған су жаңа және зауытқа ең қажетті әмбебап станоктарды құрастырып шығарды. Бұл станоктар ауыл шаруашылық тракторларына қажетті С-65 механизмнің айналмалы бөлігіндегі осьтің тірегі және Челябинск зауытынан шығатын тракторлардың қозғалтқыштарына да қосалқы бөлшектерді дайындай алды. Бұндай станоктардың 435 данасы зауытта іске қосылды. Дәл сол кезеңде зауыттың аяғынан нық тұруына қолдары тыным көрмей қызмет атқарған Н.П.Алмеева, К.Н.Швалова, А.К.Домов (зауытта 1947 жылдан бастап зейнет жасына дейін), Н.С.Грачев, Д.И.Конюшков, Д.И.Белотелкин, А.Ф.Щучкина, М.Г.Актушина, К.Х.Людвик, И.С.Журавлев, Е.А.Чапурин, А.Ф. Пирская және тағы да басқа қызметкерлердің еңбегі орасан зор еді. Олардың өмірі зауыт өмірімен тікелей қатысты болды, жандарын салып қызмет атқарды. Күні бүгінде олардың істерін ұлдары, немерелері яғни ұрпақтары жалғасытырып жатыр. [1, 19 б]

Зауыт қызметкерлерінің өнері тек өз ішінде жаңашылдықты енгізіп қана қоймай, ел экономикасының дамуына да сүбелі үлес қоса бастады. Қиын қыстау кезеңде ағысқа қарсы жүзіп, іргесін заман талабына сай жаңартып отырды. Орал механикалық

зауыты берілген тапсырмаларды белгіленген уақытта аяқтап, тұтынушыларға сапалы өнімді жеткізіп отырды.

Зауыт өнімдерінің арасында жел қозғаушы ТВ-8 және ПМД-9,5 басты орынға шыға бастады. Бұл өнім соғыс кезінде құрдымға кеткен ауыл шаруашылығын қалпына келтіруге, соның ішінде жетіспеген энергетикалық ресурстардың орнын толтыруда басты энергия көзі болды. Сонымен қатар желдеткіш қозғалтқыштар мүмкіндігінше диірмендерде ұн тартып, бау бақшаларды, егін алқаптарын суаруға, кейбір аймақтарда жарық алуға мүмкіндік берді. Сол кездегі зауыт шеберлерінің айтуынша табиғаттың күшін пайдаланып қана қоймай, ауадан мол қаражат табуға мүмкіндік алды, яғни өндіріс қорына мол қаржы қоры жинала бастады. Тұтынушылардан түскен кіріс желдеткіш қозғалтқыштардың әрі қарай көптеп шығарылуына сұранысты арттырды. Жел қозғаушы 1947 жылдан 1951 жылға дейін зауыт маркасының ТВ-8-нің 2306 данасы шығарылса, ПМД-9,5-тің 786 данасы шығарылды. Осы кезеңде Орал механикалық зауыты еліміздегі іргелі өндіріс орындарының біріне айналып, ауыл шаруашылығында бәсекеге қабілетті және өндіріске қажетті көптеген мәселені шеше алатын іргелі өндіріс орыны болып қалыптасты. [1, 18-19 бб]

1948 жылы біздің облыс елімізде алғашқылардың бірі болып, нан алу үшін карточкалық жүйені жойды.

Ол кезді зауыттың еңбек ардагері Н.П.Чуйкова: «Зауыттың жанындағы орындықта қыздар болып әңгімелесіп отырғанбыз. Үстел үстінде қара нан, жұмыртқа, сүт, тұз ғана бар еді. Бір кезде қақпаның ар жағынан әріптес бір жігіт, «қыздар» жанымыздағы дүкенде карточкасыз нан таратып жатыр..., тфу нанды ақшаға сатып жатыр деп бар дауысымен айқайлады. Алғашында біз сенбедік. Бірақ, айналамызға қарасақ сөмкелері нанға толған адамдарды көріп, бізде дүкенге қарай асыға жүгірдік. Бәріміз бір-бірден дүкеннен жаңа піскен, иісі тәбетімізді аштырған таба нанды алып қайттық. Шынын айтайық, қайтып келгенше нанның жарты табасын жеп қойдық. Осы кездегі қуанышымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Осыған дейін мұндай дәмді нанды жеп көрмеппін» - деп еске алған. [1, 20 б]

Осы бес жылдықта зауыттың экономикасы қарқынды даму сатысына түсті. Жоғарыда айтылғандай зауыт өзінің даму жолын тапты. Сапалы өнім шығарудан еліміздегі белді өндіріс орнына

айналды. Жұмысшылардың саны 248-ден 330-ға артты. Ал, еңбек өнімділігі кісі басына шаққанда 1648 рубльден 3624 рубльге артты. Жұмысшылардың жалақысы орта есеппен алғанда екі есеге дейін өсті. Бұл жетістікке жетудегі басты себеп жұмысшылардың маңдай терімен, қажырлы еңбектерінің арқасы еді. Майданнан оралған солдаттар, сержанттар, офицерлер иығынан әскери киімдерін шешіп үлгермей жатып-ақ, ең қиын станокты учаскелік жұмысқа кірісіп кетті. Осылай жұмысқа тез еніп кетуіне әрине, соғыста жеткен жеңістің оң әсері еді. Сонымен қатар дүкен сөрелеріндегі азық-түлік қорларының артуы да жұмысшылардың еңбекке деген құлшынысын арттырды. 1949 жылғы ақша реформасы да Орал механикалық зауытының жағдайына оң әсерін тигізді. Осы елде жүргізілген бес жылдық бағдарламаның арқасында зауыт өндірісі құлашын кеңге жая бастады.

Соғыс аяқталғаннан кейін 10 жыл көлемінде, зауыт директоры қызметінде Алексей Николаевич Карасаев (1945-1955 жылдары) отырды. Жоғарыда аталған зауыттың жеткен жетістігіне А.Н. Карасаевтың еңбегі орасан зор. Аталған жетекші жас, жаңашылдыққа әуес, кеңестік бағыттағы патшалық инженерлердің мектебінен өткен, сабырлы, патриот, әскери талапшыл, қатал болды. Оның оң қолы ретінде, кеңесшісі болып, зауыттағы талай жаңалықтардың бастамашысы болған, білімді маман, зауыттың бас инженері Александр Иванович Овчиников тағайындалды. Бас инженер зауыттың жұмысына жаңашылдықпен қатар жұмыс жасаудың түрлі әдістеін енгізді. А.И. Овчиников бұл қызметті 1944-1951 жылдар аралығында атқарды. Партиялық жұмыстарды ұйымдастыру және хатшылық қызметтерді В.А. Попов, В.П. Усков, С.В. Августинович, А.В.Белугиндер атқарды.

Зауыт қызметкерлерінің әлеуметтік жағдай назардан тыс қалмады. Ол мәселемен кешегі майдангер жергілікті зауыт-фабрика комитетінің төрағағасы (ФЗМК) Михаил Никифорович Кольченко айналысты. М.Н. Кольченко бұл лауазымда 1946 жылдан 1961 жылға дейін қызмет атқарды. [1, 21-22 бб]

Бас механик, кейіннен жөндеу цехының басшысы болған К.Х. Людовигтің цехы тікелей күрделі техникалардың қозғалтқыштарын, жеңіл және орта жағдайдағы техникалардың қозғалтқыштарын жөндеумен айналысты. Бұл цех жөндеу кезеңін

бастамас бұрын маусымға арнайы дайындалып, жөндеу жұмыстары барысында зауыт өзінің жұмыс қарқынын бәсеңдетпеу үшін станоктардың жағдайы күрделі тексерістерден өтті. сондықтан да жұмыс кестесіне сай еңбек өнімділігі артып отырды. Осы нәтижеге қол жеткізу тек бір цех басшысының жұмысымен ғана шектелмеді. Барша цех шеберлерінің жұмысы көпке үлгі еді. Цех шебері Евгений Александрович Чапурин, слесарь Иван Семенович Журавлев, от жағушы Актушина Мария Григорьевна және басқа да цех қызметкерлері уақытпен санаспай қызмет атқарды. Осындай қажырлы еңбек ауыр күндерді артта қалдыра берді.

Бұрын газет журналдарда, радиодан әскери заттардың жетіспеушілігі жайында әңгіме қозғалса ендігі мәселе машина-трактор парктерінің санының аздығы төңірегінде болды. Шаруашылыққа тек қажетті техникалардың қосалқы бөлшектері ғана емес, қарапайым тұрмысқа қажетті заттардың жетіспеушілігі сезінді. Мәселен, есіктің тұтқасын табудың өзі бір мұң болды. Осындай қажеттіліктер биік мінбелерде сөз бола бастады. Қалалық және облыстық кеңестік-партия ұйымдары жергілікті өндіріс орындарынан қалаға және ауылдық жерлерге қажетті арзан, жетіспейтін тұрмыстық заттарды көбірек өндіруді талап етті.

Осы талаптарға сәйкес зауыт 50-жылдардың басында зауыт құрылсқа және техникаға қажетті ондаған, жүз мыңдаған тоқ қапсырмаларын, әмбебап С-18 бекіткіштерін, металл қаңқаларын, тракторға арналған П-701 соқасын, КТ-116 механизмнің айналмалы бөлігіндегі осьтің тірегінің қақпағы және жоғарыда айтылған есік тұтқасының 258 мың данасы 2 жыл ішінде тұрмыстық айналымға жөнелтілді. Шаруалар мен ауыл шаруашылығына зауыттан 3 жыл ішінде 160 мыңға жуық жаңа соқалар жөнелтілді, нәтижесінде облыс аумағында және басқа аймақтарда 100 мыңдаған гектар жер жыртылып шаруашылыққа берілді.

Бірақта зауыттың өмірі тек осындай іспен бітті деуге болмайды, мемлекеттің сұранысы күн өткен сайын артып, зауыттағы атқаратын жұмыстар күрделене түсті. Ауыл шаруашылығында жетіспейтін қосалқы бөлшектермен техникаларға сұраныс арта түсті. Кәсіби жоғары мамандармен қамтылған, жаңа заманғы иновациялық құралдармен жабдықталған, зауыт қызметкерлерінің бірлігін жақсы

ұйымдастырған білікті басшысы бар, ширек ғасырға жуық қызмет атқарған зауыт, берілген тапсырыстарды уақытында өндіріс пен шаруашылыққа жөнелтіп отырды. Жауапкершілікпен қызмет атқарған Орал механикалық зауытының аты республика көлемінде таныла бастады. Өнімдері еліміздің барлық өңірлеріне тарап, сұранысы арта түсті. Зауыттың маркасы республикада брендке айналды.

Осындай көрсеткіштен кейін мемлекеттік тапсырыс артты. Әсіресе УРБ-ВП әмбебап жону станогына және 20 тонналық күші бар сұйық зат арқылы күшті қысым беретін машина аппаратына сұраныс артты. Сұраныстың артуы жұмыс күшіне де қажеттіліктер туындатты. Жаңа қызметкерлер жұмысқа қабылданып, тәжірибелі шеберлерден сабақ алып, зауыт өміріне етене араласып кетіп жатты.

Мемлекет бойынша 10-ға жуық зауыт аталған станок пен пресспен қамтамасыз етілді. Осы өнімдерді шығару үшін республикада жоғары кәсіби мамандардан мыңдаған токарьлар, темір кескіштер, ұсталар қызмет атқарды. 1952 жылдан 1958 жылдар аралығында 3591 станок, 980 пресс өндіріске жіберілді. Механикалық цехтың өзінде соғысқа дейінгі станоктарды шеберлер өздері құйып, жөндеп, жонып отырған болса, өнім саны артуы үшін қосымша шет елдерден жаңа заман талабына сай станоктарда алынды. Атап айтсақ, «мессершмит», «тигр», «пантера» станоктарының бөлшектері неміс станоктарында жөнделіп, жонылды.

Осы кезеңді айырықша еске алған еңбек ардагері Николай Петрович Потапов: «Мен, зауыт қызметіне 1953 жылы кірістім, зауытта техникалық бөлім бастығы қызметінде атқардым. Екі соғыс көрдім екі, жеңістің дәмін сездім. Алғашқы еңбек жолымды Ворашилов атындағы (қазіргі Зенит) зауыттан бастадым. Маған төрт станокты сеніп тапсырды. Аттары әлі күнге есімде: «Гессен», «Шкода», «Вольман» және «Самуа». Осы станоктармен ірі-ірі өндіріске, шаруашылыққа қажетті бөлшектерді жонып тегістедік, жөннедік. Біздің кезіміздегі жаңа станоктар еді. Жұмыс істеуге өте ыңғайлы болды. Зауыт өз өнімдерін екі есеге дейін арттырды, тапсырысты орндап қана қоймай, өзімізге де қалдырып отырдық.

Жұмыс оңай болмады, қиындыққа мойымай қызмет атқардық, өзімізге жаңа білікті мамандарды шақырдық, өзгелерге

барып білім алдық, үйрендік. Еліміз үлкен болғанымен мемлекет бір, сондықтан тәжірибе алмасу қызмет бабында көп болды»-деп 50-жылдарды осылай еске алады.

XX ғасырдың 50-70 жылдары зауыттың өрлеуіндегі ерекше кезеңдердің бірі. Зауыт әкімшілігінде де ауысулар мен тағайындаулар орын алды. Зауыт басшылығына жас болса да бас бола білетін, өз ісінің хас шеберлеріне айналған, ұжым ішінде беделге ие болған жас мамандар отырды. 1955 жылы зауыттың директоры болып талай жыл зауыт өндірісінде басшылық қызмет атқарған Александр Васильевич Шариков тағайындалды. Ал, бас инженер болып Э.Ш. Шойхет, хатшылық және партиялық ұйымдастырушы қызметіне А.В. Белугин тағайындалды. Әкімшілік ғимаратта емес, зауыт алаңында, өнеркәсіп іші де жаңа мамандармен толықтырылды.

«Осы кезеңнен күні бүгінге дейін жарты ғасыр өтсе де, зауытта ұзақ жылдар қызмет атқарған еңбек ардагерлері сол күндерді сағынышпен еске алады» - дейді бұрынғы зауыт қызметкері Н.П. Чуйкова,

Еңбек ардагерлерінің ішіндегі зауыт басшылығында, директорлық қызметте ұзақ жылдар қызмет атқарған тұлғалар: Александр Николаевич Карасаев, Александр Васильевич Шариков, Зекеш Сатаевич Сатаев айналасына жас жұмысшыларды жинады. Оларға түсіністікпен қарап, қамқорлық көрсетті. Орал механикалық зауытына қабылданған жас маман өз өмірі мен денсаулығын зауыт өміріне арнап, өз еріктерімен адал қызмет атқарды. Жастығын арнап, зейнетке зауыт қабырғасынан шықты. Бұл еңбек ардагерлерінің ерен еңбегі қазіргі жастарға үлгі өнеге.

50-жылдардың басында зауыт, тапсырыстың артуына және құрылымының қайта жаңаруына байланысты аяғынан нық тұрып, аумағы мен өндіріс алаңы ұлғайды. Зауыттың жалпы аумағы 4,6 гектар болса, өндіріс цехының ауданы-7980 шаршы метрді құрады. Бұл зауыт құрылғаннан кейінгі ірі аумаққа ие болуы еді.

Осы өндіріс цехының аумағында механика, құю, авто жөндеу, металл құрастыру, құрал-жабдықты жөндеу, ағаш өңдеу, ұстахана, от жағатын орын, су айдағыш насос, электр станциясы, оттегі сақтағыш станция, тағы басқа да цехтар орналасты. Сонымен қатар зауыт аумағында әкімшілік ғимарат, жаңа клуб, қалалық кітапхана, медициналық бөлімше де болды. Зауытқа

басты кіретін есік Сталин көшесінде (қазіргі Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы) болса, ал екіншісі Алмазова көшесі жағынан болды. Зауытқа темір жолда тартылды. Ол арқылы жөнделуге келген қозғатқыштарды жеңіл жолмен тасымалдауға мүмкіндік туғызды. [1, 24-25 бб]

Бұл кезеңде Орал механикалық зауыты бүкіл ауыл шаруашылығын қажетті техникалық құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз ете алатындай үлкен күшке ие бола бастады.

1957 жылы шаруашылық салаларына түбегейлі өзгерістер енгізіле бастады. Салалық министрліктер таратылып, аймақтарда халық шаруашылық кеңестері құрыла бастады.

Орал механикалық зауыты Ақтөбе халық шаруашылық кеңесінің қарамағына өтті. Осы уақыттан бастап Орал механикалық зауытының жаңа дәуірі басталды. Ендігі жерде өндіріс орыны ауыл шаруашылық техникасын, қосалқы бөлшектерін жөндеп қана қоймай өндіретін де болды. Трактор жөндеу станциялары (РТС) қайта құрылып, совхоздар мен колхоздарға шаруашылыққа жаңа техникалар жіберілді. Осы жылдарда шығарылған зауыттың қосымша өнімдері астық таситын ауыр техникалар ЗПА-100, астық пульти, ленталық транспортерлер ТПА-15, бензин тасымалдайтын сұйықты сақтауға арналған ыдыстар, сүйреткіш – ВТУ-10, тағы басқа ауыл шаруашылығына қажетті тапсырыстарды дайындап шаруашылыққа енгізді.

Бәрімізге белгілі, үлкен ынта-жігермен еңбекке кіріскен халықтың тың және тыңайған жерлерді игерудің қайнап тұрған кезеңінде бұл техникалар сұранысқа ие еді.

Қазақстанның солтүстігі мен батысы тың игерудің алып аумағына айналды. Орал механикалық зауытының өнімдері егін алқаптарының падишасына айналып үлгерді. Тың және тыңайған жерді игеруге адам күшімен қатар материалдық техниканың қажеттілігі көрініп тұрды. Жүздеген тракторлар мен комбайндар, автокөліктер және басқа да ауыл шаруашылық техникалары қазақтың шексіз даласына басқа одақтас елдерден де алына бастады. Техниканың тың игеруге көптеп енуі тракторшы механизаторлардың жетіспеушілігін туғызды. Осы сәттерде мамандардың орнын толтыру үшін трактор рөлдеріне тәжірибесі жоқ жасөспірімдер мен әйелдер отыра бастады. Бұның соңы су жаңа тракторлардың басқа да техникалардың қозғалтқыштарының

тез істен шығуына әкелді. Осы кезде техника қозғалтқыштарын жөндеу үшін арнайы қала орталықтарындағы жөндеу зауыттарына әкеліп жөндетті. Зауыт қозғалтқыштарды күрделі жөндеуден өткізуін тоқтатпады. С-80, ДТ-54, СТЗ, НАТИ тракторарының қозғалтқыштарын, ГАЗ-51, ГАЗ-ММ, ЗИС-5 автокөліктерінің қозғалтқыштары зауыт цехтарында күрделі жөндеуден өтіп отырды. Зауыт цехтарында ГАЗ-51-ге денені қозғайтын айқастырылған табақ шығарыла бастады.

Айта кету керек, осы кезеңде зауыт қызметкерлі уақытпен санаспай қызмет атқарып, берілген тапсырыстарды уақытынан бұрын орындап отырды. Басқаша істеуге мүмкіндік те болмады. Сұраныспен тапсырыстың көп болуы тапсырыс берушілермен сатып алушылар әкімшілік ғимаратының аумағын қоршап алып, ештеңеге қарамай тапсырыстарын уақытында алуын талап етіп отырды. Оларды да түсінуге болатын еді. Дайын нанды өндіріп алу үшін егіс алқабын тракторсыз қалдыру мүмкін еме еді. Мемлекет ауыл шаруашылығынан үлкен өнім күтті. Астықпен қамтылу тиіс болғандықтан істен шыққан тракторлар дер кезінде жөнделді.

Осы ауыртпалық кезеңде зауытта ұйымшыл, өңірге танымал болған шебер ұжым қызмет атқарды. Өз ісінің шеберлері прессші Павел Гусев, токарьлар О.П. Липецкий және В.А. Колошин, ағаш ұсталары К.Е. Сокушев және В.А. Лаврушин, электр дәнекерлеуші В.А. Карабанов, қайраушылар А.Ф. Коротков, А.И.Артемов, фрезерлеуші Д.А.Пономарев, құраушылар В.В. Ильин және Б.А. Алабин, жүк тасушылардың бригадирі К.Я.Карпов, шофёр Д.Е. Белотелкиндер еңбегі зауыттың архивінде алтын әріппен сақталынған [1, 25 б].

Құрастырушы Ольга Михайловна Семагина қызмет атқарған техникалық бөлімде ұшқыр ойлы шығармашыл адамдардың қызметі қайнап жататын. Бұл кезеңде зауыт дамудың ең биік шыңын бағындырып үлгерген еді. Оның дәлелі Н. Рубцовтың 1957 жылдың 17-шілдедегі «Приуралье» газетіне берген «Ростки нового» мақаласы зауыт өмірі мен жетістігін айқын суреттеді.

1956-1961 жылдар аралығындағы бес жылдықта Қазақстанның және Ресейдің ауыл шаруашылық өңірлері жанар-жағар май тасымалдау үшін 6794 автокөлік иемденді. Бұл сұйықты сақтауға арналған ыдыстарды әлі күнге дейін ауыл шаруашылығымен айналысатын кей өңірлерден кездестіруге

болады. Осы жылдары ауыл шаруашылығы 61755 дана П-703 маркалы соқа алды [2].

Өндірісте өнім сапасымен санын арттыру үшін одақ құрамындағы елдерден жаңа құралдар әкелінді. Бөлшектерді арнайы металды қалыпқа салып дайындап шығаратын құралдар Барнауылдан алынса, Харьков трактор зауытынан 1963 жылы ДТ-54 тракторларының иінді білік өңдейтін станоктар әкелінді.

Оған себеп осы 1963 жылы зауыт директорлығына Зекеш Сатаевич Сатаевтің келуі еді. Зауытқа жаңа басшы келіп өндіріс жұмысына жаңа леп берді. Зауыт ісі адам танымастай өзгеріп, Қазақстандағы ең ірі өндіріс кешеніне айналды. 1965 жылы зауыт ауыл шаруашылығы және трактор министрлігінің қарамағына өтіп, жаңа қозғалтқыш бөлшектерін шығаруды қолға алды. ДТ-54, Т-75, Т-4, МТЗ-50 және МТЗ-80 тракторларын коленвал, шатунмен қамтамасыз етіп, жөндеп отырды [1, 31-33 бб].

Қорыта айтқанда зауыт ХХ ғасырдың 50-70 жылдары өрлеудің биік шыңын бағындырды. Зауыттың өнімдері Қазақстанның емес көршілес елдердің де ауыл шаруашылығының дамуына өз септігін тигізді. Зауыт қызметкерлері де уақытпен санаспай күндіз-түні зауыт қабырғасынан табылып, берілген тапсырысты уақытында жеткізіп отырды. Бұл қоғамның, халықтың алдындағы зауыт беделінің артуының бір дәлелі еді.

Орал механикалық зауыты бүгінгі күні облысымыздағы белді өндіріс орындарының бірі ретінде жұмысын жалғастыруда. Алыс-жақын елдерден тапсырыстар қабылдап, өз өнімдерінің 90%-ын шет елдерге асыруда. Оған себеп ішкі рыноктағы сұранысқа қарағанда, шет елдерден тапсырыс көп түседі. Зауыт алғашқы құрылған жылдардан бастап машина жасау ісімен айналысып келеді. Қазіргі таңда зауыт сайтындағы мәліметтерге сүйенсек кейбір құрылыс материалдарын шығаруды да жолға қойған. Бұл дамудың тағы бір кезеңінің бастамасы. Орал механикалық зауыты қарқынды жұмысын тоқтатпайтын болса әлі талай биік белесті бағындырары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сабиров Г.И. Уральский механический завод. Уральск-2005
2. <http://www.umz.kz/> сайты. (пайдаланған уақыты: 10.12.2019).
История предприятия

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ БУРЖУАЗИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА КАПИТАЛИСТІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Матыбаева Б.С.

М.Өтемісов атын. БҚМУ магистранты

Қазақ қоғамы ХІХ ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік және экономикалық тұрғыда тез өзгерді. Қазақ хандығы тарихынан жалғасын тауып келген патриархалдық-феодалдық қатынастар ХІХ ғасырда Ресейдің империалистік саясатының басталуымен, соған орай елімізге капиталистік қатынастардың енуімен біртіндеп әлсіреп, кейін үзілді. Жерге, малға иелік ету, жер қатынасы әлеуметтік өмірде шешуші рол атқара түсті. Қазақ қоғамындағы сұлтан, би, старшындар жердің иесіне айналып жаңаша әлеуметтік бейне буржуазиялық сипатқа ие болды. Дәл осы тұста патриархалдық-феодалдық қатынастардың әлсіреуіне экономикалық қатынастың кеңеюі, жәрмеңкелердің ашылуы өз әсерін тигізді.

Ресей саудагерлері Қазақстанда сауданың жаңа түрін-жәрмеңкелік сауданы енгізді. ХІХ ғасыр мен XX ғасыр басында өңіріміз бойынша алып қарастырсақ Орал, Торғай, Бөкей Ордасы жәрмеңкелерінің қоғамдық-саяси өмірде алар орны бар екендігін тарих саласын зерттеген майталман аға буынның еңбектерінен көптеп кездестіруге болады.

«Қазақ жеріндегі тұңғыш жәрмеңке болып 1832 жылы Бөкей ордасында ашылған жәрмеңкені атауға болады.» [1. 305 бет]. Ол хан ордасы жанынан ашылды. Ойыл, Темір (Орал облысы) жәрмеңкелері жұмыс істеді. Оған қоса дүкендер, көтерме сауда қоймалары да жұмыс жасай бастады. Қазақстанның әр облысында ХІХ ғасырда 30 дан 100 ге дейін ірілі-ұсақты жәрмеңкелер, сауда жасайтын орындар болыпты. Бұл жәрмеңкелер өз заманында бірі товар айналымы тұрғысында облысқа танымал болса, бірі тек жергілікті жерге ғана танымал екен.

ХІХ ғасырдағы сауда тарихын қарастырғанда тарихшылар қазақ арасындағы сауданы 3 түрге бөлген екен. 1) Қалалар мен үлкен елді-мекенде, селоларда орналасқан тұрақты сауда, 2) әр ауылды аралап жүріп жасайтын айырбас саудасы, 3) маусымдық мезгілде жүретін жәрмеңкелік сауда. Осы үш түрлі сауданың

ішінде көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ қоғамы үшін ең тиімдісі жәрмеңкелік сауда түрі болса керек. Осы жәрмеңкелік саудада қазақтар өзіне қажетті мануфактураның өнімдерін мал шаруашылығының өнімдеріне айырбастап отырды. Себебі өз қажетін алу үшін алысқа бармай-ақ жақын маңнан, яғни жәрмеңкелерден қажетті бұйымдарын айырбастау арқылы тез ала алатын еді. Бұл жерде жәрмеңкелік саудаға түскен екі торап та өз қажетін тауып отырды. Мәселен, қазақтар өңдеу өнеркәсібі болмағандықтан фабрика мен заводтың, өнеркәсіптің өнімдерін малына айырбастап алса, ал, орыс саудагерлері мал мен мал өнімін өздері әкелген өнеркәсіп өнімдеріне айырбастау арқылы ала алды.

«Сауда айналымы үлкен жәрмеңкелер қатарында өңірімізде Торғай, Орал облыстарының жәрмеңкелері деп жоғарыда атаған болсақ, 1907 жылғы жәрмеңкелік сауда айналымында Ырғыз уезі бойынша 534 213 сом, Торғай уезі бойынша 640 349 сом, Ақтөбе уезі бойынша 471 026 сом құрайтын жәрмеңке саудасы жүріпті. Ақтөбе қаласындағы көктемгі жәрмеңке Торғай облысына қарасты ең үлкен жәрмеңке болыпты. Оған Москвадан, Санкт-Петербургдан, Самарадан, Орынбор мен Перовскіден, Бұхара мен Хиуадан көпестер товарларын әкелген.» [2. С-7]. Орал облысында 1883 жылы 12 жәрмеңке жұмыс істеген болса, 1913 жылғы сауданың айналымы 45 189 799 сом болған жиырмадан аса жәрмеңке жұмыс істепті. [3. С-71 бет]

«Орал облысына Орал және Темір уездерінде жәрмеңкелері қарады. Жылына екі рет, 20 мамырдан 20 шы маусымға дейін және күзде 15 қыркүйектен 15 қазанға дейінгі аралықта Орал жәрмеңкесі, дәл сол сияқты Темір жәрмеңкесі де жылына екі рет жұмыс істеген. Осы екі жәрмеңкенің сауда айналымы 1912 жылы 3 872 760 сомды құраған. Орал облысының Калмыкова селосындағы жәрмеңкенің 1910 жылғы сауда айналымы 1128745 сомды құраған.» [4. С-21].

«Батыс Қазақстанның жәрмеңкелерінде мұрағат құжаттарына сүйенер болсақ шамамын алғанда 304 көпес болыпты, 400 аса қазақ саудагерлері қатысқан. Олардың ішінде И.Досов, М.Баймағамбетов, Әлімжанов, Жандаулетов, Пұсырманов сынды 48 тарта атақты байлар Орынбордың жәрмеңкелерінде тұрақты қатысқан екен.» [5. 38бет] «Батыс Қазақстан қазақтары арасынан шыққан саудагерлер Орынбор, Ақтөбе, Орал, Ырғыз т.б қалалардағы көпестердің қазақ ауылдарындағы ақша - товар

айырбас жөніндегі сенімді өкілдері болыпты. Батыс Қазақстанда жаңадан қалыптасқан сауда буржуазиясының қатарында ірі және ұсақ саудагерлер, айырбас сауда өкілдері басым болса керек. Ірі мал иелері-байлардың арасынан өмір ағымына байланысты мал шаруашылығын саудамен ұштастырып капитал жинастырған қазақ ұлттық буржуазиясының баяу болса да қалыптаса бастағанын көруге болады.» [6. 274бет].

«Ішкі Бөкей Ордасындағы 1846 жылғы көктемгі жәрмеңкеге 1183 саудагер келсе, олардың ішінде 2 -ші және 3 -ші гильдиядағы 87 көпес болыпты. Ресей сауда және мүлік министрлігінің кеңесшісінің ақпаратында Бөкей Ордасы халқының сауда ісіне көптеп араласа бастауы туралы мәлімет бар. Онда: «Бөкей хандығының жәрмеңкелерінде үлкен сауда жүрді. Ол жәрмеңкелерде орда халқының тең жартсынан астамы қатысты. Орыс және татар көпестерінің саны артты.» деп жазса керек. 1846 жылғы көктемгі жәрмеңкеге 718, помещиктік сауда операциялары жасалды.» [7.С-9,10,12,13,].

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы жәрмеңке саудасы дамып, қазақтың патриархалдық-феодалдық тұрмыс-тіршілігіне товар-ақша қатынасы ықпалын тигізіп, мал байлығы бұрындағыдай байлық көзі болып емес, керсінше малдың ролі товарға айналып, қазақ байларының болмыс-бітімі өзгеріске ұшыраса керекті. Жәрмеңке саудасы қазақ қоғамындағы патриархалдық-феодалдық қатынасты буржуазиялық қоғамға айналдырған, капиталистік қатынастың жаңа бір үлгісіне жол ашқан, Батыспен экономикалық байланыс түзеген, қала берді натуралды шаруашылықты товарлы шаруашылыққа айналдырған құбылыс деуге боларлық. Жәрмеңкелердің дамуы қазақ қоғамында товарлы рынокты қалыптастырды. Бұрынғы натуралды көшпелі мал шаруашылығы товарланды. Жәрмеңкеге мал сатумен қара шаруа емес, мал сатуды кәсіпке айналдырған іріленген байлар мүдделі еді. Бұл тұстағы қазақ байларының үстемдігін, жәрмеңкедегі саудасын қыздыра түсетін өсімқор, алыпсатарларды ұстауынан байқауға болар еді. Оған қоса байлар жалданған алыпсатарларын ел аралатып сауда жасатқызып, арзан бағамен көп мөлшерде мал жинап алып, әбден байып алған қазақ байлары сауда буржуазиясына айналып шыға келді. Қоғамда приказчиктер, өсімқорлар, алыпсатарлар, делдалдар, орыс, татар және азиялық көпестер көбейіп әлеуметтік таптық, топтық,

этностық бөліктер пайда болды. Бірақта қоғамдағы экономикалық бұл құбылыс екінші қырынан алып қарағанда көшпелі қазақ шаруасын (халықты) борышқа батырып, кедейшілікке әкелді.

Капиталистік өндірістік қатынаспен байланысқа түскен қазақ ауылының «жаңа қалыптасқан байлары» негізінен екі әлеуметтік ортадан шықты. Біріншісі, ауылдағы рулық аристократиялық топтар (сұлтандар, билер) жаңа экономикалық талаптарға сай өз шаруашылықтарын өзгертуге тырысты. Екіншісі, кеше мың - мыңдап жылқы айдаған қазақтың ірі байлары сауданың дамуы мен товар - ақша қатынасының өрістеуіне байланысты мал сататын байларға (скотопромышленник) айналды. Мысалы, «Шангерей Букеев, потомок первого хана Букеевской орды, владея большими имением и большим фруктовым садом, засеивал около 600 дес.земли, пользовался сельскохо-зяйственными машинами, держал 20–25 постоянных работников в сезон занимал до 300-400 человек» - деп жазылған [8.С 87-89.].

XIX ғасырдың 80–90 жылдарында Қазақстанда өсімқорлық сауда жаппай тарады. Өлкеде тауар айналымы өскен сайын өсімқорлықпен қатар, банктер мен басқа да кредит мекемелері беретін қарыздардың капиталистік формалары орын алды. XIX ғасырдың 70 -80 жж. Оралда мемлекеттік және ірі коммерциялық банк бөлімшелерінің ашылуы оған дәлел.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында өңірімізде товар-ақша айналымы әртүрлі деңгейде жұмыс жүргізсе керек. Бұл тұста жәрмеңке саудасы дамып, өңірімізде сауданың тұрақты формалары: магазиндер, дүкендер, көтерме сауда қоймалары пайда болды. Ақша саудасы қалыптаса бастағанымен тұрақты сауда мен жәрмеңкенің өзі натуралды баспа -бас айырбасты толық ығыстыра алмады. Дегенмен де, XIX ғасырдың екінші жартысында товар-ақша сауда қатынастары өскен сайын натуралды айырбас сауданы қиындатты. Оған қоса малды қазақтар ақша саудасының артықшылығын ұғынды. Товардың құны тұрақтала бастады. Бұрын қазақтар міндеткерікті натуралды тұрғыда өтеген болса, оның ақшаға ауысуына орай қазақтардың ақшаға деген мұқтажы басталды. Бұл қазақ халқының тұрмысында өсімқорлықтың пайда болу көрінісінің сипаты десе де болады. Мысалға Е.Бекмаханов зерттеуінде Бөкей Ордасында

шаруалардан зекетке жиналған 82 000 сом ақша мен 400 бас жылқы ханға соғым ретінде апарылып тұрған [9.С 84-92.].

Қазақ арасындағы өсімқорлар әртүрлі кәсіпшіліктермен, қолөнермен айналысатын шаруалар арасынан шыға бастады. Е.Бекмаханов зерттеуінде XIX ғасырда қазақ байларының ішінде сауда қатынастарында өсімқорлықпен айналысатын байлардың көбейіп, қазақтың экономикалық өмірінде орын ала бастады дейді. Оған қоса XIX ғасырдың екінші жартысында сауда қатынастарының одан әрі дамуына орай қазақ даласында көпестер мен саудагерлер көптеп келіп, өсімқорлық көпестік капиталдың сипаты айқындала бастады. Е.Бекмаханов зерттеуінде қазақ байларын товарлы – ақша қатынасына орай оларды саудагерлер қатарына теңейді.

Біздегі алғашқы өсімқорлар кімдер дейтін болсақ, олар айырбас жасау кезіндегі делдалдық рол атқарғандар. Яғни мың-мыңдап мал айдаған қазақ байлары саудагерлікпен айналыса отырып көпес атана бастады. Олар қазақ қолөнершілерінің, ұсталарының қолынан шыққан бұйымдарын өте арзан бағаларға сатып алып, базарлар мен жәреңкелерге сатылымға шығарды. Мұны арнайы алыпсатар адамдары арқылы жүзеге асырды. Олар - Орта Азиялық көпестер, делдалдар, приказчиктер еді. Ал, алыс – алыс қырдағы қазақ арасына барған тасымал саудамен айналысқандарды базаршылар деп атайтын. Сол базаршылар нағыз өсімқорлар болатын. Өйткені олар ірі-ірі байлардан, товар айналымы мол көпестерден алған (оптом) тұтас заттарын ауыл-елді аралап жүріп малға айырбастап, үстеме бағамен өздеріне пайда түсіретіндей етіп қоса сатып отырды.

XIX ғасырдың соңында заттай төленетін міндеткерліктің басым бөлігі ақшалай салықпен ауыстырылуы қазақ даласында товар-ақша қатынастарының өрістеуіне, өсімқорлықтың кеңеюіне жол ашты. Сондықтан да қазақ шаруасы ақшаға өте мұтаж болғаны рас. Бұл тұрғыда И.Крафттың жазбасында қазақ даласындағы өркен жайып бара жатырған өсімқорлық туралы, өсімқорлықпен ауқатты тұлғалардың өзі де айналысатындығы, олардың жағдайларының күшеюіне де осы өсімқорлық әсер етіп отырғандығы туралы айтылған.

Өсімқорлықтың аса күшейген уақыты XIX ғасырдың 80-90 жылдары. Дәл осы тұста қала маңындағы және далалық жәрмеңкелердің айналымының көбейген әрі ауылдардың

жәрменке саудасына тартылған уақыты еді. Қазақ ауылдарын аралаған көпестер өз бұйымдарын өте қымбат бағаға өткізуге, керсінше қазақ шаруасының малын өте арзан бағаға алуға ынталы болды, ауыл-ауылды аралап жүріп қысқы, көктемгі мезгілдерде сауда жүргізудің тиімділігін өз пайдасына асырды. Олар тұрақты сауданың жоқтығынан базарлардағы товарлардың бағасынан хабары жоқ қазақтың саудагер сұрағанына амалсыз көнетін сол бір болмысын пайдаланатын.

Өсімқорлардың арасынан ең кедей таптан шыққан бөлігі- алыпсатарлар болатын. Яғни алыпсатарлар көшпелі қазақ ауылынан бөлініп шыққан, отырықшылыққа бет бұрған жатақтардан қалыптасты. Олар өз ауылынан алысқа кетіп, белгіленген мерзімдік жұмыстарға жалдана жүріп, істерінің науқаны аяқталған тұста орыс селоларына барып саудамен айналысатынды. Алыпсатар – ұсақ ауыл шаруашылық өндірушілер мен өнеркәсіпшілерден шикізаттарды, шала фабрикаттарды және дайын өнімдерді сатып алып, қайта қымбат бағаға сатумен айналысатын сауда капиталының өкілі деуге болады.

Ал, XIX ғасырдың соңында, XX ғасырдың басында саудада ақша үлесі мен ақшаға деген сұраныстың артуы барысында алыпсатарлардың да ақша айналымы өсе түссе керек. Орал бекінісіне көптеп шоғырлануының себебі біріншіден бұл жер XIX ғасырдан бастап Орынбор губерниясына қарасты облыс орталығы болса, екіншіден Ресейдің орталық аудандарымен байланыстыратын темір жолға жақын орналасуынан еді.

Өсімқорлардың ішінде қазақ арасында «саудагер» деп аталатын бөлігі қалыптасты. Алыпсатарлар сияқты олар да қазақ арасынан шыққан ұлттық сауда буржуазиясының ең төменгі кедей бөлігінен қалыптасса керек. Олар Орта Азия мен Ресейдің орыс, татар көпестерінің товарларын қарызға сатып алып, өздеріне қажетті табысын тауып отыратын. Орал қаласында банк ісі ашылғаннан бастап ірі көпестер бұйымдарын вексель бойынша алатын болды. (қарызды өтеу үшін заңды түрдегі бекітілген төлем міндеттемесі. Яғни, борышкер тауарды несиеге алған жағдайда сатушыға вексельді береді).

Товар айналымы өскен сайын, молынан қор жиған бұрынғы ұсақ-ұсақ саудагерлер байып, ауқаттанып, өзгеге қарызға товар, ақшалай несие беретін мүмкіндікке ие болып, ірі саудаға араласып, мал сататын кәсіппен айналысып

(скотопромышленник), қазақы жаңа бір сауда буржуазиясы болып қалыптасады. Саудагерлердің арасынан шыққан Оралдың, Бөкей ордасының мал сатумен айналысқан байлары сауда буржуазиясының өкілдері деуге болады.

Қазақтың мал сатумен кәсіптенген байлары өз малдарын жергілікті жердің базарларына, қала берді Ресейдің тіпті шетел базарларының саудасына шығарды. Мал шаруашылығының өніміне деген сұраныс товарлылықтың артуын көрсететін сауданың дамуынан болған сұраныс еді. Бұл кездегі сауда тікелей ақшалай сипат алғандықтан шаруашылықта товар - ақша қатынасының дамуы тұйық сауданың сипатын жойды. Ақшамен сауда жасап, мал сатумен кәсіптенген қазақ байларының товар айналымдары күн санап өсе түсті. Бұл қазақ даласындағы товар - ақша қатынасының дамуын, ұлттық капиталдың қорлануын арттырды. Байлар өз табыстарын көбейту үшін ауыл шаруашылық машиналарын пайдаланды. Қаржысының біраз бөлігіне егістік жерлерді алып, арендаға беруге көшті. Мысалы, 1831 жылы Ордадағы саяси элиталардың бесеуі көлемді жайылыстарға ие болған сұлтандар: Жанбөбек Бегалиев, Дәуіт Қарымсақов, қожа Қарауыл Бабажанов, старшын Қойбас Бекбаев және Жәңгір хан.

Осы өңірден алғаш болып жер иеленгендердің бірі Қарауылқожа Бабажанов

(1775 - 1850) - деген мәліметтер бар. Дәл осы уақытта жерлеріміздің бағасының артқандығы сол, ол жерді келген орыс помещиктері де иеленіп, пайда тауып қалуға тырысты. «Хандыққа тиесілі жерлерді иеленіп қалған помещиктер арендатор болып, қосымша табыс көзіне айналдырып, қазақтардың шаруашылығына зор нұқсан келтірді. __Жаңа жағдайға, талапқа шаруашылық мүдделерін үйлестіре жүргізуде жеке жер иелері икемділік танытты. Алдымен малы көп, жер өңдеуге мүмкіндігі бар, экономикалық қуаты мол сұлтан, старшын, билер жерлерге ие болды.» [10. 136.].

Қорытынды:

XIX ғасырда Қазақ елі де жері де патшалық Ресейдің отарлаған аймағы және капиталистік даму жолындағы Ресей үшін сыртқы рынокты нығайтатын өңір болатын. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының саясаты қазақ ауылының ықылым заманнан бергі қалыптасқан шаруашылық жүйесіне үлкен

өзгерістер әкелді, жіктеліске ұшыратты. Атап айтар болсақ, біріншіден, капиталистік товар – ақша қатынастарының енуі, жерлерімізді тартып алушылық, өзге де жағдайлар шаруашылығымызды дағдарысқа ұрындырып, көшпелі қазақ халқының тұрмыс деңгейін құлдыратып жіберді. Екіншіден, ата-қонысын алдымен казактарға, патша шенеуніктеріне, қоныс аударушыларға, әртүрлі-әскери стратегиялық мақсаттар үшін патша үкіметі тартып алып отырды. Оған қоса қалған жерлерді жергілікті феодалдық топ өкілдері иемденді. Каспий теңізі жағалауындағы жерлерді тегін иеленген помещиктердің балық кәсіпшілігі өнімінің төмендегенде ол жерлерді өзгелерге жалға көптеп беруі орын алды. Қазақ жерлерін иеленген помещиктер арендатор болып, қосымша табыс көзіне айналдырып, қазақтың мал шаруашылығына нұқсан келтірді. Жерден айрылған қазақ кедейшілікке ұшырап, шаруашылығы ауырлап, отаршылдық саясаттың салдары жер мәселесінің түйінін шешілмейтін деңгейге жеткізді. Үшіншіден, капиталистік қатынастардың қазақ жеріне енуі өлкемізде мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі және жартылай көшпелі патриархалдық-феодалдық қатынастарды ыдыратып, көшпелі өмірден біртіндеп қол үзуге әкелді. Төртіншіден, Қазақ байларының болмыс-бітімі өзгерді. Әсіресе қазақ қоғамындағы үлкен артықшылыққа ие болып келген бұрынғы сұлтандар немесе төре тұқымы, төлеңгіттер біртіндеп ролі төмендеп, қоғамда тек екі тап қалыптаса бастады, яғни, бай мен кедей. Ал байлардың қатары оның сұлтан, төре болғандығына қарай емес, өз шаруашылығын капиталистік қатынастарға сәйкестендіре білген, сауданың дамуына орай товарлы-ақша қатынастарының мазмұнына сай мал шаруашылықтарын товарландырған, мыңғырған малын товар ретінде саудаға салып кәсіп еткен жаңа бір әлеуметтік категорияны қалыптастырды. Бұл қазақ байларының әлеуметтік бейнесінің буржуазияланған келбеті іспеттес. Дейтұрғанмен де олар әрине орыс капиталистері мен Орта Азияның көпестері алдында дәрменсіз болатын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ССР тарихы. Бес томдықтың 3-ші томы. Алматы-1982. 305 бет.
2. <http://elibr.shpl.ru/ru/nodes/50141-za-1907-god-1909>.
Государственная публичная историческая библиотека России.
Обзор Тургайской области за 1907 год. С-7.

3. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/27379-za-1911-god-1912>.

Государственная публичная историческая библиотека России. Обзор Уральской области за 1913 год. –Уральск,1914, С-71.

4. https://rusneb.ru/catalog/000200_000018_pb00000315/Ұлттық электронды кітапхана. Памятная книжка Уральской области. На 1911год.на 1912 год. С-21.

5. ҚР ОММ 25 –қор, 1-т,1637-іс, 38 бет.

6. Құрманбеков Б.Ж. Батыс Қазақстанда сауданың дамуы. Ақтөбе, 2008. 274 б.

7. (<http://elib.shpl.ru/ru/nodes/50141-za-1907-god-1909>).

Государственная публичная историческая библиотека России. Обзор Тургайской области за 1903 год Орынбор. С-9,10,12,13)

8. Тогжанов Г. Казахский колониальный аул. Москва, 1934. С-87- 89

9. С.Зиманов: «Полное собрание сочинений» I том.84-92 стр.

10. Т.З.Рысбеков. Бөкейорда тарихы. Орал: «Дастан», 2001. 13 бет.

ӘОЖ 94(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ «САМБО» КҮРЕСІНІҢ ШЫҒУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

Кенжеғалиев Н.Т.

М.Өтемісов атын. БҚМУ магистранты

Батыс Қазақстан облысында «самбо» күресі 1966 жылдан бастап дами бастады. Оның негізін қалаған самбо күресінің алғашқы жаттықтырушылары Тарих Тулегенов, Тілекқабыл Қамзиев және Қамеш Исмағұловтар. Облысымызда самбо күресінен алғашқы жаттықтыру секциясы белгілі балуан Тарих Тулегенов-тың жетекшілігімен 1966 жылы «Динамо» ерікті спорт қоғамында ашылса, арада аз уақыт салып барып, екінші жаттықтыру секциясын ашқан білікті бапкер, тәжі-рибелі балуан Тлек Қамзиев болды. Қамеш Исмағұлов қаламыздағы А.С.Пушкин (қазіргі М.Өтемісов атындағы БҚМУ) атындағы педагогикалық институтта дене тәрбиесі кафедрасының мұғалімі болды. 1968 жылы Қамеш Исмағұловтың жетек-шілігімен пед.институтта алғашқы рет сомбо күресінен жаттықтыру секциясы ашылды. Жаттықтыру залына бөлінген орын, жарық мүлдем түспейтін жертөле болатын. Күрес кілемінің орнына гимнастар пайдаланатын маттар болды. Самбошылар киетін

күртешелерде ол кезде мүлде тапшы дүниелер еді. Осындай көптеген материалдық қиындықтарға қарамастан облысымыздағы самбо күресі алпысыншы жылдары қарқынды дами бастағанын көреміз. Алғашы аға буын жаттықтырушылардан тәлім алған көп деген самбошыларымыз кейіннен Республикаға танылған даңқты спорт шеберлері болды. Облысымызда самбо күресінен өткен ең алғашқы жарыс, 1966 жылдың қазан айында «Динамо» және «Қайрат» ерікті спорт қоғамдары арасында өткен өзара жолдастық кездесу болды. Бұл кездесуде «Қайраттың» балуандары басым түсіп, жеңіс тұғырына көтерілді. Бұл жарыста ең бір тартымды, техникалық жағынан әдемі күрес өрнегін көрсеткен белдесу, бұл Бақытжан Бисенов пен Тарих Тулегенов арасында өткен белдесу болды. Күрестің екі бөлімінде өзара тең түскен қос балуанның нәтижесі үшінші бөлімде шешілді. Бақытжан «динамолық» балуанның қолын «ауыртып тарту» (болевой) әдісі арқылы жеңіске жетті. 60-шы жылдардың аяғында облыс самбошылары қатысқан республикалық үлкен жарыстардың бірі 1969 жылы Қызылорда қаласында өткен республикалық «Қайрат» спорт қоғамының біріншілігі. Біздің балуандарымыз бұл біріншілікте командалық 1-ші орынды жеңіп алып, республикалық «Қайрат» кубогінің иегерлері атанды.



Сурет 1. Облысымыздың самбо күресінен алғашқы балуандарымен жаттықтырушылары. Жумагулов Сагидолла, Байров Нұрлан, Нұрмашев Рамазан, Баймағанбетов Қайржан, Қамзиев Тлек, Исмагулов Қамеш, Тлегенов Марат, Қуанышев Батр, Жардемов Жұбанышқали.

Осындай аға буын алғашқы атақты балуандардан тәлім алған жас самбошылар облысымыздан көптеп шыға бастады. Белгілі бапкер Тлек Қамзиевтің шәкірті Рамазан Нұрмашев 1971 жылы КСРО-ның екі дүркін батыры Т.Бигельдинов атындағы бүкілодақтық турнирде күміс медальға қол жеткізсе, араға 1 жыл салып барып (1972 жылы) Қарағанды қаласында КСРО космонавтары Волков, Добровольский, Пайаевтарды еске алуға арналған бүкілодақтық турнирде жеңіс тұғырына көтерілді. Осы жеңісі үшін Р.Нұрмашев облысымыздағы самбо күресінен КСРО спорт шебері нормативін орныдаған тұңғыш балуан атанды. Рамазанның осы турнирде төккен тері ауыз толтырып айтуға тұрарлықтай облыс спортындағы тарихи оқиға. 7 сағат ішінде 9 белдесу өткізіп, оның 8-ін таза жеңіспен аяқтау бүгінгі күнде де жиі кездесе беретін нәтиже емес. Финалдық кездесуде бірнеше тамаша әдістер жасап ұпай санымен жеңіске қол жеткізді. Бұл жеңіс облыс самбошыларының бүкілодақтық үлкен жарыстарда қол жеткізген тұңғыш жеңісі болды.

1975 жылы облысымызды (Орал қ.) алғаш рет республикалық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының самбо күресінен чемпионаты өткізіліп, оған бірнеше облыстардың құрама командасы қатысты. Облыс командасы жарыс нәтижесі бойынша екінші орынды жеңіп алды. Жетпісінші жылдардың екінші жартысынан бастап облысымызда самбо күресі жаңа қарқын алып, жедел дами бастады. 1979 жылы Кстов қаласында КСРО батыры Николай Талалушкиннің жүлдесі үшін өткен бүкілодақтық турнирде Тлек Қуанайұлы өзінің күш-қайратымен де, техника-лық шеберлігімен де көзге түсіп, көпшілік қошеметіне бөлеген болатын. Бұл турнирге КСРО-ның көптеген қалаларынан 450-дей самбошы-балуандар қатысты. 100 кг. салмақ дәрежесінде сынға түскен Тлек Қуанайұлы алғашқы кездесулерінде жеңіске жетсе. Ал финалда алдыңғы белдесуде алған ауыр жарақатын ескеріп, оған кілемге шығуға рұқсат бермеді. Бүкілодақтық ірі турнирдің күміс медалі, Тлек Қуанайұлына берді ердің жасы - 40 жаста жеткен жеңістерінің бір куәсі болды.

Сексенінші жылдары самбо күресі облысымызда кең қанат жайып, өзінің даму сатысында жаңа белестерге көтерілді. Облысымыздың барлық аудандары-мен қалаларында самбо секциялары көптеп ашылып көпшіліктің сүйікті спортына

айналды. Осылайша бұқаралық сипат алған самбо күресі өзінің көптен күткен нәтижелерінде бере бастады. Облыс балуандары бүкілодақтық үлкен турнирлер мен чемпионаттарында жүлделі орындарға ие болып жатса, таңдаулы балуан-дарымыз күдіретті іргелі ел КСРО-ның чемпионаттарында топ жарып, жүлдегер-лер атанды. 1982 жылы Оралда самбо күресінен өткен Республика чемпионатында біздің балуандарымыз командалық 4-ші орынды жеңіп алды. Осы чемпионатта Қазақстан самбосының болашақ жұлдызы Асқар Шайхиев (48кг). салмақ дәреже-сінде чемпион атанса, күміс жүлдеге Қасым Исқақов пен Вячеслав Субачтар иеленді. Осынау шоқтығы биік бір шоғыр жеңістердің арасында бүкіләлемдік үлкен жарыстарға сара жол салған атақты балуан Асқар Шайхиевтің алар орны ерекше. Асқар балуанның сексенінші жылдары соңында қол жеткізген табыстары, бұл облыс самбо күресі мектебінің 35 жылдық даму жолындағы алдына қойған ең үлкен мақсаттарының бірі болатын. Сол мақсатқа тұңғыш қол жеткізген атақты балуанымыз, ел мақтанышы Асқар Шайхиев болды. 1987 жылы Ташкент қаласында самбо күресінен өткен КСРО чемпионатында оралдық балуан Асқар Шайхиевта қатысқан болатын. 48 кг. салмақ дәрежесінде сынға түскен Асқар 6-белдесу өткізіп оның бесеуін айқын басымдықпен жеңді. 1988 жылы Токио қаласында өткен Әлем Кубогін жеңіп алған Асқар Шайхиев тағыда өзінің мықтылығын дәлелдеп. 1989 жылы Алматыда өткен КСРО чемпионатында жеңіп алған алтын жүлдесі үлкен жеңістің басы ғана болатын. Нью-Йорк (АҚШ) қаласында өткен Әлем чемпионатында Асқар Шайхиев Әлем чемпионы атанды. Әлемдік спорттағы үлкен жеңістері үшін 1994 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері атағы берілді.

Облыс балуандары үшін табысты болған тоқсаныншы жылдары Оралда самбо күресінің чемпионаты басталды. Республикамыздың 15 облыстың құрама командалары қатысты. Облыс балуандары командалық бірінші орынды жеңіп алды. 1994 жылы Москва қаласында самбо күресінен студенттер арасында тұңғыш өткен Әлем чемпионатында оралдық балуан Қоныс Жеңісов чемпиондық атақты жеңіп алып, облысымызды үлкен жеңіске жеткізді. 1996 жылы қаламызда өткен Республикалық чемпионатында жеңіп алған 3 алтын 6 қола жүлделеріміз болды. 1997 жылы Ақтөбе қаласында самбо күресінен жастар арасында

өткен Әлем чемпионатында оралдық Бауыржан Мәмбетов Әлем чемпионы атанды. Бұлда обылысымыздың күрес тарихында жастар арасында қол жеткізген тұңғыш үлкен жеңісіміз болатын. 1998 ж. Калининград қаласында өткен әлем чемпионатына (52кг) күміс медальді олжалаған Қоңыс Жетпісов, осы жетістігін (Хихон қ. Испания 1999ж) келесі жылыда қайталады. Ол сондай-ақ осы жылы Кстов қаласында өткен Әлем Кубогін (57кг) жеңіп алды. 2000 жылы Азия чемпионы атанған Қ.Жетпісов, 2001 жылы Әлем чемпионы атағын жеңіп алған екінші оралдық балуан болды. Бұл шын мәніндегі әлемдік самбо күресіндегі ең үлкен көрсеткіштер.

Өкінішке орай, қазақстандық қыздар жеңіс тұғырына көтеріле алған жоқ. Мұны еліміздің ұлттық құрамасының бапкері Қайрат Тұрарұлы мықты деген қыздарымыздың былтыр өткен түрлі сайыстардан жарақат алып, қатыса алмауымен түсіндіреді. Үміт артқандардың біразы финалға жете алған жоқ. Оның есесіне самбоньң отанынан, яғни Ресейден келген арулар өз қоржындарын алтынға толтырды. Тоғыз салмақ бойынша да көрші елдің туы биіктен желбіреді. Ал 56, 60, 72 келі салмақ дәрежелеріндегі жүлде қорын түгелдей көршілеріміз еншіледі. Қыздарымыз жіберген есені әскери самбошы жігіттер қайтарды. Қазақстандықтар барлық салмақ дәрежесінде де жеңімпаз атанды және 62, 68 келі салмақтарда жүлде атаулысының бәрі иеленді.

Қорытынды: Осы мақалада бқо самбо күресінің шығу тарихы зерттелді. Самбо күресінің дамуына үлес қосқан жаттықтырушылары Тарих Тулегенов, Тілекқабыл Қамзиев және Қамеш Исмағұловтар. Олардың шәкірттері Рамазан Нұрмашев 1971 жылы КСРО-ның екі дүркін батыры Т.Бигельдинов атындағы бүкілодақтық турнирде күміс медальға қол жеткізді. 1989 жылы Алматыда өткен КСРО чемпионатында жеңіп алған алтын жүлдесі үлкен жеңістің басы ғана болатын. Нью-Йорк (АҚШ) қаласында өткен Әлем чемпионатында Асқар Шайхиев Әлем чемпионы атанды. Әлемдік спорттағы үлкен жеңістері үшін 1994 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері атағы берілді. Тақырыпты зерттеу барысында жинақталған мәліметтер бойынша. Спорттағы жетістіктері арқылы жас ұрпақ бойына елдік, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруна, мақала авторлары осындай пікірге келді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмағалиев К. Батыс Қазақтан облысы балуандары XX-ғасыр. –Орал, 2010. – б.36– 53.
2. Орал өңірі газеті, №11– 2006, 30 қараша.
3. Самбодан жасөспірімдер мен жастар арасындағы әлем чемпионаты. – Орал, 2003.

УДК 94(574) «1941.1945»

РАЗМЕЩЕНИЕ ЭВАКУИРОВАННОГО НАСЕЛЕНИЯ И МАТЕРИАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ (1941-1943, НА МАТЕРИАЛАХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ И АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТЕЙ)

Калинина Е.А.

ЗКГУ им.М.Утемисова, магистрант 1 курса

Методологической основой данной статьи является теория коллективной памяти. Согласно «Современному философскому словарю», коллективной памятью называется «совокупность действий, предпринимаемых коллективом или социумом, по символической реконструкции прошлого в настоящем» [1]. Субъекты сохранения коллективной памяти руководствуются в качестве идеала своей деятельности неким конструктом, который деятельно отстаивают, особенно в ситуации, когда в социуме фигурирует и конкурирует несколько версий прошлого. Коллективная память тесно связана с формированием коллективной и индивидуальной идентичности, проблемами легитимности политических режимов, идеологического манипулирования, с моральными аспектами прошлого.

Важное значение для осмысления темы имели идеи французского исследователя П.Нора о роли «мест памяти». «Места памяти» не являются местами в узком, географическом смысле, они определяются как своеобразные точки пересечения, на которых складывается и концентрируется память общества. Их главная функция — сохранение коллективной памяти». Как

поясняет Ю. Хмелевская, «местами памяти могут стать люди, события, предметы, здания, традиции, легенды, географические точки, которые окружены особой символической аурой. Их роль прежде всего символическая, т.е. напоминание о прошлом, наполняющее смыслом жизнь в настоящем» [2].

П. Нора предложил назвать наше время «мемориальной эпохой». Одно из проявлений этого – интенсивное использование прошлого – политическое, туристическое, коммерческое. Во многих странах отмечен подъем в проведении мемориальных мероприятий, отмечается увеличение их количества, география проведения, популяризация работы в этой сфере. Казахстан, инициировавший мировой общественности проект «Рухани жангыру», не составляет исключения.

Стоит отметить, что Великая Отечественная война – событие судьбоносное. Являясь частью Второй мировой, она определила исход самой кровопролитной – в истории человечества – войны. Вторая мировая война прочно удерживает первенство среди самых кровопролитных конфликтов. Даже сейчас, спустя десятки лет с момента ее завершения, не представляется возможным назвать точное число жертв. По разным подсчетам, от 40 до 72 миллионов человек. Она же признана самой разрушительной: общий ущерб воюющих стран превзошел материальные потери от всех предыдущих войн вместе взятых и считается равным полутора, а то и двум триллионам долларов. В этой войне – по этой причине ее именуют мировой – в той или иной форме участвовали 62 государства из 73 существовавших в тот момент на планете, или 80% населения Земли. Она шла на земле, в небесах и на море. Боевые действия велись на трех континентах и в водах четырех океанов. Это был единственный до настоящего момента конфликт, где применялось ядерное оружие. Именно поэтому память о ней должна бережно храниться и передаваться нашим детям. В преддверии 75-летия победы в ВОВ тема, поднимаемая мною в диссертации, имеет огромное значение.

До сих пор в архиве Западно-Казахстанской области есть засекреченные фонды с документами этой войны (например, фонд П-37, опись 11, дело 1077, связка 22 «Материалы об эвакуированных предприятиях и населения. Отчеты»). Хотелось бы перелистать старые документы и восполнить белые пятна истории, пролить свет на судьбу тысяч и сотен тысяч людей, их

героизм и самоотверженный труд, рассказать миру о том, как простые люди сознательно решались на трудные, а порой невыполнимые для человеческого организма задачи, соглашались на невероятный труд без сна и отдыха, выполняя его на хлебном пайке, который не питал и поддерживал организм, а просто не давал умереть. В наше время индивидуализма это кажется невероятным, ведь нет ничего дороже человеческой жизни именно потому, что она безвозвратна.

Мне удалось поработать с архивами, в частности, с фондами №1000 и №715, упоминания об исследовании последнего я не встречала у авторов, ранее исследовавших темы ВОВ для Казахстана и, в частности, Западно-Казахстанской области до меня (Г. Абишев, М.Козыбаев, П.Букаткин, М. Сдыков, Г.Мажитова, М. Мухамбетов). Заявления, которые я буду цитировать в статье, были написаны на кусочках обоев, чистых бланках свидетельств комиссариата народного образования Казахской ССР. Так, мне запомнилось заявление, написанное на обратной стороне страницы с содержанием книги о войне, где одна из глав называется «На страже советской земли». Узнать точное название книги мне пока не удалось, уточню лишь, что эта книга была выпущена в Москве в 1938 году и содержит рассказы А. Лаптинского, В.Арсеньева, Е. Цитович и Е. Болтина, Е. Симонова, Л. Жигарева, Е. Кригер...

Эти документы дают возможность понять ситуацию, происходящую в прифронтовой зоне в микроисторическом смысле. Поэтому к любым строкам и цитатам, принимая во внимание трудное время их написания, следует относиться с большим уважением.

Уже летом и осенью 1941 года в г. Уральск, ставший позже прифронтовой зоной, стали прибывать эвакуированные: Ворошиловоградская военная школа пилотов, Одесское Краснознаменное пехотное училище им. Ворошилова, Ленинградское военное училище связи им Ленсовета, 22-ая и 40-ая военно-авиационные школы воздушных стрелков-радистов и младших авиаспециалистов. Сюда эвакуировали Московскую школу радиоспециалистов, курсы младших лейтенантов и командиров рот Сталинградского фронта, 249-ый полк 35-ой дивизии НКВД, 1-ый и 43-ий отдельные ремонтно-восстановительные батальоны связи, 489-ый линейный батальон

связи, 106-ую и 11-ую отдельные телеграфно-строительные роты, военно-оперативный узел связи, 54-ую базу резерва танков и самоходных установок, 8-ой и 34-ый автобатальоны, филиал центрального химполигона Красной армии, 5-ый батальон химической обороны, Центральный химсклад №3435 и химическую мастерскую литер «М», 3-ий фронтовой железнодорожный парк. Для эвакуации сюда направили 5-ый и 71-ый отдельные батальоны воздушного наблюдения, оповещения и связи (ВНОС), авиасклад №19 и автобронетанкового имущества №2035, 10 фронтовых эвакогоспиталей (2343, 1806, 3261, 304, 2997, 3011, 3974, 3975, 4111 и сортировочный) и передвижной госпиталь №3261, 214-ый и 213-ый Центральный и окружной продсклады и 40-ой полевой мясокомбинат. В числе эвакуированных предприятий значатся также 1622-ой санитарный и 707-ой ветеринарный фронтовые склады, 2122-ой и 1048-ой базисные склады ГСМ, этапно-заградительная комендатура, отдельная рота по охране архивов Великой Отечественной войны, 335-ая и 399-ая аэродромно-технические роты, 189-ая аэродромно-техническая команда, 126-ая комендатура промежуточного аэродрома, 16-ая и 57-ая отдельные радиостанции «РАФ», 354-ый авиасклад боеприпасов и отдельные подразделения.

Для их размещения и создания необходимых условий для подготовки командного и начальствующего состава, выполнения заданий фронта и особенно лечения раненых, требовались соответствующие помещения, а также жилье для обслуживающего персонала.

Для организации и руководства эвакуацией ЦК ВКП (б) и СНК СССР в первые дни войны приняли постановления «О порядке вывоза и размещения людских контингентов и ценного имущества» и создании Совета по эвакуации во главе с Н.М. Шверником, а позднее Управление по эвакуации населения, созданное при Совете по эвакуации. Значительная часть эвакуированных направлялась в Казахстан, поэтому при СНК Казахской ССР была создана комиссия по приему и устройству эвакуированных.

Западный Казахстан стал домом для тысяч беженцев. Можно выделить три основные направления эвакуации: индивидуальное беженство, организованная эвакуация мирных жителей и эвакуация инженерно-технического персонала и

высококвалифицированных рабочих с членами их семей. Для приема прибывших создавались эвакуопункты, которые занимались, помимо прочего, организацией эвакогоспиталей, размещением эвакуированных предприятий. «По мере усиления потока беженцев были созданы специальные переселенческие управления по областям. Они подчинялись непосредственно Совнаркому Казахской ССР и Переселенческому управлению СНК СССР. В областях региона такие управления были образованы уже в июле 1941 года».

В Западно-Казахстанской области приемом эвакуированных занимался переселенческий отдел, а 3 сентября 1941 года специальным решением Исполкома областного Совета депутатов трудящихся был создан эвакуационный отдел.

«В начале августа 1941 года секретарь Мосгорисполкома Кудрявцев телеграммой сообщил: «Отправлен Уральск один поезд детей и взрослого населения прошу обеспечить их прием». С этого времени в область начали прибывать эвакуированные из Москвы, Ленинграда, Киева и других областей страны. Работа осложнялась тем, что Уральску пришлось принять на себя заботу о питании, медицинском обслуживании огромного потока эвакуированных, следовавших в Казахстан и среднюю Азию. Причем значительная часть эвакуированных оседала здесь, перекрыв все расчеты эвакоотдела республики на равномерное распределение по областям. На 5 сентября Казахстан принял 18% запланированного ему эвакуонаселения, а Западно-Казахстанская область уже около 50%».

В связи с резким увеличением населения и прибытием крупных предприятий из прифронтовой полосы в Уральске создали специальную комиссию по упорядочению их размещения во главе с секретарем обкома партии и заместителем председателя исполкома областного Совета депутатов трудящихся. На вокзалах члены комиссии установили постоянное дежурство.

Точную цифру эвакуированных указать не представляется возможным из-за отсутствия учета в первые месяцы войны, огромного потока переселенцев и малочисленного состава переселенческого управления.

«Первоначально состав Западно-Казахстанского областного переселенческого управления состоял из 5 человек. Поэтому учесть всех прибывших было практически невозможно». В

материалах имеются расхождения по цифрам, что говорит о неполноте учета эвакуированных, самовольном переселении под влиянием ухудшившейся обстановки на фронте, которая приводила к переевакуации людей... В ноябре 1941 года эвакоотдел сообщает, что в область прибыло 37 153 человека, но только по 15 439 имеется списки.

Партийные, советские и особенно профсоюзные организации проявили большую заботу о приеме и размещении эвакуированных. «Жители Уральска предоставили для их размещения 5604 квартиры и комнаты. 4435 семей получили топливо, отпущено более чем на 80 тысяч рублей промышленных товаров и 195 005 горячих блюд на сумму 224 тысячи 832 рубля. Эвакуированное население, размещенное в колхозах, было обеспечено хлебом и жирами. В колхозах имени Володарского и «Красный трудовик» Приурального района эвакуированных обеспечили валенками, пошили телогрейки шаровары. В колхозе имени Чапаева Каменского района для эвакуированных приобрели 10 коек, каждому выделили по 1,5 кг шерсти для вязки теплых варежек и чулок, большинство эвакуированных обеспечивали себя продуктами питания за счет работы в колхозах. Так, в колхозе «Политотдел» Зеленовского района (ныне район Байтерек) из 29 трудоспособных 26 человек перевыполняли нормы трудодней и полностью обеспечивали себя хлебом» [3].

Особую заботу проявили к детям, эвакуированным в Уральск из домов ребенка и детских домов: Харькова, Тулы, Полтавы, Ворошиловограда, Могилева. Хотимска и других городов. «Почти единовременное размещение более 1300 детей вызвало на первых порах серьезные осложнения: не хватало коек, теплой одежды и белья, мыла, имели место перебои с топливом. Комсомольцы города, совместно с городским отделом народного образования, в короткий срок организовали подвозку топлива, собрали среди населения города и раздали детям более тысячи штук различного теплого белья, одежды, обуви, наладили регулярное горячее питание. Детей обеспечили играми, книгами и музыкальными инструментами. Более 190 детей-сирот, потерявших родителей на фронте, при бомбежках во время эвакуации был взяты на воспитание женщинами-патриотками, окруживших маленьких граждан материнской заботой и лаской».

Много детей размещали в Чингирлауском детском доме (поселок Чилик), Круглоозерновском (Зеленовский район), Новопавловском (Теректинский район).

«За первые 6 месяцев войны только в Бурлинский и Чингирлауский районы прибыло 1353 ребенка» [4].

Большая помощь эвакуированному населению была оказана в снабжении хлебом за счет фондов государства. Кроме того, 1 июня 1942 года эвакуированные получили единовременных пособий на сумму 243 тысячи 835 рублей.

В соответствии с постановлением правительства республики были выделены средства, строительные материалы и область приступила к упрощенному строительству жилья для эвакуированного населения.

Помимо единовременных пособий по решению Правительства СССР рабочим, служащим и членам их семей выплачивалось пособие в размере месячной заработной платы. В итоге выплаты населению в связи с эвакуацией только во втором полугодии 1941 года составили по Советскому Союзу около 3 миллиардов рублей.

Эшелоны с оборудованием, рабочими и их семьями еще двигались по железным дорогам центральных областей России, а в Казахстане в оперативном порядке были изысканы свободные производственные площади и возможные варианты перемещения местных предприятий и учреждений для приема и размещения эвакуированных предприятий и жилье для рабочих и их семей. Проблема решалась за счет достраиваемых зданий, организаций и учреждений, которые легко переместить. Так, в Западно-Казахстанской области изыскали 13 тысяч квадратных метров. Уральск, расположенный на границе Европы и Азии, имеющий крупную железнодорожную станцию, речной путь, был в начале войны глубоким тылом, куда эвакуировали – полностью или частично – 14 промышленных предприятий и приняли на хранение оборудование семи эвакуированных предприятий (в том числе Полтавский институт сельскохозяйственного строительства и несколько научно-исследовательских станций).

В числе первых в августе 1941 года в Уральск начало прибывать оборудование Ореховского моторемонтного завода. Из Киева доставили оборудование валяльно-войлочной фабрики, артели «Объединение» из Суража. В сентябре встречали рабочих и

оборудование ленинградских заводов №231 им. К. Ворошилова, «Двигатель», а позднее оборудование с заводов «Компрессор», «Знамя труда». В ноябре частично поступило оборудование завода «Красный факел», кожевенного завода имени Землячки из Москвы, Рязский ликероводочный завод, южное геодезическое предприятие из Ростова, а позднее – полностью или частично – оборудование предприятий связи из Одессы, Полтавы и Запорожья, Орловской типографии, Киевского мясокомбината и других городов: Сталинграда, Харькова, Курска, Тулы, Мелитополя, Сумы, Ельца.

Производственных площадей не хватало, поэтому эвакуированным предприятиям передавалась значительная часть рабочих площадей местных заводов, фабрик, мастерских, гаражей, вплоть до школьных зданий.

По мере прибытия новых эшелонов с эвакуированными дала о себе знать перенаселенность в городе. «Исполком областного Совета депутатов трудящихся установил временную жилищно-санитарную норму во всех жилых домах Уральска сначала на 5, а затем 4 квадратных метра на человека, запретил частным владельцам вселение жильцов на излишнюю жилплощадь без разрешения исполкома горсовета, сократил до минимума список лиц, пользующихся правом на дополнительную жилплощадь. Фактически уже вскоре нормой стали 2 квадратных метра на человека и нередко в комнате в 10-12 метров жили 9-11 человек. Зампредседателя СНК Казахстана Шнырев в своей телеграмме от 07.03.1942 года, сообщил о принятом специальном Постановлении ЦК Казахстана и СНК республики от 08.03.1942 года о необходимости принятия срочных мер по разгрузке чрезмерного скопления эвакуанов в Уральске» [3].

Несмотря на это, обстановка в Уральске еще очень долгое время складывалась аналогично.

Будет уместным привести документы переселенческого отдела из фонда №1000 «Переписка с переселенческим отделом, отделом по хозяйству по оказанию материальной помощи эвакуанам и другая переписка» (19.12.1941 0- 10.12.1945). Так, в ведомости №11 имеются данные о выдаче пособий остро нуждающимся эвакуированным семьям. Только за шесть дней декабря, с пособия (от 25 до 300 рублей на руки) получили 23 человека на общую сумму 1975 рублей. Обратившиеся Михаил Курасов и Алексей Иванов получили максимальные

пособия в 200 и 300 рублей соответственно. Мама двоих детей Глейзер, эвакуированная из Первомайска Одесской области писала «Нахожусь сейчас в больнице (детской) с больным ребенком – сыном 5 лет. Дочь 12 лет также больна, находится в городской больнице. Я очень нуждаюсь. Из дома выехала в чем стояла с двумя детьми. Прошу вас оказать ... материальную помощь для того, чтобы дать питание больным детям» (стилистика и орфография сохранены). Ей, nasledующий день после написания заявления, выдали 80 рублей. 70 рублей получила М.И.Тартаковер «Прошу оказать единовременную денежную помощь я эвакуированная из г. Кировограда имею на иждивении 3-х детей и 2 сыновей в РККА».

Были случаи, когда в отдел обращались за денежной помощью для того, чтобы покинуть город. Например, такое заявление писала Фридман Р.А., рассчитывая на помощь для выезда в Саратов к семье, которая находилась на ее иждивении. Сама заявительница, инструктор сектора учета кадров Курского обкома ВКП (б) оказалась в Уральске как сопровождающая партдокументы этого обкома. 24 декабря 1941 года ей выдали 100 рублей. Аналогичную сумму получила многодетная мама Гинде Д.Е. из Харькова «У меня 5 детей, очень нуждаемся. Совершенно нет у нас одежд и обуви. Прошу помочь мне, 2 сына в Красной Армии».

И хотя временные рамки моего труда определяются первыми тремя годами войны, не могу не упомянуть заявления горожан, написанные в 1945 году. Строки, полные горечи и страданий, заставляют представить трудные условия, в которых жили и работали люди, какой ценой заработали они победу. Так, В.Вакощик в августе 1945 года писал (стилистика, пунктуация и грамматика сохранены) «просто умираем от голода и нам выслали вызов и мы не имеем надорогу чем поехать то что это товарищ заведующе просим вас очень очень увойти в наше положение». Меркина С.Л., эвакуированная из Киева и проживающая около двух лет в Уральске с дочерью, писала в 1945 году «Квартира наша даже не похожа на сарай, ибо дома мы коров в таком помещении не держали. Ничего у меня нет. Спим на земляном полу, подстилая кучку сена. Ни одеяла, ни подушки – ничего нет. Я сама совершенно раздетая, разутая, средств на приобретения чего-нибудь нет. Муж мой с первых дней войны ничего не дает о себе знать, все близкие родственники в Киевской области. Остается один выход – утопиться в Урале, чтоб

больше не мучиться. Жаль только дочь, которая не видела еще хорошего... Помогите, не дайте погибнуть. Я совсем пала духом от безвыходного положения». Практически сразу же, 30 августа 1945 года женщине выдали 200 рублей [5].

О положении дел на местах красноречиво говорит и заявление Омельченко О.М. из Ворошиловограда, эвакуированной в Алматы и в 1945 году возвращавшейся на родину, в котором сохранены стилистика, пунктуация и грамматика: «...еду домой у меня в дороге выкрали вещи и деньги я сама болею и у меня 3 детей маленькому 5 лет нечего адиват и обувати прошу вас посмотриши мои положения...». 17 октября 1945 года ей выдали 300 рублей.

Стоит обратить внимание и на то, что не всегда эвакуированным на местах уделяли должное внимание. Об этом повествуют документ фонда №715, опись 1, дело 703, связка 76, где хранятся документы отделов Западно-Казахстанской прокуратуры по надзору за размещением эвакуированного населения. Так, 17 января 1942 года в отдел общего надзора поступила жалоба от эвакуированных, проживающих в колхозе «Жигер» Тайского аулсовета Жанибекского района о невнимательном отношении к их бытовым условиям со стороны аулсовета и руководства колхоза. Жалобы были проверены на месте и в основном факты подтвердились. Прокурор Сепетов пишет о том, что «жалобщикам выдано из колхозной кассы взаимопомощи 500 рублей денег и давались указания обеспечения продуктами питания. Также приняты необходимые меры по снабжению топливом и санитарным обслуживанием. Причем, тем гражданам, которые не имеют трудодней в колхозе, предложено выдавать продукты авансом в счет трудодней 1942 года. Вопрос привлечения к уголовной ответственности по этому вопросу председателя колхоза не вызывался необходимостью».

Эти документы дают возможность понять, какой была обстановка в городе прифронтной зоны. Западный Казахстан, как известно, стал временным домом для тысяч эвакуированных. Не только партийное руководство, но и рядовые жители делали все возможное, чтобы оказать помощь людям, потерявшим на войне родных и близких, дом. Несмотря на трудные условия жизни, нехватку продовольствия, скудное обеспечение и болезни,

эти люди работали, превышая все мыслимые нормы труда, давали фронту не только боеприпасы и одежду, но и провиант.

Трудовой подвиг трудно оценить в мирное время. Объединив беспристрастный подход, субъективные точки зрения и возможности, которые дает клиометрика, можно лишь приблизиться к пониманию происходящего в первые годы войны, поэтому лучшим выходом видится простая констатация, выраженная в лозунге «Никто не забыт, ничто не забыто», ставший достоянием общенародной памяти.

Список литературы

1. Турбина Е.Г. Память коллективная // Современный философский словарь/ Под общ. Ред. Е.В. Кемерова, издание 2-ое, испр. и доп. Лондон; Франкфурт-на-Майне; Париж, Люксембург; Минск: ПАНПРИНТ, 1998 год, стр.634
2. Хмелевская Ю.Ю. «О меморизации истории и историзации памяти // Век памяти, память века». г. Челябинск, 2004 год, с. 13.
3. Букаткин П.Р. «Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945) // . Г.Уральск, издание второе дополненное, 2005 год, стр. 31-32
4. Г.Мажитова, М. Мухамбетов «Помощь детей Западного Казахстана фронту (1941-1945)», Чапаевская укрупненная типография, 1995 год, стр 8.
5. Сдыков М.Н. «История населения западного Казахстана», Алматы, ТОО «Курсив», 2004 год, стр.248.
6. Государственный Архив Западно-Казахстанской области, фонд 1000 «Переписка с переселенческим отделом, отделом по хозяйству по оказанию материальной помощи эвакуационному и другая переписка» (19.12.1941 0- 10.12.1945), страницы 5, 7, 12, 15.
7. фонд №715, опись 1, дело 703, связка 76, «Документы отделов Западно-Казахстанской прокуратуры по надзору за размещением эвакуированного населения», страница 1 и 2.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕЗЕҢДЕРІ: ҒЫЛЫМИ САРАПТАМА

Қайыржанов Т.Ө.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, студенті

XV ғасырдың ортасында Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Керей мен Жәнібек хандар құрған ұлыс көп ұзамай бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтағы мемлекеттің бірден-бір көрінісі болды. Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Дария Қожамжарова Қазақ хандығының тарихы туралы материалын Егемен Қазақстан газетінде жариялады.

Қазақ хандығы біртұтас, бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік құрылым ретінде 1465 жылдан бастап 1847 жылы ең соңғы қазақ ханы Кенесары өмірден озғанға дейін төрт ғасыр бойы өмір сүріп, тарих сахнасында мәңгіге өз еншісін алды. Қазақ хандығының генезисін, яғни қалыптасу, даму кезеңдерін сараптағанда дамыған шаруашылық формаларының орныққанын, яғни көшпенді және жартылай көшпенді өмір салтын ұстанып, жер өңдеу ісінің, кәріздік суару жүйесінің, кен өндірісінің болғанына көз жеткіземіз.

Ұлы Жібек жолы бойындағы көне шаһарлар өркен жайып, қалалық сауда-саттық жүйесі қалыптасып, «Жеті Жарғы» аталатын дала заңының жиынтығы бекітілді. Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығының басқару жүйесі сол заманға сай болып, орасан зор аймақты қамтыған, әрі өзін басқа көршілеріне мойындатқан Орталық Азиядағы ірі құрылымның біріне айналды.

Төл тарихымыздан сыр шертетін аса құнды еңбектің авторы, ғұлама ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақ ордасының туы тігілген киелі Шу өңірін «Моғолстанның мәшһүр жері» деп атайды. Бұл уақыт мемлекеттік құрылымның түзілуіне негіз болған, өзіне тән тілі, салт-дәстүрі, мінез ерекшелігі, атамекені, сондай-ақ, ортақ мүддесі бар халқын «қазақ» деген атаумен қалыптасудың алғашқы сатысы еді.

Қазақ хандығының құрамына енген ру-тайпалардың өзара экономикалық, мәдениет және қоғамдық-саяси байланыстарының нығая түсуі, этностық аумағының анықталуы, осының негізінде ортақ жалпы ұлттық мүдденің қалыптасуы және оны сырттан

төнген қауіптен ұйымдасқан түрде қорғау қажеттігі белгілі дәрежеде орталықтандырылған басқарушы билік жүйесінің пайда болып, оның ширай түсуіне алып келді. Қазақ хандығының жүйесіндегі тағы бір ерекшелік, елдің билеушісі хан болса, оның жанында билер мен батырлар тұрды.

Бұл тұлғалар, ұлттың өзін өзі тануы, басқа этностармен қатынаста өз мүддесін түсінуі нәтижесінде өмірге келсе, өз ретінде олар ұлттық ұйысудың тезірек жүруіне, ұлттық құндылықтардың пісіп-жетілуіне пәрменді ықпал жасады. Осылайша, Қазақ хандығы біріншіден, қазақ даласында өмір сүрген қағанаттар мен мемлекеттердің заңды мұрагері болса, екіншіден, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуына тарихи сабақтастық ретінде идеологиялық тұрғыдан бірден-бір негіз қалады.

Елбасымыздың 2014 жылы Ұлытау төрінде берген сұхбатында: «Қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталатынын, ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасатынын, одан кейін Алтын Орда орнығып, әрі қарай хандық дәуірге ұласатынын және біртіндеп бүгінгі Тәуелсіздікке келіп тірелетінін» атап өтті. Қазақ хандығы өзінің дамыған мемлекеттік басқару жүйесімен, құқықтық ережелерімен және сол замандағы өңірдегі ірі геосаяси ойыншылар – Ресей және Цин империяларымен орнықты әлеуметтік-экономикалық байланыстар жасау, сауда және дипломатиялық қарым-қатынастар жасаумен ерекшеленгені белгілі деп бекерден-бекер ерекше атамаса керек.

Қазақ хандығының тарихындағы маңызды және күрделі, әрі аса қызықты мәселенің бірі – хандықтың құрылуы мен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы 2,5 мың жылдай уақытқа созылған этнопроцесс өзінің мәресіне жетіп, ұлттық сипатқа ие болып, қазақ халқының қалыптасуымен бір кезеңде жүзеге асты. Қазақ хандығының құрылуын, мемлекеттіліктің дамуы тұрғысынан қарастырсақ, онда ол жалпылама түрде Қазақстанның ежелгі тарихындағы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, ерте орта ғасырлардағы Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ, Қарахан, одан кейінгі Алтын Орда және Ақ Орда тарихымен тікелей байланысты.

Бұл құрылымдардың атаулары әртүрлі болғанымен оларға ортақ тән нәрсе бір аймақ пен сол жерде өмір сүрген ру-тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің тегі мен тілі, шаруашылығы мен

мәдениеті, діни-рухани жағынан ортақтығы жатты. Бұлардың атауы бұрын билеуші әулеттерді шығарып отырған тайпалар атауларымен байланысты болып келсе, Қазақ хандығы алғаш рет қазақ халқының құрамына енген тайпалардың бірінің емес, барлық тайпаларға ортақ атпен атала бастайды. Бұл дегеніміз – Қазақ хандығын бір тайпаға емес, елдік бірігуінің нәтижесі болатын.

Бұнымен қатар, бұл жаңа этноқауымдастық немесе жаңа этнос атауына қатысты екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, Қазақ хандығының құрылуы саяси жағынан алғанда XIV-XV ғасырларда қазақ даласы мен оған көршілес аумақтарда өмір сүрген Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Моғолстан және Мауереннахрдағы Темір әулеті билеген кездердегі саяси қарым-қатынастардың дамуының заңды қорытындысы болып табылады. Қазақ хандығы құрылуының маңызы осындай этникалық саяси дамулармен тығыз байланыста ерекшеленеді. Алайда, Қазақ хандығының құрылуы мәселесі ғылыми жағынан маңызды, өзекті мәселелердің бірі болса да, тәуелсіздік алғанға дейін кеңестік биліктен қаймыққан отандық тарихшылар тарапынан жете көңіл бөлінбегені рас.

Тек Қазақ елі егемендік алғаннан соң ғана зерттеушілер басқа да мәселелермен бірге Қазақ хандығының құрылуы тарихына қызығушылықтар таныта бастады. Нәтижесінде Қазақ хандығының тарихы жас мемлекетіміздің идеологиясын қалыптастыруға септігін тигізді. Оған бірнеше дәйек келтіруге болады.

Біріншіден, 1991 жылы өзінің саяси дербестігін жариялаған Қазақстан Республикасы мен XV ғасырдың ортасында өз туын тіккен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық, жалғастық, үндестік және идеологиялық өлшемдердің болғандығын сезіну, соларды дәлелдеуге бағытталған талпыныстар;

Екіншіден, Қазақ хандығының тарихы арқылы қазақ халқының шығу тегін білуге деген қызығушылықтар; үшіншіден, қазақ халқының XV-XVIII ғасырлар және XX ғасырдың соңындағы мемлекеттілігі атауларының негізінде «Қазақ» сөзі тұрғандықтан, екі тарихи кезең арасындағы байланысты бағамдау;

Үшіншіден, қазақ хандығының тарихы негізінде қоғамды мемлекетшілдік идеяға жұмылдыру, жас буынды өз мемлекетін сүйуге, патриотизмге тәрбиелеуге шыңдау, т.б. Жалпы алғанда, Қазақ хандығының тарихын қоғамға паш ету ғылыми жағынан ғана емес, бүгінгі күннің идеологиялық талаптарынан туындап жатқан құбылысқа айналуы тиіс.

Яғни, XV-XIX ғасырлар арасын қамтыған Қазақ хандығы Қазақстан тарихында ерекше орын алып қана қоймай, осы кезеңде қалыптасқан ұлттық сана мен халықтың өзіне тән ерекшеліктері қазіргі біздің қоғаммен тікелей ұштасып жатыр. Сонымен қатар, сол кезде өмір сүрген хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздардың жүріп өткен іздері және ерлік пен елдікті дәріптеген небір айтулы тарихи қызметтері қазіргі таңдағы жас ұрпақ үшін өшпейтін үлгіге айналып отыр.

Тіпті, XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысының негізгі мақсаттарының бірі де – қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ететін, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру жоспары да Қазақ хандығымен байланыста дамыған. Алайда, тарих үрдісі көрсеткендей ол жүзеге аспай қалды. Ал кеңестік негізде құрылған Қазақ АКСР-ы, одан кейінгі Қазақ КСР-да қағаз жүзінде егеменді деп аталғанымен, іс жүзінде орталықтың толық бақылауында болып, ұлттық мүддеден гөрі орталықтың мүддесіне сай саясат жүргізілді. Сөйтіп, қазақтардың санасына мемлекетсіздік идеясы бірте-бірте сіңіріліп, мемлекеттілікті Ресейдің әкелгендігі сияқты қасаң қағида бірте-бірте қалыптаса бастады.

Тіпті, өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Ресейдің орталық мерзімді басылымдарында «Қазақстан Республикасы ұзақ өмір сүре алмайды. Өйткені, тарихта қазақтардың өз мемлекеті болмаған, оларға мемлекеттілік идеясы жат», деген пиғылдағы ойлардың белең алғаны бәрімізге белгілі. Мұндай пікірлер әлі де толық өшпей жатқаны шындық. Сондықтан, осындай теріс пиғылдағы көзқарастарға тек тарихшылар тарапынан жүргізілген ғылыми негіздегі объективті зерттеулер ғана тосқауыл бола алады.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін қорытындылай келе, Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі деп есептеліп, сол кезде басталған этникалық дамуларды қазіргі уақытта ұлттық деңгейге жеткізіп, Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына ықпалын тигізіп, Қазақстан Республикасы деп аталатын жаңа мемлекеттің құрылуына негіз қалап, идеологияның тарихи өлшеміне айналды.

XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМНІҢ ДАМУЫ

Хайрушева А.Ж.

М.Өтемісов атын. БҚМУ 2-курс студенті

Қазақстандағы халық ағарту ісі екі бағытта: діни және жай азаматтық бағытта дамыды. Діни бағыттағылары балалар ата-аналарының қаражатымен ұсталған мектептер мен медреселер болды. Олардағы оқу араб алфавиті бойынша жүрді. XIX ғ. өзінде Ш. Уәлиханов негізінен алғанда татар молдалары ұстаздық еткен ауыл мектептерінің ауыр жағдайы туралы ашына жазды.

XX ғ. басында мектептер уақыттың өскелең талаптарын қанағаттандырудан қалды. Діни мектептерді қайта құру жолындағы қозғалыс басталды. Оны ұйымдастырушылар жадидшілдер болды. Олар оқытудың әріп құрастыру тәсілін дыбыстық тәсілмен алмастыруды ұсынды, мектептерде азаматтық пәндердің – арифметиканың, географияның, жаратылыстанудың, тарихтың және басқаларының оқытылуы керектігін дәлелдеді. Соған қарамастан оқытудың жаңа тәсіліне көшкен мектептер көбейе қоймады. Діни білім беру жүйесінде медресенің ықпалы зор болды. Олар молдалар, мектеп оқытушыларын даярлады және міндетті түрде мешіттер жанында жұмыс істеді. Медресенің үлгісіне қарай олардағы оқу мерзімі – үш жылдан төрт жылға дейін созылды. Олардың шәкірттері ісләм дінін үйренумен қатар, философиядан, астрономиядан, тарихтан, лингвистикадан, медицинадан, математикадан мағлұматтар алды.

Мектептер мен медреселер - халық ағарту ошағы ғана емес, жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық тарих, мәдениет, ислам діні мен моральдық-адамгершілік құндылықтарымен тығыз байланыста болды. Бүгінгі таңда мұсылмандық мектептер мен медреселерде оқыту, әсіресе жаңа буындағылардың үйренуіне жағдай жасалып, уақыт талаптарына толық сәйкес келетінін айта аламыз.

Қазақстан аумағындағы мектептердің басым бөлігі XIX ғасырдың 30-50 жылдары пайда болды. Қазақ мектептері үшін үй-жайлар киіз үйлер, ал қыста жертөлелер болды. Киіз үйлерді әдетте

жеке адамдар қайырымдылық ретінде беріп отырды, ал жертөлелер бүкіл ауылдан бөлінген қаражатпен жасалды [1, 525 б.].

Мектептерде оқу мерзімі 5 жылдан 8 жылға дейін болды. Мектептерде сабақ уақыты және сыныптарға бөлінген бөлмелер болмады. Оқу кезеңдері бір кітапты игерген кезден екінші кітапқа дейінгі уақыт аралығы деп қарастырылды. Сонымен, мұсылмандар үшін маңызды деп саналған «Хавтияк» кітабымен игеру сыныптан сыныпқа ауысумен тең болды [2, 13 б.].

Мектептердегі оқу курсы қойылған мақсатқа сәйкес болды. Оған араб және түрік тілдерінде оқу, жазу, ислам догмасы және арифметикадан алынған кейбір мәліметтер кірді. Мектептегі студенттер саны 15 адамнан аспады. Қатаң тәртіп сақталды, бағынбағаны үшін дене жазасы қолданылды. Бағдарлама мен жарғыларға келетін болсақ, олар ресми түрде бекітілмегенін айту керек. Мұғалім оқу бағдарламасын өз бетінше анықтады. Нұхтың мектебі мен медресесін ұйымдастыру мен қызмет етуінде көп ортақ тұстары болған. Оқытудың әдістері мен тәрбиелеудің жүйесі дәстүрлі жүйеге айналды.

Оқу процесін ұйымдастыру және мектептерде қолданылатын оқыту әдістері діни схоластикалық мектептерге тән болды. Жаттығу жеке болды, бұл бүкіл оқу жылында студенттерді қабылдауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс барлық студенттермен бір уақытта жұмыс істеуге мүмкіндік бермейтіндіктен, молда мұғалімі көмекшілерді (хальф) тағайындады.

Қазақстанның көптеген мектептерінде, соның ішінде Батыс Қазақстандағы студенттердің ата-аналары ерікті түрде оқу ақысын төлеп отырды. Молдалар, сауатты татарлар мен қырғыздар ер балаларға сауаттылықты арттыру үшін әр 6 айға сиырдан немесе 5 қойдан, жылқыдан немесе түйеден алып отырды. Мұсылмандық білімнің таралуы маңызды болды. Қандай да бір дәрежеде, мұсылман дінбасыларының мешіттерінің статистикасы Құран мектептерінің саны туралы мәселені шешуге көмектеседі. Батыс Қазақстандағы мұсылман мектептері желісінің пайда болуы мен кеңеюі, статистикалық деректері бір-біріне қарама-қайшылықты болса да, дереккөздер мен жалған құжаттар арқылы расталды.

Ішкі Ордада, 1868 жылға дейін, яғни әкімшілік реформасына дейін жалғыз орыс-қазақ мектебінен басқа хан ставкасында тек мұсылман мектептері мен медреселері болды. Ішкі Орданың

екінші аймағының бұрынғы мұғалімі Н. Левановтың мәліметі бойынша 1872 жылы Ордада 154 мұсылман мектебі болып, онда 3821 шәкірт оқыды. Училищелердің ресми есептерінде 38 мұсылман мектебі мен медресесі бар екенін айтады (ресми емес деректерде - 56). Ал, «Астраханский вестник»-тің дерегіне сүйенсек 1889 ж. 1-қаңтарында Бөкей Ордасында 60 мектеп болған. Оларда 1679 оқушы оқыса, оның 1436-сы ер балалар, 243-і қыздар болған. XIX ғ. аяғына таман орыс-қазақ мектептерінің көбеюіне байланысты мектептер мен медреселердің және олардың оқушыларының саны азая бастайды. Сонымен бірге орыс тілін меңгеру үшін мұсылман мектептері мен медреселерінің жанынан орыс кластары ашыла бастады. 1896 жылы Новая Казанка медресесінің жанынан ашылған орыс класында 32 оқушы оқыса, Хан Ордасындағы мектептің орыс класында 84 оқушы оқыды[3, 82б.]. Осылайша, дереккөздердің статистикасы Ішкі Ордадағы мұсылман мектептерінің саны туралы әртүрлі ақпарат беретінін көреміз.

Уақыт өте келе, Жәңгір хан жергілікті мешіттердегі барлық татар, Бұхара молдаларын жергілікті тұрғындар өкілдерімен алмастыруды мақсат етті. Орал өңірінде жеке мұсылман мектебінің жағдайы біршама нашарлады. Мұсылмандық білім беру жүйесінің дамуы патша әкімшілігінің бірыңғай саясаты аясында жүргізілді. Мұсылман оқу орындарының қызметін қатаң бақылайтын ресми құжаттар болды.

Атап айтқанда, Мемлекеттік кеңестің 1874 жылғы 20 қарашадағы шешіміне сәйкес қазақ даласындағы барлық мектептер, соның ішінде мұсылман мектептері де Халық Ағарту министрлігіне бағынышты болды. Бірақ бұл шешім 1882 жылы 5 ақпанда Мемлекеттік кеңес ережені бекіткен кезде күшіне енді. Соған сәйкес барлық шетел мектептері, соның ішінде орта мектептер мен медреселер Халық Ағарту министрлігі департаментіне бағынды. Мектептер мен медреселердің қызметін бақылау және есепке алуға болатын мектептер жөнінде арнайы инспекторлар бекітілді [4, 44 б.]. 1868 жылдың 21 қазанында дала аймақтарын басқару туралы Уақытша ереже қабылданды. Жаңа әкімшілік бөлініс енгізіліп, губернаторлық генералдар құрылды. Бұл олардың барлық қызметтерді басқаруда, соның ішінде білім беру жүйесін толық бақылауды қамтамасыз етті. Жыл сайын әскери губернаторлар жоғары органдарға есептер жасап отырды.

Осы есептерді талдау кезінде, мұсылмандық білім беру жүйесінің даму статистикасын көрсетеді.

Сонымен, әскери губернатордың айтуынша, 1879 жылы аймақта 15 мешіт болған және онда тек 2140 оқушы оқыған, 1881 жылы 2624 ер азамат оқушы оқыған, 1883 ж. студенттердің жалпы саны - 3802, оның ішінде 3273 - ер адамдар, 529 - әйелдер, 1887 жылы 61 мешіт бар, барлығы 3151 оқушы, 2672 - ер адамдар, 479 - әйелдер [5, 7 б.].

Кейіннен олардың саны көп өзгере қойған жоқ. Егер біз байқаған құбылыстардан бастасақ, әр мешітте бір мектеп болды. XIX ғасырдың 90-шы жылдарына қарай Батыс Қазақстанда мұсылман мектептерінің саны үнемі өсіп отырды деп болжауымыз керек. Алайда, мемлекеттік органдар әрқашан мұсылман мектептерін дамыту үшін қалыпты сандарды беріп отырды.

Белгілі себептерге байланысты мектептер мен медреселердің жұмыс істеуі туралы нақты статистикалық мәліметтер жоқ. Біріншіден, мектеп статистикасы мүлдем болған жоқ. Екіншіден, жергілікті халық діни мектептерді мемлекеттік тіркеуден жалтарған. Мұсылмандар арасында үйде оқыту формаларының болуы да үлкен маңызға ие болды. Солай бола тұра, Батыс Қазақстандағы мұсылман мектебінің дамуы туралы ресми мәліметтер бір-бірімен өте жақын болғанымен, үкімет жалпы мұсылман мектептерінің сандық өсуін бақылауға мүмкіндік берді. Мұсылман мектептеріндегі оқушылардың саны орыс және орыс тілдеріндегі оқушыларға қарағанда бірнеше есе көп болғанын атап өткен жөн. Алайда, мемлекеттік органдар мұсылман мектептерін дамытуға еш қатыспады.

Жоғары оқу орындарының негізін қалаушыларына қаржылай көмек көбінесе ауқатты адамдардан беріліп отырды, оларды үй-жайлармен, оқу құралдармен қамтамасыз етті. Ақша капиталын кейде ауқатты молдалар мен шаруалар бөліп отырды. Алайда, Батыс Қазақстан медреселерінің көпшілігі, мектептерде студенттердің ата-аналарының ерікті садақалары мен оқу ақысы есебінен ұсталынып отырды. Шакирдас медреселері, әдетте, 12 жастан 20 жасқа дейін болды. Медреселердегі студенттердің әлеуметтік құрамына келетін болсақ, шәкірттердің негізгі тірегі молда балалары, саудагерлер және ауқатты шаруалар болды.

Қазақстанға исламның енуі, соның ішінде Батыс аймағында, діни мектеп пен оның атрибуттары - араб графикасы мен кітап

біліміне негізделген жазудың таралуымен қатар жүрді. Оларсыз діни ілім көпшілікке жол таба алмады. Оқу орындарының ұйымдастырылуына адамдар арасындағы әлеуметтік және мүліктік теңсіздіктің құдайы туралы идеяларымен шабыттандыруға дайын, білікті адамдарды дайындауға мүдделі қазақ дворяндары көмектесті. Мешіттер жанынан құрылған мектептер халықтың кең қолдауына ие болды. Қазақтар олардан білім мен ағартудың қайнар көзін көрді. Осылайша, белгілі бір қиындықтар мен кемшіліктерге қарамастан, мұсылмандық білім беру жүйесі айтарлықтай жолға қойылды.

Біріншіден, талдау көрсеткендей, мұсылман мектептері мен медреселеріндегі білім мазмұны, сол заманның жаңа әдіснамалық оқу бағдарламаларының талаптарына толық сәйкес келді.

Екіншіден, мұсылман мектептерінде жастарды тәрбиелеуге, халықтың әртүрлі жастағы топтарымен қарым-қатынастың этикалық нормаларын үйретуге көп көңіл бөлінді.

Үшіншіден, мектептер мен медреселер тек халық ағарту орталықтары ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақты ұлттық тарих пен мәдениетке, ислам дінінің адамгершілік құндылықтарын сіңіруді таныстыруды мақсат етті.

Алайда, ұлттық мектептердің дамуына ықпал ету патша үкіметінің ұлттық саясатының жоспарларына, кейінірек большевиктердің империялық жоспарларына енгізілмеді. Қазан төңкерісіне дейін және одан кейін де ұлттық білім беру жүйесі мен ұлттық мектептің дамуына барлық кедергілер болды. Отаршылдық саясат кезеңінде патша үкіметі жаңа әдіспен де, ескі әдіспен де мұсылман оқу орындарының қызметін бейтараптандыру үшін көптеген практикалық шараларды қабылдады.

Сондықтан, елеулі оң нәтижелер алу үшін ұлттық құндылықтарды ескере отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу өте маңызды. Бұл мәселеде отандық білім беру жүйесі белгілі бір тәжірибеге ие. Сонымен қатар, діни білім беру мен тәрбиелеу тек қана Азия ғана емес, сонымен қатар Еуропаның мәдени даму тарихында маңызды орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. — Алматы: Атамұра, 2000. — 765 с.

2. Садвакасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX – начало XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 345 с.
3. Тажибаев Т.Т. просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Казахское Государственное издательство политической литературы. – Алма-Ата, 1962. – 507 с.
4. Сборник законов о мусульманском духовенстве в Таврическом и Оренбургском округах и магометанских учебных заведениях. 2-е изд., неофициальное. – Казань, 1902.
5. Обзор Уральской области за 1887 год. – Уральск, 1884.

ӘОЖ 94 (574)

ЖОҒАРЫ АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Мурзагалиева Г.Б.

М.Өтемісов атын. БҚМУ, 2-курс магистранты

1933-ші жылы БКП(б) ОК-нің ауылшаруашылық бөлімінің шешімімен және ССРО-ның Жер өңдеу жөніндегі Халық Комиссариатының өкімімен бұрынғы Пішен Орталығының жылдық курстарының негізінде Орал агрозоотехникумы құрылды. 1933 жылдың 9-шы қыркүйегінде БКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің бюросы Агрозоотехникумға Мемлекеттік Жер Тресінің бұрынғы ғимаратын (Кеңес төңкерісіне дейінгі көпес Ванюшиннің үйін) беру туралы шешім қабылдады. Жылдық курстар агрозоотехникумның құрамына қазақ жастары үшін даярлық курстардан тұратын бөлім ретінде енді. 1933 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап болашақ агрономдар, зоотехниктер және қазақ жастары үшін ашылған даярлық бөлім оқуға кірісіп кетті.

1934 жылғы 28-ші қарашасындағы № 6129 Бұйрығы негізінде Орал агрозоотехникумы ССРО-ның Жер өңдеу жөніндегі Халық Комиссариатының жүйесіне Орал ауылшаруашылық техникумы атауымен енеді де, осы жылы оқу орнында мал дәрігерлік бөлім ашылады. Жылдар өте техникум орман мелиораторларын, өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономдарды, агротехниктерді,

ауыл шаруашылығын жоспарлап, есептейтін техниктерді дайындай бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында ОАШТ-ы ғимаратының әскери училищеге берілуіне орай, уақытша оқу шаруашылығының орнына көшірілгенімен, 1944-ші жылы өз мекен-жайына қайта оралып, оқу-тәрбие ісін сол кездегі талаптарға сай өрістете бастады. 1952-ші жылдан бастап сырттай оқу бөлімі ашылып, оқу үрдісі өндірістік машықпен үнемі тығыз байланыста болуға бет бұрды. 1980-ші жылдың 26-шы мамырында Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің №221 Қаулысына және ҚСРО ауылшаруашылық Министрлігінің №498-ші бұйрығына сәйкес Орал ауылшаруашылық техникумы мен Зеленов ауданына қарасты Фрунзе атындағы көкөніс-сүт өндіретін шаруашылық біріктіріліп, Орал кеңестік шаруашылық техникумы боп қайта құрылды. 1982 жылдың қыркүйегінде техникум көпес Ванюшиннің үйінен Студенттер қалашығындағы жаңа ғимаратқа (қазіргі медколледждің ғимаратына) көшті. 1992-ші жылдың 3-ші маусымында БҚО әкімшілігінің №146-шы Шешіміне сәйкес, Орал кеңестік шаруашылық техникумы БҚАШИ - ның құрамына енді. Көп ұзамай, 1993-ші жылдың 18-ші маусымында БҚО әкімшілігінің №127-ші Шешімімен Орал ауылшаруашылық техникумы қайта құрылды. 1994 жылдың 19-шы мамырындағы БҚО әкімшілігінің №89-шы Қаулысына сәйкес Орал ауылшаруашылық техникумы Орал аграрлық колледжі боп өзгергенімен, 1997-ші жылдың 8-ші мамырындағы ҚР Үкіметінің №814-ші Қаулысымен, ҚР Білім, Мәдениет және Спорт Министрлігінің 1997-ші жылдың 8-ші мамырындағы және БҚБББ-ның 1997-ші жылғы 8-ші маусымындағы №255-ші бұйрығымен Орал аграрлық колледжі Политехникалық колледжбен біріктіріліп, Орал аграрлы-техникалық колледжі болып құрылды. Біріктірілген ұжым Политехникалық колледждің ғимаратына көшірілді.

Қазақ ССР-і Астық және Мал өндіру кеңес шаруашылықтарының Халық Комиссары Қадырбековтың Орал агрозоотехникумының директоры И.В. Пряхинге берген сенімхаты Қазақ ССР-і Ауыл шаруашылығы Министрінің орынбасары Өмірзақ Үрімбаевтың Орал ауыл шаруашылығы техникумының директоры И.В.Пряхинге берген сенімхаты Сенімхат нәтижесінде «Жоғары аграрлық-техникалық колледж» Орал гидротехникалық техникумының бұрынғы ғимараты ССРО Министрлер Кеңесінің

1948 жылғы 21 қаңтардағы №35 Қаулысына сәйкес гидротехниктік құрылыс техниктерін және мелиорация бойынша гидротехниктерді дайындауды ұлғайту мақсатында Орал гидромелиоративтік техникумы құрылды. Техникумға Некрасов пен Пушкин көшелері қиылысында орналасқан Пушкин сквері жанындағы жертөлелі, көне кірпіш ғимарат бөлінді. Пешпен жылытылатын бұл ғимаратта сабақ үш ауысымда өтетін, соңғы ауысым кезінде бөлмелерді жарықтандыру үшін әр бөлмеге 3 керосин лампа қойылатын. Кітапхана қоры, оқулықтар мен құрал-жабдықтардың тапшылығы соғыстан кейінгі жылдарға тән болғанымен, оқушылар сабақты зор ынтамен, асқан ыждағаттылықпен, керемет құштарлықпен оқыды. Кейіннен Темір Масин атындағы көшеде орналасқан «Мир» кинотеатрының жанынан бой көтерген жаңа жатақхана оқу ісін жүргізуге ыңғайландырылды да, бұрынғы ғимарат оқушыларға жатақхана ретінде берілді. Орал гидромелиоративтік техникумының алғашқы директоры Павел Петрович Москвичев техникумды ұйымдастыруға және дамытуға көп күш-қуат жұмсады. П.П.Москвичев 14 жыл басшылықта болып, зейнеткерлік демалысқа шыққан соң директорлыққа тағайындалған Ф.Р.Аверченков негізгі ғимараттың қосымша бөлігінің құрылысын, қазіргі спортзал құрылысын, оны жабдықтауды ойдағыдай жүзеге асырды. Ол өкінішке орай, мезгілсіз дүниеден озғаннан кейінгі 1964 – 1967-шы жылдар аралығында ОҚТ-да И.П.Стурин, С. М. Толстов және С. А. Микитенко сияқты азаматтар басшы қызметте болды. Ал 1967 жылы Орал құрылыс техникумына директорлыққа тағайындалған, Полтава ауыл құрылысы инженерлері институтының түлегі Самсон Иванович Красюк 30 жыл бойы жемісті еңбек етіп, Орал құрылыс техникумын ел көлеміндегі ең үздік оқу орындарының біріне, құрылыс мамандарын дайындаудың ұстаханасына айналдырды. Техникумға бүкіл Одақ көлемінен біліктілік жетілдіру курстарына толассыз келетін мамандар оқу орнының мәртебесі асқақтата түсті. ОҚТ-ы педагогикалық ұжымының жоғары әлуеттілігінің нәтижесінде, ҚҚСР-сы Мемлекеттік агроөндірісі жүйесінде сұранысқа ие құрылысшы-техниктер мен есепші мамандар бұл оқу орнында аса сапалы түрде дайындалды.

Ұстаздар ұжымы оқу мен машықты іс жүзінде жүзеге асырып, оқушылар мен бітіріп кеткен түлектерді техникумның жаңа

ғимаратын салуға жұмылдырды. 1971 жылы КСРО Ауыл құрылысы Министрлігінің қарауына көшкен ОҚТ-ы оқу-тәрбие және әдістемелік істерде қол жеткізген жоғарғы көрсеткіштері үшін КСРО Ауыл құрылысы Министрлігінің Құрмет Марапаттамаларымен марапатталды. 1986 жылы ОҚТ №551 Бұйрықпен Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Комитеті қарауына еніп, ал 1995 жылдан бастап «Орал политехникалық колледжі» деп атала бастады. 1997 жылы ҚР-ы Үкіметінің Қаулысы, ҚР-ы Білім, Мәдениет және Спорт Министрлігі мен БҚББ Бұйрықтарына сәйкес Орал политехникалық және Орал аграрлық колледждері біріктіріліп «Орал аграрлы-техникалық колледжі» атты мемлекеттік мекеме құрылды. Орал аграрлы-техникалық колледжі - 1992-ші жылдың 3-ші маусымында БҚО әкімшілігінің №146-шы Шешіміне сай, Орал кеңестік шаруашылық техникумы таратылып, БҚАШИ-ның құрамына енді. Ұжымды басқару жігеріне қабілеті сай, жауапкершілігі мол Б. С. Сәрсенғалиевке жүктелгенімен, көп ұзамай, оны келесі басшы А.Б. Нұғманов ауыстырды. Ал 1993-ші жылдың 18-ші маусымында БҚО әкімшілігінің №127-ші Шешімі бұрынғы Шешімге өзгерістер енгізіп, БҚАШИ-ның базасында заңды тұлға статусын иеленген, Орал ауылшаруашылық техникумын қайта құрылғанымен, 1994 жылдың 19-шы мамырында, БҚО әкімшілігінің №89-шы Қаулысына сәйкес Орал ауылшаруашылық техникумы Орал аграрлық колледжі боп атала басталды. Кейіннен, заман талабына сай, 1997-ші жылдың 8-ші мамырындағы ҚР Үкіметінің №814-ші Қаулысымен, ҚР Білім, Мәдениет және Спорт Министрлігі мен БҚБББ-ның 1997-ші жылдың 8-ші мамырындағы 1997-ші жылдың 8-ші маусымындағы №255-ші бұйрығымен Орал аграрлық колледжі Политехникалық колледжбен біріктіріліп, атауы Орал аграрлы-техникалық колледжі болып өзгертілді. Біріктірілген ұжым Политехколледждің ғимаратына көшіріліп, жиырма үш мамандық бойынша орта буын мамандарын даярлай бастады. Осы кезеңдерде соны сүрлеуге заман лебі еніп атауы өзгергенмен, Орал аграрлы-техникалық колледжін ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі А.Б. Нұғманов басқарды. Орал аграрлы-техникалық колледж 2001 жылдың 2-ші наурызында “Кәсіби білім беру оқу орындарындағы орта және кіші бизнесті қолдау және дамыту” тақырыбында халықаралық ғылыми-машықтық

конференция өткізіп, оған облыс көлемі мен қаладағы 100-ден астам өндіріс орындарының басшыларын, жоғары және орта кәсіптік білім беру орындарының оқытушыларын, Самара, Саратов қалаларының ғалымдарын шақырды.

2002–ші жылдың басында Орал аграрлы-техникалық колледжінің атауы «Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі» МКҚК-ы боп өзгеріп, осы жылдың 4-ші ақпанында берілген АА сериялы, 000442 нөмірлі, мерзімсіз мемлекеттік лицензия негізінде, өз қызметін жүзеге асыра бастады.

2002 жылдан бастап «Орал, газ мұнай және салалық техникалық колледж» аталды. Кейін уақыт өте келе 2019 жылы қараша айынан бастап « Жоғары аграрлық-техникалық колледж»-деп атала бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асылбеков М.Х. Қазақстан индустриясының жұмысшы кадрлары қатарының өсуі. –Алматы: Ғылым. 1976.-120 б.
2. Новиков А.С. Кәсіби мамандардың қалыптасуы. – Москва,1998. -135 б.
3. Орал жоғары аграрлық-техникалық колледжінің мұрағаты, кітап-1, жалпы сипаттама. 2-8 бб.
4. БҚОММ 2039 қ., 1 т., 31 іс
5. БҚОММ 2039 қор, т –І,б-8, 42 іс

ӘОЖ 94 (574)

ОРАЛ Өңірінің территориялық аумағының қалыптасуы

Тұрар А.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ 1-курс магистранты

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Бәсекелік қабілет» деп аталған бірінші бөлімінде «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» деген болатын [1]. Сол бәсекелік

қабілеттілік тарихқа үңілетін болсақ, қазақ жұртында қай заманда да маңызды орын алғандығын дәлелдейтін факторлар жетерлік. Айталық, еліміздің тарихындағы заманның ауыспалы - төкпелі кезеңі ХІХ- ХХ ғасырдың басында ерекше көрінеді. Бұл кезең мемлекеттік аумағының ең бір күрделі қалыптасқан уақыты болып табылады. Жалпы, мемлекет аумағының қалыптасу жолдары тарихтан мәлім. Бір халықтар өз мемлекетінің аумақтық тұтастығын сақтай алды, екінші бір ел өзінің мемлекеттігін де, аумақтық тұтастығын да сақтап қала алмады, ал үшіншісі басқа мемлекеттердің аумағын басып алып, оларға өз өктемдігін жүргізді.

Қазақстан халқы қазір Қазақстан Республикасының кеңістік негізін құрайтын өзінің ежелгі аумағында өмір сүруде. Қазақстанның тарихи географиясында маңызды орын алатын аумақтарының бірі - Орал өңірі (тарихи атауы - Жайық бойы). Қазақ халқының ықылым заманнан тіршілік көзіне айналған осы аумақты заңдық тұрғыдан тану мәселесі әсерсіз де емес. Осы аумақты тек тарихшылар мен саяхатшылар ғана «қазақтың сайын даласы» деп есептеп қойған жоқ, сонымен бірге патшалық ұлы державалық заңдарда да ол нақ осылай танылды.

Б.з.б. VІ мыңжылдықта сақ және жейтун мәдениеттері осы өңірде қалыптасқан. Копетдаг тау баурайындағы жазықтықтан Жейтун, Чопан-Тепе, Бами, Чағыллы, Монджуклы, т.б. ежелгі қоныстардың қалдықтары табылған. Ол дәуірде жергілікті халқы егін егу, мал өсіру, аң аулаумен шұғылданған. Бұл тұста Орал халықтары арасында диқаншылық пен мал шаруашылығы кең өріс алды. Шағын кенттер салынды. Б.з.б. VІІ мыңжылдықтың аяғы мен I-мыңжылдықтың басында аймақта әлеум. жіктелу күшейіп, алғашқы мемл. құрылымдар пайда болуына байланысты суалмалы егіс жүйесі, сауда-саттық дамыды, қалалар ірге көтерді. Орал өңірі халқының тарихы ерте кездегі Орта Азияны мекендеген тайпа-ұлыстар тарихымен тығыз байланысты. Б.з.б. I-мыңжылдықтың орта шенінде Түркіменстан жерінде қуатты Маргиана және Парфия мемлекеттері болды. Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауын Гиркания, Солт. жағасындағы даланы Массagetтер мен көшпелі дах (дай) тайпалары мекендеді. Б.з.б. VІІ – VІ ғасырларда Маргиана Бактрияның, ал Парфия мен Гиркания Мидия мемлекетінің құрамына кірді. Б.з.б. VІ– IV ғасырларда бұл аймақтар Ахеменид әулетінің қол астына қарады. Б.з.б. IV ғасырдың соңында Түркіменстан жерін А.Македонский жаулап алды, б.з.б. III

ғасырдың орта кезінде тау бөктеріндегі аймақта Парфия патшалығы пайда болды, оның ордасы – Ниса қ. Б.з.б. 224 ж. Сасани әулетінен шыққан парсы бектері Парфия патшалығын талқандап, оңт. Түркіменстан-ның жерін басып алды. Б.з. I ғасырдың орта шенінен бастап Арал маңындағы ғұндар мен жергілікті тұрғындар ұзақ уақыт араласып, сіңісіп кетті. Солт. Түркіменстан аумағындағы халықтардың шығу тарихында аландар маңызды орын алды. V ғасырдың ортасында Түркіменстан-ның көптеген жерін эфталит тайпалары (ақ ғұндар) биледі. VI ғасырдың орта кезінде эфталиттер мемлекетін Түрік қағандығы құлатты да, жергілікті көшпелі ұлыстар түркі тілдес тайпаларға бағынды. Қағандық ыдырағаннан кейін түрік тайпалары Каспий атырабындағы далалық аймақта және Дахистанда өз алдына дербес ел болды. VII ғасырдың орта шенінде Түркіменстан жеріне арабтар басып кіріп, жергілікті халыққа ислам дінін алып келді. Түрікмендер жат жұрттықтарға қарсы бірнеше рет бас көтерді (655 ж. Мервтегі көтеріліс, 8 ғ-дың 70–80-жылдарындағы Муканна көтерілісі). Дегенмен, олар ислам дінін қабылдаған алғашқы түркі тайпалары болды. IX–X ғасырларда Батыс Қазақстан, қазіргі оңт-батыс Ресей және Түркіменстан Тахари әулеті (821–73) мен Самани әулеті (900–99) мемлекеттерінің құрамына кірді. Бұл кезеңде елде Үргеніш, Ниса, Абиверд, Серахс, Дахистан, т.б. ірі сауда-қолөнер орталықтары пайда болды. IX–XI ғасырларда Сырдарияның төменгі және орта ағысын бойлай және Каспийтеңізінің солтүстігі мен шығыс аймақтарына түркі тілдес оғыз тайпасы келіп қоныстанды.

VI ғасырдың орта тұсында Орал өңірі Батыс түрік қағанатының иелігінде болды. Орта ғасырларда Орал өңірі халықаралық сауда-дипломатиялық қатынастар торабы болды. Орал өңірінің ортағасырлық тарихында оғыздар, хазарлар, қыпшақтар үлкен рөл атқарды.

1040 жылы Салжұқ әулетінен шыққан көсемдердің басшылығымен оғыздар Түркіменстан жерін басып алды. Сөйтіп, оғыздар түрікмен халқының қалыптасуына қосалқы негіз болды. Олар жергілікті тұрғындармен араласып “түрікмен” атанып кетті. 1158 жылы көшпелі оғыздар мен Хорасан бұқарасының көтерілісі Сал-жұқ мемлекетін құлатты. XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында Түркіменстан жері Хорезм шахтарының қол астына қарады, 1219 – 1221 жылы Шыңғыс ханның әскерлері басып алды. Түрікмен тайпаларының көпшілік бөлігі Каспийдің

шығыс жағалауына ығысып, Балқаш маңайындағы далалық аймақтарды, Узбой аңғарын паналады. Шыңғыс хан империясы құрылғаннан кейін теңіздің солтүстік, солтүстік-шығыс бөлігі Алтын Орда иелігіне көшті. Алтын Орда ыдырап, оның орнында пайда болған Қырым хандығы, Ноғай Ордасы, Астрахан (Қажы Тархан) хандықтарын жаулап алған Ресей империясы Орал өңірін де (Жайық бойын) иемдене бастады.

ХҮІ ғасырда орыс-түрікмен байланысы орнады. Астрахан және Маңғыстау түбегінде ортақ сауда орталықтары ретінде бекет-қостар пайда болды. ХҮІІ ғасырдың соңы мен ХҮІІІ ғасырдың басында Орал өңірі тұрғындарының біразы Ресей жеріне көшіп, ішкері аймақтарға қоныстанды. Ал ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың бас кезінде Шығыс Еуропа мен Орта Азия арасындағы сауда жолдарының бәрі Каспий маңы жағалауы арқылы Жайық бойымен бойлай өтетін болды. Осы аймақтың барлық түркі халықтары Ресеймен сауда жасауға ықыласты болды да өз жерінен өтетін керуен жолының қауіпсіздігін сақтауға міндеттенді. ХІХ ғасырдың басында кейбір тайпалар – абдал, чаудар, игдир, бурунчук, тозашы рулары Ресейдің бодандығына ресми түрде мойынсұнды. Өнеркәсіптік қарым-қатынастары дамып келе жатқан Ресей үшін арзан да сапалы шикізат көзі мол Орта Азия кеңістігін бағындыруда ағылшындармен арадағы бәсекелестік Қазақстан және Орта Азияны отарлау саясатын тездете түсті. Орал өңірінің жергілікті қазақ халқы арасындағы тарихи атауы – Жайық бойы деп аталады. ХІХ ғасырдың басында-ақ Еділ, Жайық аралығы мен Орынборға дейінгі дерлік ұшы-қиырсыз аумақ қазақтардың тұратын жерлері болды. ХІХ ғасырдың басында бұл аймақта Бөкей ордасы деп аталған қазақ хандығы құрылды. Ол екі өзеннің аралығындағы үлкен аумақты алып жатты [2, 145 б.].

1824 ж. Орынбор генерал-губернаторы П.Эссен даярлаған «Орынбор қырғыздары туралы» Жарғы Кіші жүзде жүзеге асырылды. Бұл реформа барысында Кіші жүздегі хандық билік жойылып, оның территориясы: Батыс, Орта және Шығыс болып үшке бөлініп, Орынбор генерал-губернаторлығына бағынды. Бұл бөліктердің басында аға сұлтандар тұрды. Бірінші аға сұлтандар: Қаратай Нұралыұлы, Темір Ералыұлы, Жұма Құдаймендеұлы болды. Аға сұлтандардың жанына Ресейдің «көзі мен құлағы» саналған 200 адамнан тұратын казак-орыс отрядтары берілді.

Сұлтандарға жылына 1200 сом жалақы төленді. 1824 ж. Жарғы бойынша құрамында төраға, төрт кеңесші және төрт ауқатты қазақтан тұратын шекаралық комиссия құрылды. 1844 ж. «Орынбор қазақтарын басқару туралы ереже» қабылданды да, ол бойынша орыс шенеуніктерінен жергілікті әкімшілікті қадағалайтын «қамқоршылар» қызметі енгізілді. Қазақтардың ру-тайпалық бөлінісі ескерілмеді, ауылдардың өз бетінше қарекет етуі мүмкін болмай қалды. Осылайша, Ресей империясы Қазақстанды өз отарына айналдыру үшін хандық билікті, яғни, қазақ мемлекеттілігін жойып, орнына орыстың әкімшілік-территориялық басқару жүйесін енгізді. Алғаш Кіші жүз қазақтары шекаралық комиссия арқылы басқарылды, ал Орта жүз қазақтары шекаралық басқармаға бағынды. Кейін 1822-1824 жж. Ресей империясы Орынбор және Сібір ведомстваларының территориясында тұратын Кіші және Орта жүз қазақтарын басқару туралы Жарғыларды қабылдады [3].

Тарихта белгілі бұл кезде Орынбордың әскери губернаторы князь Волконский Бөкей Нұралин мен Шерғазы Айшуақов хандардың осы аумақты қалай басқарғанын жазған: «Бөкей - Оралдан тура Астраханьға дейінгі кең даланы, ал Шерғазы қыс кезінде жоғары Орынбор төңірегін, ал жаз айларында-Сырдарияға дейінгі жерлерге жайғасқысы келетіні» туралы мәліметтер келтіреді [2, 148 б.]. Сонымен қатар, қазақ даласын басқару туралы ереже жобасына комиссияның жазған түсіндірме жазбасында былай делінген: «Қазақтарды Қырғыз даласының шекарасындағы кейбір пунктерден ығыстырып, ішкі және Сібір губернияларынан шаруаларды қазақ тектілердің арасына орналастыру орыс тұрғындарын дала қойнауына кең ауқымда сыналай енгізді. Тұрақты мекендерінің бұйрықтармен белгіленуі (яғни, ішкі округтік бұйрықтар) орыс қоныстанушыларының қазақ даласын жайлап алуының басы болды. Бой көтерген елді-мекендер бара-бара Атырау, Орал, Калмыков сияқты қалаларға айналды. Бұрын Ресейдің шекаралық иелігінде болған қазақ даласы, біздің шекарамызды Орал мен Ертістен Азияның ішіне қарай 1000 шақырымнан астам жылжыту... енді империяның ішкі бөлігі болып қалды» [4, 79 б.]. Бұл жазбалар патша генералдары Ф.Гирс, Л.Баллюзек және басқаларының деректі мәліметтері негізінде жасалды.

Соңғы қазақ хандығының тартылып, Ұлы жүздің Ресейдің қол астына кіруі Қазақстанда патшалық отаршылдық режимді орнықтырды.

XIX ғасырдың 60 жылдарындағы реформаның нәтижесінде қазақтардың ата-бабасынан келе жатқан жеріне иелігін таныған заңдардың күші жойылды [4, 91 б].

1869 ж. Каспий теңізінің шығыс жағалауына орыс әскерлері келіп, Жайық бойына түркілікті орнықты және бірнеше мысалы түркімен жерінде Красноводск (қазіргі Түрікменбашы) сияқты өз қалаларын салды. ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысы мен XIX ғасырда Ресей империясының Жайық бойы (Кіші жүз, Орта жүз, Бөкей Ордасы) және Каспий маңы аумағын отарлау әрекеті жергілікті тұрғындар тарапынан қатты қарсылыққа тап болды. Мысалы: Бөкей Ордасында Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы, Қайыпқали Есімұлы бастаған т.б., 1869 – 1885 жылдары Ахал алқабын жайлаған теке руы орыс басқыншыларына қатты қарсылық көрсетті. 1885 ж. Атрек, Теджен, Мерв және Пендан алқабы Ресейдің қол астына өтті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Түркіменстан орыс және ағылшын капиталының өрісіне айналды [6,41с].

Ал РКФСР БОАК мен ХКК-нің 1920 жылғы 26 тамыздағы Қазақ АКСР-ын құру туралы Декретінде оның құрамына: а)құрамында Павлодар, Семей, Зайсан және Қарқаралы уездері бар Семей; ә)құрамында Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері және Омбы уезінің бір бөлігі бар Ақмола; құрамында Қостанай, Ырғыз және Торғай уездері бар Торғай; б)құрамында Орал, Лбищенск, Темір және Гурьев уездері бар Орал облыстары; г)Закаспий облысының Маңғышлақ уезі; д)Астрахань губерниясынан Бөкей ордасының Синеморск болысы (қараңыз, қазақтардың өз аумағымен Бөкей хандығы болғанын Кеңес өкіметі ұмытпапты) кіретіні туралы айтылады [5, 64 б.].

Кеңестер Одағы дәуірінде Орал өңірі мен Каспий маңының Қазақстан Үлесіне 29% (2340 км), Ресейге - 16%, Әзербайжанға - 20%, Түрікменстанға - 21%, Иран Ислам Республикасына - 14% тиеді. Содан қазіргі кезеңге дейін осы көрсеткіш сақталып келеді [6, 214 с].

Қорытынды. Орал өңірінің тоғыз жолдың торабы болуы ондағы этногенетикалық үрдістерге айтарлықтай әсерін тигізді. Қазіргі кезде мемлекеттік деңгейде аймаққа туристерді тарту

және көне ескерткіштер туралы мол мағлұмат алуына толыққанды жағдай жасау қолға алынған.

Көріп отырғандай, Орал өңірінің тарихи сюжеті өте күрделі. Оның басы сонау біздің заманымызға дейінгі кезеңдерден басталары сөзсіз. Дегенмен нақтырақ тоқталар болсақ: Афанасий Никитиннің «Үш теңіздің ар жағына саяхатында да» тверлік саудагер үш теңіздің ең алғашқысы – Жайық бойына тоқтаған болатын. Айта кетерлігі бұл Васко да Гаманың Үндістанда болуынан бұрын 30 жыл бұрын болған. Келесі Орал өңірі сюжеті Мәскеулік Русьтің 1552 жылы Қазанды, 1556 жылы Астрханьды жаулап алғаннан кейін каспийлік ірі державаға айналуымен тікелей байланысты. Бұдан кейін московияның саясаты мүлдем өзгеріп, жаңа шекаралар мен жаңа көршілер пайда болды. Ресейдің Европаға жорығы сәтсіз болғанымен, оңтүстік батыс аймақта ірі жетістіктерге жетті. Ресей І Петр тұсында Орал өңірін жаулап қана қоймай, Каспийдің солтүстігіндегі өзінің позициясын нығайтып алды. Бұдан кейін 1722-1723 жылдары Ресей империясы Кавказ ісіне араласуына байланысты Каспийдің батыс жағалауына өз үстемдігін орнатты. Оған 1700-1721 жылдардағы Швециямен болған «Солтүстік соғысы», «түрік-орыс» соғысы, Кавказдың Терека жағалауындағы жүйесінің күшеюі себеп болды [6, 203 с]. Бұл аймақтарға жорық үлкен күшпен дайындалды. Түркияның Ресейге берген соңғы соққысы сәтсіз болды. Сайып келгенде Ресей Орта Азия мен Шығыс Каспий жағалауына бақылау жасауға мүмкіндік алды. XIX ғасырдың 70 жылдары британ колонизаторларының әлсіздігі Ресейдің Орта Азиядағы үстемдігін тоқтата алмады. Нәтижесінде Ресей империясы шығыс Каспий аймағында, сол мақсатын жүзеге асыру үшін Орал өңірінде ұзақ уақытқа орнығып алды. XIX ғасырдың аяғында батыс Каспий жағалауының геосаяси жағдайы мұнай қорына бай болуына байланысты тез өзгеріп кетті [7, 103 с].

Бірінші дүниежүзілік соғыс, революциялар мен Ресейдегі Азамат соғысы Жайықтың екі жағалауына да өз әсерін тигізді. Сыртқы саяси жағдай тым шиеленіскен түрде болды. Жалпы алғашында шығыс Кавказ - Түркияға, Грузия - Германияға, Армения - Антанта елдеріне бағдарланды. Орта Азияда негізгі күш британ ықпалы болды [6, 206 с]. Алайда осы шиеленіскен жағдайдан Ресей жеңіспен шықты. Ол барлық Каспий бойын

бақылауда ұстаған Кеңестік Республикалар Одағы Орал өңірінде толықтай өз позициясын нығайтты.

Қорыта келе, Орал өңірі халықтарының тарихи сабақтастығы туралы баяндай келе, мынадай негізгі тұжырымдар шығаруға болады:

Біріншіден: Б.з.б. 2-мыңжылдықтың аяғы мен 1-мыңжылдықтың басында аймақта әлеум. жіктелу күшейіп, алғашқы мемл. құрылымдар пайда болуына байланысты суалмалы егіс жүйесі, сауда-саттық дамыды, қалалар ірге көтерді. Жергілікті Орал өңірі халқының тарихы ерте кездегі Орта Азияны мекендеген тайпа-ұлыстар тарихымен тығыз байланысты.

Орал өңірінің тұрғындары ата-бабаларының дәстүрлері мен салттарын бұлжытпай сақтап келеді.

Екіншіден: XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында Каспий аумағы Хорезм шахтарының қол астына қарады, 1219 – 1221 жылы Шыңғыс ханның әскерлері басып алды. Түркі тайпаларының көпшілік бөлігі Каспийдің шығыс жағалауына ығысып, Балқаш маңайындағы далалық аймақтарды, Узбой аңғарын паналады. Шыңғыс хан империясы құрылғаннан кейін теңіздің солтүстік, солтүстік-шығыс бөлігі Алтын Орда иелігіне көшті. Алтын Орда ыдырап, оның орнында пайда болған Қырым хандығы, Ноғай Ордасы, Астрахан (Қажы Тархан) хандықтарын жаулап алған Ресей империясы Каспий өңірін де иемдене бастады. Алтын Орда әлсірегеннен кейін (14 ғ-дың 60-жылдары) Каспий маңы аумағында жартылай тәуелсіз бірнеше ұлыстар пайда болды. Бұларды XIV ғасырдың 70 – 80 жылдары Әмір Темір бағындырды. Темір мемлекеті құлағаннан кейін ирандықтар ментүрікмендердің біраз бөлігі Хиуа мен Бұхар хандықтарының, қалғандары Иран билеушілерінің қол астына қарады. XV ғасырда қазіргі Қазақстан жерінде Қазақ хандығы құрылды. XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында Каспий маңы тұрғындарының біразы Ресей жеріне көшіп, Солт. Кавказға қоныстанды (Ставрополь түрікмендері). XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезінде Шығыс Еуропа мен Орта Азия арасындағы сауда жолдарының бәрі Орал өңірі аумағын басып өтетін болды.

Үшіншіден: Ресей І Петр тұсында Орал өңірін (Жайық бойын) жаулап қана қоймай, Каспийдің солтүстігіндегі өзінің позициясын нығайтып алды. Бұдан кейін 1722-1723 жылдары

Жайық бойы арқылы Ресей империясы Кавказ ісіне араласуына байланысты Каспийдің батыс жағалауына өз үстемдігін орнатты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –Астана, 2017. «Форма Плюс» баспасы, Қарағанды, 2017. -53 б.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – А., 1994.
3. ХҮІІІ-ХІХ ғ. Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы // https://ehistory.kz/kz/contents/kazak_handiginin_aleumettik_ekonomikalik_damui © e-history.kz
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Проф. С.Д. Асфендияровтың ред., – 2-ші басылым, – Алматы: Қазақстан, 1998. 2 жинақ. – 350 б.
5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия.–Алматы, Арыс, 2010. -419.
6. Султанов Б.К., Музапарова Л.М., Абишев А.Е., Ерекешова Л.Г., Кожихов А.Г. Политика и интересы мировых держав в Казахстане. Алматы, 2002.
7. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца ХҮІІІ и первой половины ХІХ веков. – Алма-Ата, 1960. -243 б.

II СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМЫ: ТАРИХНАМА, ДЕРЕКТАНУ, ТҰЛҒАТАНУ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ

ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА КАЗАХСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ, ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ, ФЕНОМЕН ЛИЧНОСТИ И АРХЕОЛОГИЯ

ӘОЖ 7.07-05

МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ Х.БУКЕЕВАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Сағынова А.М.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ 2-курс студенті

Сұлулық символына балап, «әлемді құтқарар» тартылыс күштің иесіне теңеген әйел затын халқымыз қашан да ерекше бағалаған. Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған әйел-өмірдің мәні, тіршіліктің сәні деп білген.

Қай кезең болмасын олардың қоғамдағы, жалпы адамзаттың өмірінде алатын орны ерекше. Олай дейтінім, әйел алдымен отбасының ұйытқысы, ең бастысы «ана» деген киелі ұғымның иегері сұлулықтың символы. Осы нәзік жандылар заманның түрлі сындарлы уақыттарында қоғамнан ажыраған емес. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі. Мыңдаған жылды, сансыз ғасырды қамтитын өткенімізді анықтайтын – тарихты түзуші адамдар. Демек, кешегі мен бүгіннің, алдағы келешектің негізінде, бастау – бұлағында әйел – аналарымыз жатыр. Өйткені, жаратылыс барысында құдайдан кейінгі құдірет, ең алдымен, аналарымыздың қолында болып отыр. Сол себепті, тарих беттеріне үңілгісі келген әр адам бірінші кезекте әйелдер

қауымының болмыс – бітіміне, тарихи құбылыстарда алатын орнына, кешегісі мен бүгінгісі жете назар аударуы қажет.

Тарих беттеріне үңілсек, бұл тақырыпта жинақталған деректер аз емес. Үнемі жаңа деректермен толығып отырған тарих ғылымындағы кез – келген жаңалық, археологиялық айғақтар, этнографиялық жәдігерлер, қилы – қилы болжамдар мен қағидалардың барлығы да әйел факторын айналып өтпеген. Оған дәлел сақтардан бастап Қазақ хандығы құрылғанға дейін, одан келе еліміз тәуелсіздігін алып өркениеттің жаңа көкжиегіне қадам басқан кезде де алтын құрсақ ана, батыр жауынгер, ержүрек кемеңгер басшы, қоғамның зиялы өкілі бола білген. Қазақ топырағында еріне адал, еліне сыйлы болып, Алла алдында үлкен дәрежеге көтерілген кісілер аз емес. Ел жадында жатталған есімдерді тізі берсек, сұмдық бір галерея түзіле түседі: Тұмар мен Зарина патшайым, Домалақ ана, Зеріп ана, Сары бәйбіше, Рабия Сұлтан бегім, Еңлік пен Баян сұлу, Қарашаш ана, Гүлбаршын мен Құртқа, Аужүніс пен Назым, Гаухар ана, Айша-бибі, Бабаджатун, Абақ ана, Жаған бике, Бопай, Фатима, Тоташ, Күнімжан ханымдар, Ханбибі, Айтолқын, Гауһар батыр, Есенбике, Табын Сапар (Сапура) Мәтенқызы, қыз Данай, Айбике-Шаншар, Қызданбике-Шаншар, Ботагөз батыр, Ақбикеш, Мұрын ана, Қызай ана, Бақты батыр, Зере мен Ұлжан, Айғаным мен Ұлпан аналарымыз, т.б. Дәл осы бір салқар көшке әдебиет, мәдениет және өнер саласында еліне елеулі еңбек еткен Нәзипа Құлжанова, Шара Жиенқұлова, Күләш Байсейітова, Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Марфуға Айтхожина, Бибігүл Төлегенова, Хадиша Бөкеевалар да қосылған. Өзі өмір сүрген кезеңде өшпес із қалдырған әйелдер қоғамның әр саласында кездеседі. Солардың бірі әрі бірегейі деп жерлесіміз Хадиша Бөкееваны айта аламыз.

КСРО және Қазақстанның халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хадиша Бөкееваның өнегелі өнері ғана емес, жібек мінезі, биік парасаты мен мәдениеті де аңызға айналды. Актрисаның ешкімге ұқсамайтын ерек болмысының сырын замандастары, ең әуелі, оның туған жері, өскен ортасымен байланыстыруы заңды. Хадиша Бөкеева тарихы терең, тағылымы мол өлкеде, талай дүлдүлді дүниеге әкелген қасиетті Орал топырағында дүниеге келген. 1917 жылы Батыс Қазақстан облысының Казталовка ауылында туған. Хадишаның дүниеге

келуіне бірер ай қалғанда әкесі Бөкей қайтыс болып, тоғыз жасқа дейін ол анасының қолында тәрбиеленеді. 1917 жылы заман өзгеріп, ел іші бүлініп жатқан кезеңде дүниеге келіп, сол өзгеріп, қайта құрылып жатқан қоғаммен, уақытпен қабаттаса өскен қыздың қалаулы мақсаты, көздеген межесі де жоқ еді. Жетімдер үйінде өскен қыздың қуаанышты күндері болған жоқ. Туған ағасы Орынбор милиция мектебін бітіріп келген соң, олар Шымкентке көшеді. Бастапқыда дәрігерлік жолды құп көріп, 1932 жылы Хадиша Бөкеева Алматыдағы медициналық институттың дайындық курсына түседі. Сонда оқып жүріп, Қазақ радиосында әнші болып жұмыс жасайды. Ұлттың үнжариясы арқылы әсем үні құлақтарға жетіп, өнерге, сахнаға деген ықыласы арта бастайды. Арманның жетегінде жүрген сондай күндердің бірінде Алматыға Ресейден қазақтың дарынды жастарын іріктеу үшін арнайы комиссия келеді. Тісқаққан мамандардың сынағынан жас сүрінбей өтеді. Сол таңдаулылардың ішінде Хадиша Бөкеева да бар еді.

Сөйтіп, 1934 жылы ол Ленинград Мемлекеттік театр өнері (қазіргі Санкт – Петербург Мемлекеттік Театр өнері академиясы) студенті атанды. Театр өнерінің ұлағатты ұстаздары – В.Меркурьев, Л.Вивьен, И.Мейерхольдтың сүйікті шәкірті болған Хадиша Бөкеева 1938 жылы оқуын бітіріп, 1938 жылы елге оралады. Келген бойда курстастарымен бірге Шымкент облыстық қазақ драма театрына қабылданады. Осы театрда Еңлік (М.Әуезовтің «Еңлік - Кебегінде»), Ақтоқты (Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері - Ақтоқтысында»), Людмила (А.Островскийдің «Кешіккен махаббатында») сияқты рөлдермен көрермен ықыласына бөленген. 1942 жылы Алматыға М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік театрына ауысады. Сол кезден бастап актрисаның шығармашылық тағдыры осы қара шаңырақпен тығыз байланыста болды. Ұлттық сахна іргетасын қалаушылар, өзі ұстаз тұтқан Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, Ш.Аймановпен және тағы да басқа өнер саңлақтарымен бірге қазақ театрының жұлдызын жарқыратқан Хадиша Бөкеева М.Әуезовтың «Қарақыпшақ Қобыландысында» Қарлыға, «Абайында» Бастаушы, Т.Ахтановтың «Сәулесінде» Сәуле, Ә.Тәжібаевтың «Майрасында» Майра, «Көңілдестерінде» Маржан, Ш.Айтматовтың «Ана – Жер – анасында» Жер – ана, сондай-ақ, көрнекті драматург Қ.Ысқақтың актрисаға арнап

жазған «Қылкөпір» драмасында Бәйбіше, т.б. шоқтығы биік образдар жасады. Ал әлемдік драматургиядан Шекспирдің «Отеллосында» Эмилия, «Ричард III» трагедиясында Маргарита патшайым, Мольердің «Сараңында» Элиза, Островскийдің «Найзағайында» Катерина, Гогольдің «Күннен туғандарында» Меланья, Чеховтың «Ваня ағайында» Н.Войницкая рөлдерін сомдау арқылы шеберлік шыңына шықты. Қазақ театрының сахнасында небір айшықты бейнелерді дүниеге әкеліп, бірнеше буын көрермендердің мәдени – көркемдік талғамын қалыптастыруға ықпал еткен дарын иесінің көп рөлдерінің ішінде Катаринының (Шекспирдің «Асауға тұсауында») ерек аталуы бекер емес. Сахна әлемінің бүкіләлемдік деңгейіне жеткен бұл образ Хадиша Бөкееваның төлқұжаты іспетті еді. Оттай лаулап, құйындай ойнаған Катарины ерекше құбылыс деп танылса да, Бөкеева «ағылшынданып» кеткен жоқ. Керісінше, Катарины қазақ қызының бойындағы ашық, еркін, ерке де ұстамды, жүрек қозғайтын қылықты мінездерімен байытты. У.Шекспирдің 400 жылдық тойында Англияда өткен театр мерекесінде Петручио – Шәкен Аймановпен серіктестікте ойнаған ғажайып рөлі арқылы актриса ағылшындарды мойындатып, қазақ театр өнерін алғаш рет әлемге танытты. Хадиша Бөкееваның кинодағы рөлдері де алтын қордағы ауялы дүниелер. Актриса ұлттық кино өнерінде «Райхан» (1940), «Асау Ертіс жағасында» (1959), «Тұлпардың ізі» (1964) фильмдеріндегі рөлдері арқылы қайталанбас образдар галереясын жасады. Актриса сонымен қатар «Даладағы қайындар», «Біздің сүйікті дәрігер», «Дауыл», «Ертіс жағасында», «Дауыл», «Ертіс жағасында», «Тұлпардың ізі» фильмдеріне түсті. Хадиша Бөкееваның айрықша құрметпен аталатын тағы бір аты – ұстаз. Өзінің тұлға бойындағы таңғалдырар тамаша талантын республикамыздың әр қиырындағы театрларда еңбек етіп жүрген шәкірттеріне жомарттықпен сыйлай білген ардақты жан ұзақ жылдар бойы Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерватория жанындағы театр бөлімінен бастау алған Театр және көркемсурет институтында ұстаздық етті. Профессордан тәлім алған өнер иелірінің барлығы дерлік бүгінде есімі елге белгілі азаматтар.

Х.Букееваның қазақ ұлттық өнеріне сіңірген айрықша ерен еңбегі үшін:

- 1946 - "Құрмет белгісі" Ордени
- 1952 - КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты ("Абай" спектакліндегі "Айгерім" бейнесі үшін)
- 1957 - Қазақстанның халық әртісі (Қазақ КСР халық артисі)
- 1959 - КСРОның ең жоғарғы Ленин ордені берілді.
- 1964 - КСРО халық әртісі
- 1974 - Профессор
- 1987 - "Халықтар Достығы" Ордени
- 2000 жылы ҚР президентінің жарлығымен ең жоғарғы «Отан ордені» мен марапатталды.
- Бірнеше медальдар мен "Құрмет" грамоталарымен де марапатталған.

2017 жылы 24 ақпанда Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешімімен Батыс Қазақстан облысының театрына КСРО және Қазақстанның халық әртісі, КСРО Мемлекеттің сыйлығының лауреаты Хадиша Бөкееваның есімі берілді.

Әйел-ана – өмірдің өзегі, тіршіліктің күретаыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Еліміздің сән-салтанаты артып, мерейінің үстем, абыройының асқақ болуында нәзік жандардың еңселі еңбегі мен қажырлы қайратына қарымды үлесі жатыр. Расында, ықылым заманнан әйелдердің мойнына артылған ауыр жауапкершілік. Қазақ қашан да қыз-келіншектерді құрмет тұтып, алақанына салып, ардақтап келген. «Бір қолымен бесік тербеткен аналар бір қолымен әлемді тербетеді» деседі дана халық. Бүгінгі күні қазақстандық әйелдер белсенді қоғамдық және саяси позицияларды иеленуде. Қазақстан әйелдері оотбасның ошағын сақтаумен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік өмірге белсенді қатысумен ерекшеленеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байбол Ә. Әйел арқылы ұлтты тану. // Қазақ әдебиеті, Республикалық газеті, 2017, 3 наурыз, 3-бет
2. Сүлейменова Ж. Сұлулық пен сымбаттылық символы. // Қазақ әдебиеті, Республикалық газеті, 2018, 17 қараша, 8-бет
3. Танабаева С.Е., Мұханбетова Г. Хадиша. Сахна саңлағы. – Орал: Центр оперативной печати ТОО Постмэн, 2007. – 12 б.

4. Богатенкова Л. Хадиша Бөкеева. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 140 б.
5. Латиева С. Хадиша мен Байғали. – Алматы: Ана тілі, 2012. – 240 б.
6. <https://el.kz/news/archive/content-11167/>

ӘОЖ 94 (574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІН ДАМУДАҒЫ М.ШОМБАЛОВТЫҢ РӨЛІ

Дузбасова А.Ж.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ 2-курс магистранты

1905- 1906 жылдары Нарын құмдарының ой-қырын жасындай жайлаған оба дерті Бөкей ордасының үлкен аумағын қамтып, жарты мыңнан астам адамның өмірін қиып кетті. Бұл халықтық қасірет сол ауру тұңғыш шыққан ауылдың атына қарай «Бекетай обасы» деп аталды. Дәрігерлердің жеткіліксіздігінен көптеген сырқаттар көмек ала алмады. Тіпті обадан қаза тапқандардың бәрі бірдей есепке алынып та үлгерілмеді. Оқиғаны көзі көргендердің сипаттағанындай көптеген отбасылары мен кішкена ауылдар қас-қағымда жойылып кетіп жатты. Дені сау адамдар қаза тапқандарды шығарып үлгермейтін. Өлген адамдардың денесі жер кепелерде тірі науқастармен қатар жатты.

Қазақ даласының бірқатар аумағын қамтыған, бұл обаның себептері ол кезде әлі анық болмады, бірақ дәрігерлер дерттің себебі осы жерде екендігіне күмәнсіз болды. Бұл болжам кейінгі жылдары ғылыми негізде тұжырымдалды. Адамдардың обамен ауруының ең бірінші жағдайы осы айналадағы сары шұнақтар екендігі, оба олардың арасында уақыт өткен сайын кең етек алатындығы анықталды. Оба дертімен зақымданып ауырған адам оның айналасындағы барлық адамдардың ауруына себеп болады. Ауру әрқашанда 2-3 күн өткесін өліммен аяқталып отырды. Тіпті бұл жағдайды тәжірибелі дәрігер - профессорлар қолға алғанның өзінде ауырған адамның өмірін 1-ақ күнге ұзартудың өзі сирек кездесті. Қаза тапқан адамның өзі айналасына оба қатерін туғызып жатты. Обамен айқасқан нақ осы оқиғалардан соң 1908

жылы Бөкей ордасының әкімшілік орталығы Хан ордасында (Қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауылы) обаға қарсы күрес лабораториясы ұйымдастырылады. Қазіргі кезге дейін өмір сүріп келе жатқан Қазақстандағы обаға қарсы күрес мекемесі осылай дүниеге келіп еді.

Ордадағы обаға қарсы күрес лабораториясының іргетасын қалап, жабдықтаған Ішкі Қырғыз (Бөкей) Ордасының аға дәрігері В.А. Белиловский мұнда 3 жыл қызмет жасаған жасады [1, 52 б].

Лаборатория қатерлі дертке қарсы шараларды бақылап, ұйымдастырып отыратын, аймақтың кең аумағына оба дертінің таралуына жол бермейтін орталыққа айналды. Онда жеткілікті орындар жиынтығы, жабдықтар және бактериологиялық зерттеулер жүргізетін материалдар болды. Оба дертіне ұшыраушы бола қалған жағдайда жақсы жабдықталған эпидқоймалар болды. Кең ғылыми кітапхана ұйымдастырылды. Мұнда батылдығы мен қажырлы еңбектері қайран қалдыратын тәжірибелі дәрігерлер жұмыс жасады.

1903 жылдан бастап көп жылдар бойы Орданың обаға қарсы күрес лабораториясында дәрігер С.М. Никаноров жұмыс жасап, кейін медицина ғылымының докторы, профессор атағын алды. 1921 жылы ол Саратов қаласындағы обаға қасы күресетін институттың директоры болып тағайындалды.

Осы жылдарда аймақ жұртын тағы бір қасірет-шешек ауруы жайлады. Осыған байланысты 1920 жылы Орданың обаға қарсы лабораториясынан шешек ауруына арналған арнаулы орын ашылып, онда шешек сырқатының алдын алуға арналған дерт тұнбасы дайындалды.

Орданың обаға қарсы күрес лабораториясында обаны және басқа адамға қатерлі ауруларды зерттеуге бағытталған көптеген ғылыми зерттеулер жүзеге асырылды. Аурудың даму барысын бақылау мақсатында лабораториялық мақұлықтар: теңіз шошқасы мен ақ тышқандар ұсталып, оларды ғылыми бағыттағы оба ертімен зақымдау сынақтары жүргізіліп тұрды. Мұндай сынақтар ғалымдардың өздеріне де қауіпті еді. Ол бір жылдары обамен ауырғандарды емдеудің тиімді жолдары болған жоқ және онымен әрбір зақымдау өлім жазасымен тең еді.

Ауырған адамның төсегінің қасында тұрған дәрігерлер өздері зақымданып қалмау үшін аяғынан басына дейін арнайы қорғаныш киімін киетін. Бірақ дәрігерлер сырқат алдында

дәрменсіз болып, хал үстінде жатқан адамның жағдайын жеңілдетіп күтуге ғана мүмкіндіктері бар еді.

Орда лабораториясында қасірет те болмай қалған жоқ. 1925 жылы мұнда Саратов университетінің медициналық факультетін бітіріп келген жас дәрігер Александр Иванович Михайлов ғылыми- зерттеу ісіне жан- тәні мен кірісті. Аурумен күресу үшін білу де керек еді. Тәжірибе жасау үстінде ол зақымданып қалып, бірнеше күннен соң өкепе обасынан қаза тапты. Ол өзінің дәрігерлік борышын толық орындай отырып, өз тұғырында дүние салды. Сырқатты соңғы минуттарына дейін күтімге алған оның әйелі күйеуінің қасіретін бөлісті. Ауырған кезде қайсар дәрігер(ол, сол кезде Ордадағы бір ғана дәрігер еді) өзін- өзі толық иегеріп, лаборатория қызметкерлерінің бірде- бірінің зақымдануына жол бермеді. А. Михайлов пен оның зайыбы ауыл маңындағы зиратқа жерленді.

1939-1940 жылдары аталып отырған Орданың обаға қарсы күрес пунктінің бастығы болып тұңғыш дәрігер-эпидемиолог Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов жасады. Ол республика денсаулық сақтау ісінің қалыптасуы мен ұйымдастырылуына зор үлес қосты. Қиыншылықтарға мойымай, өз өмірін қатерге тіге отырып, ол Батыс Қазақстандағы оба дертін жоюға белсене атсалысты.

Қазіргі кезде лаборатория маусымдық эпиджасақ ретінде қызмет етіп тұр. Лабораториядан қалған кең мекен- жайлар мен қандай мақсат үшін жасалған екені белгісіз ағаш қоймалар ғана өткенді еске түсіретіндей. Сонымен қатар, төңкеріске дейін-ақ әйнек пен ағаштан жасалған әлдебір аспап лабораторияда ұқыпты сақталып тұр. Ол да жас микробиологтарды басым әуестендіреді.

50 жылдан бері дәрігерлердің қолында обаны емдей алатын сенімді құрал антибиотиктер бар. Қатерлі ауру толық емделетін болды.

Бірақ оба тышқандар арасында әлі күнге сақталған, әсіресе облыстың оңтүстік аудандарында оның қатері басымырақ. Жекелеген адамдардың оба дертіне шалдығуы әлі күнге сақталып келеді. Сол себепті обаға қарсы күрес лабораториялары қатерлі дертті бақылауға алу ісін тоқтатпақ емес [2, 15 б]. Бұл «Бекетай обасы» бес жүзден астам Нарын жұртының өмірін қиып еді... деп аталған, Орал өңірі газетінің 1994 жылы 24 желтоқсанындағы санында жарияланған Оралдағы обаға қарсы күрес станциясының бастығы, медицина ғылымдарының кандидаты А.Граждановтың мақаласының негізгі дерегі. Бұл деректе Батыс Қазақстанды

жайлаған оба ауруының шығуы туралы және оны емдеу, алдын алу үшін атқарылған қызметтер айтылған. Обаға қарсы күрескен дәрігерлердің өміріне тоқталып, өз өмірлерін қатерге тігіп, өз азаматтық кәсіби борыштарын өтегендері туралы айтылады. Әрине, обаға қарсы күрес туралы сөз болғанда тұңғыш эпидемиолог дәрігер Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбаловты атамай кету мүмкін емес. Бұл мақалада да М.М. Шомбаловтың ерен еңбегі сөз етіледі.

Біз зерттеп отырған тұлғаның жарты ғұмыры обаны зерттеу, обамен жұмыстың айналасында болғаны дәлелді. 2014 жылы өткен Орал обаға қарсы күрес станциясының халықаралық ғылыми-практикалық мерейтойлық конференциясының материалдарының жинағында дәрігерлік еңбек жолындағы ерлігі, адал еңбегі туралы дерек келтіріледі. Мәжит Мұхамеджанұлы қызмет жолының басынан бастап оба індетінің ошақтары, оның салдарларымен күресті. 1905 жылы Батыс Қазақстанда және Астрахан губерниясында ірі оба ошақтары пайда болып, көптеген медициналық күштерді қажет етті. Ресми деректер бойынша 1905 жылдың қарашасынан 1906 жылдың желтоқсаны аралығында оба індеті 177 отбасын қамтыды, оның ішінде 659 адам қайтыс болды. Одан кейін оба 1924 жылдары қайта өршікті, бұл кезеңдегі індет ошақтарын жоюға Мәжит Мұхамеджанұлы тікелей қатысты, тек дәрігер ретінде ғана емес, яғни тек аурумен ғана күресіп қана қоймай, тұрғылықты халықтың санасында қалыптасып қалған дәрігерге сенеушілік, тәуіп, бақсыларға деген үлкен сеніммен күресті. Ондай қиын жағдайлар туралы 1908 жылдың шілде-тамыз айларында Бөкей Ордасының Саралжын және Культабан елді мекендеріне арнайы обаға қарсы күрес мақсатымен іс - сапарға келген В.А. Белиловскийдың жазған дерегі бар. Тапсырма берілген оба ошақтарын жою мақсатындағы іс-шараларға уездік дәрігер М.М. Шомбалов та қатысты, ол обадан қайтыс болған адамдардың денесін ашып қарап, іш құрылыстарын зерттеді. Денелерді ашу далалық аймақта, бейіттің қасында жасалды. Сол кездердегі қазақтар мұсылман дінін берік ұстанған кезде, халыққа қарсы шыққаны нағыз дәрігерлік ерлік болып есептелді. Халықты, әсіресе ақсақалдарды өз ісінің дұрыс екеніне көндіріп, олардың арасында санитарлық мәдениетті қалыптастыра білгенінің артында тынымсыз әрі төзімді қатты қажет ететін еңбектің тұрғандығы айтпасақ та белгілі. Осындай

еңбектері үшін ол 2 рет Астрахан денсаулық сақтау ведомствасының обамен күресі үшін деген медальдарымен марапатталған [3, 335 б]. Бұл мәліметтерде дінге қарсылығы немесе басқа бір көзқарастары емес, толықтай жұмысына адал дәрігердің әрекеті көрсетіледі. Ол дегеніміз, егер ол халықтың қарсылығына қарамастан қайтыс болған адамдарды зерттеп қарамаса індеттің қайдан пайда болғандығы, оның алдын қалай алуға болтындығы, қалай емдеуге болтындығы туралы зерттеу жұмыстары болмас еді. Өз қызметіне адалдығының арқасында ол көптеген адамдарды құтқарып қалды, дәлірек айтсақ індеттің таралу жолының алдын алды, таралуын тоқтатты. Ескіше ойлайтын, әсіресе дінді берік ұстанатын халық үшін қайтыс болған кісінің денесін тілу деген мүмкін емес нәрсе еді, бірақ халықтың, әлі аурудан сау өздерінің болашақтары, ауырмаулары үшін амал жоқтан келісті, барынша көмектесті де.

1974 жылы Саратов қаласында жарияланған «Проблемы особо опасных инфекции» деген кітапта мерейтойлы даталар деп аталатын парақта обаға қарсы күрескен тұңғыш қазақстандық (М.М. Чумбаловтың туғанына 100 жыл толуына орай) атты мақала жарық көрген. Онда М.А. Айкимбаев, А.К. Акиев, С.А.Аубакиров сынды дәрігер-зерттеушілер Мәжит Мұхамеджанұлы туралы зерттеулерімен әрі жеке пікірлерімен бөліседі. Бірнеше рет туындаған оба ауруының өршуімен күресте білікті дәрігерлердің көпшілігі белсенді түрде атсалысты. Олардың обамен күрес барысындағы еңбектері ерен, олар еліміздегі оба індетінің көзін жойып қана қоймай, алдын алу шараларын ұйымдастыруға да көп үлес қосқандығы айтылады.

Зерттеу барысында қолға түскен мәліметтерді топтастыра отырып, Шомбалов туралы зерттеген қайбір зерттеушіні алмасақта, бәрі де оның өмірінің көп бөлігі оба дертінің емін іздеумен өткенін айтып, халықты ажал аузынан алып қалу кезіндегі ерліктеріне танданыстарын жасырмайды. Ол тек дәрігер ғана емес, қоғам қайраткері, белсенді ұйымдастырушы болғандығы да сөз етіледі.

Зерттеуші м.ғ.д. С.Х.Душмановтың кітабында келтірілген мәліметтер бойынша: Бөкейордалық губернияның денсаулық сақтау бөлімі М.Шомбалов тағайындалған алғашқы күндерінен бастап, ауылдық елді-мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуды, қауіпті ауруларды профилактикалық тұрғыдан жоюды қолға алды.

Бұл сол кездегі әлі күнге өршіп тұрған оба мен халера індеттеріне байланысты болды. Тек 1918 жылдың 14 шілдесінен-25 қазанына дейінгі уақыттың өзінде-ақ, Шомбаловтың бастамасымен Бөкейордалық губисполкомының төтенше санитарлық тазалықты сақтау комиссиясында оба мен халераға қарсы күреске ғана байланысты 10 отырыс өткізілді. Аталған жұқпалы аурулармен күресте Бөкейордалық губерниялық денсаулық сақтау бөлімі 30 мың рубль қаражат бөлді. Аурулардың өршіп тұрған ошақтарына дәрігер Белов пен бактериолог Никанорованың басшылығындағы зерттеу отрядтары жіберілді. Шомбаловты революциялық кеңестің мүшесі етіп сайлайды, 1921-22 жылдар арасында Орда исполкомының төрағасы, РКП(б) губкомының мүшесі қызметін атқарады [4].

Ол алғашқы еңбек жолында 10 төсектік аурухана меңгерушісі, уезд дәрігері болады. Оның қызмет ететін территориясы Каспий жағалауларын алып жатқан 15 мың шаршы километрдей үлкен аймақ еді. Санитарлық талаптың, тұрмыс жағдайының нашар болуы, халықтың көп ауруға шалдығуы - сол кездегі аз ғана медицина қызметкерлерінің жұмысын қиындатты. Өте қауіпті аурулардың негізгі ошақтарында қажетті шараларды жүзеге асыру үшін көп уақыт кететін [1, 66 б]. 1905-1906 жылдары М. Шомбалов қол қойған есепте 3616 адам амбулаториялық емдеуден өткені айтылған. 10 төсектік ауруханада 81 науқас емделген, 479 адамға үйлерінде дәрігерлік көмек көрсетілген. Шешекке қарсы 1340 адамға егу жұмыстары жүргізілген.

М.Шомбалов оба ауруына қарсы күресте өте маңызды да ұйымдастырушылығы мол жұмыстар жүргізді. Астрахань облыстық мемлекеттік мұрағатында М.Шомбаловтың Ішкі Ордада 10-старшындықтағы Толубай өңірінде және Астрахан темір жолындағы Жәнібек станциясындағы байқалған оба түрін бірінші болып айқындап, соның нәтижесінде Санкт-Петербургтан дәрігер-бактериологтар келіп, үлкен шаралар жүргізілгендігін куәландыратын документ сақтаулы.

1911 жылы М.Шомбалов далада обаның шығу себебін анықтауға келген И.И.Мечников экспедициясы құрамында зерттеу жұмыстарына қатысады. Ол екі мәрте, 1906 және 1910 жылдары «Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін» арнайы күміс медальмен марапатталды [1,66-68б]. Мәжит Мұхамеджанұлының

өз заманында да еңбегі бағаланып, жоғарғы марапаттарға ие болғанын көріп отырмыз. Жұмыс бабымен мансабы да жыл сайын өсіп ел астанасы болған қалаларда жұмыс орнын ауыстырып отырды. 1925 жылдары Қызылордада, кейін Алматыда қызмет жасады.

1922 жылы Денсаулық сақтау халық комиссарының орынбасары қызметінде жүрген кезінде ол денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушысы ретінде жақсы танылады. Сонымен бірге, Қырғыз АКСР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және Бүкілресейлік Қызыл Крест қоғамының Қазақстандағы өкілі болып сайланады. Денсаулық сақтау халық комиссары орынбасарының қызметі жұқпалы ауруларға қарсы күрес, республика территориясын медицина - географиялық жағынан зерттеу мен медициналық қызметкерлерді даярлауды ұйымдастыру ісімен тығыз байланыста болды. М.Шомбалов Денсаулық сақтау халық комиссариатының аналар мен балаларды қорғау бөлімін және оның жергілікті жерлердегі органдарын ұйымдастыру ісінде белгілі еңбек етті. Орта медициналық қызметкерлер даярлайтын көптеген курстарда сабақ өткізді. Мәжиттің Денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушысы ретіндегі жемісті қызметі республикадағы аптека басқармасының меңгерушісі қызметін атқарған кездерінде көрінді[5, 3-4 б].

М. Шомбаловтың бастамасымен 1925 жылы республикада «Казгосмедторг» (Қазақ мемлекеттік медициналық саудасаттығы) ұйымдасты. 1928 жылы ол қайтадан өлкелік Қазақ дәріхана басқармасы деп құрылды. Бір жыл өткен соң осы басқарманың төрағасы болып сайланды. Осы қызметінде 1937 жылға дейін отырды. Оның бастамасымен елде басты мәселелер шешіле бастады, ауылдар дәрімен қамтамасыз етіле бастады, дәріханалар жүйесі қалыптасты. 1929 жылдың өзінде Шомбаловтың басшылығымен Қазақстан аумағында емханалардың жанынан ашылған 33 дәріханадан басқа ауылдық 47 дәріхана ашылды, 10 маманданған арнайы санитарлық және гигиеналық дүкендер, 1 дәріханалық қойма ашылды. Егер Алматыда 1926 жылы бар болғаны 4 ғана дәріхана болған болса, 1938 жылы олардың саны 16-ға жетті. Одан бөлек 2 дәріханалық дүкен, 26 киоск, 16 дәріханалық пункт және бақылау-аналитикалық лабораториясы ашылды. Алматы қаласындағы

медициналық институттың ашылуы, дәл осы қаладағы №1 орталықтандырылған дәріханалық қоймасының ашылуы, Семей қаласында өлкелік фармацевтикалық техникумның ашылуы Мәжит Мұхамеджанұлының есімімен тығыз байланысты.

Батыс Қазақстандағы оба індетімен күрескен дәрігерлердің арасында, туа біткен ұйымдастырушылық қасиетімен ерекшеленетін, өз ісіне берілген дәрігер Мәжит Мұхамеджанұлын ерекше атауға болады. Қайраткердің Республикадағы денсаулық сақтау ісінің дамуына қосқан үлесі өлшеусіз [6, 120-121 б].

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлжанов А. Алғашқы қарлығаштар. - А., 2007. -112 бет
2. Гражданов А. «Бекетай обасы» бес жүзден астам Нарын жұртының өмірін қиып еді... // Орал өңірі, 24.12. 1994.
3. Орал обаға қарсы күрес станциясының халықаралық ғылыми-практикалық мерейтойлық конференциясының материалдары, 1914- 2014 жылдар. Орал, 2014.
4. Душманов С.Х. Видные медики Западного Казахстана. – Ақтөбе, 2001. -138 б.
5. Абулхаирова Г. Первый врач- чумолог// Приуралье, 2003. Стр 3-4.
6. Проблемы особо опасных инфекций. –Саратов, 1974. Вып- 1. Стр 141-148.

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ҒҰБАЙДОЛЛА БЕРДИЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Әлмұқан А. С.

№11 мектеп-интернат мұғалімі

XX ғасырдың басында саяси күрес сахнасына бұрынғы батырлар ізін жалғастырған, бірақ әлдеқайда білімді, Ресейдің аса үлкен ғылыми орталықтарында оқыған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестердің бағыт-бағдарымен әбден таныс, экономика, құқық, саясат саласында терең ілім-білім меңгерген зиялылардың үркердей озық ойлы тобы шыққан болатын. Олар өздерінің басты

мақсат-мұраттары деп қазақ халқының ұлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге тарихи өткенін қалпына келтіру ұлттық санасын шыңдау деп санаған және де қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алған. Осы арыстарымыздың кезінде Қазақстандағы ұлт-азаттық күрес формасы түбегейлі өзгерген болатын. Қазіргі таңдағы мемлекетіміздің тәуелсіздігіне қол жеткізуде бірнеше оқиғаны басынан кешіргеніне тарихтың өзі куә екені баршаға мәлім. Алаш қозғалысын зерттеушілердің бірі Мұхтар Құл-Мұхаммед атап көрсеткендей, Алаш өкілдерінің ғылымға емес-утопияға, демократияға емес-авторотизмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шіғып, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен «Алаш» партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсат-міндеттерді шешуге тырысып Алашорда үкіметін құрды және ұлттық аумақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекетін жариялауға ұмтылды. Сөйтіп, ұлттық мемлекеттілікті қайта қалпына келтіруге нақтылы мүмкіндіктер алған болатын. Қазақ халқының ұлттық саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған XX ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, дүниетанымдық көзқарастары да тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеуге объект бола алмады. Тәуелсіздік бізге Отан тарихын қайта жаңғыртуға мүмкіндік беріп, қоғамдық ғылымдар алдында зор міндеттер қойды. Солардың бірі және бірегейі ретінде халқымыздың ұлт болып қалыптасуына, оның ұлттық және саяси сезімінің оянуына, өзінің дербес мемлекеттілігін жариялау жолындағы күресінің дамуына орасан зор әсерін тигізген Алаштың нар ұлдарының өмір жолын, қоғам үшін атқарған саяси қызметтерін зерттеуге аса көп көңіл бөлініп отыр. Соның бірі – XX ғасырдың басында еліміздің Батыс өлкесінде елдің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып, кейін Алаш өкіметінің белсенді жетекшілерінің санатына қосылған, Алаштың асып туған ұлдарының бірі – Ғұбайдолла Бердиев.

Зерттеу нысаны болып отырған Алаштың асып туған ұлдарының бірі, қазақтан шыққан зиялы қауым өкілі – Ғұбайдолла Бердиевтің өмірі мен қызметі болғандықтан, зерттеу

шеңбері болыр оның өмір сүрген жылдары, яғни 1885-1921 жылдар алынады.

Ғылыми жұмыстың мақсаты – Батысы өңірінде Алашорданың дербес органға айналу кезіндегі қысыл-таяң шақтағы ел азаматы Ғұбайдолла Бердиевтің қайраткерлік тұлғасы мен оның қазақ қоғамы үшін атқарған қоғамдық-саяси істерін айқындау, қызметіне объективті баға беру, саяси-құқықтық көзқарасын кең көлемде зерттеп, оны бүгінгі жас, өскелең ұрпаққа таныту.

Міндеттері: - Ғ.Бердиевтің қоғамдық-саяси қызметін сипаттаған еңбектерді саралау;

- XXғ. Басындағы Қазанда оқыған қазақ зиялыларын қарастыру;

- XIXғ. Аяғы мен XXғ-дың басындағы Гурьев уезіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды, қоғамдық-саяси ахуалды кең сипаттау;

- Ғ.Бердиевтің ел басқару істерін саралау;

- Ғ.Бердиевтің өмірдеректері туралы шолу жасау;

- «Қазақстан» газетін ұйымдастырушылардың бірі және белді өкілі екенін дәлелдеу;

- Алаш қайраткері ретінде қайраткерлік тұлғасын таныту;

Ғылыми жұмыс кіріспеден, төрт параграфтан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

«Қазақстан» газетінің мазмұнына, идеялық-саяси бағытына келсек, шоқтығы биік көрінеді. «Қазақстан» газеті сол кездегі қазақ тұрмысынан көп мәселе көтерген. Газет ешбір саяси партия линиясын қолдамайтынын, жалпы халықтық мүддені қорғайтынын мәлімдеген.

Бұнымен қазақ интеллектік ойы тек бір таптың мүддесіне қызмет ететін орыс коммунистерінен иығы биік екенін көрсетеді. Ғұбайдолла Бердиевтің «Қазақстан» газетінің бетінде мәдени-ағарту, отырықшылыққа көшу, аурудың алдын алу, тазалық сақтау жайында бірнеше мақала жариялағаны да расталып отыр.

Алайда, «Қазақстан» газеті Теке қаласында екі бірдей қысымға ұшыраған: бір жағынан қаржы тапшылығы, екіншіден, Орал полициясының тіміскі әрекеттерінің ұлғаюы. Мұғалімдер мен дәрігерлердің астыртын кәсіподақ ұйымының төрағасы С.Меңдешев 1936ж. 14 маусымдағы мақаласында өз баспа органы жоқ «Қазақстан» газеті 18 номерін шығарып, жұмысын

тоқтатқанын жазады. Бұл ашық күнгі найзағайдай еді. Газет қараңғы күнде айналаны жарық етіп, халқына алдағы өмірінің бағытын көрсетіп, жалындай сөнді. Газет халық алдында өзінің тарихи-саяси миссиясын сауатты орындады [7:89].

Ендігі кезекте «Қазақстан» газетінің таратылуына жіті талдау жасайтын болсақ. Неге десеңіз, Ғұбайдолла Бердиевтің қоғамдық санасының алдағы кезеңі аталмыш газеттің таратылуынан кейін өзінің заңды жалғасын табады. Бірден-бір басты себеп қаржының жетіспеушілігі десек, екінші жағынан бұқаралық негізінен айырылды. Атап айтар болсақ, газет большевиктік идеяларға бет бұрды. Әрине, болатын нәрсе болмай қоймайды. Оған сырттай түңілудің еш қажеті жоқ. Дей тұрғанмен Қаратаев бастаған (ішінде Ғұбайдолла Бердиевте бар) газет ұйымдастырушыларының большевиктер жағынан табылуының басты объективті себебінің – патшалық жүргізген қоныс аудару саясатына қарсылықтан туған революцияшылдық сезімінен екенін ұмытпауға тиіспіз. Алдымен ол татар большевигі Хұсайын Ямашев Орынборда шығарып тұрған социал-демократиялық «Урал» газетімен байланысты болды. Осындағы «Қазақтардың уәкілетті өкілі» деп қол қойған орыс халқына үндеу хат түріндегі татарша мақаласында бүкіл Ресей бойынша жерді халықтың меншігі деп жариялауға шақырды, тіпті «Самодержавия тұрғанша жер мәселесі оңынан шешілмейді» деуге аузы барады.

Осы сөзді жазған 1907 ж. Оның маңайына ішкергі қалаларда оқып жүріп, социал-демократтардың ұяларына кірген, толқуларға қатысқан біраз қазақ студенттері жинала бастаған еді. Солардың көпшілігі орыс кәсіпкерлерімен бәсеке татар буржуазиясының арқасында қара табан жұмысшысы көбейген Қазанда большевиктік идеялардың шалығына ұшырағандар еді. Қазан малдәрігерлік институтында оқып жүріп сондағы астыртын социал-демократтардың тобының мұсылман ұясына кірген Ғұбайдолла Бердиев, сол қалад РСДРП-ның оқушылар ұясына мүше болған Нұғман Залиев, Сейітқали Меңдешев, Воронежде лаңкестік «Красные шнуры» құпия тобының қатарынан табылған Сақыпкерец Арғыншиев, 1910 жылдары Бақытжанның көмегімен өз елінде Сүгірбай поселкесін ұйымдастырған Әбдірахман Айтиевтер Қаратаев айналасының кеуде тобын құрайды. Осы айтылғандардың барлығы, оған қоса «Қазақстан» газетінің басқармасының қатарынан Елейсін Буйрин мен Ғұмар Қараш

кейін, Қазан төңкерісінің алғашқы жылдарында коалициялық Кеңес өкіметі жағынан табылды. Демек, қазақ жәдидттерінің большевизмнен ауалануының қадасы 1917 жылдың әлде-қайда ертерек, «Қазақстан», «Айқап» шыға бастаған жылдары-ақ қағылған. «Деятели прогрессивно-демократического направления (Б.Қаратаев, М.Сералин, Ж.А.Сейдалин, Ғ.Қарашев, Ғ.Бердиев) в ожесточенной борьбе с реакцией отстаивали народно-демократические идеи, которые в конечном счете способствовали подготовке казахского народа в конечном счете способствовали подготовке казахского народа к восприятию идей Октября», - деген пікір зерттеуші пікірі ой саларлық.

Жаңа біз жоғарыда атап өткеніміздей «Қазақстан» газетінің жұмысының тоқтауының бірден-бір себебі қаражаттың тапшылығынан еді. Ол хақында Мұхаметжан Сералин: «Қазақстан» ақша жоқтықтан тоқтады, -деп жазды. Міржақып Дулатов та осыны айтқан. «Былыр Оральскде «Қазақстан» газетасы шыққанда баубайы Зинолғабдин Тағиев 1000 сом жәрдем берді. Мыңды айдаған қазақ байларының қолынан мұндай орынға 5-10 сомнан шығуы қиын болып тұрғанда қайдағы бір шеркестің 1000 сом суырып беру қалай!.. Сол «Қазақстан» ашылуының кемдігінен тоқтап қалды.» Бұған қарағанда ай сайын жиналатын ақша аздық еткен. Ал Мұстафа Смағұлов кезінде Буйриннің зайыбы Ұмсын баласы Әнуардан естіген дерекке сенсек, газет Орал облысының вице-губернаторы Вольферстің бұйрығымен жабылған. Полиция басқарманы тіпті, тарағалы тұрған соңғы номерді үптейді, қорда кезегін күтіп жатқан материалдарды да алып кетеді. Сірә, 1912 жылы қаңтарда, Астраханьға мәлімет сұратып салған хатына жауап күтпестен «Қазақстанды» шығаруға рұқсат беріп жіберген Орал әскери-губернаторы Стольпиннің жақтасы Дубасовпен Вольферстердің қазақша газетке еншілеген міндеті осымен ада болса керек. Шынтуайтында 1912 жылы – ақ Стольпиннің реформасының мысы шығып қалған еді. Бұл жерде гәп реформа бастамашысының 1910 жылы Киевте атылған лаңкес Богров оғынан арманда кеткендігінде ғана болмаса керек, мәселе А.Ковод сияқты реформа авторларының орыс өмірінің шындығын білмеуінде, орыс мұжығының мінез-құлық ерекшелігін ескермегендігінде еді. Түптеп келгенде әлем тарихы жерді қауым болып игеру тәсілін (община) жерді қауым болып

иелену тәсілімен қатар қолдана отырып агромәдениетті ойдағыдай дамытқан бірде-бір елді біле бермейді [4:109].

Сөйтіп, Ғұбайдолла Бердиевтің «Қазақстан» газетіндегі ерекше қайраткерлік тұлғасын айқындай отырып, оның үркердей озық ойлы қазақ зиялыларымен бірігіп, бір жөнінен қол, бір жағадан бас шығару арқылы, туған халқының, яғни қазақ халқының өткенін мол бағалап, болашағын кенінен саралап, сол кезеңде қалыптасқан тарихи-саяси жағдайларға өзіндік өрнегімен ерекшеленіп, сүбелі үлес қосты. Басымызға қылыштың жүзі төніп тұрған заманда, газетке шын қайраткерлік, азаматтық жауапкершілікпен қарап, идеологиялық жағынан дем берген еді. Бұл екінің бірінің, егіздің сынарының қолынан келе бермес іс еді.

Енді күллі қазақ қауымына түбегейлі бетбұрыс жасаған, Ғұбайдолла Бердиевтің қайраткерлік тұлғасының заңды жалғасы 1917 жылдары ұйымдастырылған Жалпы Қазақ съезіне тоқталсақ. Алдымен өткенге шолу жасасақ Еліміз бұл кезеңге дейін айдын көлде ескексіз қалған қайықтай болып, бұйдалы тайлақтай күй кешкендігі белгілі. Ендігі кезекте, Алаш арыстарымен бірге тоқтауға қалған жүрегіміз қайта түлеп соқты. Ғұбайдолла Бердиев 1917 жылы шілдеде өткен І – ші Жалпы Қазақ съезінде Орал облысынан құрылтай жиналысына сайланатын депутат кандидаттылығына ұсынылды.

1917 жылы Уақытша Өкіметтің Гурьев уезіндегі комиссары болып тағайындалды. 1918-1919 ж.ж. Гурьев уезіне қарасты Қарабау облыстық земство басқармасын басқарды. Қазанда оқып жүргенде жабысқан туберкулез дерті меңдегеннен кейін 1919 жылы күзде туған ауылына оралды. 1921 жылы көктемде осы аурудан қайтыс болды. Соңында екі қыз, бір ұл қалды. Қыздары Жаниха мен София 1949 жылы қайтыс болды, ұлы Мұхтар Гурьев педагогикалық училищесінің түлегі. 1944 жылы майданда қаза тапты [3:190].

Сөйтіп, Алаштың асып туған ұлдарының бірі Ғұбайдолла Бердиевтің жеке қайраткерлік тұлғасын айқындай отырып, біз төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

- елінді сүйсең, жан аямай қызмет ете білсең халқыңда сені алақанға салып аялай біледі,- дегеніміз Ғұбайдолла Бердиевтің жеке қайраткерлік тұлғасына берілген заңды тарихи баға;

- ол өз кезегінде мойымаған қайсар мен жасымаған рухының арқасында алдыңғы қатарлы үркердей озық ойлы қазақ

зиялыларымен қазақ оқығандарының астанасы Қазанда жоғары білім алды.

Жұлдыз болып туған ұл, туған елдің бағына, - дей отырып оның бұл қайраткерлік істері уақыт өткен сайын маңызы өлшеусіз құбылыс болып қала береді.

Ғұбайдолла Бердиевтің жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы

Ғұбайдолла Бердиев 1885 ж. Орал облысы, Гурьев уезі, (қазіргі) Махамбет ауданында, Қарашығанақ ауылында дүниеге келген. [2:6] Тегі – Байұлына жататын Беріш руының Бегіс бөлімі. Әкесі – Есқали, оқығаны болмаса да тоқығаны мол кісі болған, атасы Мүсірәлі – Есбол өңірінде болыс болған, алыстағыны көре білген көсем, сөз бастаған шешен болған қайраткер. Мүсірәлінің үлкен ұлы – Досжан Бердиев Орынбордағы Неплюев кадет корпусының алты класын бітірген, Гурьев уезінің бастығының тілмашы, әрі қазақ істері жөніндегі көмекшісі болды. Ғұбайдолла Бердиев Есбол атындағы «Қызыл үй» аталатын 2 класты орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін ағасы Досжанның көмегімен Гурьевтегі Романов училищесін тәмамдады (1909). Одан Орал қаласындағы реальдік училищесінде 4 жыл оқыды. Осы оқу орнында ол Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Н.Ипмағамбетов, Н.Досбайұлы, Б.Бейсенов, И.Қашқынбаев, Ғ.Есенғұлов, Ш.Күсепқалиев сияқты болашақ қоғам қайраткерлерімен араласып, осы топ әсерімен алғашқы саяси-қоғамдық көзқарастары қалыптаса бастады. 1903 жылы Қазан малдәрігерлік институтына түсті. Осындағы жасырын социал-демократиялық париясының мұсылмандар ячейкасына кірді. 1905 жылы сол жылы Оралға келді. 1904-1905 жылдары Бақытжан Қаратаевтың басшылығымен Оралда «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы» деген қазақтың кадеттік үлгідегі тұңғыш ұлттық саяси ұйымының құру қозғалысына белсене қатысты. 1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында Қазақстанның бес облысының өкілдерінің қатысуымен болған съезде Ресей кадеттер партиясының жергілікті бөлімшесі есепті құрылған «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» 9 адамнан тұратын Орталық комитетіне Б.Қаратаев, М.Бақтыкереев,

И.Токберлиев, Х.Досмұхамбедов, М.Мұқановтармен бірге сайланды. 1905 жылы 27 қарашада алғашқы номері жарық көрген «Фикер» газеті Орал қаласында құралған конституциялық-демократиялық партиясының баспасөз органы міндетін атқарды. Алғашқы номерін шығарушы либералдық-ағартушылық бағыт ұстанушы К.Мутыги болатын. Газет негізінен Қазан татарлары тілінде шыққанымен, қазақ кадеттерінің мақалалары қазақша қаз-қалпында басылды. «Фикер» газетінің 1905 ж. 25 желтоқсандағы 5-номерінде Ғ.Бердиев «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының программасын» жариялауға қатысып, бағдарламада көрсетілгендей, Ресейде монархиялық билікті шектеген, пұрсатын конституциямен тұжырымдалған жаңа тәртіп орнатуды жақтады. [3:505] Бақытжан Қаратаевтың пайымдауынша, тарих төңірегінде конституциялық құрылыс озық елдердің өз денесінен табиғи жолмен өсіп шығады, дей тұрғанмен, конституциямен өмір сүретін қоғамда шектеулі монархияға да орын бар. Заң ел игілігінің қамын жейтін «халық өкілдерінің» жиналысы – Дума тарапынан қабылданады. Халықтың өзін-өзі басқаруына негізделген басқарудың бұл түрпаты «республика» деп аталады. Қазақ жерінде де халық өзін-өзі басқаратын жүйе болуы тиіс.

Сонымен бірге ресми билік дін ісіне араласпауы керек, яғни толықтай ождан бостандығы беріледі. Бұған қоса қазақ кадеттері қазақ жерін қазақ халқының меншігі деп жариялауды, Думаның осындай заң жобасын әзірлеуін сұрады. Мұның өзі кадет-масондардың экономикалық жосынының негізі – жеке меншік қағидасына түбірімен қайшы еді. Кадеттердің жер мәселесіндегі түбегейшілігі ұзаса помещик иеліктері мен уазифа (кабинет) жерлерін жеке меншік құқымен мұжыққа сатумен танытатын-ды. Дәл осы жәйт мешіт, діни мекемелер қарамағындағы уақыф жердің ортаққа түсіп кетуінен қауіптенген «Мұсылман иттифақы» қайраткерлерін ойландырып тастаса да, Иттифақ өз ішіндегі, кадеттерге жақ қырымлы, қазанлы татар қайраткерлердің қысымымен тактикалық тұрғыдан кадет бағытын ұстануға көніп еді. Ал жерінің дені вотчина ретінде орыс қолында кеткен башқұрт пен осындай кепке XX ғасырдың басында киліккен қазақтың жерді жеке меншікке беруді қолдайтын кадеттермен келісімге келуіне тіптен негіз жоқ-ты.

Сондықтан кадеттік үлгідегі қазақ ұйымы өз ішіндегі басқа ұлттан болған мүшелермен алғашқы мәжілісінде-ақ кетіседі.

Қазақ кадеттері кіндік ағзасының мүшесі Ғұбайдолла Бердиев «Фикер» газетінің 1906ж. Біріктірілген 5-6 номерінде «Кадеттер партиясына қосылушы қазақтардың бастапқы жиылысы» деген мақала жазып, Краузе қазақтардың өзін-өзі басқару ойына үзілді-кесілді қарсы болғанын, бұл топ қазақ кадеттерінің мұқым саяси қарекетін Дума сайлауымен шектегісі келетінін аша жазды [4:95]. Осы пиғыл Оралдық орыс кадеттердің біртұтас Ресей жағында екендігін аңғартып тастады. Унитаризм алдымен олардың Питербургте отырған орталық ағзасының ұсынған жолы еді. Осы себептен 1906 жылы кадет Орталық Комитеті қазақ кадеттерінің саяси-әлеуметтік түбегейлі позициясын қабылдамай тастады [5:41]. Бұл жайды тарихшы Д.Аманжолова былайша нақтылайды: «Принимая программу кадетов, казахские либералы внесли в документ дополнение о праве общинной собственности на землю в крае о необходимости отказа от государственной политики переселения. Первостепенную важность данного положения подчеркнул на втором съезде кадетов в январе 1906 г. Ж.Сейдалин. Однако это требование не было принято, несмотря на признание революционирующего влияния переселенческой политики крестьян и кочевников»...[6:21]

Жалпы Қазақтың қаламы ұшты авторлары аталмыш газетті Мемлекеттік Думаға депутат сайлау мақсатына орай пайдаланған. Сол кезеңде біз білетіндей көкірегіндегі сана, көңілінде саңылау бар ұлттық мүдде мен ұлттық мұрат жолында күрес жүргізген саяси қайраткерлерінің қайраткерлік тұлғасының көрінуі, ұлт зиялыларының I және II Мемлекеттік Думаға сайлануына еді. I Мемлекеттік Дума бар болғаны 72 күн ғана жұмыс жасады. 1906 жылы 9 шілдеде ол үкімет шешімімен таратылды. Алайда, қоғамдағы терең әлеуметтік-саяси дағдарыстан қауіптенген патша үкіметі II Мемлекеттік Думаны шақыруға мәжбүр болды.

1906 ж. Ғұбайдолла Бердиев күзде Қазан малдәрігерлік институтындағы оқуын жалғастырып, оны 1909 ж.бітіріп шықты. 1909-1917ж.ж. ең ірі аумақтық бөлім Гурьев уезінің бас мал дәрігері қызметін атқарды. Елдің мәдени-тұрмыстық деңгейінің артуына зор септігін тигізді.

Біз қарастырып отырған Ғ.Бердиевтің қайраткерлік тұлғасының айқын, әрі заңды жалғасы 1905-1907ж.ж. бірінші орыс революциясынан кейін басталды. Бірінші орыс төңкерісінен

кейінгі кезеңде қазақ даласында да, ұлт зиялылары қоғамға сын көзбен қарап, халықтың көкейкесті мәселелерін көтеруге бел алғаны аян. Қазақ зиялыларыда осы кезеңде халық, заман хақындағы ойларын елге тарататын басылым керектігін жақсы түсінді. Бөкей Орданың қоғамдық өмірін белсенді қарастыру үшін өз органы-газет болу керек деп шешкен еді. Ол үшін 1910 жылы кәсіподақ мүшелерінен, кей интелегент пен тұрғындардан қаржы жинауға кірісіп, өз баспаханасын құруды қолға алады. Бірақ елден жинаған қаржы баспахана жабдықтарын алуға жетпейді. «Қаһармандар халық қалауымен, заман талабымен туылады», -десек, сол дәуір тұлғалары Ғ.Қараш, Е.Буйрин, Ш.Бөкеев, Ғ.Мұсағалиев, Б.Қаратаев, Ғ.Бердиев, А.Мамедов сияқты қазақ оқығандары 1911-1913 жылдар аралығында жалпы ұлттық демократиялық және ағартушылық-реформаторлық, кейде революциялық бағыт ұстаған «Қазақстан» газетін шығаруға күш салды, аukatты кісілерден қаржы жинады. Бұл басылымның ресми редакторы Елейсін Буйрин болғанымен, материалды баспаға әзірлеп, сараптаушы Ғұмар Қараштың өзі болғандығын тарихи деректер дәлелдеп отыр.

Тарихшы Исатай Кенжеалиев өзінің «Ғұмар Қараш» еңбегінде: «Газет Ғұмар қараштың ұсынысымен «Қазақстан» деп аталды. Газеттің мақсаты-бір жағынан бүгін Батыс Қазақстан өлкесіне таратылып, бұқара арасында ағарту жұмысын жүргізу болатын. Бұл күллі қазақтың жарқын болашағының, жарқын келешігіне құлаш сермеу болатын. Оның алғашқы екі саны Орда қалашығында 1911 жылы 16 наурыз, 27 мамырда жарық көрді. Бұл ол кезде үлкен ерлік, зор табыс еді. Қазақтың өз жерінде тұңғыш қоғамдық-саяси газет дүниеге келді» 1911 жылдың қаңтарында «Қазақстан» деген атпен, орысша қосымшасымен, жетісіне бір рет қазақша газет шығаруға рұқсат еткен №618-ші губернатордың куәлігі тапсырылды. Губернатор 18 қаңтарда Петербургтегі Баспасөз ісі жөніндегі бас басқармаға жолдаған хатта әлгі мәліметтермен қатар газет бағдарламасы да тізіп көрсетілген.

Бір жылға жазылу бағасы 3 сом, жарты жылға 1 сом 50 тиын, 4 айға 1 сом, бөлшек саудада әр данасы 3 тиын тұрады. Газет Астрахань қаласында, Москва линиясындағы Багировтың үйінде орналасқан Окурь мен Апрестьянц баспаханасында басылатыны мағұлұм етілген [4:77].

«Қазақстан» екі тілде, қазақ тілінен орысшаға аударма жасаумен шыққан, көлемі қазіргі күнделікті (үлкен) газеттің көлеміндей, яғни олда екі баспа табақ мөлшерінде. «Қазақстан» газетін шығаруды жалғастыру және тарату үшін 1912 жылдың басында Теке қаласында Қазақтың 27 жас интелегенттері жиылып газет, тағы басқа мәселелерді талқылайды. Жиын ел жағдайын анықтап, «Қазақстан» газетін шығара беруге қажетті қаржыны табудың жолдарын іздеген. Ұзақ пікір алыстан кейін, жиынға қатысушылардың әрқайсысы 2 сомнан жарна жинап айына 175 сом жоюға келіскен. Бұл астыртын жиынға Ғұмар Қараш, Б.Қаратаев, Е.Буйрин, Ғ.Бердиев, С.Меңдешев, Н.Манаев қатынаскан. Ғұбайдолла Бердиев жеке өзң газетке үлкен азаматтық қолдау көрсетіп, 500 сом жарна қосқан. Бұл фактіні татардың «Құяш» газеті жазып, ізгі іске табыс тілеген. Бұдан біз «Қазақстан» газеті аз мерзім өмір сүрсе де, көп жерге қызметі белгілі болған Санкт-Петербург, Бақы (Баку), Ялта, Қырым, Астрахань, Орынбор, Тройцк тағы басқа қалалардағы күрескерлер хабардар болған.

Ғұбайдолла Бердиев ұлтжанды қазақ зиялыларымен бірге Алаш партиясы мен оның өкіметін құруға белсенді түрде атсалысады.

1918 жылы Қазақстанда орын алған әскери жағдай Алашорда өкіметінің екі орталығының байланысына кедергі келтірді. Осындай жағдайда 1918 жылы 11 қыркүйекте Уфа қаласында орталық Алашорданың өкімет мәжілісі өтіп, онда соғыс жағдайы ескеріліп, Батыс Алашордаға орталық өкіметтің барлық құқықтарын пайдаланып дербестік беру мәселесі талқыланды [19:57].

Алаш өкіметінің тарихында ерекше орын алған бұл мәжіліс 11 пункттен қаулы қабылдады, онда төмендегідей мәселелер көзделді:

1. «Алаш» деп аталатын барлық қазақ жерінде бір ғана үкімет-Алашорда болады.

2. Соғыс жағдайындағы қарым-қатынастың қиыншылықтарына байланысты құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай облыстары, Маңғыстау, Ақтөбе, Гурьев уездері кіретін аймақ – Алашорданың өз алдына дербес билік жүргізетін органы – Батыс Алашорда болып бекітілсін.

3. Батыс Алашорданы басқаратын өкімет органдары мына адамдардан болсын: Б.Құлманов /Бөкей Ордасынан/,

Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов /Орал облысынан/,
И.Тұрмахмедов /Түркістан/.

Ғұбайдолла Бердиев Гурьев уезінен, Батыс Алашорданы құрушылардың бірі әрі бірегейі болды. Сөйтіп ел тәуелсіздігін қорғап қалу мақсатында Алаш өкіметінің екі бөлімге бөлінуі және Батыс Алашорданың дербес органға айналуы заңдастырылды. Міне, осындай қысылтаяң шақта да, ел азаматы Ғ.Бердиевтің есімі Батыс Алашордашылардың тізімінің қатарында тұрды.

Алайда большевиктер жаңа құрылған өкіметті аяғына тұрғызбастан қырып-жою саясатын қолданып, ұлттық демократиялық мемлекет құру идеясын түп тамырымен жою мақсатын жүзеге асырды.

Осы орайда айта кететін басты мәселе Ғұбайдолла Бердиев уақытша өкіметтің Гурьев уезіндегі комиссары болып тағайындалды. 1918-1919ж.ж. Гурьев уезіне қарасты Қарабау болыстық земство басқармасын басқарды.

Елі, жері үшін бар күш – қайратымен еңбек еткен Ғұбайдолла Бердиев Қазанда оқып жүргенде жабысқан туберкулез дерті меңдегеннен кейін, 1921 жыл 36 жасқа шыққан шағында дүниеден өтті. «Көзден кеткен – көңілден кетеді» - деген. Жалындаған, ғұмыры қыршынынан қиылған Ғұбайдолла Бердиевтің есімі уақыт өткен сайын жас ұрпақтың санасында айшықтала түспек.

Ғ.Бердиев – өз заманының шеңберіне сыймай, ой – дәрежесіне, талаптарына көнбей, асқан даналық танытқан қайраткерлердің бірі. Ендігі біздің мақсатымыз – оның халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін атқарған қызметін бағалап, жас ұрпаққа мұра етіп қалдыру [16:79].

Кез келген мемлекеттің тарихы сол елдің, халықтың тәуелсіздік жолындағы саяси күресі тарихымен өзектес келеді. Әсіресе, бұл күрес қазақ елінің Ресей империясының қол астына енгеннен бастап күшейгендігі баршаға мәлім.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Ресей империясының толық отар еліне айналды. Саяси жағынан алғанда бұл ұлттық мемлекеттіліктің барлық негіздерінің жойылуы еді, қазақ халқы маңдай тасқа соғылып өз тағдырын өзі билеу құқығынан айырылды.

Қазақ қоғамының осы бір қасіретін халықтың озық ойлы, көзі ашық өкілдері аңғара білді, халық мұраты жолында Алаш партиясының құрамына қосылды. Алаш қайраткерлері Кеңес өкіметінің ресми органдары мен апологеттері болған тарихшы ғалымдар көрсеткендей халықтың азды-көпті шағын тобының саяси мақсаттарын немесе феодалдық, патриархалдық, ұсақ буржуазиялық топтарының мүдделерін ғана қорғаған жоқ. Керісінше, жалпы адамзаттық гуманизм принциптерін асқақ тұтып бүкіл қазақ халқының мұң – мүддесіне қызмет етті және бүкіл саналы ғұмырын осы мақсатқа жетуге арнады. Ғ.Бердиевтің ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында елінің дамуына, қоғамдық – саяси көзқарастарын қалыптастыруда ерекше қызмет атқарған тұлғасын айқын қоғам қайраткері ретінде танимыз және зерттеу жұмысын аяқтай келіп, біз төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

- Ғ.Бердиев ел жағдайын жақсартуға, отаршылдық жүйені өзгертуге, халықты озбырлықтан құтқаруға белсене кірісті және халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында Гурьев уезінде бас мал – дәрігерлік қызмет атқарды;

- Ғ.Бердиевтің «Қазақстан» газетін ұйымдастырушылардың басы – қасынан көрінуі, оның саяси санасының артуына себеп болып, сол кезеңдегі қайраткерлік тұлғасын айқындай түсті;

- І Жалпықазақ съезіне депутат кандидаттылығына ұсынылған кезде ел мүддесіне қатысты келелі мәселелерді көтеріп, оларды шешуге тікелей атсалысты, ұлттық мүддені қорғаушылардың бірі болды.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Алаш қайраткерлерінің тарихи қызметіне зор баға бере келіп: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған Ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаттық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заман үндес» - деген еді [1:238].

Осынау ғибраты мол тағылымды әрқашан жадымызда ұстап, тәуелсіздігіміздің іргі тасын нығайта түсу әрқайсымыз үшін үлкен, тәуелсіздігіміздің іргі тасын нығайта түсу әрқайсымыз үшін үлкен парыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, - 1998
2. Шәріпқали Т. Өлкеден шыққан қазақ оқығандары.// Орал өңірі, 2000ж. 30тамыз.
3. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, - 2002
4. Тәж – Мұрат М. Ғұмар Қараш. – Ақтөбе: А – Полтография ЖШС.2004.-77 бет.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат. 1995. – 348 бет
6. Аманжолова Д. Казахский автономизм России: история Алаш. - М:Россия Молодая, 1944
7. Кенжеалиев И. Ғұмар Қараш. – Орал қаласы – 2004. – 84 бет
8. Сұлтанғалиева Г. Қазанда оқыған қазақтар.// Ақиқат, 1996. Тамыз – 40 бет.
9. Нәсенов Б. Мәскеуден Досмұхамедов Халелдың Бердиев Ғұбайдоллаға жолдаған хаты. Мәскеу Әскери – тарихи мұрағаты. - №ДПОО қоры, опись - №1904 – 1915-іс.
10. Құрманбеков Б. Батыс Қазақстанда сауданың дамуы. Ақтөбе: А – Полиграфия ЖШС. 2007. – 179 бет.
11. Ысмағұлов М. «Қазақстан» газетінің шығу тарихы мен идеялық мазмұны. – Алма – Ата, 1962.
12. Сүндетұлы Қ. Ордадан қанат қаққан пірақтар. – Орал, 2008, - 51 бет
13. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). - Алматы: Қазмамбас,1964. – 251бет.
14. Бірімжаров Б., Кенжеғалиев Т.Ғ., Хайдаров Е.Е Перзент парызы (өмірдеректік анықтамалық) – Орал, 2007. – 132 бет
15. Қойгелдиев М. Қазақ ұлт – азаттық қозғалысы. 5 том. III том. - Астана.2007. – 347 бет.
16. Тәж – Мұрат М. Батыс Алашорда. – Ақтөбе: А-Полиграфия ЖШС. 2003. – 78 бет.
17. Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж. Батыс Қазақстан облысының тарихы, - Орал, 2001. – 236 бет.
18. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Санат. 1995. – 326 бет.
- 19.Мажитов Р. Жаһанша Досмқхамедов. – Алматы: Арыс. 2007. – 216 бет.

СЕЙІТҚАЛИ МЕНДЕШЕВ – КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Рамазанов А.А.

М.Өтемісов атын. БҚМУ 2 курс магистранты

Қазақтың ірі тарихи тұлғаларының бірі – Сейтқали Мендешев. Ол қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі зиялылардың бірі және бірегейі. Ұлт мүддесі жолында қызмет еткен қайраткер. Ол көзінің тірісінде-ақ «тұңғыш қазақ президенті», «қазақ жерінің жоқшысы» атанған.

Сейітқали Мендешев 1882 жылы Бөкей Ордасының Қамыссамар көлінің жағасындағы шағын ауылда дүниеге келген. Оның өскен ауылының кәсібі балық аулау болатын. Өсе келе Сейітқали да осы кәсіппен шұғылданады. Тұрмыс пен тіршіліктің арқауы болған балық байлығы Сейітқалиды өзен-көлдің сырына тереңірек үңілуге, оны молырақ оқып білуге ынтазар етті. Бірақ тағдыр Сейітқалиды балықшылықтан аулаққа алып кетті. Бұған туған ауылының Новая Казанкамен іргелес болып, орысша-қазақша оқытатын мектептің болуы себеп еді [1].

Ол Қазан қаласында оқыған кезінде тек қана білім қумай, прогресшіл бағыттағы оқытушылармен де танысып, байланыс жасап, саяси жағынан да білімін толықтырып, дүниеге көзқарасын қалыптастыра бастайды.

Алғаш еңбек жолын 1903 жылы қазақ балаларына білім, тәрбие беруден бастап, он үш жылдай ұстаздық қызмет атқарады. Сол кезде ол қоғамдық-саяси қозғалысқа, мәдени ағарту істеріне белсене араласады.

1905 жылғы бірінші орыс революциясы жас мұғалім Сейітқали Мендешевке үлкен әсер етті. Осы революциядан кейін Орда қаласы айдаудағы орыс революционерлерінің саяси жұмыстар орталығына айналды. Ол С.Мендешев секілді алдыңғы қатарлы оқыған қазақ жастарының саяси көзқарасының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді [2].

1907-1908 жылдары революцияшыл мұғалімдер, дәрігерлер Ордада жасырын кәсіпшілік одағын ұйымдастырады. Оны ұйымдастырушылардың бірі - Сейітқали Мендешев болды.

Сонымен қатар С.Мендешев жергілікті жерде оқыған сауатты адамдардың басын қосып, 1911 жылы Ордада «Қазақстан» газетін шығару ісін ұйымдастырғандардың да бірі болды. Газетте патша үкіметінің еңбекші тапты қанап, надандықта ұстап отырғаны түсіндірілді. Газеттің бағдарламасында үкіметтің өкім – жарлықтары, қоғамдық мәселелер, агенттік жедел хаттар, жергілікті өмір, биржа, сот хроникасы, әр түрлі сыртқы және ішкі хабарлар, өлеңдер көрініс табатындығы көрсетілді. Алғашқы екі номері Астраханьдағы Окуръ және Алресьянц баспаханасынан шығарылды. Редактор Е.Бұйрин газет шығарудағы қиындықтарға байланысты жергілікті татар баспагерлерінің қолдауымен кавказдық газет шығарушылармен одақ жасасты. Газетті шығару қаржылық қиындықтарға байланысты Орал қаласына ауыстырылды. «Қазақстан» газеті сол кездегі қазақ тұрмысынан көп мәселе көтерген. Осы кез Сейітқали Мендешевтің саяси тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы болды [3].

Жылдар өткен сайын Сейітқали саяси жұмыста шыңдала түсті. Оның бұл кездегі саяси көзқарасының қалыптасуына Петербургте болуы да ерекше әсер етті. Ол 1913 жылы Петербургте болған Бүкіл Ресейлік халық ағарту съезіне Бөкей ордасы қазақтары арасында халық ағарту ісінің жайы жөнінде баяндама жасап, қазақ балаларының білімге құштар екенін, бірақ оған қолы жетпей отырғанын мәлімдейді. Ол бұл сапарында Петербургтің саяси ахуалымен кеңірек танысып қайтады. Сондықтан Қазақ жеріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске белсене қатысты. Бұған осы оқиға болар алдында Петербургке екінші рет барып қайтуы, оннан тағы да үлкен саяси нәрмен оралуы себеп болды. Сейітқали Мендешевтің Петербургке бұл жолғы сапары мына жағдайға байланысты болды: Астрахань губернаторының жер бөлу жөніндегі әділетсіздігіне Бөкей Ордасының бір топ қазақтары наразы еді. Осыған орай арызбен сол кезеңнің беделді екі адамы – Нығметолла Ыбрагимов пен Ғұбайдолла Ахметовты Петербургке жіберуді ұйғарды. Ол екеуі Петербургке Сейітқали Мендешевтің жол бастап баруын және патша әкімшілігіне жолыққанда тілмәш болуын қалайды, ал Сейітқали олардың өтінішін қабыл алады. Петербургте болған кезінде Сейітқали 1-дүниежүзілік соғыстың барысы, жұмысшылардың толқуы, интеллигенцияның озық ойлы жөнінде көп мағлұматтарға қанығады. С.Мендешев Петербургтен ауылға

шілде айының басында оралады. Ол ауылда 19 бен 43 жас арасындағы қазақ жігіттерінің патшаның бұйрығына қарсы толқу, наразылық барын естиді. Мобилизацияға жергілікті әкімдер-ауылнайлар, болыстық страшиналар белсене кіріскен. Олар патша жарлығына қарсылық білдірушілерді сол арада атып тастауға дейін тәртіп береді. Қара жұмысқа адам бермеуге жергілікті адамдар, барлық ауылдар қарсылық білдіріп, санақшыларды қуып жібереді. Ауыл азаматтары қолдарына қару алып атқа міне бастайды. Петербургтегі саяси толқулардың ортасынан келген Сейітқали Мендешев қазақ ауылдарының басын біріктіруді, оларды қаруландыруды ойлайды да, осы мақсатпен ол Жаңақалаға келген бойда-ақ өзімен пікірлес жолдастары Мұқтар Сәрсембаев пен Нұғыман Залиевті және басқаларды шақырып ақылдасады. Дегенмен, жергілікті би-болыстар да қарап жатпайды. Олар патшаның жарлығын екі етпей орындауға барлық күштерін салып бағады. Қамыссамар правителі Нұрым Қарабаев Астраханнан шыққан патша уәкілі Аракчеевтің келуімен байланысты болыс, старшиналардың жиылысын шақырады. Бұған ауылдың кейбір беделді азаматтарын да қатыстырады. Ондағы мақсат Германиямен соғыста халі төмендеген патша армиясына көмек беру еді. Олардың бұл жоспарын қазақтар жүзеге асыртпауға күш жұмсайды. Қарсылық білдірушілердің ішінде Сейітқали Мендешев те болды. Ол осы жиналыста «Қазақтың жастарын мал есебінде майдандағы қара жұмысқа алу әділетке жатпайды. Егер біздің жігіттерді алатын болса, ол үшін әуелі қазақ жігіттерін оқытып, көзін ашу керек», – дейді. Чиновник Аракчеев терісіне сыймай қатты ашу шақырады: «Өшір үніңді, саған кім үйретті? Қазақ жастарын майдан жұмысына пайдалану туралы сенен ешкім де ақыл сұраған жоқ! Мынау айтып тұрғанын патша ағзамға қарсы сөздер. Бұл бұзақылығының үшін ұлы императордың алдында жауап бересің», – деп жекіреді. Бұл сөзді естігенде 80 жастағы Тастанбек Желдібаев деген ақсақал орнынан ұшып түрегеледі. Ол осы өңірдің өжет, шешен, әрі қара қылды қақ жарған турашыл ақсақалы болатын. Көз алдында өршіге алқынып дөрекілік көрсеткен Астрахань губернаторының уәкілін көріп, оны бүріп алатын қырандай қатты ұстанады. Тастанбек Желдібаев өз сөзінің аяғын: – Патшаңа сәлем айт, біз кісі бермейміз. Қанша керек болса да, ол бізден ақша алатын

болсын, – деп бітіреді. Сонымен жиналғандар қара жұмысқа адам бермейтіндіктерін ашық айтып тарқасады. Әрине, генерал-губернатордың уәкілімен бұлайша сөзге келіп жүз шайысудың арты шатаққа тірелетінін Сейітқали Мендешев бастаған топ анық аңғарады. Келесі күні ол Жаңақалаға барып, ауылдағы наразылық білдірушілерге басшылық ететін орталықтар ұйымдастыру жөнінде кеңеседі. Осы мақсатпен көп адамдар ауылға аттанады. Көтерілісшілер қатарының ұлғаюына байланысты Қарабаев-Аракчеев Астраханнан қосымша отряд алдырады. 22 шілде күні Жаңақалаға Ордадан Яков Крицкий бастаған отряд келіп, С.Мендешевке Астрахань губернаторының тұтқынға алу жөніндегі құжатымен таныстырады. Тұтқынға алынған 6 адамның ішінде С.Мендешев, Т.Желдібаев, Н.Залиев және әкімдердің «көзінің қырында жүрген» Сүндетқали Нұрсарин де болады. Ордаға келген тағы да бір қазақ жігітін қосып Астрахандағы түрмеге айдайды. Астрахань түрмесінде Сейітқали 1916 жылдың желтоқсанына дейін отырады. Ол түрмеден келген соң, ауылына аялдамастан Таловкаға жүріп кетеді. Бұл жөнінде Куйбышев облысының Большая Глушица селосында тұрған Мусин Мерген деген адам былай дейді: «мен оның делбешісі болып бардым. Таловкада Тереньев деген орыстың үйіне түстік. Сейітқалидің келген хабарын естіп, семинариядағы әріптесі Мұхамбетрахым Қарабаев біз отырған үйге іздеп келді. Амандасып болған соң: – Неге біздің үйге түспедің? – деді Қарабаев.

– Сенде кісі қарайтын бет бар ма? Бізде қазақ баласының тағдырын ойыншыққа айналдырамыз деген серт болып па еді? – деген Сейітқалидің сөзіне Қарабаев ешнәрсе айта алмай қалып:

– Өкпең болса үйге жүр, сонда айтарсың, – деді. Сейітқали бармайтынын кесіп айтты. Кейін білдім, Мендешев Таловкаға Аракчеевті іздеп, оның қазақ даласындағы қылмыстарын бетіне басу үшін барыпты. Бірақ ол бізден бұрын кетіп қалғандықтан, жолығыса алмадық». Кеңес өкіметі орнағанға дейін қазақтардың сауатын ашуға, олардың теңдігін қорғауға айтарлықтай еңбек сіңірген Сейітқали Мендешев 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде қыруар қоғамдық маңызы бар жұмыстар атқарды. Қолынан келгенше көтерілістің сәтті аяқталуына қызмет етті. Бұл келтірілген фактілер ол атқарған жұмыстардың оннан бірі десек те болады [4].

С.Меңдешов 1917 жылы ақпан төңкерісі қарсаңында боса елге оралысымен өзінің туған өңірі Бөкей ордасында, кейін Қазақстан көлемінде Кеңес үкіметін орнатуға белсене араласты. Қазіргі «Хан Ордасы» ауылында 1916-1920 жылдары С.Меңдешев тұрған үй бар [5].

1918 жылы қыркүйекте Ордада мұғалімдердің Бөкей облыстық тұңғыш съезі халық ағарту мәселесінің жайын сөз етіп, оған С.Меңдешев басшылық жасады. Ол халық ағарту ісімен шұғылданумен қатар, ауылдарда кеңес өкіметін нығайту, кедейлер комитетін құру, қазақтың тұңғыш атты әскер полкін жасақтау, жастарды комсомол ұйымына тарту мәселелерін шешуге белсенді түрде қатынасты. Бастапқыда Советтердің Орда Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және ағарту комиссары, ал 1919 жылы оның төрағасы болды. Сол жылы «Мұғалім» журналын шығаруға қатысқан. Сейітқали Меңдешев 1919 жылы маусымда пролетариаттың ұлы көсемі Ленинмен кездесіп, халқының тағдыры мен болашағы жөнінде онымен тұңғыш сыр бөліскен бас көтерер қазақ азаматтарының бірі болды. Алғаш оны Ордалық большевиктермен бірге Ильичтің өзі шақыртты. Көсем оларды қуана қабылдап, кең отырып әңгімелесіп, елдің патшалық монархия кезінде «бұратана» деп аталған қазақ халқының хал-жағдайын сұрап көп жайға қаныға түскен. Меңдешев елге оралысымен, революциялық комитетінің міндеттерін іске асыруға жанын сала кірісті. 1919 жылы тамызда Бөкей даласында Кеңес үкіметін орнатушылардың бірі Сейітқали Меңдешев РКП (б) мүшелігіне алынды. РКП (б) Орда комитеті өзінің қаулысында былай деп жазды: «Меңдешев жолдас патша үкіметі тұсында пролетариаттың пайдасына жұмыс істегендіктен және қазіргі революциялық кезеңде пролетариаттың жеңістері күзетінде берік тұрғандықтан, ол партия мүшелігіне алынсын» [6].

1919 жылы 10 шілдеде РСФСР Халық Комиссариаты Кеңесінің шешімімен Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық Комитет құрылады. Төрағалығына С.С.Пестковский, мүшелеріне Ә.Жангелдин, С.Меңдешев, В.Лукашов, М.Тұнғашиндер сайланған еді [7].

1920 жылы қазан айының 4-12-сі аралығында Орынборда өткен Қазақ Республикасын құру жөніндегі құрылтай съезі С.Меңдешевті Қазақ АКСР-і Орталық комитетінің төрағалығына сайлап, қазақ елін басқаруға мандат берді. Осы қызметінде ол

азамат соғысынан кейінгі елдегі саяси ахуалды қалпына келтіріп, мемлекеттік шаруашылық, құрылыс, мәдени-ағарту салаларында көп жұмыс атқарды. «Әскери коммунизм» саясаты нәтижесінде, 1921-22 жылдардағы аштық белең алған тұста, аштыққа шалдыққандарға көмектесетін Төтенше комитет құрып, оңтайлы істер ұйымдастырды. Бұл ақ гвардияшылармен күрестің өршіп тұрған шағы еді. Осындай кезеңде кеңпейілді, мейірімді Сейітқали Меңдешев «Жұрым» станциясында аштықтан әлсіреген Гүлсім және Рахима есімді қыздарды асырап алып, өз фамилиясын беріп, балаларымен бірге тәрбиелейді. С.Меңдешев С.Сейфуллин және Ә.Жанкелдинмен бірге 1921 жылы Мәскеуде өткен РКП(б) ОК Бірінші мәжілісіне ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерімен бірге барды. Мәжілісте Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Орталық бюросы түркі халықтары арасындағы үгіт пен насихат Орталық бюросына айналдырылды. Оның құрамына Қазақстаннан С.Меңдешев сайланды. Сейтқали Меңдешев жаңа салықтық саясаттың негізін жасауда үлкен рөл атқарды [8].

1921 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы - Орынбор қаласында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлт қайраткерлері Сейітқали Меңдешовтің төрағалық етуімен өткен үкімет мәжілісінде күн тәртібіндегі «Мұсылмандардың мерекелері» деген мәселені қарап, наурыздың 5-інде Қазақстанда бұдан былай Ораза айтқа үш күн, Құрбан айтқа үш күн және Наурыз мерекесінде бір күн демалыс беру туралы шешім қабылдапты. Ол шешім 1926 жылға дейін ғана жүзеге асқан. Одан кейін қазақты қойша қырған қызыл өкіметтің «бас ал десе шаш алатын» басшылары мен жандайшаптарының солақай саясатының кесірінен аталмыш шешім күшін жойған [9].

1924 жылы республика үкіметінің құрамына жұмысшы қазақтарды тарту жөніндегі ұсыныстарды жасау үшін құрылған арнайы комиссияның жұмысына белсене қатысты.

Қазақтан шыққан алғашқы революционерлердің бірі, қазақ елінің экономикасын көтеріп, мәдениетін өркендетуде елеулі еңбек сіңірген белгілі мемлекет қайраткері, Қазақ АКСР-інің тұңғыш президенті С.Меңдешев кең байтақ қазақ даласын басқара отырып, өзінің туған өлкесі Бөкей ордасын еш уақытта жадынан шығармаған. Белгілі өлкетанушы, «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген мұғалімі» Ғұмар Зариповтың Бөкей ордасы тарихи-

мұражай кешені қорында сақталған С.Меңдешевпен кездесуі туралы қолжазбасында: «Президентпен кездесу жиналысынан тараған жұрт, жүздерінде қуаныш нұры ойнап, үйлеріне көңілді қайтты. Біреулер ұлы көсемнің қамқорлығына разы болып, алғысты үсті-үстіне жаудырып келе жатты. Екінші біреулері бірлесіп егін салудың, оған ерте бастан қалай қамданудың жайын кеңесіп келе жатты. Ал үшінші біреулер Сейтақанның өте кішіпейілдігін, арып-ашып жол жүріп, халық үшін қажымай қызмет етіп жүргенін сөз етіп келе жатты. Тек Ержақайдың Сәлімі сияқты мырзалар ғана көңілсіз қайтты. Әңгіменің бәрі тек еңбекшілердің ғана қамы жөнінде болған соң, байлардың басына тықырдың таялар күні онша қашық емес екенін сезсе керек. С.Меңдешев айтқандай, 1923 жылдың жазындағы егін тамаша бітік болды. Жұрт аяқтап шашқан тұқымынан арбалап астық жинады. «Кетпенмен жыртып шашқан да кенеліп қалды» деген аңыз осы жылы туды», – делінген. Жұрт аяқтап шашқан тұқымынан арбалап астық жинады. «Кетпенмен жыртып шашқан да кенеліп қалды» деген аңыз осы жылы туды», – делінген. Ол 1926-1930 жылдары Москвада РСФСР экономикалық кеңесінің мүшесі болып қызмет еткен кезінде де республика экономикасының дамуына елеулі үлес қосты. 1930 жылы С.Меңдешев елге қайта оралып, өмірінің соңына дейін Қазақ ССР-і оқу-ағарту халық комиссарлары кеңесінің ғылым жөніндегі комитетінің төрағасы қызметінде елде халық ағарту ісінің, оқу-білімнің өркендеуіне айрықша еңбек сіңірді. Алматыдағы ҚазМУ, медициналық институт, Оралдағы педагогикалық институт сол кісінің ұсынысымен іргесі қаланып, ашылған. Сонымен бірге ол республиканың мәдени салаларын жандандыруға, сондай-ақ ақпарат жүйесін қалыптастыруға ықпал жасады 1926 жылдан 1930 жылға дейінгі аралықта С.Меңдешев Мәскеуге шақырылып, РКФСР экономикалық мәжілісінің мүшесі болып тағайындалды. 1930-1937 жылдары Қазақ Республикасы оқу ісі халық комиссары, ғылым жөніндегі комитеттің төрағасы, қорықтар мен ескерткіштерді қорғау жөніндегі Кеңесхалкомы басқармасының бастығы болды. Қазақстандағы аштықпен күресу жөніндегі Төтенше комиссияны басқарды. Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік бөлінісі жөніндегі комиссияның жұмысына қатысты. КСРО Орталық Атқару Комитетінің Чувашия Кеңестерінде сайлау өткізу жөніндегі

уәкілі, КСРО ОАК Төралқасының мүшесі, Коминтерннің бесінші конгресінің делегаты қызметтерін атқарды. 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырады [10].

1934 жылдың жазында Қазақстан үкіметі республикамыздың ашаршылыққа ерекше ұшыраған екі аймағына үкімет тарапынан нақты көмек көрсету үшін арнаулы екі бригада шығарған. Оның бірі Батыс Қазақстан облысына, екіншісі Шығыс Қазақстанға аттаныпты. Шығыс Қазақстанға шыққан үкімет бригадасын көрнекті мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешов басқарған. Бригада құрамында белгілі ғалым Молдағали Жолдыбаев, «Народное хозяйство Казахстана» журналының редакторы Константин Павлов, Қазақ педагогика институтының ректоры Серғазы Толыбеков, Қазақстан өлкелік комсомол комитеті орталық аппаратының жауапты қызметкері Жайық Бектұров болған. Олар сол жылғы жаздың екі айында осы күнгі Абыралы, Шұбартау, Ақтоғай, Шет, Жаңаарқа аудандарын, жаңадан қайта құрылып жатқан Қарқаралы округінің аудандарын аралап, шаруалары күйзеліске ұшыраған ауыл шаруашылық тарына мемлекет тарапынан мал, астық және ақша қаражатын, киім-кешекті дұрыстап таратуға нақты көмек көрсеткен [11].

Үкімет бригадасының осы сапар барысында атқарып қайтқан аса жауапты жұмысы жайлы сол жылдың күз айларында С. Меңдешовтің, К.Павловтың және Ж.Бектұровтың мақалалары республикалық баспасөз беттерінде жарияланған [12].

С.Меңдешев өз заманының көкірегі ояу алдыңғы қатарлы зиялы азаматы еді. Оның еңбектерінен қоғамдық ғылымдарды, оның ішінде еліміздің тарихына көп көңіл бөлгендегі айқын аңғарылады. Ол қазақ халқының тарихы әлі дұрыс жазылмай келді, сондықтан бұл салада ғалымдарды шексіз жұмыс күтіп тұр, тарих біреулерге ұнауы-ұнамауы да мүмкін, бірақ ол шынайы жазылуы керек, мұның мәнін тек санасы жоқтар ғана түсінбейді деген пікір ұстанған азамат, архив деректерін, баспасөз туындыларын, замандастарының естеліктерін немесе Сейітқалидің өзінің бай мұрасын адал саралаған зерттеушілер оның өз халқы алдында ары таза екендігіне ешбір шүбә келтірмейді. «Сейітқали принципі мәселеде ымыраға келмей, өз позициясында қатып қалатын», – дейді Сәбит Мұқанов. Адал жандарға «ажал оғын сепкен арсыз қолдар» 1937 жылы Сейітқали Меңдешевтің өміріне де қауіп төндіріп елге танымал қайраткер ағаның есімін тарих

бетінен мүлдем өшіріп тастаған еді. Тек 1957 жылы ғана Мендешев «қылмыстық істер болмау себепті» толық ақталып, партиялылығы қалпына келтірілді. Академик Қажым Жұмалиев 1969 жылы «Жайсаң жандар» атты кітабында ол туралы көлемді естелік жазып, «Адамдарды шексіз сүйетін, қайырымды, үлкен жүректі жан» десе, академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Соғыс коммунизмі аталатын ауыр жылдарды ұдайы бес жыл Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болған ол республиканы қиындықтан алып шығуға, экономикасын, мәдениетін көтеруге көп еңбек сіңірді», – деп атап көрсетті. Республикамыздың шаңырағын көтерісіп, оның жері мен ұлт тілінің мүддесіне, халық ағарту ісіне айрықша еңбек сіңірген С.Мендешев есімі атаусыз қалып жатса, өзімізге сын. Туған халқына жан-тәнімен қалқысыз қызмет істеген азаматтар есімін әрдайым ардақ тұтқанымыз абзал. Бүгін заманымыз асылдарын қайта тапқан шақта ірі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, ғалым С.Мендешевті жаңа қырынан тануға мол мүмкіндік туып отыр. Қоғам қайраткері С.Мендешев артына елеулі әдеби мұра қалдырды. Оның жарық көрген мақалалары мен баяндамаларының тізімі 40-тан асады. Қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметінен сыр шертетін 20-дан тарихи еңбектер, мақалалар мен естеліктер бар [11].

Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданындағы орта мектептің бірі, Алматының бір көшесі С.Мендешев есімімен аталады.

Қорыта айтқанда Тәуелсіздікке қол жеткізген аз ғана жылдар ішінде өзіндік салиқалы істерімен әлемге танылған қазақ елінің қазіргі таңда алдына қойған мақсаттарына жетудегі кепілдіктерінің бірі – халықтың өз тарихын терең білуі және тарих тағылымын үнемі жадында ұстауы.

Еліміздің тарихына есімдері алтын әріппен жазылған қайраткер ағаларымыз бен апаларымыз, белгілі тұлғаларымыздың есімдерін жаңа қырынан аша отырып, таныту, зерттеу, объективті баға беру, олар туралы жазылған еңбектер мен айтылған ойларды талдау, саралау және жас ұрпаққа насихаттау бүгінгі төл тарихымызды қалыптастырып, дамыту қажеттілігінен туындап отырған өзекті мәселелердің бірі.

Елі үшін еңбек етіп, халқы үшін жанын пида еткен ұлдарымыздың ерен ерліктері тарих беттерінде мәңгі сақталып, ұрпақ алдында асқақ көрінетініне кәміл сенуге болады.

Халқымыздың сондай ұлдарының бірі Сейітқали Меңдешевтің халық ағарту саласындағы істерінен бастап, қоғамымыздың келешегі үшін жасаған еңбектерін айта отырып, ұстаз, отансүйгіш, қайраткер тұлға ретінде танимыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асфендияров С. Восстание 1916г. в Казахстане. А., 1936.
2. Қаһарлы 1916 жыл: /Құжаттар мен материалдар жинағы/. Т. 1-2. А., 1998.
3. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. Орал, 1997. – 180 б.
4. Қ.Жұмалиев «Жайсаң жандар». 1970.
5. Кенжалиев И.Н. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916 – 1920 жж.)
II бөлім. Бөкей облысы. Орал, 2001
6. Меңдешов С. Бөкей қазағының 1916 жылғы көтерілісі (есте қалғандарынан). \ Социалды Қазақстан, 1936, 6 маусым
7. Рыскулов Т. Восстание киргизов и казахов в 1916 году. Бишкек, 1999.
8. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Восстание 1916г. в Казахстане. А., 1977.
9. 1937 – 2007. Тауқымет пен тағзым. \ Құраст. Б.Төлепберген. – Алматы: РИИЦ АЗИЯ, 2007
10. «Орда жұлдызы» газеті, 2007 жылғы «Қазақтың бір дарабозы»
11. «Парасат» журналы, «Бір суреттің сыры», 2009 №11
12. «Орал өңірі» «Патшаңа сәлем айт, біз бала бермейміз», 2007 ж

ӘОЖ 94 (929)

НӘЖІМЕДЕН ЫҚСАНҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Галиева А.

М.Өтемісов атын. БҚМУ 2-курс студенті

Нәжімеден Ықсанұлы Ескалиев 1941 жылы 5 қыркүйекте Гурьев облысы Теңіз ауданында Шортанбай ауылында балықшылар отбасында дүниеге келген (кейбір мәлімет көздерінде Ресейдің Астрахань облысы Красноярск ауданы Байбек селосында дүниеге келген деп көрсетілген) .

Ұлы Отан соғысы басталысымен әкесі Ықсан соғысқа аттанады. Кейін ол кісі Сталинград шайқасында жараланып, елге мүгедек болып оралады. Жанұядағы барлық ауыртпалық анасы Әсиманың мойнына түседі. Осы жағдайды ескерген аталары Есқали бүкіл тума-туысты өзінің төңірегіне жинап, Қиғаш өзеннің оң жағалауындағы Байбек ауылына көшіп баруларына мәжбүрлі болады. Міне, осы кезден бастап жас Нәжімеден Ықсанұлының өмірі Астрахан жерінде сол жердің тумасы ретінде атасының тәрбиесінде өтеді. Сол себепті де кейде Нәжімеден Ықсанұлының туған жері Астрахан облысы деп аталады.

Байбек жеті жылдық орта мектебін бітіргеннен кейін Астрахандағы педагогикалық училищесін аяқтап, 1958 жылы өзі білім алған мектепке ұстаздық етеді. Бірақ ұстаздық кәсіпке көңілі толмаған Нәжімеден Ықсанұлы сырттай ауылшаруашылық техникумын аяқтайды. Оқуын жалғастыру мақсатында 1961 жылы Алматыға жол тартады. Баласының бұл ниетін әкесі толықтай қолдайды. Ондағы мақсаты бір жағынан өзінің қалаған мамандығын алсын десе, екіншіден туған жерге барсын деген ниеті еді.

Оқу бітірген жас маман Нәжімеден Ықсанұлы Орал облысына жолдама алады да, облысқа келген соң Астраханға көршілес Жәнібек ауданына жұмысқа сұранады. Алғашында Орда совхозына жібермек болған аудан басшылары асыл тұқымды «Талов» мал совхозының ең астықты бөлімшесіне жібереді. 1972 жылы Жәнібек ауданының ауыл жаруашылық министрі М.Т. Мотаринко мен оның бірінші орынбасары Н. ӘбенOVтың ұсынысымен жаңадан құрылған экономикалық бағыттары Одақтық халық шаруашылық Академиясына жолдама алады. Академияны Қазақстаннан барған алғашқы бес адамның бірі ретінде бітірген Нәжімеден Ықсанұлы Орал облысына емес, Талдықорған облысына жұмысқа жіберіледі. Нәжімеден Ықсанұлы Талдықорған облысында алты жыл, соңғы жылдары ауданның бірінші хатшысы болып жұмыс істеп, бұрынғы басшылық тәжірибесін молайтып, Димаш Ахметұлының тікелей ұсынысымен Орал өңіріне қайта оралады. 1985-1986 жылдары Орал облысы атқару комитетінің бірінші орынбасары, 1986-1991 жылдары Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1992-1993 жылдары Орал облысының әкімі қызметтерін атқарды. 1993-1994 жылдары Нәжімеден Ықсанұлы Көкшетау облысын

басқаруға ауысты. Нәжімеден Ықсанұлының қай жерде, қандай қызметте болса да қол қусырып отырмағанын көреміз.

Нәжімеден Есқалиев 1999 жылдан ТМД елдерінің атқарушы комитетінің төрағасының орынбасары, қауіпсіздік мәселелері бойынша департаментінің директоры қызметін атқарды. Бұл ортаның басқару орталығы Минск қаласында орналасқан еді.

Өзбекстанда елші болып жүргенде елдің тарихи, көркем қалаларымен танысып қана қойған жоқ, сонымен бірге Қазақстан тарихына қатысы бар мәліметті жинады. Осындай жұмыстардың нәтижесінде, өзбек жерінде ұлы бабалардың сүйектері, олардың жерленген орындары анықталды. Мәселен, Ташкентте Төле бидің, Навоиге жақын жердегі Нұратта Әйтеке бидің жерленген жерлері табылды. Жинақталған мәліметтер бойынша, Хиуа маңында Сырым, Самарқанда Жалаңтөс пен Есет батырлардың бейіттері анықталды.

Қорыта келе, Нәжімеден Ықсанұлы өзінің үлгілі еңбек жолында көптеген марапаттарға ие болған. Оған 2003 жылы «ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қайраткері» мәртебелі атағы берілді. КСРО, Қазақстан Республикасы, сондай-ақ шет елдердің барлығы 13 мемлекеттік наградаларымен марапатталған. Нәжімеден Есқалиевке 1999 жылы Киевте ЮНЕСКО-ның Халықаралық кадр академиясының корреспондент-мүшесі ғылыми атағы берілді. Нәжімеден Есқалиев ҚР Төтенше және өкілетті елшісі мәртебелі атағының иегері, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен КСРО Халық депутаты болып сайланған. Нәжімеден Есқалиев «Великие звезды», «Фарватер» «Амулет» кітаптардың және еліміздің қоғамдық өмірі мен экономикалық даму мәселелерінің өзекті жақтарын талқылаған жүздеген мақала-очерктердің авторы.

Орал оқиғасы мен Нәжімеден Есқалиев. Осыдан жиырма сегіз жыл бұрын, 1991 жылы 15 қыркүйекте казак ұлтшылдары бастаған мыңдаған адам Орал қаласында казактардың «қайта жаңғыру» мерекесін таратты. Совет одағы құлаған тұста лаулаған бұл жанжал одан бір жыл бұрын тұтана бастаған еді. Орал казактарының орыс билігіне қызмет етуіне 400 жыл толуын міндетті түрде тойлап өту туралы ой қайдан шықты деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Оған дейінгі мерейтойды, яғни Ресей тағына қызмет етудің 300 жылдығын 1891 жылы осында тойлағандары желеу болды.

1991 жылы орыс самодержавиесі деген атымен жоқ еді – яғни таққа қызмет ететін, дұрысын айтқанда, төрт ғасырлық қызметін ескеретін ешкім болған жоқ. Алайда Совет одағында мерейтой ешкімге таң болған емес, әрі коммунистік партия тұсында да «Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының 250 жылдығы» іспеттес кең ауқымды мерекелер ұйымдастыруға құмар болатын.

Горбачевтің қайта құруы ұлттық және мәдени қайта өрлеудің жаппай гүлденуін ынталандырды. Оралдағы казактар да өздерінің түп-тамырларын еске түсіріп, дұрысын айтқанда, шыққан тектері жайлы ашық айта бастады. Оралда мыңдаған казак бар еді: тікелей Мәскеуге бағынған әскери зауыттарда орыс жұмысшылары жұмыс істеді, қайта жаңғырған оралдық казактар қауымының өзегін солар құраған.

1990 жылы бүкіл Совет одағында, казактар патша өкіметі тұсында мекен еткен жерлерде казак ұйымдары қаулап кетті. Қалалар мен ауылдарда қайдан тапқаны белгісіз медаль, погон таққан, оқалы киім киген, қылыш асынып, қамшы ұстған, түрлі стильдегі, түрлі үлгідегі ерекше әскери мундирлі жігіттер пайда болды. Олар суық қаруды «ұлттық киімдерінің» бір бөлігі деп атады, ал казак қауымы патша заманындағы ата-баба медальдерін тағуға рұқсат етті. Осылайша казактар тез арада ата-баба дәстүрін қайта тапты. Бір жыл өте оралдық казактардың қонағы, Иркутскіден келген атаман Николай Меринов: «Сол кездегі оралдықтар сирек кездесетін қызыл күрең матаны ойда-жоқта тапқан, біріңғай киім түрі бар, біртұтас әрі толық жайылған әскер екен» деп таңдай қақты. «...Сол уақытта митингке шыққан қырғыздардың бір бөлігі сапты бұзып, мәдениет үйіне жүгіре жөнелді. Казактар (олар оншақты адам ғана еді) үй-үйді жағалап қаша бастады. Салт атты милиционер-қырғыз өзінің қандастарына казактардың қайда кеткендерін көрсетіп тұрды. Олар казакша киім кимегендерге тимеді, ал казактардың соңынан қуды...» деп сипаттайды осы оқиғаның шешуші кезеңін көзімен көрген самаралық Сергей казак веб-сайттарының бірінде.

1991 жылғы 15 қыркүйек, жексенбі күні Оралда күн бұлтты болды, күннің өзі әредік көрініп, күздің аса салқын райы байқалды. Қазақстанның әр жерінен, негізінен оңтүстіктен келген азаматтар, «Азат» қозғалысының белсенділері 13 қыркүйектегі мұнда бұрын-соңды болмаған наразылық акцияларын бастап, Оралдың орталығында үш күн бойы ереуілдеді. Қазак

белсенділері пикетке шықты. Ал 14 қыркүйекте теміржол вокзалына жер-жерден – Орынбордан, Доннан, Кубаньнан, Мәскеуден, Ленинградтан, Иркутскіден, Амурдағы Комсомолскіден казак делегациялары келіп жатты. Көрші жатқан Самара облысының казактары «ПАЗик» автобусымен келді.

«Орал қаласы бұрын-соңды осыншама казакты көрмеген еді. Олардың киімдері де әртүсті болатын: бірі мундир киген, онысы таулықтардың ұлттық киіміне ұқсап тұрды; бірі совет офицерлерінің қайта тігілген униформасын кигені анық көрініп тұрды; үлкені де кішісі де оқа, жолақтар, жұлдыз, тіпті цифр тағылған погондары бар форма киіп жүрді. «Бас қонақ – Ресей атамандар одағының төрағасы Александр Мартынов погон тақпай, жай киініп алған, бірақ сонда да қара көк мундирінің үстінен портупоя іліп алған» деп әңгімеледі Азаттық радиосына казактардың бірі.

Оралдағы қазақ ұлтшылдары басшыларының бірі Орынбай Жәкібаевтың «Азаттық» атты кітабында жазғанына қарағанда, оралдық казактар «Яицк казактары жасағын» құруға кірісіп, 1990 жылдың жазынан бастап әскери өнерді жасырын оқыта бастаған.

Казактар дәл осы 1990 жылы 27 тамызда Оралдың орталығында, Емельян Пугачев атындағы алаңда алғашқы митингілерін өткізді. «Бұл арада 1920 жылғы Орал облысын Қазақстанның құрамына тапсыруды заңды күші жоқ деп тануды талап еткен резолюция қабылданған. Яғни казактар «Орал казактарының жерлерін» Ресей құрамына қайтарып беруді ашықтан-ашық талап еткен» дейді Орынбай Жәкібаев.

Болат Молдашев қол қойған қалалық атқарушы комитеттің шешімінде бұл «қайраткерлердің» бастамасы мақұлданды, алайда казактардың орыс патшасына қызмет еткендеріне 400 жыл толғанын айтудан бас тарту ұсынысы жасалды. Оның орнына Орал бойы халықтарының ортақ мерекесін өткізу ұйғарылды. Мереке өтетін күн ретінде 1991 жылдың 15-16 қыркүйегі белгіленді. Қалалық атқарушы комитеттің бұл шешімін қазақ ұлтшылдары мүлдем қолдамады. Көп ұзамай жергілікті бір басылымда «Коммунистік партияның қалалық комитеті «Ортақ үй» идеясын дамыту мақсатында Орал казактарының патша тұсындағы Ресейге қосылуының 400 жылдығымен бірге қазақ шаруалар көтерілісінің қолбасшысы Исатай Таймановтың дүниеге келгеніне 200 жыл толуын атап өтуді ұсынды» деген

хабарлама жарық көрді. Бұл хабар қазақ ұлтшылдарының одан бетер ашуландырды. Олар біріккен «қазақ-казак мерекесі» жайлы шешім қазақ халқының тарихын одан әрі мазақ қылу деп түсінді.

Сол күндердегі ахуал мазасыз болды. Жауыққан казактар (барша қауым емес, араларындағы жауыққандары) «Оралдың оң жағалауын тартып алып, ол жерде казактардың автономиясын құрамыз» деп ашық қоқан-лоққы көрсетті. Билік шын мәнісінде казактардың мерекесін өткізуге біржақты рұқсат еткен жоқ, — дейді Азаттық радиосына сұқбат берген Орал облысының бұрынғы басшысы Нәжімеден Есқалиев.

Орал облысының бұрынғы басшысы Нәжімеден Есқалиев «казактардың царизмге қызмет ету мерейтойын жасанды сән-салтанатпен, ештеңеге қарамастан тойламақ пиғылын ешкім қайтара алмады» деп жазады. «Бұған бірнеше ай қалғанда мен Горбачев қатысқан партия мәслихатта болдым, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы ретінде бас хатшының өзіне сұрақ қой, «қалайша мұндай жағдайдың алдын алуға болады?» деп сұра деген кеңес берді. Сөйтіп мен мәслихаттан соң кішігірім ортада отырып: «Михаил Сергеевич, алаңдайтын нәрсе жоқ. Әрине, мерекеде тұрған ештеңе жоқ, тек от шықпаса болды» дедім. Горбачев мәселенің мән-жайын жете ұғынудың орнына маған дүрсе қоя берді. Сонда мен өз түйсігім мен жақтастарымның тәжірибесіне сүйенуден басқа амал жоғын түсіндім» дейді Нәжімеден Есқалиев «Экспресс К» газетіне 2006 жылы 18 тамызда берген сұхбатында. «Бұл оқиғаларды Мәскеу азғырып ұйымдастырды. Біз мұны түсіндік. Оралдық казактар облыстық билікті көзге ілмей, 15 қыркүйекке Ресейден қонақтарын шақырып қойды», — дейді Нәжімеден Есқалиев Азаттық радиосына берген сұхбатында. Казактар облыстық биліктің тарапынан болған қарсылықты «дискриминация мен дискредитация, өз ойын білдіруге және тарихты қастерлеуге деген құқықтарына қысым жасау» деп түсінді. Орал казактарының біразы 1991 жылдың 15 шілдесінде Қазақ ССР президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа «Казактарды жойып жіберуге болар, бірақ тізе бүккізу мүмкін емес!» деп хат жолдады. Бұл хатта олар қарама-қайшылыққа қатысты жауапкершілікті Нәжімеден Есқалиевке жапты.

1991 жылдың 15 қыркүйегі жақындап қалды. Ресейдің әр түкпірінен, тіпті Қиыр Шығыстан салтанатты әскери мундир

киген жүздеген казак жиналып, Оралға жол тартты. Облыстың әр түкпірінен билік казактардың мерекесінің шырқын бұзуға үгіттеген жүздеген казак жігіті де Оралға жөнелді. Қазақстанның әр түкпірінен казак ұлттық ұйымдарының белсенділері пойыз, жеңіл көлік, кейбіреуі ат мініп, Оралға аттанды. Әркім Оралда не боларын білгендей еді.

– «Бұл кезде Орал облысы шекарасында, Ресейдің Самара облысында, 15 қыркүйекте Оралға тап беруге дайындалып, казактардың бір ауыз бұйрығын күтіп, танк полкі тұрған болатын», – дейді Нәжімеден Есқалиев. Қарсылық көрсетуші казак лидерлері: «Казактардың мерекесін рұқсат етсек – олар автономия туын көтерілуі мүмкін, Қазақстанның басқа он екі облысындағы казактар олардан үлгі алуы да мүмкін» деді.

«Азат» белсенділері осы кездері Нәжімеден Есқалиевті казак лидерлеріне көмектесті деп кінәлады. Есқалиевтің өзі Азаттық радиосына берген сұхбатында «мерекені болдырмау үшін жергілікті биліктің қолынан келер ештеңе қалмады, себебі бар ойынды басқарып отырған Мәскеу еді» дейді. 15 қыркүйек күні түскі сағат екілер шамасында жүздеген казак «Зенит» зауытының мәдениет үйіне түгел жетті. Олардың ойлағаны – серейтой жиынын ақырына дейін өткізіп тыну. Қарама-қайшылық сәт санап ауыр тиіп бара жатқанымен, казактар Үлкен қауым жиынын байбаламсыз, қымсынбай басыуға тырысты. Мәдениет үйіне кіре-берісте гармон тартып, казактардың сүйікті әндерін шырқап жатты, бірақ бұлары көңіл көтертетіндей болған жоқ. Мәдениет үйінің фойесінде маңғаздана жиналып жатқан қонақтарды бимен алдандыруға тырысты, облыс әкімшілігі басшысының орынбасары Бәтес Ысмағұлова да билей жөнелді. Бірақ казактардың көңіліне бірдеңе жақпады, алайда олар бір қысқа жиында сөз сөйлеуші атамандарды «Любо!» деп дауыстап, дәстүрлі ұрандарымен мақұлдап тұрды.

Жиынның басында мәдениет үйінің алдындағы алақандай алаң мыңдаған жас казакқа толды. 1991 жылдың көктемі мен жазында айтылған сәт туды. Бірнеше ай бойы біреулер Орал казактарының Ресейге қызмет етуінің 400 жылдығын тойлауға шақырып, енді біреулер «рұқсат етпейміз» дескен еді. «Дүрліккен мыңдаған казак казактардың мерекесін отаршылдардың өздерін, яғни казак халқын, келемеждегені деп түсінді, – дейді Азаттық радиосына 113 пикетші «азаттықтардың» бірі Мұңайдар Балмолда. – жиынның артынша

мәдениет үйіндегі казактар тағы бір мәрте орталық көшені бойлай жаяулап өтіп, тағы бір ғибадат қылмақшы болды, одан соң Хан тоғайы деген жерде той-думан жасауды ұйғарды. Бірақ бұлары күпірлік емес пе. Бұл арада кезінде Бөкей сұлтандарының ақ кілемге көтерген. Бұл – қазаққа қасиетті жер».

Орал оқиғасының куәгері болған Орал қаласы тұрғынының естелігінен: «Бұл оқиға қазіргі Зенит мәдениет үйінің маңында болған еді. Оренбургтен және өзге де облыстардан жиналған казактар «казак әскерінің 400-жылдығына» арнаған концерттерін өткізіп шығып, Достық даңғылының бойымен әскери марш жасап өткілері келді. Оларға қарсы бағытта жиналған қала тұрғындары тұрды. Сол кезде қантөгісті болдырмау үшін қала тұрғындарын ұстап тұрған студенттер мен Азат қозғалысының жігіттері еді. Наразы болған халықтың лебі қатты болды. Халықты тізбектеп ұстап тұрғанменен, бір бұрышында жиналып қалған өзіміздің қарағөз қыздарды ұстап тұру өте қиынға соқты. Олардың форма киген казактарды көрген кездегі шыңғырып алға ұмтылған құлшыныстары адам бойына үрей ұялататындай еді. Сол кезде ішімнен Әлия мен Мәншүктер арамызда әлі тірі екен ғой деп ойладым».

...Жиналған казактарды милиция шептері тоқтата алмайтын болды. Жұрт айғайлап, казактардың жиынын дереу тарқатуды талап етті. «Егер де казак жігіттері жиналыс залына баса көктеп кірген болса, жас казактар ұстамдылық танытпаса, ұрыс-төбелес басталар еді», – дейді казактар қозғалысының белсендісі Борис Мясников «Егер де ұлтаралық қақтығыс болса, Ресейден Оралға санаулы сағаттың ішінде «бітімгерлік полкінің» танкілері енер еді. Мәскеуде ГКЧП бүлігінен кейін аласапыран заман туды, кімнің қандай ағат бұйрықты кім берерін кім біліпті», – дейді Орал облысының бұрынғы басшысы Нәжімеден Есқалиев.

Ашынған халықтың казактар атамандарын түгел қырып салатындықтары туралы айқайы тез тарады. Құрсау әлсірей бастаған сияқты. «Соңғы күн, (16.06.1991.) облыс басшысы Н.Ы.Есқалиевтің кабинеті. Республикалық штабтың өкілдері төрағаның қабылдауына келді. Оларды бастап барған Орал Сәулебаев: «Ресей казактарының Ақжайық жеріне жиналуына жол бергеніңіз үшін, олардың Жайық өңірін Ресейге қосу ниетіне дәрменсіздік көрсеткеніңіз үшін, Сізді саяси басшы ретінде казак халқының мүддесін сатып кетті деп есептейміз. Сондықтан, халық, Сіздің өз еркіңізбен қызметіңізден кетуіңізді талап етеді!»-

деді. Н.Ы. Есқалиев: - «Облыс халқының басына осындай қиындық түскенде, халықты ұйымдастырып, орыс-казактарының ойлағанын болдырмағандарыңыз үшін, сіздерге рахметімді айтамын. Ал, қойған талаптарыңыз бойынша менің жұмыстан кету, кетпеуім – ел Президентінің шешетін шаруасы» - деп, облыс басшысы одан әрі өз сөзінде казактарға қарсы өздерінің де күрескенін, олардың іс-әрекеттеріне қатысты қырық том болатын айғақтардың жиналғанын, оның барлығының жоғарыға жіберілетіндігін, бұдан былайғы жерде елінің тәуелсіздігін қорғаған «Азаттың» жігіттерін ешкімнің қудалауына жол бергізбейтінін айтты...» - деп, Орынбай Жәкібаев өзінің Азаттық кітабында жазады. Араға 15 жыл салып барып 2006 жылы «Экспресс» газетінің тілшісіне берген сұхбатында сол кездегі облыс басшысы Н. Есқалиев 100 шақырым жерде Привольжск әскери округін басқарған генерал Макашовтың бітімгершілік қарулы күшінің (танкілердің) Оралға «марш бросок» жасауға даяр тұрғанын айтты. Ол оқиғадан бұрын Мәскеуде болған бір кездесу кезінде Горбачевке қалыптасқан жағдайды жеткізбекші болып: «Осылай да осылай Михаил Сергеевич, әрине бұл мерекеден үрейленетіндей ештеңе жоқ, дегенмен де текетірес ауаны ушығып кетпесе...» - дегенімде мән-жайды түсінудің орнына сондағы оның маған төккен зілін көрсең етті. Сонда ғана мен тек қана өз сезімің мен әріатестерімнің тәжірибесіне сүйену қажеттігін түсіндім. Кейін адамдардың салқынқандылығы бәрінен де жоғары болған болуы керек Орал мен Гурьевке бағытталған Самара облысы шекарасында тұрған танкілер бұған бармады. ТЖМК-дан кейінгі Мәскеудегі қалыптасқан түсінбестік жағдайдың салдарынан сірә Машаков дербес шешім қабылдауға тәуекел ете алмаған болуы керек» - депті. Сөйтіп, кезінде В.Б. Водолазовтың бізбен болған бір әңгімесінде оқиға күндері шекарада Оралға бағытталған арнайы күштердің болғаны туралы айтқаны расқа айналды. Кеңес империясы ыдырап, әр республика егемендікке ұмтылған кезде өздерінің ежелгі қарабайыр қасиеттерін көрсеткен өктемшіл шовинистік пиғылдар қазақ сұқтана қарап, оның 5/4 бөлігін қарпып қалуға тырысты. Олар 1986 жылы Алматыда басталып 1991 жылы Орал оқиғаларында көрініс тапты. Азаттық таңын көлегейлемек болған күштер тегеуірінді тойтарыс алды. Сөйтіп, олар қазақ жерінде тұңғыш рет және түпкілікті саяси соққы жеді. Сол арқылы Алматы оқиғалары бүкіл шығыс Еуропа мен орталық

Азия елдерін қызыл көз коммунистерден аман алып қалса, Оралдықтар республиканың 12 облысын сақтап қалды.

Орал оқиғалары алыстаған сйын оның өнегесі мен өресі биіктей береді. Оның тарихи тағылымдарын қастерлеу өмір талабы. Қорытындылай келе, Нәжімеден Ықсанұлының Орал облысындағы басқару жылдарында қиын жағдай туғызғын оқиғалар да орын алды. Оған кінәлі – жергілікті және одақ көлеміндегі сепаратистік әрекетті басшылыққа алған қазақтардың әрекеті. Бұл уақиға «1991 жылғы қыркүйек уақиғасы» деген сипатқа ие болды. Өздерінің патша заманындағы сословиелік ерекшеліктерін қалпына келтіруге тырысқан қазақ сепаратистері елдегі саяси жағдайды пайдаланып, Одақ көлеміндегі басшылықтың «жасырын» қолдауымен Орал, Атырау, яғни Жайық-Каспий өңірін бөліп алу әрекетін, арам пиғылдарын іске асыруға әрекет жасады. Бұл кездегі ахуалды, «казакар қоғамы» мен «Қайта өрлеу комитетінің» біріккен арандату әрекетін Нәжімеден Ықсанұлы білді және ашық мәлімдеді.

Сонымен, Нәжімеден Ықсанұлының өмірбаянын зерттей отырып оның білімді, кемеңгер басшы және дипломат бола білгендігін және нағыз патриоттық қасиеттерге ие азамат екенін аңғарамыз. Нәжімеден Ықсанұлының Қазақстан тарихында, оның ішінде біздің Орал өңірінің тарихындағы алар орны ерекше екенін біз 1991 жылы қыркүйек айында болған «Орал оқиғасынан» білеміз. Қазіргі таңда рухани жаңғыруымыз үшін, келешек ұрпақтың өз тарихын жетік білуі үшін Нәжімеден Ықсанұлының өмір жолын зерттеу өте маңызды деп есептеймін.

ӨОЖ 94. 314

1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Сариева Р.С.

М.Өтемісов атын. БҚМУ 1-курс магистранты

Қазақ халқы күні бүгінге дейін небір кезеңдерді бастан кешірді. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, Қазақстанда XX ғасыр ірі тарихи оқиғалармен ерекшеленеді. Әсіресе, XX ғасырдың 20-40

жылдары тарихта «қасіретті жылдар» ретінде ашаршылық, жұт, саяси-қуғын сүргін сияқты аса ауыр кезеңдермен сипатталады.

Осы мәселелерді зерттеуші ғалымдар Қазақстанның халқы бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастан кешкенін анықтап және оны үш кезеңге бөліп қарастырады: —1919 — 1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адам) —1931-1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам) - 1946 жылдары болған аштық. Әрине, бірінші ашаршылық та сұмдық болды. Бірінші ашаршылық 1919-1922 жж. болған. Осы жылдары аштық кезінде 1,5 млн жуық адам шығыны болды. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды, нақ осы және басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғындары да зардап шекті. Екінші ашаршылық, әртүрлі мәліметтер бойынша, 1930 жылдарда 1,5 млн-нан 2,5 млн. адамға дейін болды. Ал, үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты туындады. Бірақ та, бұл ашаршылық сол жылдары халықтан жасырын түрде ұстады. Осылайша, қазақтар іс жүзінде 15-20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Әлемдік тарих мұндай кең ауқымды ашаршылықты білген емес [1]. Сондықтан, осы қасіретті әрбір қазақ білуге міндетті және есте сақтап, ұмытпауымыз тиіс. Қазақ жерінде ашаршылық салдарынан демографиялық ахуал күрт төмендеп кеткен болатын. Оның айқын көрінісі ретінде тарих беттерінде қалған 1931–1933 жылдары қазақ халқының басына төнген ең бір қасіретті «Ұлы жұт» кесірінен күні бүгінге дейін қазақ халқы өз жерінде демографиясы жағынан азшылыққа ұшырап отыр. Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебі ауа райының қолайсыздығынан, құрғақшылық болып егіннің шықпай қалғанынан немесе жұқпалы аурулардың таралуынан деген сияқты асыра сілтеулерден іздейді. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ қыршынынан қиылды. Оған дәлел мұрағат қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар. Ұлт зиялысы М.Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген болса, ал М.Г.Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1965 443 әрең жетіп жығылған»-деген мәліметтер көрсетілген [2, 260 б.]. Ал, белгілі демограф-ғалым М. Тәтімовтің есептеуінше «1931-1933 жж. ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн қазақтардың және 200 мың келімсектердің қайтыс

болғаны анықталды. Отырықшы келімсектер арасында аштықтан өлгендер 10%-ға жетсе, көшпенді қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52-53%-тен асып кеткен. Осыдан 17-18% жергілікті тұрғындардың Қазақстаннан біржола көшіп кеткен»-деген мәліметтерді есепке алсақ, қазақ халқының саны өз жерінде осы кезеңде 70% дейін кемігені көрінеді [3, 17 б.] Бұл деректер осыған дейін жарияланған мәліметтердің орташа есебімен сәйкес келеді. Тағы бір естелігінде ағамыз М. Тәтімов: «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіріргенмін. Көзімнің жеткені -1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтарлықтай асырып жазғандығын аңғардым. Сонда, озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген», - деп пайымдаған болатын [3, 19 б.].

Ал, аталған кезеңдегі Батыс Қазақстан халқының демографиялық көрсеткішіне келсек, мұнда тіпті қиын жағдайда өрбігенін көреміз. XX ғасырдың басына дейін облыс аумағындағы халықтың ұдайы өсу көрсеткіші де, сондай-ақ, өлім-жітімі де жоғары деңгейде болды. Бұл жағдай 1940 жылға дейін сақталды, кейінгі кездерде ахуалі біршама жақсарып, әсіресе, оңтүстік аудандарда (Қаратөбе, Ақжайық, Казталов) халықтың ұдайы өсімі тұрақталған. Бірақ Теректі, Зеленов т.б. аудандарда және облыс орталығы Орал қаласында туу коэффициенті төмен күйінде қалған. Жалпы облыста ер адамдардан әйелдердің саны басым болды. Некеге отырушылар қатары жыл сайын кеми түскен. Облыстағы 170792 отбасының 49,9 пайызы –қалада, 50,4 пайызы – ауылдық жерлерде тұрды. Орта есеппен әр отбасында -4 адам, ал қалада – 3,4 адам, Сырым, казталов, Қаратөбе, Ақжайық, Бөкей ордасы аудандарында -5адамнан есептелген [4, 15 б].

Қорыта келе, XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ашаршылық пен ұжымдастыру жалпы Қазақстан демографиясына, оның ішінде қала халқына орасан зор зардаптарын тигізді. Құжаттық деректерден халық арасында болған өлім-жетім туудан басым түскенін көреміз. Барлық жастағы адамдар арасында өлім-жетім кездесті, бірақ балалар, жасөспірімдер мен қарттар арасындағы шетінеу басымырақ келді. Нәтижесінде, қала халқы ішіндегі 19 жасқа дейінгілер мен 60 жастан жоғарыдағылардың арасындағы кему өте жоғары көрсеткішке жеткен. II бесжылдықтың ортасында басталған

туудың көбеюі 30 жылдардың басындағы туу төмендеуінің орнын жапты. Бірақ, 10 жастағылардың қатары 1926 жылғы 21,7 пайыздан 1939 жылы 4,3 пайызға төмен болды [5, 128-129б.]. Негізінен халықтың көбеюі жергілікті адамдардың есебінен емес, 30 жылдардың аяғындағы қалада өнеркәсіп орындарының ашылуына байланысты басқа республикалардан көшіп келген жұмысшы өзге ұлттардың есебінен артты [6, 43 б.].

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9006/>© e-history.kz
2. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. –Алматы: Өнер, 2003. 552 б.
3. Тәтімов М. Қазақ әлемі (қазақтың саны қанша?). – Алматы,:Атамұра, 1993. -160 б.
4. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. –Алматы: Арыс, 2002. -592 бет+48 б. суретті жапсырма.
5. Саркенова К. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы. – Алматы:Қазақ университеті, 2011. -220 б.
6. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы:Санат, 1997. – 320 б.

III СЕКЦИЯ

ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢ ӘДІСТЕМЕ, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ МЕН АҚПАРАТТЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

МЕТОДОЛОГИЯ, ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ И ЭЛЕКТРОННО – ИНФОРМАЦИОННЫХ НОСИТЕЛЕЙ В ОБУЧЕНИИ

ӘОЖ 37.091.33

ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДА БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Нигманова Д. Т.

№42 мектеп –лицей мұғалімі

Қазақстан Республикасында орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби іскерліктердің іске асыру негізінде өзін-өзі еркін бағдарлай білуге, дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Белгілі бір іске өзінің қабілеттілігі, икемділігі және тұлғаның өзін-өзі көрсету мүмкіндігі бар шаруалар кіреді. Бірақ ыңғайы мен қызықты қасиеттері өздері қосылып, іс-әрекет үрдісінде өзгереді. Тез анықталған өзгерместік, белсенді қабілеттер жасөспірімдерде көп кездесе бермейді. Бозбала өз өмірінде өз отауын табу, таңдауында тұр. Бұл бірақ практикалық ой, ал іс-әрекетке келгенде, бұл оған сәйкес келе ме, келмей ме сол кезде анықталады. Егер мен ешқашан сурет салуға бейімделмесем мен өзімнен суретшілік дарыны шыға ма, шықпай ма, қайдан білем. Демек іс-әрекеттің барлық формаларыш тексеру мүмкін емес.

Өзін-өзі анықтау барда өзін-өзі тежеу де бар. Оқушы профессионалдық катынаста әлі ешкім емес, таза парак. Ол слесарь, дәрігер, құрылысшы болуы мүмкін. Мамандық таңдауда өзін-өзі анықтау әр қырынан көруге болатын көп баспалдақты процесс. Біріншіден, қоғамның жаңадан тұлғағайналып келе

жатқан адамға қоятын қызметтер сериясы. Ал бұл тұлға белгілі бір уақытқа дейін оны шешуі тиіс. Екіншіден, шешім қабылдау процесі сол арқылы тұлға өз қабілеттері мен таңдауын оптимистік тұрғыда қарайды. Үшіншіден, жеке өмір стилін жасау, ал оның бір бөлігі болып, мамандандырылған іс-әрекеті саналады. Осы үш кіріспе жұмысты әр қырынан анықтайды: біріншісі қоғамның сұранысынан туындайды, үшіншісі тұлғаның қабілеті, екіншісі екеуінің келісу мүмкіндігін көрсету, бірақ бұл үшеуі де бірін-бірі толықтырады; біріншісі — әлеуметтік, екіншісі — әлеуметтік-психологиялық. Үшіншісі — дифференциалдық-психологиялық.

Жасөспірімнің психологиясында мамандық таңдаудағы өзін-өзі анықтау үш сатыдан бөлінеді:

1. Балалық ойын. Бұл ойында бала өзіне әр түрлі маман рөлін алып, кейбір өзін-өзі ұстау элементтерімен көрінеді.

2. Бозбалалық-бойжеткендік фантазия, мұнда олар өзіне ұнайтын мамандықты армандайды.

3. Бозбалалық пен осы жастың көп бөлігін қамтитын —алдын ала мамандық таңдау.

Іс-әрекеттің түрлері тандалынып ең алдымен жасөспірімнің көзқарасы бағаланады (мен тарихты жақсы көремін, тарихшы болайыншы) сонан кейін қабілеттілік көзқарасы (менде математика пәні жақсы келе жатыр, сонымен айналысайын ба?) ең соңғы көзқарасы бағалы мамандық (мен ауырған жандарға көмектескім келеді, дәрігер боламын, т.б.).

4. Мамандық таңдаумен, практикалық шешім қабылдау өзіне негізгі екі компонентті қосады: болашақ еңбегінің біліктілік деңгейін анықтау және соған дайындалу кезеңінің ұзақтығы, мамандық таңдау. Бұл таңдаудың кезектесуі әр түрлі болуы мүмкін. Қыз балалар көбінесе жұмыс жасау сферасын тандайды (мен медицинамен айналысқым келеді, тек сонан кейін мамандық біліктілік деңгейін) немесе керісінше бірінші деңгейін сосын мамандықты (жоғарғы оқу орнына түссем, бірақ қай мамандыққа екенін өзі білмейді). Мамандық таңдау көп баспалдақтылығымен екшеленеді. 9-сынып соңында оқушылар екі әлеуметтік бағдарлаудан таңдау жасауы керек: 10-сыныпқа түсіп жалпы білімді жалғастыру немесе мамандандырылған білім. Көп жеткіншектер бұл кезеңде оқу мен жұмысты да бірдей алып жүргісі келеді. Мүмкіндік қызығушылығынан және бағалық

бағдарлауынан баска мамандық тандаудағы шешім қабылдау үшін негізгі рөл атқаратын нәрсе оз объективтік мүмкіндіктерін бағалау болып саналады (жанұяның материалдық жағдайы, алған білімнің деңгейі, денсаулығы, т.б.). Кәсіби білім мен жұмыс істеушілер әлеуметтік және кәсіби бағдарын анықтау керек, яғни, кайда оқығысы, жұмыс істегісі келеді. Оқушыларда мамандық тандау жайлы ақпарат екіге бөлінеді: бүкіл мамандық әлемі, олардың мүмкіндіктері мен қоятын талаптары; өзіңнің ойың, кабілетін, қызығушылығың жайлы, бірақ жоғарыдағы, төмендегі айтылған мәліметтер жоғарыдағыға жетпейді. Көп жылғы зерттеулерін ортақтастыра отырып атақты әлеуметтанушы В.Н.Шубкин: 17 жаста мамандық әлеміне қатынас негізіне тәжірибе жасады. Ата-анадан, таныстардан, достардан, құрдастарынан, оқыған кітаптары мен көрген фильмдерінен, телебейнелерден алған мәліметтері. Бірақ бұл тәжірибе абстракты. Өйткені, өз басынан өтпеген кайғы, киындықтар түсініксіз.

Кейбір мамандықтың дәстүрлі пристижі қоғам пікірінше, оған адамның көп баруы жағынан керісінше болады. Мысалы, әр түрлі жұмыс істеушілерден гөрі космонавттар қоғамға, өмірге аз керек. Шубкин мұнын мағынасын екі пирамидалы айнамен ашады. Біріншіден, қоғамға кадрлардың шын керектігін көрсетеді; екіншіден, аударылған жағы жастар үшін мамандықтың тартымдылық деңгейі.

Сонымен, бозбалалық шақтың негізгі ерекшелігі — өмірлік жоспарларының құрылуы. Бір жағынан өмірлік жоспар тұлғаның өз алдына қойған мақсаттарының ұлғаюынан және ауыспалы мақсаттарды бағындыратын құндылықты бағыттың тұрақты ядросының құрылу нәтижесінде туады. Екінші жағынан, мақсаттар мен уәждердің нақтылануы мен дифференциялану процесі жүріп жатады. Бәрі де мүмкін болатын арманнан және абстрактілі идеядан, кейде кол жетпес үлгіден бірте-бірте біршама реальды шындықка негізделген іс-әрекет жоспары жасалады.

Зерттеулерге қарағанда, жоғары сыныптардағы оқушылардың білімге, кәсіби еңбекке қызығушылықтары және соған байланысты қалыптасатын кәсіби бағалы қабілеттері орта сыныптармен салыстырғанда елеулі тұрақталынып, олардың күнделікті кәсіби іс-әрекеттеріне айтарлықтай ықпал етеді. Себебі бұл жастағы оқушылардың негізінде барлық физиологиялық және психологиялық процестерінің жетілуі аяқталады, ары қарай тек

дербес танымдық қызығушылықтары мен іскерлік тәжірибелері үздіксіз жетіліп отыруларына қажетті жағдай мен ықпал жасалынып отырылса ғана, олардың кәсіби бағалы қабілеттері өзара байланыста мейлінше өрістей алады. Осының негізінде орта сыныптарда қалыптасқан танымдық қабілет дүниетанымдылыққа, хабардарлыққа, болжамдық мақсаткерлікке, ізденімпаздық шығармашылық деңгейлерге дейін көтеріліп, тұлғаның тұтас кәсіби іскерлік қабілетінің сапасын арттырады.

Жоғары сынып оқушыларының құрылыс саласындағы еңбекке тұрақты қызығушылықтарының қалыптасуына негізгі ықпал ететін факторлар - әлеуметтік, танымдық және кәсіби іскерлік мотивтер жүйесі екені анықталды. Олардың жиынтығы құрылыс, құрылыс саласындағы кәсіпкерлік қабілеттердің сапалылығын қамтамасыз етеді. Алайда, тәжірибеге қарағанда, қазіргі мектептердің көп тараған дәстүрлі жұмыс жүйесінде оқушылардың кәсіби еңбекке байланысты мотивтері біржақтылық және көбінесе тұрақсыздық сипатта болатындығы орын алады. Себебі, олар нақтылы кәсіби таңдауды, оған қажетті қабілеттерді шыңдауды мектеп бітіргеннен кейінгі уақытқа қалдырып, дер кезінде болашақ өмір жолын анықтауға, әрі саналылықпен, әр жауапкершілікпен қарауға қажетті мән бермейді.

Зерттеу тәжірибелерінде барлық сынып блоктарындағы оқушылардың аса кәсіби бағалы мақсаткерлік пен өзін-өзі бағалаушылық қабілеттерінің баяу қалыптасуы бұл бағыттағы оқу-тәрбиелік шығармашылық ортаның барынша пәрменді, әрі жаңашылдық технологиямен жұмыс істеуін қажет етеді. Және де ол құнды қабілеттерді қалыптастыру жұмысы ауыл мектептеріндегі мұғалімдер мен ата-ана жұртшылығының ынтымақтастық қатынаспен оқушыларды кәсіпкерлікке баулу ісін үздіксіз, табандылықпен жүргізуді талап етеді.

Зерттеу мәселесін жан-жақты саралай келе, «кәсіби бағдар» ұғымына былайша анықтама береміз: «Кәсіби құндылық бағдар – оқушылардың қызығушылықтары мен танымдық қажетсінуіне, жеке тұлғалық психологиялық сапалары мен өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін есепке ала отырып, қоғам сұранысына сай, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған кәсіпті таңдауға даярлау жүйесі».

Р.С.Омарованың жеке тұлғалық сапаларды дамытудағы еңбектерін талдай отырып, кәсіби құндылық бағдарды шартты түрде 3 топқа бөліп қарастыруға болады:

- мақсатты қызығушылық бағдар – оқушының белгілі бір мақсатына байланысты пәндік және болашақ мамандығына байланысты міндеттері мен жоспарына сәйкес ынтасы мен тұрақты қызығушылығы;

- әрекеттік қызығушылық бағдар – оқушы кәсіптік іс-әрекетте өзекті мәселені шешуге ұмтылысы және жолдастарымен бірлесе отырып жұмыс істеуіне ынтасы;

- танымдық қызығушылық бағдар – оқушының мақсаттарға сәйкес, жаңа нәтижеге жетуі, білімді кәсіби құндылық бағдар ретінде тануы.

Кәсіби құндылық бағдардың нәтижелері оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына, танымдық біліктерінің жетілуіне, психологиялық механизмдер арқылы оң әсерлердің туындауына, рефлексия нәтижесінде өз іс-әрекетіне жауапкершілік, өз болашағына және қоғам өміріндегі құндылықтар мен дұрыс көзқарас ұстанымдарының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді теориялық зерделеу мен мектептердегі тәжірибелік жұмыстар оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға мүмкіндік береді. Модельдің мазмұны: мотивациялық – еріктілік, мазмұндық-операциялық, рефлексиялық-бағалау компоненттерінен тұрады.

Мотивациялық – еріктілік компоненті – білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес, оқушының кәсіби іс-әрекетке құндылық бағдар ретінде ынтасын, мамандыққа қызығушылығын, өзекті мәселенің шешуін табуға құлшынысын, ерікті түрде өз іс-әрекетін ұйымдастыруға талаптануын, дербестікке ұмтылуын қамтиды.

Мазмұндық-операциялық компонент - өзін кәсіби қызметтің субъектісі ретінде тануы, жеке тұлғалық ерекшеліктері мен өзін-өзі дамытудың тәсілдерін білуі, кәсіби іс-әрекетті іске асыру біліктілігінің болуы, ұжымдық жұмыстарға талаптануы және оны ұйымдастыра білуі, пәндік ғылыми білімдерінің және қажетті жағдайда қолдану мүмкіндігінің қалыптасуы.

Рефлексиялық-бағалау компоненті- кәсіби іс-әрекетке талдау жасай білуі, жетістіктері мен сәтсіздіктер себептерін анықтай білу, жауапкершілік сезімнің және жолдастық көмек,

ізденімпаздық іс-әрекетке даярлығының тұрақтылығы, ой-өрісінің белсенділігі мен рефлексиялық бағытының қалыптасуы, жоғары танымдық қызығушылық негізінде кәсіби құндылық бағыттылығының тұрақтылығы.

Кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыруды басқару үдерісінің алғашқы кезеңі – жоспарлау (бағдарлау). Ол оқушылардың жас шамасына байланысты кәсіби құндылық бағдар беруді басқарудың жүйелілігін, сабақтастығын, үздіксіздігін, оқушыларға мектептің, отбасының ықпалын қамтамасыз етеді, жоспар негізінде кәсіби құндылық бағдарды қалыптастырудағы қиындықтар анықталынып, негізгі міндеттер белгіленеді.

Кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыру көрсеткіштерін анықтау үшін бір-бірімен тығыз байланысты салалардан тұратын бірыңғай жүйе ретінде қарастыру қажет. Атап айтсақ, олар: кәсіптік білім; іс-әрекеттің саласында оқушылардың ынтасын, икемділігін, талабын байқап, әрі қарай дамыту; кәсіби ақыл-кеңес; кәсіптік таңдау; кәсіби бейімдеу.

а) Кәсіптік білім – оқушылардың әлеуметтік-экономикалық, психикалық-физиологиялық ерекшеліктері бар түрлі мамандықтар туралы білім жиынтығы; сол кәсіптердің біреуін дұрыс таңдаға жағдай жасау; оқушылардың кәсіби және қоғамдық қызметтерге деген көзқарасын дұрыс тәрбиелеу, психикалық-физиологиялық мүмкіндіктерін және қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін дұрыс түсінуін қалыптастыру. Өз кезегінде кәсіптік ағарту кәсіптік хабарламадан, кәсіптік насихат пен кәсіптік үгіттен тұрады. Мысалы, оқушыларға ауыл шаруашылығының кейбір салаларына қажетті мамандар жайында хабарлама және сол мамандықтарды оқып үйренуге жағдай жасау, сонымен қатар ауыл шаруашылығына қажетті мамандықтар туралы насихат жүргізу. Бұл жұмыстардың бәрі оқушылардың ой-өрісіне бағыт береді, мұны кәсіптік үгіт деп те қарауға болады. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде олардың әр саладағы кәсіптік қызметке қызығуы мен бейімделуінің сәйкес келуі үлкен орын алады.

ә) Оқушылардың жеке тұлғасын зерттеу – жеке адамға әсер ету оның психикалық ерекшеліктеріне қарай жүргізіледі. Балалардың ой-өрісі, мақсат, мұраты, пәндерді саналы оқытуда қалыптасады. Адамдардың белсенділігінің жоғары болуы да

пәндерді оқыту арқылы іске асады. Әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру – адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуына әсер етеді. Пәнді, білім, білік, дағдыны игеруде, оқушылардың өмір тәжірибесінде, қоғамдық қатынас жүйесінде адамгершілік нормалары орнығады. Оқыту белсенділігі сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады. Оқушылардың мамандық әлемімен, техника негізімен және өндіріс технологиясымен танысуы олардың қызығуына, бейімділігіне, белгілі бір жұмысқа ынталануына көмектеседі.

б) Кәсіби ақыл-кеңес беру арқылы оқушының өзіне тән ерекшелігіне, таңдаған кәсібінің талаптарына баса назар аударылады.

Кәсіби кеңес беру оқушыларға әлеуметтік кәсіптік жоспар жасауға көмектесумен ғана шектелмей, олармен бірігіп, жоспарды іске асыру, жалпы және кәсіптік білім алу деңгейін көтеру мәселелерін, мамандық таңдауға идеялық, адамгершілік негіздерінің қалыптасуын, сол сияқты оқушылардың мәдени-өсіп дамуын қалыптастырады. Мамандықтар туралы кеңес беру нәтижесі, атап айтқанда, оқушылардың қабілеттеріне байланысты іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарымен тығыз байланысты. Сонымен қатар бақылау қызметін атқарады.

в) Кәсіптік таңдау – мектептен тыс, арнайы зертханада және таңдаған мамандығының өзіне тән еңбек жағдайына байланысты жүргізіледі. Кәсіптік таңдаудың мақсаты – адамның белгілі бір еңбек түріне жарамдылығын анықтау. Егер адамның таңдаған мамандыққа негізгі бір кәсіби сапасы сәйкес келмесе, оны жұмысқа алудан бас тартады. Осыған байланысты кәсіптік таңдауды жеке бастың әлеуметтік еркін азайтуға бағытталған әрекет деп қарауға болмайды. Керісінше, ол жеке басты кейбір қауіптен алдын ала сақтандыру болып саналады. Кәсіптік таңдау, кәсіби бағдардың негізгі бір бөлігі болып табылады.

г) Кәсіби бейімдеу – жас адамның өндіріске, жаңа әлеуметтік ортаға, еңбек жағдайына және белгілі бір мамандық ерекшелігіне белсенді араласуы. Кәсіби бейімдеу дұрыс мамандық таңдаудағы негізгі жетістік болып табылады. Кәсіби бейімдеу адамның ынтасын әрі қарай жетілдіруге, оның еңбекке белсенділігін әлеуметтік таныммен бірге жүзеге асыруға бағытталады.

Кәсіби бағдар беру жұмысын екпінді жүргізу үшін оның ақпараттылығын қамтамасыз ету керек. Бұған жататындар:

нормативтік құжаттар, әр түрлі нұсқаулар, оқушылардың кәсіптік шешімін жүзеге асыру мәліметтері т.б. Ақпарат жұмысын мамандықтар туралы мағлұматтар жиынтығы болып табылатын диагностикалық зерттеулер жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, оқушылардың кәсіби біліктілігін, бағдарларын қалыптастыру оқушы тұлғасының дамуымен байланысты. Ал оқушылардың жеке бас дамуынан олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын бөліп қарауға болмайды. Міне, осының негізінде ғана оқушылардың кәсіби бағдары ұғымы анықталады. Сондықтан оқушылардың кәсіби бағдарларын олардың кәсіби өзін-өзі анықтауынан бөліп қарастыруға болмайды. Оқушылардың кәсіби бағдарларына кәсіптің бір саласына қызығушылықтары, бейімділіктері мен қабілеттері жатады.

Кәсіптік мектеп, лицей оқушылары кәсіби өзін-өзі анықтауға анағұрлым қабілетті. Бұл жастағылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, И.С.Кон олардың өзін-өзі анықтауы, сана-сезімі қалыптасып, кәсіби бағдар беруге сапалық тұрғыдан дайын болатынын анықтаған.

Кәсіптік бағдар беруде аталған мәселелерді шешу оқушылардың өзін-өзі іске асыру ғана емес, олардың қызығушылықтары мен бейімділіктерінің тандаған мамандықтарына және оның қоғам сұранысына сай болуын үйлестіреді.

Тәжірибелер көрсеткендей, зерттеу тәжірибелерінде барлық сынып блоктарындағы оқушылардың аса кәсіби бағалы мақсаткерлік пен өзін-өзі бағалаушылық қабілеттерінің баяу қалыптасуы бұл бағыттағы оқу-тәрбиелік шығармашылық ортаның барынша пәрменді, әрі жаңашылдық технологиямен жұмыс істеуін қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері.-Алматы,2002.
2. Жалпы психология (Педагогика институттары студенттеріне арналған оқу құралы). В.В. Богословскийдің және басқалардың редакциясымен, қайта қаралып, толықтырылған 2-басылымынан аударылды.-Алматы.: Мектеп,1979.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание.Личность.-М.,1970.
4. Тәжібаев Т. Жалпы психология.-Алматы,1993.
5. Крутецкий В.К. Психология.-М.,1986

6. Жарықбаева Қ. Психология.-Алматы.: Білім,1993.
7. Темірбеков А., Балаубаев С., Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы.-Алматы.:Мектеп,1987.
8. Тұрманова Ж. Жасөспірімдер белсенділігі мен кәсіптік бағдары // Психологияны мектепте және ЖОО-да оқыту, №2, 2006,2-5 бб.
9. Кон И. С. В поисках себя: личность и ее самосознание. - М., 1984.

УДК 37.091.3

МЕТАПРЕДМЕТНЫЙ ПОДХОД К ПРЕПОДАВАНИЮ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

*Камнева Е.М.
учитель истории, КГУ СОШ №17*

Метапредметный подход в преподавании истории Казахстана и историко-обществоведческое образование в частности служит важнейшим ресурсом социально- экономического, политического и культурного развития общества и его граждан. XXI век характеризуется динамизмом социальных процессов в стране и мире, широкими информационными контактами в постиндустриальном обществе, глобализацией в различных сферах жизни, частым и тесным взаимодействием представителей различных этнических и социальных групп.

Модернизация и инновационное развитие - единственный путь, который позволит Казахстану стать конкурентным обществом в мире XXI века, обеспечить достойную жизнь всем нашим гражданам. В условиях решения этих стратегических задач важнейшими качествами личности становятся инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни. Результатом школьного образования на современном этапе должно стать формирование у ребенка целостной картины мира, отношения подростка к себе, к другим людям. XXI век – это время, когда мало быть «погруженным в «свой» предмет», но необходимо

знать особенности и методы конфигурирования с другими типами знаний.

Любой педагог-предметник должен быть еще хотя бы немножко полипредметником, метапредметником. Сегодня важно не столько дать ребенку как можно больший багаж знаний, сколько обеспечить его общекультурное, личностное и познавательное развитие, вооружить таким важным умением, как умение учиться. Это главная задача новых образовательных стандартов, в которых в качестве нового методологического подхода заложено требование к метапредметным результатам обучения.

Что это такое и насколько применимо к реальной школе? Проблема метапредметного обучения разрабатывается начиная с 1990 года. Под метапредметными результатами понимаются «...освоенные обучающимися на базе одного, нескольких или всех учебных предметов способы деятельности, применимые как в рамках образовательного процесса, так и при решении проблем в реальных жизненных ситуациях». Таким образом, основным результатом образования должна стать не система знаний, умений и навыков сама по себе, а набор заявленных государством ключевых компетенций в интеллектуальной, общественно-политической, коммуникативной и прочих сферах.

Реализовать новый стандарт, ориентированный на развитие личности ребенка, невозможно без формирования универсальных учебных действий как собственно психологической составляющей фундаментального ядра образования. В широком значении термин «универсальные учебные действия» (УУД) означает умение учиться, то есть способность ребенка к саморазвитию и самосовершенствованию путем сознательного и активного присвоения нового социального опыта. В более узком, собственно психологическом, смысле универсальные учебные действия - это совокупность способов действия учащегося, а также связанных с ними навыков учебной работы, обеспечивающих самостоятельное усвоение новых знаний, формирование умений, включая организацию этого процесса.

Современному обществу сегодня требуются образованные, нравственные, предприимчивые люди, которые могут анализировать свои действия, самостоятельно принимать решения, прогнозируя их возможные последствия, отличаться

мобильностью, быть способными к сотрудничеству, обладать чувством ответственности за судьбу страны.

При внедрения новых стандартов образования большая роль в формировании нового типа учебной деятельности принадлежит программе формирования универсальных учебных действий. Перед учителем стоит основная задача научить ребенка учиться. Научить так, чтобы он захотел учиться, потому что человек находится в условиях постоянной потребности в обучении на протяжении всей своей жизни.

Сегодня произошло смещение акцентов на результаты освоения образовательной программы. Они представлены в виде личностных, метапредметных и предметных результатов. Теперь метапредметные компетенции – это не просто желаемый результат, а обязательный аспект учебного процесса.

Что же такое метапредметность? Метапредметность характеризует выход за предметы, но не уход от них, основывается на работе с деятельностью обучающегося, передачей ему способов работы со знаниями, а не просто знания. Метапредметность подразумевает, что существуют обобщенные системы понятий, которые используются везде, а учитель с помощью своего предмета раскрывает какие-то их грани.

В основе метапредметного подхода — понимание того, что главное, чему надо учить в школе, — это творческое мышление. Предполагается, что ребенок не только овладевает системой знаний, но усваивает универсальные способы действий и с их помощью сможет сам добывать информацию о мире.

Применение метапредметных связей на уроках способствует формированию основных учебных компетенций: вовлечению обучающихся в мировое пространство, формированию современных метапредметных коммуникативных компетенций, при подготовке к урокам и на уроках давать возможность учащимся реализовать свой творческий потенциал, научить детей самостоятельно добывать знания, интерпретировать, творчески перерабатывать их и воспроизводить в осмысленном виде.

Современной школе требуются такие методы обучения, которые бы формировали активную, самостоятельную и инициативную позицию учащихся в учении, развивали бы в первую очередь универсальные учебные действия: исследовательские, рефлексивные, самооценочные; формировали

бы не просто умения, а компетенции, т.е. умения, непосредственно сопряженные с опытом их применения в практической деятельности, были бы нацелены на развитие познавательного интереса учащихся, реализовывали бы принцип связи обучения с жизнью.

Главная проблема школы сегодня – это переход от информативного метода обучения к активной творческой деятельности всего педагогического сообщества. Следовательно, в современной школе значительное внимание нужно уделить процессу формирования учебно-исследовательских умений учащихся.

Однако проблема формирования учебно-исследовательских умений учащихся остается до сих пор нерешенной и требует новых подходов к ее решению.

Роль учебного предмета «История» в подготовке учащихся к жизни в современном обществе в значительной мере связан с тем, что он помогает им ответить на сущностные вопросы миропознания, миропонимания и мировоззрения: кто я? Кто мы? Кто они? Что значит жить вместе в одном мире? Как связаны прошлое и современность? Ответы предполагают восприятие подростками основополагающих ценностей и исторического опыта своей страны, своей этнической, религиозной, культурной общности и дают учащимся широкие возможности самоидентификации в культурной среде, соотнесения себя как личности с социальным опытом человечества.

Требования к метапредметным результатам обучения и освоения содержания курса «Истории» - умение сознательно организовывать свою познавательную деятельность (от постановки цели до получения и оценки результата); умение объяснять явления и процессы социальной действительности с научных, социально-философских позиций; рассматривать их комплексно в контексте сложившихся реалий и возможных перспектив; способность анализировать реальные социальные ситуации, выбирать адекватные способы деятельности и модели поведения в рамках реализуемых основных социальных ролей (производитель, потребитель и др.); овладение различными видами публичных выступлений (высказывания, монолог, дискуссия); умение выполнять познавательные и практические задания.

Требования к метапредметным результатам обучения и освоения содержания курса по истории: способность сознательно организовывать и регулировать свою деятельность — учебную, общественную и др.; владение умениями работать с информацией (анализировать и обобщать факты, составлять простой и развернутый план, тезисы, конспект, формулировать и обосновывать выводы и т.д.), использовать современные источники информации, способность решать творческие задачи, представлять результаты своей деятельности в различных формах (сообщение, эссе, презентация, реферат и др.); готовность к сотрудничеству с соучениками, коллективной работе, освоение основ межкультурного взаимодействия в школе и социальном окружении.

Для обеспечения позитивных метапредметных результатов деятельности учащихся по истории и обществознанию в условиях модернизации образования необходим подбор оптимального комплекса образовательных педагогических технологий.

Групповые технологии обучения предусматривают решение трех основных задач: конкретно-познавательной, коммуникативно-развивающей, социально-ориентированной. Эти задачи способствуют формированию основных навыков работы в группе, необходимые для социализации индивида в обществе. Это могут быть такие формы как диспут, групповой проект, решение проблемно-познавательной задачи и т.д. Групповая технология лучше, чем фронтальная, обеспечивает учет индивидуальных особенностей учащихся для возникновения коллективной познавательной деятельности. Данная технология позволяет обучать как сильных, так и слабых учеников, в основе подхода к ребенку лежит сотрудничество. Она обеспечивает активность учебного процесса и достижение высокого уровня усвоения содержания, оказывает мощное стимулирующее действие на развитие ребенка.

Групповой опыт противодействует отчуждению, помогает решению межличностных проблем; человек избегает непродуктивного замыкания в самом себе со своими трудностями, обнаруживает, что его проблемы не уникальны, что и другие переживают сходные чувства, - для многих людей подобное открытие само по себе оказывается мощным психотерапевтическим фактором.

Группа отражает общество в миниатюре, делает очевидными такие скрытые факторы, как давление партнеров, социальное влияние и конформизм; по сути дела в группе моделируется - ярко, выпукло - система взаимоотношений и взаимосвязей, характерная для реальной жизни участников, это дает им возможность увидеть и проанализировать в условиях психологической безопасности психологические закономерности общения и поведения других людей и самих себя, не очевидные в житейских ситуациях. Работа в группе - возможность получения обратной связи и поддержки от людей со сходными проблемами. В группе человек может обучаться новым умениям, экспериментировать с различными стилями отношений среди равных партнеров; в группе участники могут идентифицировать себя с другими, "сыграть" роль другого человека для лучшего понимания его и себя и для знакомства с новыми эффективными способами поведения, применяемыми кем-то; возникающие в результате этого эмоциональная связь, сопереживание, эмпатия способствуют личностному росту и развитию самосознания.

Группа облегчает процессы самораскрытия, самоисследования и самопознания; иначе, чем в группе, иначе, чем через других людей, эти процессы в полной мере невозможны; открытие себя другим и открытие себя самому себе позволяют понять себя, изменить себя и повысить уверенность в себе. Проблемное обучение через решение проблемных задач, логических заданий, написание обществоведческих эссе на заданную тему – это тип развивающегося обучения, в котором сочетаются систематическая, самостоятельная поисковая деятельность учащихся. Система методов проблемного обучения построена с учетом целеполагания и принципа проблемности. Процесс взаимодействия учителя и ученика при данной технологии ориентирован на развитие индивидуальности школьника и социализации его личности. Мощнейшим средством перепрограммирования общества сегодня становятся информационно-коммуникативные технологии.

Особую роль приобретают ИКТ при их интегрировании с другими перспективными образовательными технологиями. В частности, с технологией проектирования. Технологии проектирования. «Современные структура и содержание метода проектов ориентированы на активное применение средств

вычислительной техники и сетевых технологий. Кроме того, особенностью метода проектов является его интеграционный характер, что позволяет усилить межпредметные связи общеобразовательных дисциплин не только с информатикой, но и между собой.

Метод проектов — это совокупность приёмов, действий учащихся в их определённой последовательности для достижения поставленной задачи — решения определенной проблемы, значимой для учащихся и оформленной в виде некоего конечного продукта. Основная цель метода проектов состоит в предоставлении учащимся возможности самостоятельного приобретения знаний в процессе решения практических задач или проблем, требующего интеграции знаний из различных предметных областей. Преподавателю в рамках проекта отводится роль разработчика, координатора, эксперта, консультанта.

Технология интенсификации обучения на основе схемных и знаковых моделей учебного материала. Технология «Диалога культур», диалога, в котором учитель и ученик демонстрируют разные типы мышления и логики, что позволяет развивать творческое, нестандартное мышление. С моей точки зрения, учитель в учебном диалоге выступает в трех функциях. Он ставит учебную проблему, т.е. реализует программу. Кроме того, он является активным участником диалога, он выводит учащихся на уровень проблемы, окончательного решения которой не знает не только ученик, но и учитель. Диалог выступает способом познания, способом понимания, позволяет развивать творческое, нестандартное мышление, это положительно влияет на формирование социальной позиции ученика.

Организованный (и состоявшийся) диалог позволяет учителю приблизиться к решению задач современного школьного образования: как обучающих и развивающих (например, пробудить интерес к предмету, проблеме способствовать развитию предметных навыков и компетентностей, развивать связную монологическую речь и др.), так и воспитательных (желание слушать и слышать собеседника, побуждать к самопознанию и самосовершенствованию, помогать в осуществлении поиска смысла жизни и т.п.). При этом следует отличать учебный диалог от любого спора, т.к. учебный диалог — это спор, выводящий на вечные проблемы бытия, являющийся

столкновением различных логик, как определение гуманитарного мышления, взятого в его всеобщности.

Применение выше указанных технологий в образовательном процессе способствует формированию метапредметных результатов деятельности учащихся, среди которых можно назвать следующие:

способность самостоятельного приобретения знаний в процессе решения практических задач или проблем;

навыки структуризации и классификации поступающей информации;

приобретение важных характеристик мышления – гибкости, связности, структурности.

Без учителя, который применяет новейшие технологии, невозможна реализация приоритетных задач современного образования, ориентированных на качественное образование и формирование у выпускников метапредметных умений и навыков. Выпускники, владеющие метапредметными умениями и навыками, показывают высокую результативность при прохождении итоговой аттестации, а также быстро адаптируются в информационном пространстве высшей школы. Это говорит о том, что выпускник школы умеет быстро находить, анализировать и правильно использовать информацию, работать с базами данных, что позволяет ему социализироваться в современном обществе.

ӘОЖ 37.091.33

МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУ

Ғұбайдуллин А.С.

Айдархан ЖОББМ тарих пәні мұғалімі

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, тарихи білім беруді дамыту, тарихи сананы қалыптастыру, тарих ғылымын жетілдіру Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының басым бағыттарының бірі болатын Тәуелсіздік тарихының методологиясын, басты-басты ұстанымдарын қалыптастыруда Елбасының бастамасымен жүзеге

асқан ірі саяси оқиғалар ел тарихында жаңа кезеңдерге негіз болды. Мемлекет саясатының басты мақсаты – үш ғасырға жуық бодан ел болып, рухы әлсіреген, тамырсыз халық етегіне әбден сенген ұлтымызды тарих ғылымын жетілдіру, оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы құлдық сананы арылту, тәуелсіздігіміздің тұғырын нықтау. Осы мақсатта елімізде зиялы қауым өкілдері бастап тарихқа терең бойлай бастады. Егемендігіміздің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігі: қалыптасу мен даму көкжиегі» деген тақырыпта алғаш рет желі тартқан тарихшылардың тұңғыш конгресінде жасаған баяндамасында бұрынғы Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов: «Менің мамандығым математик болғанмен, ел тарихы, Отан тарихы, Тәуелсіз еліміздің бүкіл болмысы қашанда да жадымда жаңғырып тұрады. Қай мамандық иесі болса да ел тарихын жетік білуі тиіс, патриоттық сезіміміз, ататегіміздің түп тамырын, жеткен жетістіктері мен алға қойған мақсаттарын білмейінше, еліміздің кез келген саласында қызмет ету әсте мүмкін емес...», - деген болатын. Білім министрінің бұл сөзінен мектепте тарих пәнін оқытуды жетілдірудің бүгінгі таңда өзекті мәселе екені анық аңғарылады.

Бүгінгі таңда мектепте тарих пәнін оқытуда төмендегідей қиындықтар кездеседі.

1. *Қазақстан тарихы ғылымының әлі қалыптасып болмағандығы.* Кеңестік кезеңде қазақстан тарихының зерттелмегендігі, тіпті партияның қасаң қалыбына сай бұрмалағандығы белгілі. Ұлттық тарих ғылымы тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жанданып, тарихымыздың «ақтаңдақ» беттері ашыла бастады. Бүгінде Елбасының бастамасымен ұлт тарихын зерттеу жолға қойылып, біраз мемлекеттік бағдарламалар нәтижесінде тарихымыз қайта жазылу үстінде. Бірақ, әлі де болса ұлт тарихындағы қарама-қайшы пікірлер жеткілікті. Мысалы, белгілі тарихшы Ж.Қасымбаев «Жәңгір хан» монографиясында тұлғаны қайраткер, жаңашыл реформатор ретінде суреттесе, махамбеттанушы И.Кенжалиев қарсы пікір айтады. Міне, осындай нақты бағасы берілмеген тарихи тұлғалар мен оқиғалар пәнді оқытуды қиындата түседі.

2. *Тарих оқулықтарының тілінің күрделілігі мен ақпараттардың оқушының жас ерекшелігіне сәйкес берілмеуі.* Мектепте «Тарих» курсының оқытудың басты мақсаты: оқушыларға

адамзат дамуының ежелгі заманынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру, бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени-тарихи тәжірибенің негізін меңгерту. Осы мақсатта оқулық – адамзат тарихында білім беру міндеттерін шешуге бағытталған оқудың озық құралы.

Бүгінгі таңда мектептерде қолданыстағы оқулықтарды оқытуды қиындататын келесі ерекшеліктері бар:

1. Оқу материалдарының көлемділігі;
2. Тілі күрделі, оқушылардың қабылдауына қиындық туғызады; (Оқулық авторлары М.Қозыбаев, Ж. Қасымбаев, Б.Аяған т.б. тарихшылар ҰҒА академиктері, ғылым докторлары, профессорлар);
3. Суреттер мен иллюстрациялардың сапалы берілмеуі;
4. Толықтырылған жаңа буын оқулықтарындағы мәліметтердің бір-бірімен сәйкес келмеуі. (Мысалы, М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Қ. Жүкешев Қазақстан тарихы 9-сынып, «Мектеп» баспасы 2005, 118-бетінде тың игеру республиканың алты облысында жүргізілді десе, Б.Аяған, М.Шәймерденова. Қазақстан тарихы, 9-сынып – Алматы: Атамұра, 2013, 219-бетінде бес облыста жүргізілді деп жазылған т.б).

3. *Қазақстан тарихы пәнінің ҰБТ-дің негізгі пәндерінің бірі болуына байланысты пәнді тек тест тапсырмаларының көлемінде оқылуы.* 2003 жылдан бастап ҰБТ оқушылар болашағында шешуші рөлге ие болуынан оқу үдерісінде көптеген өзгерістерге ие болды. Мұғалім жұмысының нәтижесі көріну үшін тест сұрақтарын жаттату бүгінгі күні әр мектепте кездесетін жағдай. Әсіресе, Қазақстан тарихы пәнінен білім сапасы тест тапсырмалары бойынша анықталатын болды. Тарихи мәселеге өзіндік көзқарасы бар, пәннің негізгі деңгейін меңгерген, өз ойын ашық жеткізе алатын оқушы тест тапсырмаларынан аз ұпай жинап төмен баға алып жатса, керісінше, мәселені ой елегінен өткізбей тест жауаптарын жаттап алған оқушы жоғары баға алатын болды. Яғни, пәнді оқытудағы негізгі мақсат ескерусіз қалуда.

Міне, осындай кемшіліктер мен олқылықтар мектепте тарих пәнін оқытуды жаңаша бағдарлама бойынша жүргізді қажет етеді.

Жоғарыда аталған олқылықтардың орнын толықтыру үшін біз, келесі әдістерді пәнді оқытуда жүйелі пайдаланған дұрыс деп санаймыз:

1. *Тарих сабағында көркем әдебиет пайдалану.* Тарих сабағында көркем әдебиетті пайдалану бәрінен бұрын оқушының тарихи фактіні ойына ұзақ сақтауына әсер етеді. Өйткені тарих қоғамдағы тап тартысын нақты деректермен дәлелдесе, көркем шығарма сол фактіні бейнелі кескінмен елестетеді. Ендеше тарихи деректі оқушының жай бір өтіпкеткен іс, оқиға, факті ретінде ғана емес, адам тағдыры, оның басынан кешкен сан қилы оқиғалары ретінде түсініп, оған тарихи мән бере, тебірене қарауына ықпал туғызады. Мысалы, 19ғ 2 жартысындағы Қазақстандағы жұмысшылардың ауыр тұрмысын, орыс-қазақ жұмысшыларының езушілерге қарсы күрестерін көрсетуде Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романынан мысалдар келтірген жөн. Әсіресе, Оралдан азып-тозып Қарағандыға қашқан жұмысшылардың аянышты халін, өндірістегі қазақ жұмысшыларының ауыр тұрмысын суреттеген тұстары оқушының есінде тарихи оқиғаны мәңгілік бейнелеп тұрады.

Тарих сабағында көркем әдебиеттерді жүйелі, әрі үнемі түрде пайдаланылса, оқушының тарихи мәселені түсіндірудегі ойын тартымды да көркем тілмен, көңілге қонымды баяндауына қолайлы жағдай туғызады. Оқушының сөздік қорын дамытып, пікірін нәрлендіреді, ойын оралымды баяндауына көмектеседі.

2. *Тарихи фильмдер көрсету.* Тарих сабағында көрнекілік ретінде суреттер, фильмдер көрсету бүгінде көп қолданыла бермейтін әдіс. Егер тарих пәні мұғалімінде тарихи фильмдер топтамасы болып, оны әр тақырыпқа сәйкес оқушыларға үй тапсырмасы ретінде талдау жасап келуге берсе, бұл қызықты әрі оңай болар еді. Мысалы, 9-сыныпта «Қазақстан ҰОС жылдарында» тақырыбын өткен кезде соғыстың ауыр кезін суреттейтін фильмдерді оқушыларға көрсетсе, бұл оқулықтағы материалдардан әсерлірек болатыны сөзсіз.

«Мың рет естігінше, бір рет көр», «Мыңның атын білгенше бірдің түсін біл» дейтін дана халқымыз адам санасында мәліметтердің виртуалды нұсқасының көбірек сақталатынын білген.

3. *Тарихи құжаттарды пайдалану.* Тарихи дереккөздеріне адам қолымен жасалған – оның қоршаған ортамен байланысының нәтижесі, материалдық мәдениет салт-дәстүр заттары, жазба ескерткіштері жатады. Кең мағынада, әдістемеде жазба ескерткіштерді тарихи құжаттар деп атайды.

Құжаттар оқушылардың білімін тереңдетіп, нақтылап сабақтың көрнекілігін арттырады. Құжат мұғалім әңгімесін жандандырады, соның негізінде жасалған тұжырым сенімді шығады. Құжаттың маңыздылығының бір қыры- ол тарихи материалдарды нақтыландырып, өткен уақыттың жарқын бейнесі мен суретін көз алдына келтіріп, дәуір тынысын сезуге көмектеседі. Құжаттармен жұмыс жасау барысында оқушылардың ойлау мен қиялдау үдерісінің белсенділігі артып, оларды тарихи білімді игеруі және тарихи сананың дамуы жемісті бола түседі. Оқушылардың мынадай дербес жұмыс істеу дағдылары қалыптасады: құжатты оқу, талдау және қажетті ақпаратты теріп алу, бұрынғы және қазіргі құжаттардың маңызын бағалап, талқылау. Оқушылар сабақ барысында құжаттардың тарих ғылымы үшін маңызын танып, олардың бір кездері өмір сүрген адамдардың ізін аңдай алады.

4. *Мұғалімнің сөйлеу шеберлігі.* Тарихтың оқу пәні ретіндегі ерекшелігі сол, бұл пәннен оқушыларға білім бергенде мәнерлі сөздің рөлі орасан зор. Мұғалімнің әсерлі, қызғылықты әңгімесі оқушының өткендігінің жарқын бейнесін ойша көз алдына елестетуіне, оқу материалдарын айқын бейнелі түсінік қалыптасқанға дейінгі дәрежеде нақтылай түсуіне, сондай-ақ, тәрбиелеу міндетін шешу үшін аса қажет болатын, оқушыға эмоциялық әсер етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Материалдарды ауызша баяндау кезінде мұғалім пікір алысудың және тарихи оқиғалардың өзара байланысын түсіндірудің үлгісін көрсетіп береді.

Бүгінгі оқушы - ертеңгі маман. Сондықтан оқушы бойында жоғарғы идеялық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру оларды өмірге, еңбекке дайындауға оқытудың негізгі формасы сабақтың, әрбір пәннің мүмкіндіктерін барынша толық пайдалану керек. Демек, өзінің мазмұны ерекшеліктеріне оқу-тәрбие ісін ұйымдастырумен оқыту әдістеріне қарай әрбір пәннің алдында оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру міндеті тұр.

Сондықтан, әрбір пән мұғалім өз міндетін жете ұғынып, әдістемелік жағынан мықты қаруланған кезде, келер ұрпақтың келешегі кемел болары анық.

МАЗМҰНЫ

Ахмеденов Қ.М.	
Алғы сөз.....	3
Шайхиев Т.Т.	
Кіріспе сөз.....	4

I СЕКЦИЯ

ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

Жеңіс А.Ж.	
XX ғасырдың басындағы алаш қайраткерлерінің қазақ жастары мәселесі туралы үндеуі.....	5
Акмуканова А.Ж.	
XIX ғасырдағы Батыс Қазақстандағы тұз өндіру орындары.....	10
Сапина Д.С.	
XIX ғасырдағы батыс Қазақстандағы тұз кәсіпшілігіндегі жұмысшылардың әлеуметтік-этникалық құрамы.....	15
Бахитжанова Ж.Б.	
XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы батыс Қазақстандағы қоғамдық-саяси өміріндегі татар диаспорасының рөлі.....	24
Есеналин А.Г.	
Орал жөндеу зауытының XX ғасырдың 50-жылдарында ауыл шаруашылығының дамуындағы рөлі.....	31
Бердалиев А.Б.	
Сарайшық - Қазақ хандығының астанасы: тарихы мен тағдыры.....	38
Сисенгалиева С.Қ.	
Алашордадағы сыртқы экономикалық қатынастар	41
Шанов Д.М.	
Орал механикалық зауытының соғыстан кейін қайта қалпына келуі.....	45
Матыбаева Б.С.	
XIX ғасырдағы қазақ буржуазиясының қалыптасуына капиталистік қатынастардың тигізген әсері	56
Кенжегалиев Н.Т.	
Батыс Қазақстан облысы «Самбо» күресінің шығу және даму тарихы.....	64
Калинина Е.А.	
Размещение эвакуированного населения и материальных ресурсов в Казахстане в годы Великой Отечественной войны (1941-1943, на материалах Западно-Казахстанской и Актюбинской областей).....	69
Қайыржанов Т.Ө.	
Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы кезеңдері: ғылыми сараптама.....	80
Хайрушева А.Ж.	
XIX ғасырдың басындағы Бөкей ордасындағы діни білімнің дамуы.....	84

Мурзагалиева Г.Б.

Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің құрылу тарихы..... 89

Тұрар А.

Орал өңірінің территориялық аумағының қалыптасуы..... 93

II СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМЫ: ТАРИХНАМА, ДЕРЕКТАНУ, ТҮЛҒАТАНУ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА КАЗАХСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ, ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ, ФЕНОМЕН ЛИЧНОСТИ И АРХЕОЛОГИЯ

Сағынова А.М.

Мәдениет қайраткері Х.Букееваның қоғамдық қызметі.....102

Дузбасова А.Ж.

Батыс Қазақстандағы денсаулық сақтау ісін дамытудағы М.Шомбаловтың рөлі.....107

Әлмұқан А. С.

Алаш қайраткері Ғұбайдолла Бердиевтің қоғамдық-саяси қызметі.....114

Рамазанов А.А.

Сейітқали Меңдешев – көрнекті қоғам қайраткері.....128

Галиева А.

Нәжімеден Ықсанұлының өмірбаяны..... 137

Сариева Р.С.

1920-1940 жылдардағы Батыс Қазақстанның демографиялық жағдайы ..146

III СЕКЦИЯ

ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢ ӘДІСТЕМЕ, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ МЕН АҚПАРАТТЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ МЕТОДОЛОГИЯ, ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ И ЭЛЕКТРОННО – ИНФОРМАЦИОННЫХ НОСИТЕЛЕЙ В ОБУЧЕНИИ

Нигманова Д. Т.

Оқушыларының жаңартылған білім беру барысында белсенділігін арттыру жолдары.....150

Камнева Е.М.

Метапредметный подход к преподаванию истории Казахстана в современной школе.....158

Ғұбайдуллин А.С.

Мектепте Қазақстан тарихы пәнін оқыту.....165

**«Ұлы Даланың бесінші қыры - Түркі әлемінің бесігі»
атты университетішілік ғылыми-тәжірибелік
конференция жинағы**

20 қараша 2019 жыл

**Сборник научно-практической конференции
«Пятая грань Великой степи – Колыбель тюркского мира»**

20 ноября 2019 года

Ғылыми редактор:

Компьютерде беттеген және дизайн:

Техникалық редакторлар:

Кужалиева Р.Р.

Мулдағалиева Ж.Т.

Есимғалиева Ж.З.

Сахметова С.К.

Кубегенова Г.К.

Көлемі 10,7 б.т. Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 133

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
Редакциялық баспа орталығы.
Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162.